Слова, стоящие в *Ілік септік*, требуют после себя слово в форме принадлежности и определяют его. **Мысалы:** баланың әкесі — отец ребенка, кітапхананың кітабы — книга библиотеки, сиырдың еті — говядина — мясо коровы.

**Тапсырма.** Переведите словосочетания на русский язык, назовите притяжательные окончания.

Сенің ұлың, менің інім, оның әйелі, Сіздің күйеуіңіз, менің әкем, Сіздің досыңыз, оның жақсы қарындасы, сенің жалғыз әпкең, сенің дұрыс жауабың, оның қызық кітабы, менің жақсы досым.

Менің ұлымның аты-жөні, сенің ініңнің досы, оның күйеуінің әжесі, Сіздің қызыңыздың жігіті, менің әке-шешемнің үйі, оның қарындасының аты, сенің әріптесіңнің отбасы, Сіздің жұбайыңыздың есімі, менің құрдасымның жұмысы, оның құрбысының жасы, сенің бастығыңның аты-жөні, менің әкемнің інісі.

**Тапсырма.** Поставьте слова в *Ілік септік*, переведите.

Аға, әке, ата-анам, отбасыңыз, үйі, баласы, әжеңіз, шешем, ұл, інім, қызыңыз, күйеуі, бөлімше, кітабы, құрдас, құрбың, бастық, балаң, адам, қала, дәптер, үйім, ұлдар, сінділер, немерелер, жұбайлар, әжелер, әпкеңіз, бажасы, бөлең, зайыбы, құданыз, жиен.

**Тапсырма.** Ответьте на вопросы.

1. Сіздің досыңыздың аты кім? 2. Мараттың отбасы үлкен бе? 3. Ол оперативтік уәкіл ме? 4. Сіздің балаңыздың есімі кім? 5. Айтқыңызшы, құрбыңыздың аты-жөні кім? 6. Қайталаңызшы, сіздің әкеңіздің аты кім? 7. Қыстың бірінші айы қай ай? 8. Сенің құрдасыңның есімі кім?

**Тапсырма.** Переведите словосочетания на казахский язык.

Муж моей сестры, имя твоей матери, фамилия Вашего друга, супруга его коллеги, семья моего старшего брата, дедушка его матери, Ф.И.О. Вашей дочери, книга моего сына, дом твоей старшей сестры, машина моего мужа, родители ее отца, имя Вашего друга, сын моей дочери, ребенок моей младшей сестры, друг

твоего отца, муж Вашей подруги, внук моего отца, работа моей дочери.

**Тапсырма.** Вставьте окончания *Ілік септік*, переведите на русский язык.

Ана... жүрегі, отбасы... үйі, мұғалім... сөзі, әке... жұмысы, қыз... ағасы, ата...немересі, әже... шөбересі, күйеу... машинасы, аға... інісі, әпке... сіндісі, қарындас... ағасы, бала... атасы, ұлың... досы, қызың... жігіті, әжеңіз... сіндісі, атасы... жұбайы, бастық... кабинеті, студент... дәптері.

**Тапсырма.** Переведите предложения на казахский язык.

1. Дом Еркема большой. 2. Это друг внука. 3. Машина моего мужа новая. 4. Родители Марата еще молодые. 5. Смотри, это книга библиотеки. 6. Это сын моего младшего брата. 7. Бабушка Армана пенсионерка. 8. Твоего сына зовут Елдос. 9. Имя Вашей подруги Сауле.

**Тапсырма.** Переведите данные предложения, преобразуйте их в вопросительные.

1. Ваш друг хороший. 2. Его сын неплохой. 3. Твой муж — его коллега. 4. Ваша семья большая. 5. Твой сын взрослый. 6. Его дочь маленькая. 7. Это Ваш дом. 8. Это дети моего старшего брата. 9. Твой друг студент. 10. Она еще молодая. 11. У меня есть семья. 12. У твоего сына есть невеста.

**Тапсырма.** Прочитайте пословицы, найдите слова в *Ілік септік*.

- |   |  |
|---|--|
| 1. Ананың көңілі балада,<br>Баланың көңілі далада.      | Мать живет заботами детей,<br>дети — своими интересами.  |
| 2. Інісі бардың тынысы бар,<br>Ағасы бардың жағасы бар. | У кого есть старший брат,<br>у того опора есть.<br>У кого есть младший брат,<br>у того подмога есть. |
| 3. Әкенің қадірін<br>балалы болғанда білесің.           | Цену отцу узнаешь,<br>когда появятся собственные дети.   |

**Тапсырма.** Переведите предложения, используя вводные слова.

1. К счастью, у меня есть новый дом. 2. Извините, как Вас зовут? 3. Можно с Вами познакомиться? 4. К сожалению, у меня сейчас нет времени. 5. Спросите, пожалуйста, у него есть старший или младший брат? 6. По-моему, у нее нет бабушки. 7. Да,

наша семья большая. 8. Скажи, твоя работа хорошая или плохая? 9. Повторите, пожалуйста, как Ваши Ф.И.О.? 10. А как зовут его брата? 11. По-твоему, его вопрос неправильный? 12. По его мнению, он еще молодой.

## Лексика: Отбасы. Сәлемдесу.

**Грамматика:** Жатыс септік (Местный падеж).  
Жіктік жалғаулар.  
(Личные окончания именных частей речи).

### I. Жатыс септік (местный падеж)

Слова в *Жатыс септік* (Местный падеж) отвечают на вопросы: **қайда? неде?** — где? **кімде?** — у кого? **қашан?** — когда? **нешеде? қаншада?** — во сколько? сколько лет? Слова в *Жатыс септік* имеют следующие значения: места действия, времени действия и возраста человека. **Мысалы:** қалада — в городе, сабақта — на уроке, сағат тоғызда — в девять часов, күзде — осенью, түнде — ночью, жазда — летом. Алма биыл он жетіде. — Алме в этом году 17 лет. Асан жиырма жаста. — Асану 20 лет.

*Жатыс септік* имеет следующие окончания: -да/де, -та/те, нда/нде.

1. Окончание -да/-де пишется после конечной гласной, сонорных, звонких согласных, кроме **б, в, г, д**. **Мысалы:** бала+да — у ребенка, тауда — в горах, үйде — дома, жазда — летом, сағат онда — в десять часов.

2. Окончание -та/-те пишется после глухих согласных, звонких согласных **б, в, г, д**. **Мысалы:** кітапта — в книге, клубта — в клубе, Омаровта — у Омарова, заводта — на заводе.

3. Окончание -нда/-нде пишется после 3-го лица формы принадлежности, т.е. после окончаний **-сы/-сі, -ы/-і**. **Мысалы:** Алматы облысында — в Алматинской области, Әуезов көшесінде — на улице Ауэзова, атаның үйінде — в доме дедушки.

**Тапсырма.** Поставьте следующие слова в *Жатыс септік*, переведите, задайте к словам вопросы. (Сөздерді жатыс септігіне қойып, аударыңыздар, оларға сұрақ қойыңыздар).

Қала, гүлдер, үйім, көше, жұмыс, оқушылар, сендер, олар, тау, балалар, көршілер, мектеп, қонақ, бөлім, балам, отбасың,

өкпеңіз, інісі, кітап, әріптесім, Шымкент қаласы, қырық, елу, мұғалім, жиырма, күндер, он жеті, сіз, әке-шешем, ата-ана, жұбай-лір, сағат екі, қыс, көктем, мен, сен, Жамбыл облысы, бөлімше, бисқармасы, адам, Қайрат, досым, сіңлісі, келінің, жиенім, түн, күн, сағат он.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

Жіктеу есімдіктерінің жатыс септігінде септелуі (Склонение личных местоимений в местном падеже)	
Менде — у меня	Бізде — у нас
Сенде — у тебя	Сендерде — у вас
Сізде — у Вас	Сіздерде — у Вас
Онда — у него, у нее	Оларда — у них

**Тапсырма.** Задайте к словам в *Жатыс септік* вопросы, переведите (Жатыс септігінде тұрған сөздерге сұрақ қойыңыздар, аударыңыздар).

Әріптесте, көршімде, жігіттерде, әке-шешенізде, отбасында, шағада, менде, Сізде, сенде, досымда, төрағада, онда, мұғалімде, қыздарда, ұлымда, түнде, жазда, бастықта, сендерде, бізде, оларда, қарындасында, інісінде, сіңлімде, нағашында, құданда, қалыңдығымда, баласында, әпкеңізде, жұбайларда, отбасында, паркте, бақта, сағат үште, жолдаста, үйлерде, шкафта, кітаптарда, сағатымда, әкеңізде, жауабымда, сұрағында, жиырма бесте, он екі сағат он минутта, қыста, көлде, қаласында, Қостанай облысында, Әуезов ауданында, курста.

**Тапсырма.** Переведите словосочетания на казахский язык (Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыздар).

У моего отца, у тебя, у него, у нашей мамы, у них, у девочки, у детей, в книгах, в городах, в селах, в областях, в управлении, на улице, на улице Кунаева, в десять часов, в восемь часов, летом, осенью, зимой, весной, в отделе, в молоке, в хлебе, в гостях, в машине, на автобусе, у дедушки, в субботу, на остановке, в магазине, у свата, ночью, у детей, на курсе, в отделении, в роте.

**Тапсырма.** Переведите предложения на казахский язык, назовите слова в *Жатыс септік* (Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, жатыс септігінде тұрған сөздерді атаңыздар). Произнесите с нужной ИК.

1. У меня есть хороший друг. 2. У твоего младшего брата нет собаки. 3. Ты будь завтра на работе! 4. В моей семье есть



четыре человека. 5. Вы будьте в воскресенье у нас в гостях! 6. Ты будь у начальника в три часа. 7. У тебя много работы? 8. У него есть один вопрос. 9. Ему сорок два года. 10. В библиотеке много интересных книг. 11. В магазине есть мясо, молоко, рыба.

**Тапсырма.** Переведите предложения на русский язык (Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыздар).

1. Менің балам шешемде. 2. Сен күзде кел. 3. Сізде жақсы кітап бар. 4. Ауылда жұмыс бар ма? 5. Менде көп ақша бар. 6. Оның бастығы іссапарда. 7. Сіз дүйсенбіде барыңыз. 8. Сен түнде қайтпа. 9. Сіз кезекте тұрыңыз. 10. Бір жылда он екі ай бар. 11. Сіздің жасыңыз нешеде? 12. Досыңыздың жасы нешеде? 13. Сенің жасың жиырмада ма? 14. Менің жасым отыз үште. 15. Сіздің әріптесіңіз жұмыста. 16. Менің әкем үйде емес. 17. Сен аудиторияда көп отырма. 18. Онда көп уақыт бар ма? 19. Құрдасыңыз қырықта ма? 20. Сенің балаң нешеде? 21. Сіздің жұмысыңыз фирмада ма?

## II. Жіктік жалғау

### (Личные окончания именных частей речи)

В казахском языке, в отличие от русского, существительные, местоимения, прилагательные, числительные принимают личные окончания. Слова с личными окончаниями всегда являются в предложении сказуемыми.

#### Жекеше (Единственное число)

Лицо	Окончание	Употребление
1-е л.	-мын/-мін -бын/-бін -пын/-пін	после конечных гласных; сонорных <b>м, н, ң, р, й, л, у</b> после звонких согласных, кроме <b>б, в, г, д</b> после глухих согласных и звонких <b>б, в, г, д</b>
2-е л.	-сың/-сің -сыз/-сіз	-сың/-сыз – после твердой основы -сің/сіз – после мягкой основы
3-е л.	не имеет окончаний	

#### Көпше (Множественное число)

Лицо	Окончание	Употребление
1-е л.	-мыз/-міз -біз/-біз -пыз/-піз	после гласных и сонорных <b>й, у, л, р</b> после звонких <b>з, ж</b> ; сонорных <b>м, н, ң</b> после глухих согласных и звонких <b>б, в, г, д</b>
2-е л.	-сыңдар/-сіңдер -сыздар/-сіздер	-сыңдар/-сыздар после твердой основы -сіңдер/-сіздер после мягкой основы
3-е л.	не имеет окончаний	

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

Отрицательная форма образуется при помощи отрицания **емес**.

**Мысалы:** Мен жас емеспін. – Я не молодой.

Сен онда емессің. – Тебе не десять лет.

Қазір күз емес. – Сейчас не осень.

**Запомните личные окончания:**

**Жекеше (Единственное число)**

Мен әке+мін, жас+пын, жұмыс+та+мын, бірінші+мін, сен емеспін

Сен әке+сің, жас+сың, жұмыс+та+сың, бірінші+сің, мен емес+сің

Сіз әке+сіз, жас+сыз, жұмыста+сыз, бірінші+сіз, мен емес+сіз

Ол әке, жас, жұмыс+та, бірінші, мен емес.

**Көпше (Множественное число)**

Біз әке+міз, жас+пыз, жұмыс+та+мыз, отызда емес+піз

Сендер әке+сіндер, жас+сыңдар, жұмыс+та+сыңдар, отызда емес+сіндер

Сіздер әке+сіздер, жас+сыздар, жұмыс+та+сыздар, отызда емес+сіздер

Олар әке (лер), жас (тар), жұмыс+та, отызда емес.

**Тапсырма.** Проспрягайте слова в единственном и множественном числе (Сөздерді жекеше және көпше түрде жіктеңіздер).

Мен аға...	Біз бар...	Мен үйленген...	Біз бойдақ...
Сен іні...	Сендер жоқ...	Сен абысын...	Сендер бірінші...
Сіз әке...	Сіздер үйде...	Сіз бақытты...	Сіздер алда...
Ол әже...	Олар жұмыста...	Ол бойдақ...	Олар сабақта...

**Тапсырма.** Проспрягайте слова в отрицательной форме (Сөздерді болымсыз түрде жіктеңіздер).

Мен әпке емес...	Біз керек емес...
Сен ажырасқан емес...	Сендер жаман емес...
Сіз Астанада емес...	Сіздер тұрмыста емес...
Ол жас емес...	Олар құрбылар емес...

**Тапсырма.** Переведите предложения на казахский язык (Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар).

1. Я – слушатель. 2. Вы первые. 3. Они не на концерте. 4. Ты один. 5. Вы нужны. 6. Вы гости. 7. Он – начальник курса. 8. Я не врач. 9. Ты неплохой. 10. Она учительница. 11. Мы не близнецы. 12. Вы коллеги. 13. Они хорошие соседи. 14. Меня нет дома. 15. Ты на уроке. 16. Мой друг в городе. 17. Ты на улице Желтоқсан. 18. Вы мне нужны. 19. Я тебе нужен. 20. Его нет на лекции.

**Тапсырма.** Образуйте вопросительную форму предложений и ответьте на вопросы (Сұраулы сөйлемдерге айналдырып, сұрақтарға жауап беріңіздер).

1. Сіз қайын атасыз. 2. Оның ұлы студент. 3. Сен жалқаусың. 4. Ол жақсы тыңдаушы. 5. Біз тату әріптестерміз. 6. Сендер құрдассындар. 7. Сіздер үйленгенсіздер. 8. Олар жақсы бажалар. 9. Сен менің құрбымысың. 10. Сіз қазір концерттесіз. 11. Мен үйде жоқпын. 12. Біз сабақта бармыз. 13. Бұл кітап бізге керек. 14. Сен оған керексің.

**Тапсырма.** Прочитайте, переведите, ответьте на вопрос (Оқыңыздар, аударыңыздар, сұраққа жауап беріңіздер).

<b>Қанша кісі?</b>	<b>Ойлан, тап!</b>
Атам, әжем, аға мен	Қапаста қырғауылдар
Әкем, інім және мен,	мен үй қояндары бар.
Анам және енесі,	Олардың бастары он тоғыз,
Енесінің бөлесі -	ал аяқтары 62. Қапаста
Отыр едік шай ішіп,	неше қырғауыл, неше
Жеңгем кірді майысып.	қоян бар?
Арқасында кіші інім.	(Қазақ жұмбақтары)
Саны қанша, айта ғой	
Үйдегі бар кісінің?	

(С. Қалиев)

**Тапсырма.** Прочитайте текст, переведите, назовите окончания *Ілік, Жатыс септік*, притяжательные окончания (Мәтінді оқып, аударыңыздар, *Ілік, Жатыс септіктері мен жіктік жалғауларын табыңыздар*).

Менің аты-жөнім Омаров Оспан. Менің жасым отыз бесте. Мен қазақпын. Үйленгенмін, отбасым үлкен емес. Отбасымда 4 адам бар. Олар: әйелім, ұлым, қызым және мен. Зайыбымның есімі Гүлсім. Ол отыз екі жаста. Ұлымның аты Қайрат. Оның жасы тоғызда. Қызым әлі кішкентай. Ол төртте. Менің отбасым тату, бақытты.

**Тапсырма.** Перескажите содержание текста от 3-го лица.

**Тапсырма.** Составьте предложения (Сөйлем құраңыздар).

Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, әке-шеше, туысқан, дос, әріптес	жақсы дос, әдемі қалыңдық, қызық адам, бақытты ана, жұмыста, концертте, он сегізде, алда, жалқау, шаштаразда, үйде, сабақта емес, үлкен емес, кішкентай, жас, кәрі емес, үйленген, ажыраспаған, тұрмыста, қайын ене, күйеу жігіт
---	--

**Тапсырма.** Прочитайте диалоги по ролям, поговорите друг с другом по образцу (Диалогтарды рөлге бөліп, оқыңыздар, үлгі бойынша әңгімелесіңіздер).

1. – Алло, сәлеметсіз бе!  
– Сәлеметсіз бе!  
– Бұл сен бе, Сара? Мен Сәулемін ғой.  
– Иә, бұл Сара. Хал қалай, Сәуле?  
– Рахмет, Сара. Халым жаман емес. Өзің қалайсың?  
– Мен де аманмын. Үй-іші тегіс аман.  
– Не жаңалық бар?  
– Ой, жаңалық көп! Өкінішке орай, мен қазір жұмыстамын.  
– Уақытым жоқ. Сен сағат 10-да телефон соқшы.  
– Жақсы. Әзірге сау бол!
2. – Алло, қайырлы күн!  
– Қайырлы күн!  
– Айтыңызшы, Асқар үйде ме? Мен оның досымын. Атым Нұрлан.  
– Жігітім, өкінішке орай, қазір Асқар үйде жоқ. Ол құрбысының үйінде. Бүгін оның туған күні.

- Апай, менде бір өтініш бар. Оның телефон номері қандай, беріңізіші!
- Өкінішке орай, құрбысының телефон номері менде жоқ. Ал сіз сағат онда телефон соғыңыз.
- Жарайды, көп рахмет. Сау болыңыз!
- Сау болыңыз!
3. – Сәлем, Әмір!
- Сәлем!
- Хал қалай! Денсаулық жақсы ма?
- Рахмет. Денсаулығым жақсы. Ал көңіл-күйім мәз емес.
- Неге мәз емес?
- Менде қазір сессия ғой. Әлі үш емтихан бар. Көп оқу керек, ал менде уақыт жоқ, себебі шілденің 15-інде менің үйлену тойым. Дайындалу керек, сабақ оқу керек.
- Әмір, мен қуаныштымын, әрине, үйлену жақсы, бірақ сабақ оқу керек. Бір сөзбен айтқанда, сен, досым, қазір үйде отыр және сабақ оқы, емтихан тапсыр! Түсінікті ме?
- Түсінікті! Жақсы, сау бол!
- Сау бол. Телефон соғып тұр!

## Тема: ОТБАСЫ

### Лексика: Отбасы, сәлемдесу

**Грамматика:** Жедел өткен шақ (Очевидное прошедшее время).  
Жіктік жалғау.  
Жатыс септік.

В казахском языке прошедшее время глагола имеет несколько форм. Наиболее употребительны две формы: **жедел өткен шақ** (очевидное прошедшее время) и **бұрынғы өткен шақ** (давнопрошедшее время).

**Жедел өткен шақ** обозначает действие, которое произошло в прошлом. Оно образуется путем присоединения к основе глагола суффиксов **-ды/ді, -ты/ті** и личных окончаний соответствующего лица.

	ед. ч.	мн. ч.
Основа	ды/ді	+қ/к
глагола +	1-е л. +м	+ндар/ндер
	2-е л. +ң	+ңыздар/ңіздер
	2-е л. +ңыз/ңіз	
	3-е л. не имеет окончаний	

### 1. Утвердительная форма

Мен тудым. – Я родился.  
Сен келдің. – Ты пришел.  
Сіз оқыдыңыз. – Вы учились.  
Ол айтты. – Он сказал.  
Біз болдық. – Мы были.  
Сендер аштындар. – Вы открыли.  
Сіздер сөйледіңіздер. – Вы говорили.  
Олар танысты. – Они познакомились.

**2. Отрицательная форма** очевидного прошедшего времени образуется при помощи аффиксов отрицания, которые присоединяются к основе глагола, после чего следуют суффиксы **-ды/-ді, -ты/-ті** и личные окончания.

**Мысалы:** Мен жаз+ба+ды+м – Я не писал  
Сен айт+па+ды+ң – Ты не сказал  
Сіз отыр+ма+ды+ңыз – Вы не сидели  
Ол оқы+ма+ды – Он не учился (не читал)  
Біз сөйле+ме+ді+к – Мы не говорили  
Сендер таныс+па+ды+ндар – Вы не знакомились  
Сіздер аш+па+ды+ңыздар – Вы не открыли  
Олар бол+ма+ды – Они не были

**3. Вопросительная форма** образуется при помощи вопросительных частиц **ма/ме, ба/бе, па/пе**. **Мысалы:** Сен сабақта болдың ба? – Ты был на уроке? Сіз жиналыста сөйледіңіз бе? – Вы говорили на собрании?

**Тапсырма.** Поставьте данные глаголы в очевидном прошедшем времени, запомните их (Берілген етістіктерді жедел өткен шаққа қойыңыздар, есте сақтаңыздар).

Болу (быть), тұру (вставать), жазу (писать), оқу, оқы (учиться, читать), жату (лежать), бару (пойти), келу (прийти), ашу (открывать), жабу (закрывать), айту (сказать), сөйлеу (говорить), сөйлесу (разговаривать), әкелу (приносить), апару (относить), білу (знать), танысу (знакомиться), сәлемдесу (здороваться), жұмыс істеу (работать), қайталау (повторять), тыңдау (слушать), болу (быть, находиться), түсіну (понимать), үйлену (жениться), тұрмысқа шығу (выходить замуж), ажырасу (разводиться), туу (родиться, родить), отыру (сидеть), жүру (ходить).

**Тапсырма.** Образуйте отрицательную форму глагола (Етістіктің болымсыз түрін жасаңыздар).

Тұрдым, аштыңыз, қайталадық, тындадың, сәлемдесті, апардыңдар, білдініздер, таныстық, айттың, келдіңіз, жаттыңдар, болдыңыздар, тұрды, таныстыңдар, жаптыңыз, тындадым, қайталадыңыздар, жұмыс істедік, тудым, болдық, үйлендің, ажырасты, тұрмысқа шықтыңыз, отырдым, түсінді, әкелдің, апардыңдар, білдіңіз, жаптыңдар, аштың, жаздыңыздар.

**Тапсырма.** Допишите аффиксы очевидного прошедшего времени (Жедел өткен шақтың қосымшаларын жазыңыздар).

1. Менің ата-анам кел... . 2. Сен 1-ші курста оқы... . 3. Сіз көп жұмыс істе... . 4. Інің хат жаз... . 5. Біз сәлемдес... . 6. Сендер қымыз, айран іш... . 7. Олар қайтала... . 8. Сенің қызың концертте бол... . 9. Сіз біл... . 10. Сен қай жылы ту... ? 11. Менің балам диванда жат... . 12. Сенің досың қазақша жақсы сөйле... . 13. Шешем нан, сүт, май әкел... . 14. Біз жақсы музыка тында... . 15. Менің әке-шешем және досым таныс... . 16. Ол көп әңгіме айт... . 17. Сіз есік ашты... ба? 18. Сендер нешеде тұр... ? 19. Олар газет, журнал оқы... . 20. Сен түнде қайда бол... ?

**Тапсырма.** Ответьте на вопросы (Сұрақтарға жауап беріңіздер).

1. Сендер сабақ оқыдыңдар ма? 2. Сіздер таныстыңыздар ма? 3. Олар сәлемдесті ме? 4. Сен кеше лекцияда болдың ба? 5. Сенің балаң шаштаразда болды ма? 6. Өткен жыл қай жыл болды? 7. Сіздер бөлмеде радио тындадыңыздар ма? 8. Құрбыңыз хат жазды ма? 9. Балалар нан әкелді ме? 10. Жұбайыңыз есік ашты ма? 11. Кішкентай бала төсекте жатты ма? 12. Кітапхана жұмыс істеді ме? 13. Сіз және досыңыз қашан таныстыңыздар? 14. Сендер түнде терезе аштыңдар ма әлде жаптыңдар ма? 15. Сіз қашан тудыңыз? 16. Оның баласы қашан туды? 17. Қайрат қазақша жақсы сөйледі ме? 18. Сіз қымыз іштіңіз бе? 19. Асханада кім болды? 20. Азамат лекция жазды ма, жазбады ма? 21. Сенің әпкең тұрмысқа шықты ма, жоқ па? 22. Сіздің ағаңыз қашан үйленді?

**Тапсырма.** Переведите на казахский язык (Қазақ тіліне аударыңыздар).

1. Ты хорошо понял. 2. Он вчера пришел. 3. Мы в театре познакомились. 4. Вы работали вечером. 5. Они слушали радио.

6. Мой отец знал хорошо. 7. Ты не лежал на диване. 8. Он плохо знал. 9. Твой дедушка ушел. 10. Ее сестра сказала. 11. Мой друг учился в университете. 12. Ваш брат был на концерте. 13. Я не был на лекции. 14. Мы вчера повторяли. 15. Она не поздоровалась. 16. Мы читали газету. 17. Моя бабушка родилась в 1928 году. 18. Они поженились в 1990 году. 19. Мы на уроке хорошо работали. 20. Сосед открыл окно.

**Тапсырма.** Прочитайте пословицы, правильно произнесите специфические звуки казахского языка (Мақалдарды оқыңыздар, қазақтың ерекше дыбыстарын дұрыс айтыңыздар).

#### Ағайын, туыс

- |   |  |
|---|--|
| 1. Күйсу жүз жылдық,<br>Кұда мың жылдық.                      | Зять — на сто лет родня,<br>Сват — на тысячу лет родня.      |
| 2. Жаман туыстан жат артық.                                   | Добрый знакомый лучше<br>плохой родни.                       |
| 3. Әпкесің үйі — кең жайлау.                                  | Дом сестры — раздольное жайлау.                              |
| 4. Жаман да болса ағамыз,<br>Жақсысын қайдан табамыз?         | Хоть и плохой, да брат родной,<br>Где же взять хорошего?     |
| 5. Ағайын тату болса — ат коп,<br>Абысын тату болса — ас коп. | Братья в ладу — коней много,<br>Невестки дружны — еды много. |

**Тапсырма.** Проспрягайте данные слова в притяжательной форме единственного числа. Переведите на русский язык (Берілген сөздерді жекеше тәуелденіңіздер. Орыс тіліне аударыңыздар).

**Менің** мектеп, бақ, қыз, ұл, таныс, қарындас, куәлік, сөздік  
**Сенің** тарақ, әке, аты-жөн, жүрек, ақша, әйел, сабақ, бажа  
**Сіздің** қалыңдық, іні, әпке, үміт, басқарма, бастық, бөлім  
**Оның** әріптес, көрші, бөлімше, ұлт, көйлек, үй, нағашы.

**Тапсырма.** Переведите словосочетания на казахский язык, обратив внимание на окончания *Ілік септік* (Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыздар, Ілік септігінің жалғауларына көңіл аударыңыздар).

Моя дружная семья, твоя интересная работа, Ваша красивая дочь, его трудное имя, коллеги с работы, друга вопрос, бабушки внук, отца возраст, сына новый дом, твой большой сад, старшего брата словарь, сестренки хорошая подруга, матери сердце, моя надежда, Ваш урок.

**Тапсырма.** Переведите, определите окончания выделенных слов (Аударыңыздар, асты сызылған сөздердің қосымшасын анықтаңыздар).

1. Сіздің ағаңыздың отбасында төрт адам бар. 2. Мен 1977 жылы Алматы облысында тудым. 3. Сенің досыңның пәтерінде үш бөлме бар ма? 4. Сіздің басқармаңызда жұмыс жоқ. 5. Менің нағашы атамның бағында алма ағашы көп. 6. Сіздің әке-шешеңізде немере бар ма? 7. Досым түнде менің үйімде болды. 8. Жиналыста кім сөйлейді? 9. Ол жиналыста қазақша сөйледі ме? 10. Біз Абай көшесінде көп жүрдік пе?

**Тапсырма.** Прочитайте, ответьте на вопрос. (Оқыңыздар, сұраққа жауап беріңіздер).

#### Қаздар

Көлден ұшты жеті қаз,  
Қайтып қонды екі қаз.  
Қонбады оның нешеуі,  
Кәне, кім тез шешеді?

(С. Қалиев)

#### Қаншамыз?

Ағам бізді жинады,  
Сегіз қолғап сыйлады.  
Қамқор болған ағамыз,  
Біздер қанша баламыз?

(С. Қалиев)

**Тапсырма.** Найдите глаголы в очевидном прошедшем времени, разберите их по составу. Составьте предложения со следующими словами:

қаз, аға, бала, қамқор, біз.

## Тема: ОТБАСЫ

### Лексика: Отбасы. Сәлемдесу. Уақыт

Грамматика: Тәуелдік форма (көпше түрі).

Жедел өткен шақ.

Жіктік жалғау.

### I. Тәуелдік форма (көпше түрі)

#### Форма принадлежности (множественное число)

Жақ/лицо	Мысалдар/примеры	Қолданылуы/употребление
<b>Біздің</b> (наши, наш, наша, наше)	бала+мыз (лар-ымыз) әке+міз (лер-іміз) қыз+ымыз (дар+ымыз) үй+іміз (лер-іміз)	-мыз/-міз – после гласн. -ымыз/-іміз – после согл.
<b>Сендердің</b> (ваш, ваша, ваше, ваши)	бала+лар+тың әке+лер+ің қыз+дар+тың үй+лер+ің	-лар, -дар, -тар/+тың -лер, -дер, -тер/+ің
<b>Сіздердің</b> (Ваш, Ваша, Ваше, Ваши)	бала+лар+тыңыз әке+лер+іңіз қыз+дар+тыңыз үй+лер+іңіз	-лар, -дар, -тар/+тыңыз -лер, -дер, -тер/+іңіз
<b>Олардың</b> (их)	бала+сы (лар+ы) әке+сі (лер+і) қыз+ы (дар+ы) үй+і (лер+і)	-сы/-сі – после гласных -ы/-і – после согласных

**Тапсырма.** Оқыңыздар, орыс тіліне аударыңыздар.

Біздің әке-шешеміз, сендердің балаларың, сіздердің мұғалімдеріңіз, олардың танысы, сендердің әріптестерің, олардың туыстары, сіздердің құрдастарыңыз, біздің отбасымыз, олардың қалыңдықтары, сендердің қарындастарың, сіздердің құдаларыңыз, олардың келіні, біздің көршілеріміз, сендердің немерелерің, сіздердің әжелеріңіз, біздің шөберелеріміз, олардың қызы, сендердің достарың, сіздердің інілеріңіз, біздің топ, біздің тобымыз, біздің бөлім, біздің бөліміміз, сендердің құрбыларың, сіздердің әпкелеріңіз, олардың ұлттары.



**Тапсырма.** Оқыңыздар, қазақ тіліне аударыңыздар.

Наши семья, друзья, дома, подруги. Ваши дети, снохи, мужья, родители, сыновья. Ваши бабушки, парни, коллеги, младшие братья. Их дедушки, коллеги, сваты, старшие братья.

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар.

Біздің әкеміздің үйі, сендердің достарыңның саяжайы, сіздердің құрдастарыңыздың машинасы, олардың балаларының жасы, біздің әріптесіміздің отбасы, сендердің туыстарыңның құдалары, сіздердің көршілеріңіздің мекен-жайы, олардың ұлдарының қалыңдықтары, біздің бөлімнің бастығы, сендердің бөлімшелеріңнің бастығы, сіздердің басқармаларыңыздың жұмысы, олардың қайын атасының аты-жөні.

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар.

Дом наших коллег, друзья ваших детей, дети их родственников, Ваших товарищей семьи, их родственников национальностей, наших родителей внуки, ваших ровесников адреса, их детей имена, наших коллег вопросы, Ваших родителей здоровье, их товарищей работа.

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіздің балаларыңыздың аты кім? 2. Сенің ата-ананың денсаулығы жақсы ма? 3. Олардың үйлері Алматыда ма, Жамбылда ма? 4. Сіздердің жұмыстарыңыз қызық па, қызық емес пе? 5. Біздің бастығымыз жас па, кәрі ме? 6. Сен орыссың ба, қазақсың ба? 7. Сіз сабақтасыз ба, кинодасыз ба? 8. Біз жалқаумыз ба, жалқау емеспіз бе? 9. Сіздің әріптесіңіз жас па, жас емес пе? 10. Сіз жиырмадасыз ба? 11. Олардың ұлы оқушы ма, студент пе?

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, қазақ тіліне аударыңыздар. Сұрақтар қойыңыздар.

### Моя семья

Меня зовут Омаров Айдар Калиевич. У меня есть семья. Моя семья большая. У меня есть жена, два сына и дочь. У меня есть также бабушка и дедушка. Они старые люди. Моя жена — учительница. Ее зовут Шолпан.

Мой старший сын — инженер. Его зовут Кайрат. Кайрат женат. У него есть дочери. Они близнецы. Моя сноха — воспитательница.

Мой младший сын — студент. Он не женат, но у него есть невеста. А моя дочь — ученица. Ее зовут Жанат.

**Тапсырма.** Ай аттарын есте сақтаңыздар.

ай	— месяц, луна
күн	— день, солнце
апта	— неделя
тәулік	— сутки
сағат	— час, часы
қаңтар	— январь
ақпан	— февраль
наурыз	— март
сәуір	— апрель
мамыр	— май
маусым	— июнь
шілде	— июль
тамыз	— август
қыркүйек	— сентябрь
қазан	— октябрь
қараша	— ноябрь
желтоқсан	— декабрь
ғасыр	— век
мезгіл, маусым	— сезон, время года
жаз	— лето
күз	— осень
қыс	— зима
көктем	— весна
шамамен	— примерно
қашан?	— когда?
қандай?	— какой? который?
қай?	— какой? который?
өткен	— прошлый, прошедший
келесі	— будущий, следующий
былтыр	— в прошлом году
биыл	— в нынешнем году, нынешний год

**Тапсырма.** Оқыңыздар, орыс тіліне аударыңыздар.

1. Бір жылда он екі ай бар. 2. Бір ғасырда жүз жыл бар. 3. Бір жылда төрт мезгіл бар. 4. Олар: жаз, күз, қыс, көктем. 5. Әр мезгілде үш ай бар. 6. Әр айда отыз, отыз бір күн бар. 7. Ақпанда жиырма сегіз немесе жиырма тоғыз күн бар. 8. Қазір жиырма-сыншы ғасырдың аяғы. 9. Былтыр бір мың тоғыз жүз тоқсан төртінші жыл болды. 10. Биыл бір мың тоғыз жүз тоқсан бесінші

жыл. 11. Қазір қыркүйек айы. 12. Келесі ай — қазан айы. 13. Өткен ай — тамыз айы. 14. Біздің оқуымыз қыркүйекте басталды. 15. Менің інім қарашада туды. 16. Абай он тоғызыншы ғасырда туды. 17. Сіз жазда үйлендіңіз.

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер. Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

- |                   |              |              |
|-------------------|--------------|--------------|
| 1. Жылдың         | бірінші      | айы қай ай?  |
| Жаздың            | екінші       |              |
| Күздің            | үшінші       |              |
| Қыстың            | төртінші     |              |
|                   | бесінші      |              |
| Көктемнің         | оныншы       |              |
|                   | он екінші    |              |
|                   | сегізінші    |              |
|                   | тоғызыншы    |              |
| 2. Желтоқсан      |              |              |
| Наурыз            | жылдың       | нешінші айы? |
| Қаңтар            |              |              |
| Сәуір             |              |              |
| Шілде             |              |              |
| Қазан             |              |              |
| Маусым            |              |              |
| Қараша            |              |              |
| 3. Айтыңызшы, сіз | қашан        | тудыңыз?     |
|                   | қай жылы     |              |
|                   | қай айда     |              |
|                   | қай мезгілде |              |
|                   | қай күні     |              |

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына керек сөздерді қойыңыздар.

1. Жылдың бірінші айы... . 2. Көктем айлары ... , ... , ... . 3. Жаздың бірінші айы... . 4. Күздің үшінші айы ... . 5. Қаңтар — ... айы. 6. Наурыз — ... айы. 7. Қазір жиырмамыншы ... . 8. Шоқан он тоғызыншы ... туды. 9. Әр мезгілде шамамен тоқсан — тоқсан бір ... бар. 10. Менің досым ... үйленді. 11. Бізде сабақ ... басталды. 12. Сіз ... тудыңыз? 13. Жылдың басы қай ... ? 14. Қазір ... мезгіл?

**Тапсырма.** Отбасы мүшелерінің туған жылы, айы, күні туралы айтыңыз.

## Апта күндерінің аттарын есте сақтаңыздар

дүйсенбі	— понедельник
сейсенбі	— вторник
сәрсенбі	— среда
бейсенбі	— четверг
жұма	— пятница
сенбі	— суббота
жексенбі	— воскресенье
бүгін	— сегодня
ертең	— завтра
кеше	— вчера
алдыңғы күні	— позавчера
бүрсігүні	— послезавтра
жұмыс күні	— рабочий день
демалыс күні	— выходной день
мереке	— праздник
мейрам	— праздник
той	— праздник, свадьба
таңертең	— утром
түс	— обед
түсте	— в обед
күндіз	— днем
кеш	— вечер
кешке	— вечером
түн	— ночь
түнде	— ночью

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Кеше жексенбі болды. Мен таңертең сағат тоғызда тұрдым. Жуындым, киіндім, тамақ іштім. Тамақ өте дәмді болды. Түсте менің досым телефон соқты. Біз саябақта ұзақ қыдырдық. Біз қазақша сөйлестік. Өмір туралы, достарымыз туралы әңгімелестік. Қысқасы, мен кеше жақсы демалдым.

## Жаңа сөздер

жуыну — умываться  
 киіну — одеваться  
 тамақ ішу — кушать  
 қыдыру — гулять  
 сөйлесу — разговаривать

әңгімелесу — беседовать, говорить о чем-то

### Сұрақтар.

1. Кеше қай күн болды?
2. Мен сағат онда тұрдым ба?
3. Мен не істедім?
4. Кімнің досы телефон соқты?
5. Біз далада не істедік?
6. Біз орысша сөйлестік пе?
7. Біз не туралы әңгімелестік?
8. Мен қалай демалдым?

**Тапсырма.** Мәтінді 3-ші жақта әңгімелеңіздер.

### Қазақ тіліне аударыңыздар.

	12 месяцев	
	4 времени года	
	365 или 366 дней	
В году	260 рабочих дней	есть.
	110 выходных дней	
	53 или 54 недели	
	3 месяца	
В сезоне	12 недель	есть.
	90 дней	
	29, 30 или 31 день	
В одном месяце	4 недели	
	24 рабочих дня	
	6 выходных дней	

**Тапсырма.** Оқыңыздар, қазақ тіліне аударыңыздар.

Сейчас апрель, 2002 год. В одной неделе 7 дней. Это: понедельник, вторник, среда, четверг, пятница, суббота, воскресенье. Третий день недели — среда. Воскресенье — выходной день. Сегодня вторник. Завтра среда. Послезавтра четверг. Вчера был понедельник. 12 апреля — суббота. К счастью, завтра воскресенье. К сожалению, сегодня не выходной день, а рабочий день.

**Тапсырма.** Үлгі бойынша әңгімелесіңіздер.

А. — Алло, сәлеметсіз бе! Сәуле үйде бар ма екен?

Ә. — Сәлеметсіз бе! Иә, Сәуле үйде бар.

А. — Кешіріңіз, менің Сәуледе жұмысым бар еді. Шақырыңызшы!

Ә. — Жақсы, сөйлесіңіздер. Сәуле, кел!

А. — Сізге көп рахмет.

С. — Алло, мен Сәулемін ғой. Сен Асансың ба? Хал-жағдай қалай?

А. — Сәлем, Сәуле! Иә,, бұл Асан ғой. Хал-жағдайым жақсы. Мен кеше кешке телефон соқтым. Өкінішке орай, телефон жауап бермеді. Менде көп жаңалық бар.

С. — О-о-о! Қандай жаңалық? Айтшы! Біздің телефон кеше жұмыс істемеді. Бүгін таңертең ғана жұмыс істеді.

А. — Жақсы, маған енді түсінікті. Мен қазір жұмыстамын және өкінішке орай, уақытым аз. Сондықтан, сен бүгін кешке сағат 6-да күт. Көп әңгіме, жаңалық бар. Келістік пе, Сәуле?

С. — Жақсы, Асан, келістік. Сен тек қана кешікпе! Сау бол!

А. — Сау бол, қарындас!

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, қазақ тіліне аударыңыздар. Мәтінге сұрақтар қойыңыздар.

### Мой коллега

У меня есть старый коллега. Его зовут Бейсенбай. Бейсенбай — пожилой человек. У него взрослые сын и дочь. Бейсенбай и его жена — ровесники. У них есть внуки. Они еще маленькие.

Их сноха — экономист, а зять — архитектор. Бейсенбай — хороший дедушка. У него много родственников, знакомых, друзей.

**Тапсырма.** Өз әріптесіңіз, досыңыз туралы әңгімелеңіздер.

### Мақалдарды мәнерлеп оқыңыздар.

1. Әйел — үйдің көркі,  
Еркек — түздің көркі.

Женю дом хорош,  
мужем — усадьба.

2. Жақсы әйел — ырыс,  
Жаман әйел — ұрыс.

Добрая жена — счастье,  
плохая — одно несчастье.

3. Әркім сүйгенінің құлы.

Каждый — раб своей любви.

4. Махаббат — өмір көркі.

Любовь — украшение жизни.

5. Махаббатсыз өмір бос.

Жизнь без любви пуста.

6. Екі жарты — бір бүтін.

Две половинки — одно целое.

## Тақырып: ОТБАСЫ

### Лексика: Уақыт

**Грамматика:** Бұйрық рай (Повелительное наклонение).

О спряжении глаголов повелительного наклонения во 2-м лице было сказано ранее. Глаголы повелительного наклонения в 1-м лице единственного и множественного числа имеют значение самопринуждения, просьбы, переводятся на русский язык словом “Давай, давайте!”.

**Мысалы:** Мен айтайын. – Давай(те), я скажу. Мен кешке келейін. – Давай(те), я вечером приду. Біз бүгін жазбайықшы. – Давайте, сегодня не будем писать.

Глаголы повелительного наклонения в 3-м лице выражают желание, приказание, требование, призыв и т.д. **Мысалы:** Ол кешікпесін! – Пусть он не опаздывает! Олар көп сөйлемесін! – Пусть они много не говорят!

Жақ/лицо	Мысалдар/примеры	Қолданылуы/употребление
<b>Мен (біз)</b>	жаз+айын жаз+айық кел+ейін кел+ейік қара+йын қара+йық сөйле+йін сөйле+йік	-айын/-айық – после согласных -ейін/-ейік -йын/-йық – после гласных -йін/-йік
<b>Сен (сендер)</b>	жаз/жаз+ыңдар кел/кел+іңдер қара/қара+ңдар сөйле/сөйле+ңдер	-ыңдар/-іңдер – после согласных -ңдар/-ңдер – после гласных
<b>Сіз (сіздер)</b>	жаз+ыңыз/жаз+ыңыздар кел+іңіз/кел+іңіздер қара+ңыз/қара+ңыздар сөйле+ңіз/сөйле+ңіздер	-ыңыз/-дар – после согласных -іңіз/-іңдер – после гласных
<b>Ол (олар)</b>	жаз+сын қара+сын кел+сін сөйле+сін	-сы – после твердой основы -сің – после мягкой основы

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жазыңыздар.

- |        |        |        |
|--------|--------|--------|
| 1. Мен | тұр... | айт... |
| Біз    | жат... | күт    |
| 2. Сен |        |        |

оқы...	Сендер	кет...
жаз...		бар...
бер...		сұра...
түсін...		үйлен...

3. Сіз	тыңда...	4. Ол	ажыраспа...
Сіздер	қайтала...	Олар	жұр...
	әкел...		аудар...
	іш...		сөйлеме...
	же...		қайтпа...

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Пусть он будет дома. 2. Давайте познакомимся. 3. Пусть она слушает. 4. Ты не лежи. 5. Вы встаньте. 6. Давайте, здесь посидим. 7. Пусть он откроет. 8. Пусть они повторяют. 9. Давай, я отвечу. 10. Давайте, будем работать. 11. Учись хорошо! 12. Давайте, я переведу. 13. Говорите по-казахски. 14. Пусть они не знакомятся. 15. Приходи, пожалуйста, вечером.

**Тапсырма.** Мәнерлеп оқыңыздар, аударыңыздар.

1. Балалар бақытты болсын! 2. Әрқашан бейбітшілік болсын! 3. Денсаулығыңыз жақсы болсын! 4. Той құтты болсын! 5. Сен бақытты бол! Жасыңыз ұзақ болсын! 6. Сапар сәтті болсын! 7. Аман-сау болайық! 8. Біз тату болайық! 9. Демалысыңыз жақсы болсын! 10. Сау болыңыздар! 11. Достар, жалқау болмайық! 12. Сендер ақымақ болмандар! 13. Мереке құтты болсын! 14. Наурыз құтты болсын! 15. Тамақ көп болсын! 16. Жақсы достар көп болсын! 17. Жаман достар болмасын! 18. Келіңіз, дос болайық! 19. Қарындас, танысайық. 20. Ол бүгін келеді. 21. Келіңіз, қазір телефон соғайық. 22. Жұр, кітапханада отырайық. 23. Газет, журнал оқыңыздар.

### Табыс септік (Винительный падеж)

*Табыс септік* соответствует русскому винительному падежу без предлога, в предложении всегда является прямым дополнением. Слова в *Табыс септік* отвечают на вопросы кімді? (кого?), нені? (что?).

*Табыс септік* имеет окончания:

- ны/-ні** – после конечных гласных. **Мысалы:** бала+ны, әке-ні
- ды/-ді** – после конечных звонких и сонорных. **Мысалы:** қыз+ды, ұл+ды, әйел+ді
- ты/-ті** – после глухих согласных и звонких б, в, г, д. **Мысалы:** курс+ты, мектеп+ті, клуб+ты, завод+ты.

4. -н — после 3-го лица формы принадлежности. Мысалы: әке+сі+н, ұл+ы+н, жұмыс+ы+н, үй+і+н.

*Табыс септік* не принимает окончаний:

1. Если перед дополнением стоит слово, уточняющее количество, массу, объем, длину объекта. Мысалы: Сен үш кг қант сатып алдың. Мен де он бес қалың дәптер сатып алдым.

2. Если дополнение входит в состав сложного сказуемого. Мысалы: Сен кешке телефон соқшы.

**Тапсырма.** Табыс септігінің жалғауын жазыңыздар.

Ата-ана, құдаңыз, әжесі, балалар, әке, атаң, балдыз, жиенім, қалындығы, құрдас, құрбыңыз, танысы, шөберең, жезде, жеңгем, қайнаға, әйелің, куәлік, басқармасы, бөлім, взвод, ротаныз, бөлімшесі, бастық, орынбасар, институтым, курс, топ, асхана, шаштараз, кітапхана, дүкен.

**Тапсырма.** Жаңылтпашты мәнерлеп оқыңыздар, аударыңыздар.

- |  |  |
|--|--|
| 1. Есеннің шешесін көрдім,<br>Шешесін кеше көрдім,<br>Кеше көшеде көрдім,<br>Көшеде нешеде көрдім? | 2. Бір қыз кесте тікті,<br>Кестесін түсте тікті,<br>Кешке тікті. |
|--|--|

(Е. Елубаев)

**кесте тігу** — вышивать

**Тапсырма.** Жаңылтпаштардан ілік және табыс септігінде тұрған сөздерді, жедел өткен шақта тұрған етістіктерді табыңыздар.

**Тапсырма.** Орыс тіліне аударыңыздар.

1. Мен кеше үйде жақсы музыка тыңдадым. 2. Біз кітапты әлі оқымадық. 3. Олар жексенбіде көп жаяу жүрді. 4. Олар ертең үйде отырсын. 5. Өкінішке орай, мен кезекте екі сағат тұрдым. 6. Меніңше, олар дәптерлерді әкелмеді. 10. Кеше менің әріптесім тапсырманы жасамады. 11. Сендер таңертең асханада тамақ іштіңдер ме? 12. Ол әкесін тыңдамады. 13. Мен қызды түсінбедім.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Я сделал свою домашнюю работу. 2. Что ты вчера купил? 3. Ты не простила подругу? 4. Мы в воскресенье учили новые слова. 5. Я вчера видел друга. 6. Они хорошо выполнили задание. 7. Откройте, пожалуйста, дверь. 8. Мы перевели два текста. 9. Ты купил 2 кг масла. 10. Давай, я куплю три литра молока.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

мен — мені (меня)	біз — бізді (нас)
сен — сені (тебя)	сендер — сендерді (вас)
сіз — сізді (Вас)	сіздер — сіздерді (Вас)
ол — оны (его, ее)	олар — оларды (их)

**Тапсырма.** Мына сөздермен сөйлемдер ойлаңыздар.

1. Оны, бізді, сені, сіздерді, мені, оларды, сізді, сендерді.
2. Кешір, шақыр, апар, шығарып сал (проводит), қарсы ал (встреть), тыңда, түсін, біл, сұра, көр, күт, таны.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, қазақ тіліне аударыңыздар.

### Күш атасы — Қажымұқан

Әр халықтың жарық жұлдыздары бар. Олар елдің мақтанышы. Сондай адамның бірі — халқымыздың батыр ұлы — Қажымұқан палуан.

Қажымұқан Мұңайтпасов 1871 жылы Ақмола облысында туды. Ол жиын-тойларда, жәрмеңкелерде күресті. Ол дүниежүзілік спорт аренасында өнер көрсетті. Ол аренада алғаш рет “Ямогата Муханура” деген атты алды. 1909 жылы Ригада дүние жүзілік чемпионатта бірінші орын алды. Қажымұқан Парижде, Лондонда, Варшавада, Берлинде, Будапеште, т.б. қалаларда өнер көрсетті. Америкада, Таяу және Орта Шығыс елдерінде болды. Қажымұқан өз өмірінде 48 алтын және күміс медаль алды. Міне, біздің батыр атамыз осындай адам болды.

(Қ. Әбдіқадыров)

### Жаңа сөздер

жарық — яркий, светлый  
мақтаныш — гордость  
палуан — борец  
күресу — бороться  
дүниежүзілік — всемирный  
өнер көрсету — выступать  
алғаш рет — впервые  
атақ — звание  
күш — сила

**Тапсырма.** Жатыс септікте тұрған сөздерді табыңыздар, аударыңыздар. Мәтіннің мазмұнын айтыңыздар.

## Тақырып: ОТБАСЫ

### Лексика: Уақыт

**Грамматика:** Бұйрық рай (1, 3-жақ).  
Табыс септік.  
Бұрынғы өткен шақ (Давнопрошедшее время глагола).

**Тапсырма.** Өленді мәнерлеп оқыңыздар, аударыңыздар.

Жан досым, үстем болсын мерейің  
Әрқашан жеңісінді көрейің.  
Сырымыз да бітпесін,  
Жырымыз да бітпесін,  
Жырымыз да бітпесін.

(Т. Молдағалиев)

### Жаңа сөздер

**мерей** — слава, признание  
**сыр** — тайна  
**жыр** — песня, сказание  
**біту** — кончиться, завершиться

**Тапсырма.** 1. Бұйрық рай формасындағы етістіктердің қай жақта тұрғанын анықтаңыздар. 2. Мына сөздерді бұйрық райда жіктеңіздер: **танысу, сөйлесу.**

### Етістіктерді есте сақтаңыздар

**қарсы алу** — встречать кого-то (Т.с.)  
**шығарып салу** — провожать (Т.с.)  
**бітіру** — завершить, закончить (Т.с.)  
**аяқтау** — завершить, закончить (Т.с.)  
**аяқталу** — завершиться, закончиться  
**бастау** — начинать (Т.с.)  
**басталу** — начинаться  
**жалғастыру** — продолжать (Т.с.)  
**сату** — продавать (Т.с.)  
**сатып алу** — купить (Т.с.)  
**сатылу** — быть в продаже, продаваться

**Тапсырма.** Етістіктерді өткен шақта қолданыңыздар.

1. Сіздер кеше дүкенде (болу) ма? 2. Олар қызық кітапты (сатып алу). 3. Досым қалыңдығын вокзалда (қарсы алу). 4. Бақарда жақсы

алма, жемістер (сатылу). 5. Сабағымыз қыркүйекте (басталу). 6. Біз жұмысымызды сағат үште (аяқтау). 7. Профессор лекциясын (жалғастыру). 8. Сен кеше кешке құрбыңды (шығарып салу) ба? 9. Концерт сағат нешеде (аяқталу)? 10. Мұғалім сабақ (бастау). 11. Сіз мектепті қай жылы (бітіру)?

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, 1-жақта әңгімелеңіздер.

Сенің жақсы досың бар. Оның аты — Асқар. Асқардың жасы жиырма сегізде. Ол өткен жылы үйленді. Асқар және сен құрдас-сындар. Ол сенің әріптесің. Асқардың жұбайының аты — Маржан. Ол жиырма бес жаста. Өткен жексенбіде сен Асқардың үйінде қонақта болдың. Сені достарың қарсы алды. Сен әдемі гүлдер сатып алдың. Гүлдерді Маржан алды және рахмет айтты. Досыңның зайыбы дәмді тамақ жасады. Сеніңше, ол жақсы аспаз. Сен қонақта шамамен үш сағат болдың. Кешкі сағат онда олар сені шығарып салды.

**Тапсырма.** 1. Сіз кеше құрбыңыздың үйінде қонақта болдыңыз. Осы туралы әңгімелеңіз. 2. Жаңа етістіктермен сөйлемдер ойлап, шағын әңгіме жазыңыздар.

Прошедшее время глагола имеет еще одну форму, называемую *Бұрынғы өткен шақ* (давнопрошедшее время глагола), которая в свою очередь имеет две формы — причастную (*есімше*) и деепричастную (*көсемше*).

*Бұрынғы өткен шақ* обозначает действие, которое происходило до начала другого действия в прошлом. Эта временная форма образуется двумя способами:

1. Путем прибавления к основе глагола суффиксов причастия прошедшего времени **-ған/-ген, -қан/-кен** и личных окончаний глагола.

### Жекеше (Единственное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>Мен</b>	бар+ған+мын кел+ген+мін айт+қан+мын кет-кен+мін	бар+ма+ған+мын кел+ме+ген+мін айт+па+ған+мын кет+пе+ген+мін	ба бе ба бе
<b>Сен</b>	бар+ған+сың кел+ген+сің айт+қан+сың кет+кен+сің	бар+ма+ған+сың кел+ме+ген+сің айт+па+ған+сың кет+пе+ген+сің	ба бе ба бе

<b>Сіз</b>	бар+ған+сыз кел+ген+сіз айт+қан+сыз кет+кен+сіз	бар+ма+ған+сыз кел+ме+ген+сіз айт+па+ған+сыз кет+пе+ген+сіз	ба бе ба бе
<b>Ол</b>	бар+ған кел+ген айт+қан кет+кен	бар+ма+ған кел+ме+ген айт+па+ған кет+пе+ген	ба бе ба бе

Суффиксы **-ған/-ген** пишутся после конечных гласных, звонких и сонорных. После глухих согласных пишутся суффиксы **-қан/-кен**.

### Көпше (Множественное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>Біз</b>	бар+ған+быз кел+ген+біз айт+қан+быз кет+кен+біз	бар+ма+ған+быз кел+ме+ген+біз айт+па+ған+быз кет+пе+ген+біз	ба бе ба бе
<b>Сендер</b>	бар+ған+сың+дар кел+ген+сің+дер айт+қан+сың+дар кет+кен+сің+дер	бар+ма+ған+сың+дар кел+ме+ген+сің+дер айт+па+ған+сың+дар кет+пе+ген+сің+дер	ма ме ма ме
<b>Сіздер</b>	бар+ған+сыз+дар кел+ген+сіз+дер айт+қан+сыз+дар кет+кен+сіз+дер	бар+ма+ған+сыз+дар кел+ме+ген+сіз+дер айт+па+ған+сыз+дар кет+пе+ген+сіз+дер	ма ме ма ме
<b>Олар</b>	бар+ған кел+ген айт+қан кет+кен	бар+ма+ған кел+ме+ген айт+па+ған кет+пе+ген	ба бе ба бе

**Ескерту/примечание:** отрицательная форма */бұрынғы өткен шақ* может быть образована также при помощи отрицаний **жоқ, емес**.

**Мысалы:** Мен былтыр бұл фильмді көргенмін. – Мен былтыр бұл фильмді көрген жоқпын. Ол тауға барған. – Ол тауға сшқашан барған емес.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді оқыңыздар, орыс тіліне аударыңыздар.

1. Сіз институтты қашан бітіргенсіз? 2. Сен бұл кітапты оқыған жоқсың ба? 3. Немереңіз қай жылы туған? 4. Біз бұл жерлерде көп қыдырғанбыз. 5. Сені түнде кім шығарып салды? 6. Жиналыс саған жетіде аяқталған. 7. Өкінішке орай, мен бұл туралы білмегенмін. 8. Сабақ әлі аяқталған жоқ. 9. Өкінішке орай, мені вокзалда ешкім қарсы алған жоқ. 10. Сен неге нан сатып алған жоқсың? 11. Менің нағашым өткен жылы үйленген. 12. Сұрағыңызды қайталаңызшы, мен түсінген жоқпын.

**Тапсырма.** Етістікті бұрынғы өткен шақта қолданыңыздар.

1. Мен кеше кеш (вставать). 2. Мен мектепте екі жыл (работать). 3. Таңертең досым (звонить). 4. Профессор лекцияны жақсы (читать). 5. Өкінішке орай, оны ешкім (не слушать). 6. Жексенбіде біз үйде (не быть). 7. Олар түсте асханада (кушать). 8. Қыста біз терезені сирек (открывать). 9. Достарым мені (проводить). 10. Сіздер қашан (знакомиться)? 11. Жаңа тақырыпты тыңдаушылар жақсы (понимать). 12. Сен оны неге (не ждать)? 13. Бастық жиналыста көп (говорить).

**II. Бұрынғы өткен шақ** образуется путем прибавления к основе глагола суффиксов деепричастия **-ып/-іп/-п** и личных окончаний глагола. **Мысалы:** Ертеде бір сұлу қыз болыпты. – Жилабыла красавица. Менің атам он тоғызыншы ғасырда туыпты. – Оказывается, мой дедушка родился в девятнадцатом веке.

### Жекеше (Единственное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>Мен</b>	жаз+тып+пын көр+іп+пін ойна+п+пын	жаз+ба+п+пын көр+ме+п+пін ойна+ма+п+пын	ба бе ба
<b>Сен</b>	жаз+тып+сың көр+іп+сің ойна+п+сың	жаз+ба+п+сың көр+ме+п+сің ойна+ма+п+сың	ба бе ба
<b>Сіз</b>	жаз+тып+сыз көр+іп+сіз ойна+п+сыз	жаз+ба+п+сыз көр+ме+п+сіз ойна+ма+п+сыз	ба бе ба
<b>Ол</b>	жаз+тып+ты көр+іп+ті ойна+п+ты	жаз+ба+п+ты көр+ме+п+ті ойна+ма+п+ты	ма ме ма

## Көпше (Множественное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>Біз</b>	ойна+п+пыз жаз+ып+пыз көр+іп+піз	ойна+ма+п+пыз жаз+ба+п+пыз көр+ме+п+піз	ба ба бе
<b>Сендер</b>	ойна+п+сың+дар жаз+тып+сың+дар көр+іп+сің+дер	ойна+ма+п+сың+дар жаз+ба+п+сың+дар көр+ме+п+сің+дер	ма ма ме
<b>Сіздер</b>	ойна+п+сыз+дар жаз+ып+сыз+дар көр+іп+сіз+дер	ойна+ма+п+сыз+дар жаз+ба+п+сыз+дар көр+ме+п+сіз+дер	ма ма ме
<b>Олар</b>	ойна+п+ты жаз+ып+ты көр+іп+ті	ойна+ма+п+ты жаз+ба+п+ты көр+ме+п+ті	

Суффиксы **-ып/-іп** пишутся после согласных, а суффикс **-п** – после гласных.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді оқыңыздар, аударыңыздар.

1. Әріптесімді інім қарсы алыпты. 2. Ерте-ертеде бір патша болыпты. 3. Ол кісі мектепті 60-шы жылдары бітіріпті. 4. Шешем көп базарлық әкеліпті. 5. Әжем кеше өте ерте тұрыпты. 6. Біз бір-бірімізді жақсы түсінбепіз. 7. Мен бұл мақаланы оқымаппын. 8. Мына кісі еш жерде жұмыс істемепті. 9. Өткен ғасырда ауа райы жақсы, табиғат тамаша болыпты. 10. Сіздер жаңа сөздерді қайталамапсыздар. 11. Әріптестер әлі таныспапты. 12. Жиналыс сағат үште басталған, бірақ әлі аяқталмапты. 13. Жаңа тыңдаушы мектепте қазақ тілін оқымапты. 14. Маған түнде біреу телефон соғыпты.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, аударыңыздар.

Бір күні Қаз дауысты Қазыбек Әнет бабаның үйіне келіпті. Ауылдың ақсақалдары жиналыпты, әңгімелесіпті. Келесі күні Қазыбек Әнет бабадан сұрапты:

– Әнет баба, бір жақсы сөз айтыңызшы! Мен енді кетейін.  
– Жарайды, балам, айтайын. Сен тында, есінде ұста, ұмытпа.  
“Әкім” деген сөзді ешқашан ұмытпа!

Қазыбектің жолдастары бұл сөзді түсінбепті. Сонда Қазыбек былай депті:

– “Ә” дегені -әділ бол,  
– “К” дегені – күншіл болма, көпшіл бол,  
– “І” дегені – ілтипатты бол,  
– “М” дегені – менмен болма, мейірман бол, – дегені.  
Әнет бабаның сол сөзін Қазыбек ешқашан ұмытпапты.

(Ел аузынан)

## Жаңа сөздер

**ұмыту** – забывать (Т.с.)

**әкім** – властитель, администратор

**әділ** – справедливый

**күншіл** – завистливый

**көпшіл** – общественник, общительный

**ілтипатты** – внимательный, любезный, благожелательный

**менмен** – чванливый, эгоист

**мейірман** – милосердный, доброжелательный

**Тапсырма.** 1. Мәтіннен бұрынғы өткен шақта тұрған етістіктерді табыңыздар. 2. Бұйрық рай формасындағы етістіктерді табыңыздар. 3. Жаңа сөздермен сөйлемдер ойлап жазыңыздар, орыс тіліне аударыңыздар.

## Қазақ тіліне аударыңыздар, үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

Е. – Привет, Марат!

М. – Здравствуй, Ердос!

Е. – Марат, а где ты был вчера? Я тебе звонил.

М. – Да, меня не было дома. Я был в институте.

Е. – Кто еще был в институте?

М. – В институте были Раушан, Азамат и Тимур.

Е. – Что вы там делали?

М. – Я был в библиотеке. Раушан и Азамат писали конспекты, а Тимур сидел на лекции.

Е. – Когда ты вернулся?

М. – Я в 3 часа был уже дома.

Е. – Марат, давай сегодня пойдем на дискотеку. У тебя есть время?

М. – К счастью, завтра у меня нет семинара. Я не против. В 7 часов ты жди меня дома.

Е. – Хорошо! Договорились! Ты только не опаздывай.



**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар, сан есімдерді дұрыс айтыңыздар.

В одном году 12 месяцев, 4 сезона. Это: весна, лето, осень и зима. Весенние месяцы – март, апрель, май. Летние месяцы – июнь, июль, август. Осенние месяцы – сентябрь, октябрь, ноябрь. Зимние месяцы – декабрь, январь, февраль. Сейчас осень. 1995 год, XX век. Сегодня 25 сентября. В году 365 или 366 дней. В одном сезоне 3 месяца. В одном месяце 30-31 день. В одном месяце примерно 4 недели. В одной неделе 7 дней. В сутках 24 часа, 1140 минут.

**Тапсырма.** Есімдіктердің септелуін қайталаңыздар.

1. Ты меня не слушал. 2. У меня был хороший друг. 3. Мой брат простил ее. 4. Вы открыли дверь. 5. Вчера у него был день рождения. 6. Слушайте меня, пожалуйста. 7. У тебя есть старший брат. 8. Ты был у нас. 9. Вы провожали их. 10. Мой сын учится во втором классе. 11. Мы вас долго ждали. 12. У твоей тещи хороший характер. 13. У наших детей хорошие друзья. 14. В его семье пять человек.

**Тапсырма.** Төмендегі сөздермен сөйлемдер ойлаңыздар. Кеше, кешке, былтыр, өткен аптада, таңертең, биыл, түсте.

## Тақырып: ОТБАСЫ

### Лексика: Отбасы. Уақыт.

**Грамматика:** Барыс септік (Дательный падеж).

Бұрынғы өткен шақ.

**Тапсырма.** Төмендегі етістіктерді өткен шақ формаларында жіктеңіздер.

аяқтау жалғастыру сату қарсы алу  
бітіру бастау сатып алу шығарып салу

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Вы встретили их на вокзале? 2. Ты не проводил подружку моей старшей сестры. 3. Она сегодня не кушала? 4. Мы их не видели. 5. Вы меня хорошо поняли? 6. Он получил новое удостоверение. 7. В нашем управлении он работал два года. 8. На собрании выступили председатель, его заместитель и гости. 9. Оказывается, они не знали его имя. 10. Пусть он расскажет свою

автобиографию. 11. Давайте, пойдём в эту субботу в театр. 12. Пусть она переведет два текста. 13. Вы хорошие друзья. 14. Начальник отдела – молодой, умный человек.

*Барыс септік* (дательно-направительный падеж) образуется при помощи окончаний **-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не, -а/-е**, которые присоединяются к корню или основе существительных. Слова в *Барыс септік* отвечают на вопросы **кімге?** (кому? к кому?), **неге?** (чему? к чему? зачем?), **қайда?** (куда?) и имеют следующие значения:

1. Направления действия: Жазда ауылға бардым. – Летом ездил в аул.

2. Цели действия: Алматыға оқуға келдім. – Приехал в Алматы учиться.

3. Стоимости предмета: Газетті он бес теңгеге сатып алдым. – Газету купил за пятнадцать тенге.

4. Возраста человека: Абай 1995 жылы 150 жасқа толды. – В 1995 году Абаю исполнилось 150 лет. Глаголы **келу, толу** в значении “достижение человеком какого-либо возраста”

5. Выражения необходимости: Сабаққа кешікпеу керек. – Нельзя опаздывать на занятие. Қыста бізге жылы киіну керек. – Зимой нам нужно одеваться тепло.

6. Выражения разрешения: Кіруге болады. – Войти можно. Шығуға болмапты. – Оказывается, нельзя было выйти.

Жалғаулар/окончания	Мысалдар/примеры	Қолданылуы/употребление
-ға/-ге	бала+ға, ұл+ға тау+ға, үй+ге қыз+ға, әке+ге	после гласных, звонких з, ж; сонорных л, м, н, ң, й, у, р
-қа/-ке	клуб+қа, шөп+ке завод+қа, от+қа мысық+қа, сейф+ке	после глухих согласных; звонких согласных б, в, г, д
-на/-не	ата+сы+на қала+сы+на шеше+сі+не	после 3-го лица притяжательной формы
-а/-е	жұмыс+ым+а әйел+ің+е құда+м+а	после 1-го и 2-го лица притяжательной формы

**Тапсырма.** Сөздерге барыс септігінің жалғауларын жалғаңыздар.

Әпке, құдағиың, әкем, көрші, әріптесің, ата-ана, жұбайлар, іні, оқу, бөлме, басқармам, тобың, көшесі, жиені, қалыңдығым, құрбысы, құрдасым, жұбайың, күйеуі, куәлігі, әжесі, баласы, мұғалім, кітапхана, асхана, қарындасың, отбасы, қонақтарым, танысың, ағасы, сөзім.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Сіз әке-шешенізге хат жаздыңыз ба? 2. Мен сағат үште кітапханаға бардым. 3. Көршім дүкенге нанға кетті. 4. Сен мұнда неге келдің? 5. Алмас елу теңгеге қызыл қарбыз сатып алды. 6. Талнат танысына телефон соқты. 7. Ол құрбысына әдемі гүл әперді. 8. Азамат, сен менің бөлмеме кел. 9. Апай, кабинетке кіруге болады ма? 10. Жұмысқа сағат тоғызда бару керек. 11. Менің ұлым көктемде он сегізге келді. 12. Біз сенбіде досымызға қонаққа бардық.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

Мен – маған (мне)	Біз – бізге (нам)
Сен – саған (тебе)	Сендер – сендерге (вам)
Сіз – сізге (Вам)	Сіздер – сіздерге (Вам)
Ол – оған (ему, ей)	Олар – оларға (им)

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Ты приходил к ней. 2. Они позвонили мне. 3. Я перевела им текст. 4. Они пришли к нам. 5. Ты помоги ему. 6. Пусть он даст тебе книгу. 7. Мама, купи им мороженое. 8. Откройте мне, пожалуйста, дверь. 9. Давайте, я расскажу вам интересную историю. 10. Принесите, пожалуйста, ей новые газеты. 11. Подать Вам стул?

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіз кеше жұбайыңызға телефон соқтыңыз ба? 2. Сіздің әкеңіз биыл неше жасқа толды? 3. Сіз бірінші класқа қашан бардыңыз? 4. Сіз таңертең дүкенге неге бардыңыз? 5. Сіз Алматыға неге келдіңіз? 6. Сұраңызшы, сіздің әріптесіңіз институтқа неге келген? 7. Айтыңызшы, өткен жексенбіде сіз қайда бардыңыз? 8. Айтыңызшы, мейрам күні анаңызға гүл сыйладыңыз ба? 9. Сұраңызшы, сіздің көршіңіз жаңа пальтоны неше теңгеге сатып алды? 10. Сіз жазда ауылға демалысқа бардыңыз ба? 11. Сіз сабаққа керек кітапты неге әкелмедіңіз?

В казахском языке, в отличие от русского языка, отсутствуют предлоги, но есть послелогои. **Послелогои** — это особая группа служебных слов, которые употребляются после самостоятельных слов для дополнения и уточнения их грамматических значений.

Послелогои, которые управляют *Барыс септік:*

1. **Дейін, шейін** (до, по). Біз сабаққа дейін таза ауада қыдырдық. — До начала занятия мы гуляли на свежем воздухе. Ол кеше кешке шейін кітапханада отырды. Қаланың орталығына дейін жүзінші автобуска отыру керек. — Он до вечера сидел в библиотеке. Чтобы доехать до центра города, нужно сесть на сотый автобус.

2. **Қарай, таман** (к) — по отношению ко времени. Біз кешке қарай (таман) қонаққа бардық. — Мы к вечеру ходили в гости. Інім бүгін түске таман келді. — Младший брат сегодня пришел к обеду.

3. **Қарай** (по направлению к...) Достар аялдамаға қарай кетті. — Друзья пошли по направлению к остановке.

4. **Қарсы** (против), **қарама-қарсы** (напротив). Мен сізге қарсы емеспін. — Я не против Вас. Мұғалім бізге қарама-қарсы отырды. — Учитель сел напротив нас.

5. **Сәйкес, орай** (согласно). **Жоспарға сәйкес** бүгін бізде мәжіліс болды. — По плану сегодня у нас было заседание. Бақытымызға орай (қарай), жексенбіде ауа райы жақсы болды. — К счастью, в воскресенье погода была хорошая.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Қазір жылдың күз мезгілі. Табиғат өте әдемі. Ауа райы суық емес. Өткен жексенбіде Мұрат және оның достары тауға барды. Достар таңертең аялдамада жиналды. Олар автобуска отырды, автобустың нөмірі тоқсан үшінші. Жігіттер автобуста жиырма бес теңгеге билет алды. Автобуста адам өте көп болды. Ол адамдарды тауға, көлге апарды. Тауда олардың саяжайлары да бар. Автобус, өкінішке орай, туристік базаға дейін ғана барды. Балалар тауға қарай енді жаяу кетті. Олар үлкен көлге дейін келді, сол жерде демалды, бұл жерде достар ескі таныстарын көрді. Олар да мұнда таңертең келіпті. Достар біраз демалды, тамақ ішті, ойнады, суретке түсті. Сағат он бірде Мұрат және оның достары жолға шықты. Олар биік тауға қарай кетті. Оларға қарсы жел болды, бірақ жігіттер тоқтамады.

## Жаңа сөздер

жел – ветер  
табиғат – природа  
енді – теперь  
суретке түсу – фотографироваться

1. Күзде табиғат қандай?
2. Өткен жексенбіде Мұрат және оның достары не істеді?
3. Достар таңертең аялдамада жиналды ма?
4. Жігіттер тауға жаяу кетті ме?
5. Автобус қай жерге дейін жүрді?
6. Көлдің жағасында достар не істеді?
7. Сағат бірде жігіттер не істеді?

**Тапсырма.** 1. Мәтінді бірінші жақта әңгімелеп беріңіздер.  
2. Сіз қаланың орталығына бару үшін аялдамаға келдіңіз. Көршіңіз сізге жолды түсіндірді. Әңгімелесіңіздер.

**Тапсырма.** Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар, аударыңыздар.

### Не тәтті?

Жиренше шешен бір күні жолда бір баланы көріпті де, былай деп сұрапты:

- Дүниеде ең тәтті не, балам?
- Сонда бала былай жауап беріпті:
- Бал тәтті, – деген екен.
- Ал жұмсақта не жұмсақ?
- Мамық жұмсақ.
- Қаттыда не қатты?
- Тас қатты.

Бұл баланың жауабын екінші бала тыңдап тұрыпты. Ол Жиренше шешенге былай депті: “Осы сұрақтарға мен де жауап берейінші, рұқсат етіңіз”.

- Ал, айта ғой, балам, не тәтті? – депті Жиренше шешен.
- Ананың сүті, – деп жауап беріпті бала.
- Не жұмсақ?
- Ананың қолы.
- Ал енді не қатты?
- Атаның жүрегі, – депті бала.

Жиренше шешен екінші баланың жауабына риза болыпты, балаға батасын беріпті.

*(Ел аузынан).*

## Жаңа сөздер

тәтті – сладкий, вкусный  
бал – мед  
жұмсақ – мягкий  
мамық – пух  
қатты – твердый  
риза (разы) болу – быть довольным (Б.с.)  
бата беру – благословлять (Б.с.)

**Тапсырма.** 1. Мәтіннен ілік, барыс септіктерінде тұрған сөздерді тауып, көшіріп жазыңыздар.

2. **Тәтті, жұмсақ, қатты** сөздерімен сөйлем ойлаңыздар.

3. **Риза (разы) болу, риза (разу) болмау, бата беру** сөздерімен сөйлем ойлаңыздар.

**Тапсырма.** Жақшадағы сөздерді барыс септігіне қойып жазыңыздар.

1. (Сенбі) дейін үш күн бар. 2. Сен маған (кеш) таман телефон соқ. 3. Кітапханаға кітап (алу) келдік. 4. Олар (лекция) қашан келмеді? 5. Өкінішке орай, әріптесіміз бүгін (жұмыс) кешікті. 6. Өткен аптада (ата-ана) хат жаздың ба? 7. Сіз жазда қайда бардыңыз? 8. Сен (Қанат) керек кітапты бердің бе? 9. Адамдар (асхана) неге барады? 10. Досым мені жатақханаға дейін шығарып салды. 11. Сіз кеше (кеш) дейін үйде болмадыңыз ба? (Ол) кім әдемі гүл сыйлады?

## Тақырып: ОТБАСЫ

### Лексика: Отбасы. Уақыт.

**Грамматика:** Барыс септік. Ауыспалы осы шақ  
(Настоящее переходное время глагола)

В казахском языке имеются две формы настоящего времени: 1) настоящее переходное время и 2) собственно-настоящее время.

*Ауыспалы осы шақ* в зависимости от контекста может обозначать и настоящее, и будущее время. **Мысалы:** Мен ауылда тұрамын. – Я живу в ауле. Мен ертең сағат жетіде тұрамын. – Я завтра встану в семь часов.

*Ауыспалы осы шақ* образуется путем прибавления к корню глагола суффиксов деепричастия -а/-е/-й, а затем личных окончаний глагола.

### Жекеше (Единственное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>Мен</b>	бар+а+мын кел+е+мін қара+й+мын	бар+ма+й+мын кел+ме+й+мін қара+ма+й+мын	ба бе ба
<b>Сен</b>	бар+а+сың кел+е+сің қара+й+сың	бар+ма+й+сың кел+ме+й+сің қара+ма+й+сың	ба бе ба
<b>Сіз</b>	бар+а+сыз кел+е+сіз қара+й+сыз	бар+ма+й+сыз кел+ме+й+сіз қара+ма+й+сыз	ба бе ба
<b>Ол</b>	бар+а+ды кел+е+ді қара+й+ды	бар+ма+й+ды кел+ме+й+ді қара+ма+й+ды	ма ме ма

**Тақырып.** Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыздар.

1. Мен институттың екінші курсында оқимын. 2. Келесі жылы үшінші курста оқимын. 3. Сәуле жақсы музыканы көп тыңдайды. 4. Самат лекцияны тез жазады. 5. Сен қай қалада тұрасың? 6. Сіз бүгін үйде боласыз ба? 7. Сенің әкең қай жерде жұмыс істейді? 8. Ол күн сайын далада қыдырады. 9. Сіз қазақша сөйлейсіз бе? 10. Ол сабақта неге көп сөйлейді? 11. Сен құрбыңа телефон соғасың ба? 12. Мен жексенбі күні базарға жеміс алуға барамын. 13. Сен ертең осы жерде отырасың ба? 14. Кітап дүкенінде жақсы кітаптар сатылады ма? 15. Сен мені неге тыңдамайсың? 16. Ол қазақ тілін жақсы түсінеді. 17. Менің ағам келесі жылы үйленеді. 18. Жазда сен терезені ашасың ба?

**Тапсырма.** Берілген етістіктерді ауыспалы осы шақта жіктеңіздер.

Тұр, отыр, жат, оқы, жаз, тыңда түсін, қайтала, сөйле, әңгімелес, бар, кел, әпер, апар, әкел, сатып ал, сат, аш, жап, жатта, аяқта, бітір, баста, жалғастыр, жауап бер, сұра, телефон соқ, ойла, ойна, қыдырма, шықпа, кірме, айтпа, ажыраспа, таныспа, күлме, берме.

### Көпше (Множественное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>Біз</b>	апар+а+мыз әкел+е+міз сұра+й+мыз	апар+ма+й+мыз әкел+ме+й+міз сұра+ма+й+мыз	ба бе ба
<b>Сендер</b>	апар+а+сың+дар әкел+е+сің+дер сұра+й+сың+дар	апар+ма+й+сың+дар әкел+ме+й+сің+дер сұра+ма+й+сың+дар	ма ме ма
<b>Сіздер</b>	апар+а+сыз+дар әкел+е+сіз+дер сұра+й+сыз+дар	апар+ма+й+сыз+дар әкел+ме+й+сіз+дер сұра+ма+й+сыз+дар	ма ме ма
<b>Олар</b>	апар+а+ды әкел+е+ді сұра+й+ды	апар+ма+й+ды әкел+ме+й+ді сұра+ма+й+ды	ма ме ма

**Тапсырма.** Етістіктерді ауыспалы осы шаққа қойыңыздар.

1. Сіздер қай жерде (оқу)? 2. Олар сіздерді (түсіну) ме? 3. Ертең сіздер қайда (бару)? 4. Сен жұмысты қашан (аяқтау)? 6. Ол жаңа сөздерді (қайталау) ма? 7. Мен таңертең сүтке (бару). 8. Кітапханада біз газет-журналдар (оқу). 9. Біздің әжеміз басқа қалада (түру). 10. Олар жазда ауылға (кету).

### Етістіктерді есте сақтаңыздар

жақсы көру – любить (Т.с.)  
 ұнату – одобрить, симпатизировать (Т.с.)  
 ұнау – нравиться кому-то (Б.с.)  
 жек көру – ненавидеть (Т.с.)  
 көмектесу – помогать (Б.с.)  
 жәрдемдесу – помогать (Б.с.)  
 сүю (сүй) – любить (Т.с.), целовать (Т.с.)  
 сүйісу – целоваться

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Сен қандай фильмдерді жақсы көресің? 2. Мен раушан гүлдерін ұнатамын. 3. Біз ата-анамызды сүйеміз. 4. Қарт адамдарға көмектесу керек. 5. Сен көршіңе неге жәрдемдеспейсің? 5. Мен жалқау жігіттерді жек көремін, ал сен ше? 7. Сіз қандай жыл

мезгілін жақсы көресіз? 8. Олар бір-бірін өте ұнатты. 9. Біздің курстың тыңдаушылары колхозға көмектеседі. 10. Баласын анасы сүйді. 11. Сен мына тамақты ұнатпайсың ба? 12. Біз бұл кісіні жек көреміз. 13. Маған қыс өте ұнайды, ал саған ше? 14. Сен оған көмектесесің бе?

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Извините, можно выйти? 2. Спросить можно? 3. Нам нужно помочь. 4. Можно сюда сесть? 5. Нам нужно поговорить. 6. Можно открыть окно? 7. Можно смотреть телевизор? 8. Тебе нужно перевести текст. 9. Им нужно встретить коллег на вокзале. 10. Нас не нужно провожать. 11. Мне нужно позвонить в управление. 12. Вам можно сейчас идти домой. 13. Ему нужно хорошо выполнить задание. 14. Мне нужно вечером немного погулять. 15. Тебе нужно писать лекцию. 16. Можно вам помочь?

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, асты сызылған сөздерді талдаңыздар.

### Менің досым

Менің бір жақсы досым бар. Оның аты-жөні — Қалиева Сәуле Болатқызы. Сәуленің туған күні, айы, жылы — бір мың тоғыз жүз елу бесінші жыл, **он бірінші** наурыз. Сәуленің туған жері — Семей қаласы. Менің досым — мұғалім. Сәуленің отбасы бар. Оның **күйеуі**, бір қызы және бір ұлы бар. Сәуленің әжесі бар, ол — зейнеткер. Досымның **күйеуінің** аты — Қайрат. Қайраттың туған күні — екінші сәуір, бір мың тоғыз жүз елу үшінші жыл. Қайраттың әке-шешесі бар, олар жас адамдар емес. Қайраттың **мамандығы** — дәрігер. Ол — тіс дәрігері. Қайрат — менің әріптесім. Сәуленің **қызының аты** — Дариға. Дариғаның туған күні бірінші қыркүйек. Дариға **мектепке** барады, ол алтыншы сынып оқушысы. Досымның қызы **әке-шешесіне** әрқашан көмектеседі. Дариғаның **інісінің** аты — Сәбит. Ол **мектепке** әлі бармайды, себебі кішкентай. Сәбиттің туған күні — отыз бірінші тамыз. Сәбит әлі кішкентай, бірақ ол **әпкесіне** көмектеседі. Кейде олар **дүкенге нанға, сүтке** барады. Демалыс күндері олар киноға барады, **аулада** ойнайды. Келесі жылы Сәбит бірінші сыныпқа **барады**.

Менің **достарымның** үлкен, жаңа үйі бар. Келесі жылы жақсы машина сатып алады. Меніңше, менің **достарым** бақытты адамдар. Олардың отбасы тату.

**Тапсырма.** Бір-біріңізге жақсы достарыңыз туралы айтыңыздар.

### Мақалдары мәнерлеп оқыңыздар

- |  |  |
|--|--|
| 1. Ашу — дұшпан,<br>ақыл — дос,<br>Ақылына ақыл қос. | Гнев — враг, ум — друг,<br>К своему уму еще ума прибавь.   |
| 2. Баста ми жоқ болса,<br>Екі аяққа күш түседі.      | Если в голове пусто,<br>Вся тяжесть на ноги<br>приходится. |
| 3. Жігітке жеті өнер аз,<br>Жетпіс өнер көп емес.    | Джигиту семь ремесел мало,<br>Семьдесят немного.           |
| 4. Атаңа не қылсаң,<br>Алдына сол келеді.            | Как отблагодаришь отца,<br>Так отблагодарят тебя дети.     |

**Тапсырма.** Мақалдардан барыс септікте тұрған сөздерді табыңыздар.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздікпен орыс тіліне аударыңыздар.

### Төле бидің төрелігі

Бір бай жаңа жерге қоныстаныпты. Ол екі жігітке құдық қаздырады. Жігіттер құдықты қазады да, байға келіп, ақы сұрайды. Бай олардың біреуіне — саулық, екіншісіне қозы береді. Екінші жігіт байға разы болмайды, наразы болады. Төлеге келіп, шағым айтыпты. Би байға барып екі адамның еңбегі бірдей екенін айтады. Бірақ бай — құдықтың иесі қарсы болады.

— Адамның екі көзі, екі қолы бірдей емес пе? — дейді би байға.

— Көз де, қол да бірдей. Сөзіңізге жығылдым, биеке! Өкпелі жігітке қой берейін, — депті амалсыздан бай.

(Ел аузынан)

### Жаңа сөздер

- қоныстану** — поселиться (Б.с.)  
**құдық** — колодец  
**қазу** — рыть, копать (Т.с.)  
**ақы** — плата  
**саулық** — овцематка  
**қозы** — ягненок  
**өкпелі** — обиженный  
**амалсыздан** — вынужденно, поневоле  
**ие** — хозяин, владелец

наразы болу – быть недовольным (Б.с.)  
 шағым айту – жаловаться (Б.с.)  
 бірдей – одинаковый  
 сөзге жығылу – быть побежденным силой слова  
 төрелік – судейство

### Төле би кім? Сіз білесіз бе?

Төле XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, өз заманының ақылды, парасатты азаматы болған. Төле Әулие-ата (қазіргі Тараз) жерінде туған, Шыназда (ескі Ташкент) қайтыс болған. Төле – Тәуке ханның бас биінің бір болған. Ол – ақылды, әділ, шешен, халықты ойлаған адам болды. Төле би ел алдында үлкен сенімге, беделге ие болған. Төле би – Ұлы жүздің бас биі болыпты. Қазір Алматыда Төле би атындағы көше бар.

### Жаңа сөздер

би – судья  
 парасатты – здравомыслящий, разумный  
 қайтыс болу – скончаться  
 әділ – справедливый  
 шешен – оратор, красноречивый  
 сенім – доверие  
 бедел – авторитет

### Үлгі бойынша сөйлесіңіздер

- Жігіт – Қайырлы күн, қарындас!  
 Қыз – Сәлеметсіз бе!  
 Ж. – Кешіріңіз, сіздің есіміңіз кім? Танысуға бола ма?  
 Қ. – Ия, болады. Танысайық. Менің атым Нұргүл. Ал сіздің ше?  
 Ж. – Өте жақсы, Нұргүл. Ал мен Маратпын. Үйленбегенмін, бойдақпын.  
 Қ. – Танысқанымға қуаныштымын, Марат. Оқасы жоқ, сіз әлі жассыз. Үйленесіз. Ал менің отбасым бар. Өткен жылы тұрмысқа шыққанмын.  
 Ж. – Жақсы, құрбым Нұргүл. Ал сіздің сіңліңіз жоқ па?  
 Қ. – Сіңлім жоқ, жақсы қайын сіңлім бар. Аты Меруерт, өзі ақылды, сұлу қыз. Биыл институтқа түсті, болашақ журналист. Таныстырайын ба?  
 Ж. – Әрине, таныстырыңыз.

- Қ. – Жақсы, Марат. Келістік. Сіз ертең маған телефон соғыңыз. Нөмірді жазыңыз: 48-92-31.  
 Ж. – Сізге көп рахмет, Нұргүл. Ертең кездесейік. Сау болыңыз!  
 Қ. – Кездескенше, Марат.

## Тақырып: ОТБАСЫ

### Лексика: Отбасы. Уақыт

Грамматика: Ауыспалы осы шақ.  
 Шығыс септік (Исходный падеж).

*Шығыс септік* отвечает на вопросы **кімнен?** (от кого?), **неден?** (от чего? из чего?), **қайдан?** (откуда?), **қашаннан?** (с какого времени?).

Слова в *Шығыс септік* имеют следующие значения:

- Исходный пункт действия и движения. **Мысалы:** Әке-шешем ауылдан келді – Родители приехали из аула.
- Материал, из которого изготовлен предмет. **Мысалы:** Үйді ағаштан салады. – Дом строят из дерева. Майды сүттен жасайды. – Масло делают из молока.
- Начало действия во времени. **Мысалы:** Студент таңертеңнен кітапханада отырды. – Студент с утра сидел в библиотеке.
- Сравнение предметов. **Мысалы:** Астана Алматыдан кіші. – Астана меньше Алматы.

Жалғаулар/окончания	Колданылуы/употребление	Мысалдар/примеры
-нан/-нен	после сонорных м, н, н; окончаний 3-го лица притяжательной формы -сы/-сі, -ы/-і	шам+нан, нан+нан кілем+нен, інім+нен баласы+нан, әкесі+нен ұлы+нан, жиені+нен
-дан/-ден	после гласных звонких з, ж; сонорных й, л, р, у	ана+дан, әке+ден, қыз+дан, күз+ден бағаж+дан, қой+дан
-тан/-тен	после глухих согласных; звонких б, в, г, д	тау+дан, мал+дан кітап+тан, мектеп+тен клуб+тан, Иванов+тан геолог+тан, завод+тан

**Тапсырма.** Мына сөздерге шығыс септігінің жалғауларын жалғаңыздар:

Отбасым, басқарма, таңертең, институт, жиналыс, әріптесіңіз, қағаз, ағаш, қант, күріш, ұн, үй, жұмыс, ата-анасы, Семей, автобус, дәрігер, кітап, құдасы, жиені, келіні, қалыңдығы, құрбым, жігіті, сіңлісі, қарындасы, інім, туысқаны, немерең, шөбересі.

**Тапсырма.** Қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтаңыздар.

1. Менің бастығым демалыстан жұмысқа шықты. 2. Сенің жұбайың Алматыдан ба? 3. Мен үйден сағат сегізде шықтым. 4. Оның досы Шымкенттен бе, әлде Семейден бе? 5. Өткен аптада ол жолдасынан хат алыпты. 6. Менің әжем жазда шиеден, өріктен, алмадан тосап жасады. 7. Ол сенбіде ескі досынан хат алды. 8. Тамақты еттен, майдан, көкөністен жасайды. 9. Біздің күйеу баламыз ағаштан жақсы үй салды. 10. Оның әпкесі жібектен әдемі көйлек тікті. 11. Мен ұннан, сүттен, жұмыртқадан дәмді бауырсақ пісірдім. 12. Ол мені терезеден көрді. 13. Қыркүйекте студенттер ауылдардан келеді. 14. Сенің көршің дүкеннен келді ме? 15. Біз кешеден бері осындамыз. 16. Жанар Қуаныштан бір жас кіші. 17. Сіздің үйіңізге мектептен шаштараз жақын.

Как *Атау*, *Барыс септік*, так и *Шығыс септік* управляет следующими послелогоми:

1. **Кейін, соң** (после, за). **Мысалы:** Ол кезекте Алмастан кейін тұрды. — В очереди он стоял за Алмасом. **Жиналыстан соң** концерт болыпты. — Оказывается, после собрания был концерт.

2. **Басқа** (кроме). **Мысалы:** Бөлмеде Сарадан басқа ешкім болмады. — В комнате не было никого кроме Сары.

3. **Бұрын** (раньше). **Мысалы:** Студенттер аудиторияға мұғалімнен бұрын келді. — Студенты пришли в аудиторию раньше преподавателя.

4. **Гөрі (көрі)** — (чем). **Мысалы:** Майра шет тілін әпкесінен гөрі жақсы біледі. — Майра знает иностранный язык лучше, чем ее сестра.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

После работы, после отпуска, кроме мамы, раньше начальника, кроме знакомых, кроме гостей, кроме родственников, за преподавателем, за командиром, за дежурным, раньше коллеги, раньше соседа, после праздника, после обеда, после свадьбы, после воскресенья.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

Мен — менен (от меня)	Біз — бізден (от нас)
Сен — сенен (от тебя)	Сендер — сендерден (от вас)
Сіз — сізден (от Вас)	Сіздер — сіздерден (от Вас)
Ол — одан (от него, нее)	Олар — олардан (от них)

**Тапсырма.** Есімдіктерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Сен (от них) кеттің. 2. Ол саған (от меня) телефон соқты. 3. Біз (от Вас) көмек күтеміз. 4. Олар (от меня) мекен-жайыңды сұрады. 5. Апам (от вас) хат алмады. 6. Ол (от меня) жауап күтпесін. 7. Сен (от нас) қалма. 8. Сіз (от нее) кетпеңіз. 9. Біз (от него) келдік. 10. Сен (у них) ештеңе алма. 11. Достарым (от меня) алыс.

### Мақалдары мәнерлеп оқыңыздар

1. Жаман туыстан жат артық. — Чужой лучше плохой родни.
2. Олақтан салақ жаман. — Неряха хуже неумехи.
3. Жаман жолдастан жақсы дұшпан артық. — Достойный враг лучше плохого друга.

**Тапсырма.** Шығыс септігінде тұрған сөздердің мағынасын анықтаңыздар. Мәтінді оқыңыздар, сұрақтар қойыңыздар.

### Менің отбасым

Мен бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жылы бұрынғы Семей облысы, Мақаншы ауданында тудым. Менің атым — Дәулет. Біздің отбасымыз үлкен, отбасымызда бес адам бар. Олар: әкем, шешем, әпкем, інім және мен. Менің әкем — инженер. Ол бірлескен кәсіпорында жұмыс істейді. Әкемнің жасы қырық екіде. Менің шешем — тәрбиеші. Ол балабақшада істейді. Шешемнің жасы отыз сегізде. Шешем жұмысын жақсы көреді. Оған жұмысы ұнайды. Әпкем институттың бірінші курсына оқиды. Оның болашақ мамандығы — дәрігер. Раушан көп оқиды, керек кітаптарды кітапханадан алады. Менің інімнің аты — Дәурен. Дәурен тоғызыншы сынып оқушысы. Ол мектепте оқиды. Ол болашақ мамандығын әлі білмейді. Мүмкін ол суретші болады, себебі ол сурет салуды жақсы көреді. Мен мектепті биыл бітіремін. Қазір мен он бірінші сыныпта оқимын. Менің достарым көп. Біз кейде тауға, киноға, көрмелерге барамыз. Әдетте біз бір-бірімізге көмектесеміз. Мектептен соң мен шет тілдері институтына барамын, себебі маған шет тілдері өте ұнайды.

**Тапсырма.** Мәтінді III-жақтан әңгімелеп айтыңыздар.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, шығыс септігінде тұрған сөздерді табыңыздар.

### Бала бидің білгірлігі

Бала би қартайған шағында елінің игі жақсы адамдарын жинапты. Олардан былай деп сұрапты: “Айтындаршы, жерден ауыр не, судан терең не, оттан ыстық не, көктен биік не?”

Бұл сұраққа ешкім дұрыс, жақсы жауап бермеді. Сонда Бала би былай деп шешіпті:

Жерден ауыр дегенім — ақыл-білім.

Судан терең дегенім — оқу-ғылым.

Оттан ыстық дегенім — адамның өмірі.

Көктен биік дегенім — тәкаппардың көңілі.

### Жаңа сөздер

ауыр — тяжелый

терең — глубокий

ыстық — жаркий, горячий

биік — высокий

көк — небо, синий

тәкаппар — высокомерный

көңіл — желание, настроение

шешу — решить, разрешить (Т.с.)

от — огонь

білгірлік — находчивость

### Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Сіз осы сұрақтарға қалай жауап бересіз?
2. Сіздіңше, ақыл-білім неге ауыр?
3. Ал оқу-ғылым неге судан терең деп ойлайсыз?
4. Адамның өмірі неге ыстық деп ойлайсыз?
5. Сіздіңше, тәкаппар қандай адам?

### Етістіктерді есте сақтаңыздар

қорқу (қорық) — бояться (Ш.с.)

сұрау — спрашивать (с целью получения информации) (Ш.с.)

пісіру — варить, готовить (Т.с., Ш.с.)

тігу (тік) — шить

тоқу (тоқы) — вязать

салу — строить, класть, положить

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Қарындас, сіз менен қорықпаңыз. 2. Сен иттен қорқасын ба? 3. Біз емтиханнан қорықпадық. 4. Ол менен кітап сұрады. 5. Жанат еттен дәмді бесбармақ пісірді. 6. Жанар жібектен сәнді көйлек тікті. 7. Апам күріштен, еттен, сәбізден палау пісірді. 8. Жазда ағам кірпіштен үй салды. 9. Мен жүннен кофта тоқыдым. 10. Қыздан оның жасын сұрамаңыз. 11. Апай, менен бүгін сабақ сұрамаңызшы. 12. Әжем түрлі жіптен алаша тоқиды. 13. Ұннан не пісіруге болады? 14. Кірпіштен не салуға болады? 15. Інім тіс дәрігерінен қатты қорықты.

**Тапсырма.** Жоғарыда берілген етістіктермен сөйлем құрастырыңыздар.

## Тақырып: ОТБАСЫ

### Лексика: Отбасы. Уақыт. Сағат

**Грамматика:** Шығыс септік.

Уақыт қанша? Сағат қанша? — Который час?

- 1) 10<sup>00</sup>. — Қазір сағат он. Таңертеңгі сағат он. Кешкі сағат он.
- 2) 12<sup>00</sup>. — Түскі сағат он екі. Түнгі сағат он екі.
- 3) 11<sup>30</sup>. — Он бір жарым. Он бір сағат отыз минут.
- 4) 10<sup>15</sup>. — Оннан (Ш.с.) он бес минут кетті. Он сағат он бес минут.
- 5) 12<sup>45</sup>. — Бірге (Б.с.) он бес минут қалды. Он бес минутсыз бір.
- 6) 2<sup>20</sup>. — Екіден (Ш.с.) жиырма минут кетті. Екі сағат жиырма минут.
- 7) 15<sup>55</sup>. — Төртке (Б.с.) бес минут қалды. Бес минутсыз төрт.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

қалды — осталось

кетті — прошло, ушло

бес минутсыз — без пяти минут (аффикс -сыз соответствует предлогу без)

таңертеңгі — утренний (утра)

түскі — обеденный (обеда)

кешкі — вечерний (вечера)

түнгі — ночной (ночи)


жарым — половина



жарты – половина  
 Қайырлы таң! – Доброе утро!  
 Қайырлы күн! – Добрый день!  
 Қайырлы кеш! – Добрый вечер!  
 Қайырлы түн! – Спокойной ночи!  
 Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз! – Спокойной ночи!  
 Тапсырма. Қазақша айтыңыздар.  
 9<sup>00</sup>, 10<sup>25</sup>, 18<sup>15</sup>, 20<sup>05</sup>, 1<sup>30</sup>, 12<sup>30</sup>, 17<sup>45</sup>, 6<sup>30</sup>, 1<sup>55</sup>, 21<sup>00</sup>, 9<sup>20</sup>.

### Уақыт – время

- Сағат неше болды?
- Уақыт қанша?  
 I. 1-ден 15 мин. кетті (отошло)




- 2-ден
- 3-тен
- 4-тен
- 5-тен
- 6-дан
- 7-ден
- 8-ден
- 9-дан
- 10-нан
- 11-ден
- 12-ден

Сағат нешеде?  
 (В каком часу?)

- Кет-кен-де**
- Я пришел в 1<sup>25</sup>.  
 – Мен сағат бірден 25 мин. кеткенде келдім.
  - Я его видел в 7<sup>15</sup>.  
 – Мен оны сағат жетіден 15 минут кеткенде көрдім.


II. 1-ге 15 мин. қалды (осталось)



- 2-ге
- 3-ке
- 4-ке
- 5-ке
- 6-ға
- 7-ге
- 8-ге
- 9-ға
- 10-ға
- 11-ге
- 12-ге

- Қал-ған-да**
- Я ушел в 5<sup>45</sup>.  
 – Мен сағат 6-ға 15 мин. қалғанда кеттім.
  - Я его видел в 1<sup>50</sup>.  
 – Мен оны сағат 2-ге 10 мин. қалғанда көрдім.

III. Жарым (половина)  
 1.30 – бір жарым



**Жа-рым-да**  
 Я пришел в 1<sup>30</sup>.  
 – Мен сағат бір жарымда келдім.

Жаттығу:

- 1<sup>45</sup>; 2<sup>38</sup>; 10<sup>16</sup>; 13<sup>45</sup>; 9<sup>30</sup>; 5<sup>55</sup>.
- 12<sup>18</sup>; 5<sup>37</sup>; 6<sup>07</sup>; 10<sup>30</sup>.
- В 4<sup>48</sup>; в 11<sup>26</sup>; в 3<sup>53</sup>; в 2<sup>30</sup>.

### Уақыт

Сағат қанша болды?

Сағат неше?

- 10<sup>00</sup> – сағат он.
- 10<sup>25</sup> – он-нан 25 мин.
- 8<sup>16</sup> – сегіз-ден 16 мин.
- 5<sup>08</sup> – бес-тен 8 мин.

Сколько время?

кетті (минутная стрелка находится на правой стороне циферблата)

**кет-у** – отходить, уходить, исходить (сочетание с *III.c.*)

- 10<sup>45</sup> – он бір-ге 15 мин. қалды (минутная стрелка находится на левой половине циферблата)
- 8<sup>31</sup> – тоғыз-ға 29 мин.
- 5<sup>58</sup> – алтыға 2 мин.

**қал-у** – оставаться, недоставать до чего-то (сочетание с *B.c.*)

- 12<sup>30</sup> – половина первого: он екі жарым
  - 1<sup>30</sup> – бір жарым
  - 10<sup>30</sup> – он жарым
  - Сағат: время – 10 часов.
  - 10 сағат: количество времени.
- Мен оларда 10 сағат болдым. – Я у них был 10 часов.

-сыз – соответствует без.  
 17<sup>45</sup> – 5 минутсыз 6.  
 (5 минутсыз алты).

### Сағат нешеде? – В котором часу?

1.

В 1<sup>00</sup> – Сағат бір-де.

В 1<sup>30</sup> – Сағат 1 жарым-да.

В 7<sup>45</sup> – Сағат 8-ге 15 минут қалғанда.

В 10<sup>20</sup> – Сағат 10-нан 20 мин. кеткенде.

Мен  
келдім.  
– Я  
пришел.

2.

К 13<sup>00</sup> – Сағат бір-ге.

К 1<sup>30</sup> – Сағат бір жарым-ға.

К 7<sup>45</sup> – Сағат 8-ге 15 мин. қалғанда.

К 10<sup>20</sup> – Сағат 10-нен 20 мин. кеткен-де.

Мені  
күт.  
– Жди  
меня.

3.

Таң-ғы – утренний.

Таңғы сағат 6-да. – Утром в 6 часов.

Түскі – обеденный.

Түскі сағат 1-де. – В обед – в 1 час дня.

Кешкі – вечерний.

Кешкі сағат тоғыз-да. – Вечером – в 9 часов.

Түнгі – ночной.

Түнгі сағат он-да. – Ночью – в 10 часов.

Күндізгі – дневной

4.

Сағат 1 жарым-ға дейін. – до 1.30

Сағат 8-ден 20 мин. кеткенге  
дейін. – до 8<sup>20</sup>.

Сағат 9-ға 20 мин. қалғанға  
дейін – до 8<sup>40</sup>.

Біз оны  
күт-ті-к.  
– Мы его  
ждали.

5.

Сағат 1 жарым-нан кейін. – после 1<sup>30</sup>.

Сағат 8-ден 20 мин. кеткен-нен кейін  
– после 8<sup>20</sup>.

Сағат 9-ға 20 мин. қалғаннан кейін  
– после 8<sup>40</sup>.

Тамақ  
ішпеңіз.  
– Не ешьте.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Они пришли в гости к ним к 8 часам вечера.
2. Мы встретили его детей на улице в 12<sup>30</sup>.
3. Он меня ждал в институте в 2 часа.

4. Урок начался в 12<sup>45</sup>.

5. Индийский фильм закончился в 12 часов ночи.

6. Мы пришли к ней от них к 10 часам дня.

7. Вы направились к нему домой в 5<sup>45</sup>.

8. Моя мать позвонила нам в 3 часа ночи.

9. Мы его ждали на вокзале до 1<sup>30</sup>.

10. Вы гуляете в парке до 9<sup>15</sup> вечера.

11. Мы отдыхаем в его комнате до 1<sup>45</sup> дня.

12. Они уезжают сегодня вечером в 9 часов.

13. Сейчас 12 часов ночи.

14. Я позвонила его подруге в 13<sup>00</sup> (обед).

15. Мне надо идти на работу к часу ночи.

16. Ему надо позвонить ей к 10 часам.

17. Можно мне прийти к вам в 8 часов?

18. Позвоните нам в 6<sup>30</sup> утра.

19. Отдыхайте с нами 2 часа.

20. Начните с ним работу в 2<sup>15</sup>.

21. Идите в столовую в 1<sup>30</sup>.

22. Приходите к нам в гости в 7 часов вечера.

23. Пей сок или молоко в 9<sup>30</sup> вечера.

24. Не ешьте после 7 вечера.

25. Не гуляйте после 11 вечера.

26. Не вставайте до 7 часов утра.

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына керек жалғауларды жазыңыздар.

1. Қазір сағат бес... он минут қалды. 2. Сағат он... он бес минут кетті. 3. Мен сабаққа он бес минут... тоғызда келемін. 4. Кешкі сағат тоғыз... теледидардан жақсы фильм болады. 5. Біз сағат алты жарым... кездестік. 6. Сағат жиырма бір... “Хабар” бағдарламасы басталады. 7. Екі... неше минут қалды? 8. Сағат бір... жиырма үш минут қалды. 9. Түскі сағат бір... асханаға барамыз. 10. Сен түнгі сағат неше... жаттың? 11. Бес минут... он... маған аялдамада болу керек. 12. Мен әдетте таңертеңгі сағат жеті... тұрамын. 13. Меніңше, қазір сағат төрт... жиырма минут кетті.

### Үлгі бойынша сөйлесіңіздер

Әсем: – Қайырлы күн, Асан!

Асан: – Қайырлы күн, Әсем! Хал қалай, жақсы ма?

Әсем: – Рахмет, халым жаман емес. Өзің қалайсың? Сабақ қалай?

Асан: — Жаман емес. Сабағым да жаман емес. Әсем, қазір сағат қанша? Білесің бе?

Әсем: — Қазір, қазір, сағат үшке бес минут қалыпты. Немене, жұмысың бар ма?

Асан: — Ой, жұмыс көп қой! Қазір маған вокзалға бару керек.

Әсем: — Вокзалда не істейсің? Біреуді қарсы алу керек пе?

Асан: — Иә, бүгін әжем мен атам келеді. Сол кісілерді қарсы алу керек.

Әсем: — Жақсы, Асан, ал сенде машина бар ма?

Асан: — Машина болған, өкінішке орай, ол қазір жүрмейді, сондықтан маған такси алу (ұстау) керек. Ал, ақшам аздау болып тұр. Не істеймін, а?

Әсем: — Асан, мен саған ақша берейін. Мен сен сияқты студент емеспін ғой, жұмыс істеймін. Немесе біздің фирманың машинасын ал. Сол жақсы болады. Қалай ойлайсың?

Асан: — Саған көп рахмет, Әсем. Мен сенің фирмаңның машинасын алайын. Әжем мен атама бұл жақсы болады. Саған, Әсем, көп-көп рахмет. Машинаға қашан келуге болады?

Әсем: — Қазір мен жұмысқа телефон соғайын. Ал сен он бес минуттан соң бар. Келістік пе?

Асан: — Келістік, Әсем. Әзірше, сау бол!

Әсем: — Сау бол! Кешікпе!

**Тапсырма.** Жұмбақты шешіңіздер.

### Қаншадамыз?

Үлкеніміз Мүсілімнен  
Дәл екі жас кішімін мен,  
Бойы озып тұрғанменен,  
Үш жас кіші Нұрлан менен.  
Нұрланның дәл жарым жасын  
Жасап отыр қарындасым.  
Жасымыздың бәрін қоссаң,  
Қырық үш дер ең жаңылмастан.  
Көп ойланбай, ал, сана, біз,  
Әрқайсымыз қаншадамыз?

(Е. Елубаев)

### Жаңа сөздер:

дәл — ровно

бой — рост

озу — обогнать, опередить

қосу — прибавлять

жаңылмастан — безошибочно

санау — считать

әрқайсысы — каждый из...

**Тапсырма.** Мәтінді рөлдерге бөліп оқыңыздар, аударыңыздар.

### Қажымұқанның жұмысқа тұруы

— Бала, сен қайдан келдің? Мен білемін, сен Қызылжардан емессің? Қай болыстансың, қай ауылдансың?

— Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынанмын.

— Әкеңнің аты кім?

— Мұнайтпас Ернақов.

— Өз атың кім?

— Мұқан. Оны қайтесің?

— Сен маған жігіт болуға қарсы емессің бе?

— Болайын, айына маған не бересің?

— Мен саған бәрін беремін. Бір айға бір сом сексен тиын беремін.

— Ей, тамыр, бұл аз ғой. Әжем, әке-шешем бар. Кедей адамдармыз. Тағы да аздап қос!

— Менен басқа адам саған сексен тиыннан артық бермейді. Ал мен саған үлкен жігіттің айлығын беремін.

Бала біраз ойланды да, келісті. Келешектегі атақты палуан Қажымұқан осылай келіп Масликовқа жұмысқа тұрды.

(Қ. Әбдіқадыров)

### Жаңа сөздер

кедей — бедный, бедняк

айлық — месячная зарплата

артық — больше

**Тапсырма.** Мәтіннен шығыс септігіндегі сөздерді табыңыздар. Оны өз сөздеріңізбен әңгімелеп беріңіздер.

## Тақырып: ОТБАСЫ.

### Лексика: Отбасы.

Грамматика: Болжалды келер шақ (Предположительное будущее время)  
Көмектес септік (Инструментальный падеж)

#### Бір-біріңізбен сөйлесіңіздер.

— Сіз көршіңізден сұраңызшы...

Ол	кеше	қайда	барды?
	бүгін	қайдан	келді?
	ертең	кімге	көрді?
Оның танысы	кешке	неге	танысады?
	түнде	кімді	қарсы алады?
	таңертең	нені	жақсы көрді?
	түсте	кімде	шығарып салмады?
	жазда	неде	шақырды?
	күзде	кімнен	телефон соғады?
	көктемде	неден	кешірмеді?
	қыста		болады?
	былтыр		көрді?
	биыл		сүйеді?
			ұнатты?
			сатып алды?

— Сіз көршіңізден сұраңызшы...

Ол	кімді	кешірді?
Оның танысы	нені	тындады?
Оның досы		аудармады?
Оның әріптесі		түсінді?
Оның баласы	қашан	сатады?
		сатып алды?
		алды?
		келді?

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Обычно я утром встаю в 7 часов. 2. Сейчас 9 часов утра. 3. Что ты вчера днем делал? 4. Наше занятие заканчивается в 2 часа дня. 5. В обед вы ходите в столовую. 6. Сегодня обед будет вкусным. 7. Вечером у тебя будет время? 8. Позвоню тебе примерно в 9 часов вечера. 9. Ночью детям нужно быть

дома. 10. Библиотека открывается в половине девятого. 11. Сейчас без десяти минут пять. 12. Поезд прибывает в половине десятого утра. 13. Я буду дома примерно в 6 часов вечера. 14. Мне нужно позвонить маме ровно в час дня. 15. Где ты был в 10 часов вечера? 16. Во сколько ты сегодня встал?

### Болжалды келер шақ

#### (Предположительное будущее время глагола)

*Болжалды келер шақ* обозначает вероятное действие в будущем времени. Степень вероятности является неопределенной.

*Болжалды келер шақ* образуется путем прибавления к основе глагола суффиксов причастия будущего времени **-р, -ар, -ер** и личных окончаний соответствующего лица.

**Тапсырма.** Етістіктерді болжалды келер шақта жіктеңіздер.

Танысу, келісу, шақыру, айту, көру, тындау, түсіну, ашу, жабу, кету, келу, телефон соғу, ойнау, сую, киіну, жуыну, бастау, бітіру.

**Тапсырма.** Етістіктердің болымсыз түрін беріңіздер.

1. Мен ертең жұмысқа келермін. 2. Інім жазда ауылға барар. 3. Біз оларды қонаққа шақырармыз. 4. Сен оған әңгіме айтарсың. 5. Ол кешке келер. 6. Сіз оның лекциясын тындарсыз. 7. Сіздер менің жаңа танысымды көрерсіздер. 8. Сендер жақсы музыка тындарсындар. 9. Әпкең жаңа көйлек тігер. 10. Әжем жылы кофта тоқыр. 11. Мен кешке бесбармақ пісірермін. 12. Сен бізден рұқсат сұрарсың. 13. Дүкенде жақсы көмпиттер сатылар. 14. Жиналыс сағат төртте аяқталар.

**Тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар, болжалды келер шақтағы етістіктерді анықтаңыздар.

#### Бесік жыры

Қаз-қаз балам басарсың, Сүтке суды қосарсың, Тал шыбықтан ат мініп, Балдырған мылтық жасарсың, Жылама, балам, жылама, Апанды сен қинама. Жұмыстарың таусылмай, Терлеп-тепшіп жүрерсің, Ес тоқтатып бір кезде, Алды-артыңды білерсің.	Әлди, балам, әлди-ай, Апаң айтқан ән-күй-ай. Жетіге қашан келерсің? Суын әкеп шешеннің Ер жеткен соң берерсің, Құрығын ұстап әкеңнің Соңына сен де ерерсің. Жылама, балам, жылама, Апанды сен қинама. (Ақ сандық, көк сандық)
---	--

### Жаңа сөздер

қаз-қаз басу — делать первые шаги  
атқа міну — ездить верхом на лошади  
мылтық — ружье  
таусылу — кончатся  
ес тоқтату — поумнеть, повзрослеть  
ер жету — взрослеть  
ұстау — держать, подержать, задержать, израсходовать  
еру — следовать за кем-н., таять, умиляться  
қинау — мучить, пытаться, истязать

### Көмектес септік (Инструментальный падеж)

В казахском языке *Көмектес септік* соответствует русскому творительному падежу с предлогом *с* и без предлога, а также предложному падежу с предлогами *на, в*. **Мысалы:** Мен құрбыммен қыдырдым. — Я гулял с подругой. Ағам поезбен келді. — Брат приехал на поезде.

Слова в *Көмектес септік* отвечают на вопросы **кіммен?** (с кем? кем?) **немен?** (чем? в чем? на чем? с чем?) и имеют следующие окончания: **-мен, -бен, -пен.**

Жалғаулар/ окончания	Қолданылуы/ употребление	Мысалдар/примеры
<b>-мен</b>	после гласных; сонорных л, м, н, ң, р, й, у	дала+мен, қала+мен, шам+мен, мал+мен, қол+мен, қой+мен, қар+мен, тау+мен, шаң+мен
<b>-бен</b>	после звонких согласных з, ж	мұз+бен, сәбіз+бен, тәж+бен, қыз+бен, жүз+бен, багаж+бен
<b>-пен</b>	после глухих сог- ласных и б, в, г, д	геолог+пен, ит+пен, мысық+пен, клуб+пен, шкаф+пен, от+пен

**Тапсырма.** Мына сөздерге көмектес септіктің жалғауын жалғаңыздар.

Куәлік, оқытушы, телефон, сағат, сабақ, орынбасар, педагог, қол, бас, уақыт, жұбай, орындық, жүрек, поезд, пышақ, сабын, сүт, клуб, мылтық, ат, мейрам, күйеу, жиен, нағашы, балдыз, бажа, абысын, әйел.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

*Көмектес септік* управляется послелогом **бірге** (вместе, совместно). **Мысалы:** Біз бұл қызбен бес жыл бірге оқыдық. — Мы с этой девушкой учились пять лет вместе.

Мен — менімен (со мной)	Біз — бізбен (с нами)
Сен — сенімен (с тобой)	Сендер — сендермен (с вами)
Сіз — сізбен (с Вами)	Сіздер — сіздермен (с Вами)
Ол — онымен (с ним, с ней)	Олар — олармен (с ними)

**Тапсырма.** Есімдіктерді көмектес септікте қойыңыздар.

1. Сіз (мен) бірге болыңызшы. 2. Менің шешем (сіз) бірге жұмыс істейді. 3. Ол кинодан (біз) бірге қайтты. 4. Театрға (ол) барамын. 5. Біз (сен) өткен аптада таныстық. 6. Сен (мен) неге амандаспайсың? 7. Біз (сендер) қазақша сөйлестік. 8. Сен (ол) сабақта неге көп әңгімелесесің? 9. Ол лекцияда (сіздер) бірге отырмайды. 10. Сіз (ол) үйге қарай кеттіңіз. 11. Мен (ол) саяжайда демалдым.

### Жаңа етістіктерді жаттайық!

кездесу — встречаться (К.с.)  
кездестіру — повстречать (Т.с.)  
таныстыру — знакомить (Т.с., К.с.)  
сәлемдесу — здороваться (К.с.)  
амандасу — здороваться (К.с.)  
айналысу — заниматься (К.с.)  
шұғылдану — заниматься (К.с.)

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Мне необходимо встретиться с ним в субботу. 2. Он повстречал Вас и Ваших друзей в магазине. 3. Мы познакомились с ним в прошлом году. 4. Познакомьте меня, пожалуйста, со своей подругой. 5. Вы почему не здороваетесь с нами? 6. Чем Вы занимаетесь после занятий (работы)? 7. Ты встретился с ним летом. 10. Моя подружка занимается вязанием.

**Тапсырма.** Сөйлемдер құраңыздар, аударыңыздар.

1. Қалам, көз, аяқ, тіл, бас, қол, машина, спорт, бизнес, адам, бор, доп, ауыз, дос, құрбы, таныс, аппарат.

2. Жұмыс істеу, жазу, тігу, сөйлеу, амандасу, танысу, айналысу, кездесу, кездесу, ойнау, ойлау, тамақ ішу, сөйлесу, жүру, көру, оқу, ұстау.

**Тапсырма.** Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

### Танысу

**Жігіт:** Кешіріңіз, сізбен танысуға бола ма?

**Қыз:** Неге болмайды? Әрине, болады.

- Жігіт:** Айтыңызшы, аты-жөніңіз кім?
- Қыз:** Менің аты-жөнім Сұлтанова Гүлшат Ерболқызы.
- Жігіт:** Ал менің аты-жөнім Ералиев Қанат Бақытұлы. Жақсы, Гүлшат, сіз не істейсіз? Оқисыз ба, әлде жұмыс істейсіз бе? Меніңше, біз сізбен бірге бір институтта оқыдық.
- Қыз:** Жоқ, мен оқымаймын, жұмыс істеймін.
- Жігіт:** Сіздің мамандығыңыз қандай? Мұғалім емессіз бе?
- Қыз:** Жоқ, мұғалім емеспін. Мен балалар дәрігерімін. Ал сіз немен айналысасыз?
- Жігіт:** Мен педагогикалық институтты бітіргенмін, университетте тарихтан сабақ беремін. Мүмкін, биыл бизнеспен айналысармын.
- Қыз:** Жақсы, Қанат. Сіз үйленгенсіз бе? Меніңше, сіз бойдақсыз.
- Жігіт:** Жоқ, Гүлшат. Мен былтыр үйленгенмін. Келіншегім бар, аты – Ардақ. Ол бесінші курстың студенті. Өзіңіздің отбасыңыз бар ма?
- Қыз:** Иә, менің де отбасым бар. Жұбайым да дәрігер, бірақ ол – тіс дәрігері. “Алмагүлде” үйіміз бар.
- Жігіт:** Сіз “Алмагүлде” тұрасыз ба? Сізбен көрші болдық қой! Менің үйім де “Алмагүлде”! Мұнда сіз немен келдіңіз?
- Қыз:** Мен 61-ші автобуспен келдім, әрине, автобуста адам өте көп болды.
- Жігіт:** Ал мен үйден сағат сегізде шықтым. Автобусты көп күттім. Жиналысқа кешігуге болмайды, сондықтан такси ұстадым.
- Қыз:** Ә, солай ма? Үйден ерте шығу керек. Ал, жақсы, Қанат, жиналыста тағы кездесерміз. Әзірше, сау болыңыз! Мен әріптестеріме барайын.
- Жігіт:** Гүлшат, сізбен танысқанымна мен қуаныштымын. Қазір жиналысқа кешікпейік. Жиналыстан соң үйге бірге қайтайық. Қарсы емессіз бе?
- Қыз:** Келістік, Қанат. Мені күтіңіз.

**Тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударыңыздар.

Меня зовут Айгуль, моя фамилия Касенова. Мне двадцать лет. Я учусь в Казахском Государственном национальном университете имени Аль-Фараби. Я – студентка 3 курса. Я учусь на факультете биологии. Родилась я в городе Степногорске Акмолинской области, в 1974 году. Мой день рождения – 5 апреля. Школу я окончила в 1991 году. В том же году я поступила в университет.

В университете я познакомилась со многими студентами. В нашей группе учатся 30 человек. На нашем факультете учатся также и иностранные студенты. Занятия в университете мне очень нравятся, они интересные. Летом мы ходим в парк, в горы.

Я живу в общежитии. Общежитие находится недалеко от университета. В январе у нас начинается зимняя сессия. После сессии, возможно, поеду к моей подруге в гости. Она живет в городе Караганде. Мы поедем домой на поезде. Наши занятия начнутся в феврале.

**Тапсырма.** Оқуларыңыз туралы досыңызға (құрбыңызға, отбасыңызға) хат жазыңыздар.

**Тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар, дұрыс жауабын беріңіздер.

### Қанша қонақ?

Нұрымбетов Нұрлан бүгін  
Атап өтер туған күнін.  
Тойласуға Таңат келді,  
Марат, Манат, Манап келді,  
Жанак, Қанат, Жанат келді,  
Барақ, Нарат, Бабақ келді,  
Сағат келмей, Самат келді,  
Бірақ Самат қайтып кетті,  
Жай-жапсарын айтып кетті.  
Жанат та енді Саматқа ерді,  
Одан кейін Талап келді,  
Одан кейін Орақ келді,  
Бәрі қанша қонақ келді?

(С. Қалиев)

### Жаңа сөздер

атап өту – отметить, отмечать (Т.с.)

жай-жапсар – подробности

тойлау – праздновать

тойласу – праздновать (К.с.)

**Тапсырма.** 1. Досыңыздан оның туған күнін қалай тойлағаны туралы сұраңыз.

2. Мына сөздермен сөйлемдер ойлаңыздар: **тойлау, атап өту, құттықтау, шақыру, қарсы алу, сыйлау, танысу, таныстыру.**

## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

### Лексика: Адамның сыртқы келбеті

Грамматика: Көмекші есімдер (Служебные имена).

В казахском языке имеется группа слов, лишенных самостоятельных лексических значений и употребляющихся только сочетаясь с именами и уточняющие их пространственное и временное значение. Эти слова называются **көмекші есімдер** (служебные имена). Служебные имена сочетаются с именами существительными в родительном падеже. К служебным именам относятся следующие слова: **алды** — перед, **арты** — задняя часть, **асты** — низ, нижняя часть; **үсті** — верх; **жаны** — бок; **қасы** — около, у, рядом; **іші** — внутрь, в; **сырты** — за, наружность, внешняя сторона; **беті** — поверхность, лицо; **жағасы** — берег; **басы** — начало; **соңы** — конец; **аяғы** — конец; **шеті** — край, окраина; **арасы** — между; **ортасы** — середина, центральная часть; **бойы** — вдоль; **төбесі** — вершина; **тұсы** — около; **маңы** — около; **түбі** — под, около, у, дно; **қарсысы** — напротив.

**Тапсырма.** Орыс тіліне аударыңыздар.

Жұмыстың басында, үйдің қасында, үйлердің арасында, жолдас-тардың арасында, қаланың шетінде, төсектің астынан, столдың үстінен, өзеннің жағасында, көшенің бойымен, ағаштың түбінде, бөшкенің түбінен, бөлменің ортасы, аптаның ортасы, ауылдың жаны, шкафтың іші, дүкеннің сыртында, екі терезенің арасы, жиналыстың басында, аялдаманың қарсысында, бақтың ішінен, үйдің төбесі, таудың басы (төбесі), ойынның ортасы, өзеннің бойы, көлдің беті, столдың бетінде, үйдің алдында.

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына көмекші есімдерді жазыңыздар.

1. Бригадир таңертеңнен жұмыстың ... жүрді. 2. Үйлердің ... спорт алаңдары бар екен. 3. Қаланың ... үлкен көл бар. 4. Ауылдың ... қалың тоғай бар. 5. Концерттің ... жастар үшін дискотека болды. 6. Алатаудың ... әрқашан қар жатады. 7. Үйдің ... бірнеше орындық бар. 8. Айдың ... жиналыс болды. 9. Көлдің ... ештеңе жоқ. 10. Олар бақтың ... шықты. 11. Шкафтың ... ыдыс алшы. 12. Ағаштың ... екі адам тұр. 13. Бала анасының ... болды. 14. Біз көшенің ... жүрдік. 15. Көлдің ... біраз адам бар екен. 16. Оның ... құрбысы болды. 17. Бөлменің ... үлкен стол тұр. 18. Төсектің ... мысық шықты. 19. Бөшкенің ... бірнеше балық қалыпты. 20. Екі ауылдың ... автобус жүрмейді.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. На берегу озера есть хороший дом отдыха. 2. Ты встретился со мной около театра. 3. Мы были за городом. 4. Напротив нашего дома есть остановка. 5. Возле нашего общежития очень красиво. 6. Он стоял возле меня. 7. За школой есть большой стадион. 8. Они были возле нашего дома. 9. Сестра взяла посуду из шкафа. 10. В книжном шкафу много интересных книг. 11. Среди них есть мой друг. 12. В середине зимы у нас будет сессия. 13. В начале этого месяца я поеду в деревню.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, сұрақтар қойыңыздар.

### Қаз дауысты Қазыбек

Қаз дауысты Қазыбек тарихи деректер бойынша, 1667 жылы Сырдарияның бойында туыпты. Оның өмірі Қаратау маңында, Орталық Қазақстанда өтіпті. Қазыбек би Тәуке ханның тұсында өмір сүрген. Ол қазақтың үш жүзінің бір биі болыпты. Қазыбек жоңғарлармен соғыстың басынан аяғына дейін қатысқан. Ол әрқашан халықтың арасында болған. Қазыбек би атақты “Жеті жарғының” авторларының бірі болды, әрқашан халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігі туралы ойлады. Ұзақ өмірін ат үстінде, ел шетінде, жаудың ішінде өткізген. Қазыбек 1764 жылы 97 жасында қайтыс болған. Ол Түркістанның сыртында Қожа Ахмет Иассаuidің кесенесінде жерленген.

(“Үш найғамбар”)

### Жаңа сөздер

**дерек** — весть, данные, факт

**еркіндік** — вольность

**тәуелсіздік** — независимость

**өткізу** — проводить (Т.с.), пропустить, просрочить, сдавать

**кесене** — мавзолей

**Тапсырма.** Мәтіннен көмекші есімдер мен есімдердің тіркесін табыңыздар.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

Ол адам сабақты жақсы өткізеді. Ол балалық шағын ауылда өткізді. Мені алға қарай өткізіп жіберіңізші. Кітапты кітапханаға өткізу керек. Біз уақытты бос өткізбейміз. Кішкентай баланы жолдан өткізіп жібердік.

Тапсырма. Төмендегі мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

Қазыбек биге бір адам келіпті. Ол биге былай депті: “Кім жақын, не қымбат, не қиын? Осы үш сұраққа жауап беріңізші!” Сонда Қазыбек былай деп жауап беріпті.

### I

Тату болған ағайын жақын,  
Ақылшы болған апайың жақын,  
Бауырмал болған інің жақын,  
Инабатты болған келінің жақын.  
Алдыңа тартқан адал асын,  
Қимас жақын – қарындасың,  
Сыбайлас болған нағашың жақын,  
Адал болған досың жақын.  
Еркелеген немерең жақын,  
Өз ұрпағың – шөберең жақын.  
Жан серігің жас кезіңнен,  
Бәрінен де әйелің жақын.

### II

Алтын ұяң – Отаның қымбат,  
Құт-берекең – атаң қымбат.  
Аймалаған анаң қымбат,  
Мейірімді анаң қымбат.  
Асқар тауың – әкең қымбат,  
Туып-өскен елің қымбат.  
Ұят пенен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат.

### III

Арадан шыққан жау қиын,  
Таусылмайтын дау қиын.  
Жазылмаған дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын.  
Ақылыңнан адасып,  
Өзің түскен өрт қиын,  
Не істеріңді біле алмай,  
Ашиды сонда бас, миың.

(“Үш найғамбар”)

### Жаңа сөздер

жақын – близкий  
қымбат – дорогой  
қиын – трудный, тяжелый  
ақылшы – советчик, наставник  
бауырмал – добрый, отзывчивый  
инабатты – воспитанный, вежливый  
сыбайлас – соседний, смежный (здесь: единомышленник)  
еркелеу – баловаться, нежиться (Б.с.)  
ұрпақ – потомство, поколение  
серік – спутник  
ұя – гнездо  
құт – счастье  
береке – изобилие, благо  
аймалау – ласкать, обнимать (Т.с.)  
мейірімді – любезный, жалостливый  
ар – честь, совесть  
сүйген – любимый  
жау – враг  
дау – враг  
жазылу – выздороветь (Ш.с.)  
дерт – недуг, болезнь  
іске асыру – осуществлять (Т.с.)  
серт – обещание, присяга  
ақылынан адасу – лишиться ума  
өрт – пожар  
миы ашу – голова пухнет; букв.: мозги прокиснут

## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

### Лексика: Адамның қасиеттері. Дәрігердің қабылдауында.

Грамматика: Нақ осы шақ (Собственно-настоящее время).

Вторая форма настоящего времени глагола называется собственно-настоящим (нақ осы шақ) временем глагола и имеет две формы: простую и сложную. Простая форма собственно-настоящего времени глагола образуется при помощи четырех глаголов



состояния: отыр, тұр, жүр, жатыр и личных окончаний именных частей речи.

### Жекеше (Единственное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>I. Мен</b>	отыр+мын тұр+мын жатыр+мын жүр+мін	отыр+ған жоқ+пын жат+қан жоқ+пын жат+қан жоқ+пын жүр+ген жоқ+пын	ба ба ба бе, ба
<b>II. Сен</b>	отыр+сың тұр+сың жатыр+сың жүр+сің	отыр+ған жоқ+сың тұр+ған жоқ+сың жат+қан жоқ+сың жүр+ген жоқ+сың	ба ба ба бе, ба
<b>III. Сіз</b>	отыр+сыз тұр+сыз жатыр+сыз жүр+сіз	отыр+ған жоқ+сыз тұр+ған жоқ+сыз жат+қан жоқ+сыз жүр+ген жоқ+сыз	ба ба ба бе, ба
<b>III. Ол</b>	отыр тұр жатыр жүр	отыр+ған жоқ тұр+ған жоқ жат+қан жоқ жүр+ген жоқ	ма, па ма, па ма, па ме, па

**Тапсырма.** Тиісті жалғауларды жалғаңыздар.

1. Сен ағаштың түбінде отыр... 2. Ол асхананың жанында тұр... 3. Сіз кілемнің үстінде жатыр... 4. Сен көшеде жалғыз жүр... 5. Мен көлдің жағасында жүр... 6. Сіз ағаштың арасында тұр...

### Көпше (Множественное число)

Жақ/ лицо	Болымды/ утвердительная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросительная
<b>I. Біз</b>	отыр+мыз тұр+мыз жатыр+мыз жүр+міз	отыр+ған жоқ+пыз тұр+ған жоқ+пыз жат+қан жоқ+пыз жүр+ген жоқ+пыз	ба ба ба бе, ба

<b>II. Сендер</b>	отыр+сыңдар тұр+сыңдар жатыр+сыңдар жүр+сіңдер	отыр+ған жоқ+сыңдар тұр+ған жоқ+сыңдар жат+қан жоқ+сыңдар жүр+ген жоқ+сыңдар	ма ма ма ме, ма
<b>III. Сіздер</b>	отыр+сыздар тұр+сыздар жатыр+сыздар жүр+сіздер	отыр+ған жоқ+сыздар тұр+ған жоқ+сыздар жат+қан жоқ+сыздар жүр+ген жоқ+сыздар	ма ма ма ме, ма
<b>III. Олар</b>	отыр тұр жатыр жүр	отыр+ған жоқ тұр+ған жоқ жат+қан жоқ жүр+ген жоқ	ма, па ма, па ма, па ме, па

**Тапсырма.** Тиісті жалғауларды жалғаңыздар.

1. Біз қазір далада жүр... 2. Сен қайда, кіммен тұр...? 3. Ол қайда жатыр...? 4. Сендер концертте отыр... 5. Сіздер көшеде жүр... 6. Олар қазір паркте жүр... 7. Сен қайда жүр...? 8. Сендер неге отыр...? 9. Бастығың демалыста жүр... 10. Біз кітапханада отыр... 11. Балалар бақта жүр... 12. Сіз диванда жатыр... 13. Кезекте көп адам тұр... ма? 14. Оқушы тақтаның алдында тұр... 15. Ол қайда жатыр...?

**Тапсырма.** Етістіктердің болымсыз түрін келтіріңіздер.

1. Мен далада жатырмын. 2. Ол көлдің жағасында жатыр. 3. Сіз диванның астында жатырсыз. 4. Сен бөлменің бұрышында тұрсың. 5. Біз аялдаманың жанында жүрміз. 6. Сендер қазір ағаштың басында отырсыздар. 7. Сен орындықта жатырсың. 8. Олар екі үйдің арасында жүр. 9. Сіз үйдің төбесінде жүрсіз. 10. Олар суда отыр. 11. Бала аулада тұр. 12. Студенттер лекцияда жатыр. 13. Машинам көшеде отыр.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Я сижу на лекции, на собрании, на остановке, в гостях, в автобусе. 2. Ты не лежишь на кровати, в комнате, в гостинице, в больнице. 3. Вы не стоите на вокзале, у окна, в очереди, рядом со мной. 4. Книга не лежит на столе, на полке, в шкафу. 5. Цветы не стоят на столе. 6. Мы не находимся (жүр) в музее, в горах, на занятиях, в командировке, на вечере.

Сложная форма собственно-настоящего времени образуется при помощи основного (смыслового) глагола и вспомогательного глагола (жүр, тұр, отыр, жатыр).

### Жекеше (Единственное число)

Жақ/ лицо	Негізгі етістік/ смыс- ловой глагол	Болымды/ утвердите- льная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросите- льная
<b>I. Мен</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр+мын тұр+мын жатыр+мын жүр+мін	отыр+ған жоқ+пын тұр+ған жоқ+пын жат+қан жоқ+пын жүр+ген жоқ+пын	ба ба ба бе, ба
<b>II. Сен</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр+сың тұр+сың жатыр+сың жүр+сің	отыр+ған жоқ+сың тұр+ған жоқ+сың жат+қан жоқ+сың жүр+ген жоқ+сың	ба ба ба бе, ба
<b>III. Сіз</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр+сыз тұр+сыз жатыр+сыз жүр+сіз	отыр+ған жоқ+сыз тұр+ған жоқ+сыз жат+қан жоқ+сыз жүр+ген жоқ+сыз	ба ба ба бе, ба
<b>III. Ол</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр тұр жатыр жүр	отыр+ған жоқ тұр+ған жоқ жат+қан жоқ жүр+ген жоқ	ма, па ма, па ма, па ме, па

**Тапсырма.** Тиісті қосымшаларды жазыңыздар.

1. Мен кітапханада кітап оқы... отыр... 2. Сен қазір не істе... жүр...? 3. Ол емтихан тапсыр... жатыр... 4. Сіз кімді күт... отыр...? 5. Сен кімге телефон соғ... тұр...? 6. Мен үй жұмысын жаса... жатыр... 7. Сіз оның мекенжайын сұра... тұр... ба? 8. Ол мектепте оқы... жүр... жоқ. 9. Біздің бастығымыз жиналыс өткіз... жатыр... 10. Мен теледидардан жаңалықтар көр... отыр... 11. Сіз не туралы сөйле... тұр...? 12. Ол неге қуан... жүр?

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

Глаголы **бару, келу, апару, әкелу** в собственнo-настоящем времени принимают суффиксы **-а/-е** и с ними сочетается только один вспомогательный глагол **жатыр**. Сен лекцияға бар+а **жатыр**+сың. – Ты идешь на лекцию. Ол асханадан кел+е **жатыр**. – Он идет из столовой.

### Көпше (Множественное число)

Жақ/ лицо	Негізгі етістік/ смыс- ловой глагол	Болымды/ утвердите- льная	Болымсыз/ отрицательная	Сұраулы/ вопросите- льная
<b>I. Біз</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр+мыз тұр+мыз жатыр+мыз жүр+міз	отыр+ған жоқ+пыз тұр+ған жоқ+пыз жат+қан жоқ+пыз жүр+ген жоқ+пыз	ба ба ба бе, ба
<b>II. Сендер</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр+сыңдар тұр+сыңдар жатыр+сыңдар жүр+сіңдер	отыр+ған жоқ+сыңдар тұр+ған жоқ+сыңдар жат+қан жоқ+сыңдар жүр+ген жоқ+сыңдар	ма ма ма ме, ма
<b>III. Сіздер</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр+сыздар тұр+сыздар жатыр+сыздар жүр+сіздер	отыр+ған жоқ+сыздар тұр+ған жоқ+сыздар жат+қан жоқ+сыздар жүр+ген жоқ+сыздар	ма ма ма ме, ма
<b>III. Олар</b>	оқы+п жаз+ып көр+іп	отыр тұр жатыр жүр	отыр+ған жоқ тұр+ған жоқ жат+қан жоқ жүр+ген жоқ	ма, па ма, па ма, па ме, па

**Тапсырма.** Тиісті қосымшаларды жалғаңыздар.

1. Мен семинарға дайындал... жатыр... 2. Біз жұмыс істе... жүр... жоқ... 3. Сендер не туралы сөйлес... отыр...? 4. Олар конспект жаз... жатыр. 5. Мен дүкеннен кел... жатыр... 6. Ол әке-шешесіне көмектес... жүр... жоқ. 7. Сен қалыңдығыңа хат жаз... отыр... ба? 8. Оның қызы институтта оқы... жүр ме? 9. Сіздер қайдан кел... жатыр...? 10. Ол жақсы жауап бер... жатыр. 11. Олар жаңа сөздерді қайтала... жатыр. 12. Мен қазір үйде отыр..., себебі қазір ауыр... жүр... 13. Менің әйелім тамақ пісір... жатыр. 14. Сенің отбасың ауылда демал... жатыр ма? 15. Сен оған неге дұрыс жауап бер... тұр... жоқ...? 16. Сіздің досыңыз демалысы туралы айт... жатыр. 17. Қызым айнаның алдында таран... тұр. 18. Менің әріптесім басқармадан кел... жатыр. 19. Сіз лекцияны неге жақсы тыңда... отыр... жоқ...?

**Тапсырма.** Төмендегі сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

1. Әңгімеге қандай тақырып бере аласыз? Неліктен?

2. Мына мақалдар туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.

а) “Тату үйдің тамағы тәтті”.

ә) “Ата – бәйтерек, бала – жапырақ”.

б) “Бес саусақ бірдей емес”.

3. Етістіктерді нақ осы шақта қолданыңыздар.



**Тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді аударыңыздар, көп нүктенің орнына көмектес септіктің жалғауларын жазыңыздар.

1. Адам бас... ойлайды. 2. Біз көз... көреміз. 3. Сен тіл... сөйлейсің бе? 4. Сіз немен жүресіз: аяқ... бе, қол... бе? 5. Қол... не істейміз? 6. Біз құлақ... тыңдаймыз ба? 7. Сен ауыз... не істейсің?

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, жаңа сөздерді есте сақтаңыздар. Адамның сыртқы келбеті (внешность человека).

### Менің танысым

Мен танысымның сыртқы келбетін суреттеймін. Танысымның аты – Дәурен. Оның жасы жиырма жетіде. Оның бойы биік, ол орта бойлы емес. Оның дене бітімі келісті, шымыр. Дәурен спортпен айналысады. Дәурен арық та емес, толық та емес. Ол қараторы, мұртсыз жігіт. Дәурен көзілдірікті емес.

Оның көздері көк емес, кара және ойлы. Дәуреннің басы үлкен де емес, кішкентай да емес. Шашы қара, қалың. Көзінің үстінде қалың, әдемі қасы бар. Кірпіктері өте ұзын емес. Дәуреннің мұрны қыр мұрын, еріндері қалың. Танысымның құлақтары қалқан құлақ емес, бетінде дақ, тыртық жоқ. Маңдайы кең, ашық. Дәуреннің қолы, аяғы қысқа емес, ұзын, себебі оның бойы биік. Бір сөзбен айтқанда, менің танысым сымбатты, тартымды жігіт.

### Жаңа сөздер

сыртқы келбет, пішін, түр – внешность человека

суреттеу – описывать (Т.с.)

бой(ы) – рост

биік – высокий

аласа – низкий

дене бітімі – телосложение

келісті – ладный, правильный

шымыр – крепкий, спортивный

арық – худой

толық – полный

қараторы – смуглый, брюнет

мұртты – усатый

ойлы – задумчивый

қас – брови

кірпік (тер) – ресница(ы)

мұрын – нос

қыр мұрын – прямой нос

ерін(дер) – губа(ы)

құлақ – ухо

қалқан құлақ – лопухий

дақ – пятно

тыртық – шрам

маңдай – лоб

сымбатты – стройный, грациозный

тартымды – обаятельный, привлекательный

**Тапсырма.** Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауларын жалғаңыздар.

Бас, аяқ, қол, кірпік, ауыз, бой, бет, сыртқы келбет, дене бітімі, құлақ, көз, мұрын, ерін, қас, маңдай, дақ, тыртық, шаш, тіл.

### Көршіңізбен әңгімелесіңіз.

Айты-ңызшы...	сіздің ініңіздің сіздің досыңыздың әріптесіңіздің әкеңіздің танысыңыздың	басы қолы аяғы кезі мұрны маңдайы құлағы шашы аузы бойы беті	үлкен кішкентай ұзын қысқа көк қалың биік қара кең ашық таза	ма? ме? па? пе? ба? бе?
Айты-ңызшы,	сіздің танысыңыз досыңыз құрбыңыз құрдасыңыз әріптесіңіз көршіңіз әйеліңіз ініңіз қарындасыңыз қайын атаңыз әпкеңіз курстасыңыз	сұлу әдемі сымбатты көзілдірікті мұртты тартымды биік орта бойлы қара торы қалқан құлақ арық толық аласа		ма? ме? па? пе? ба? бе?

### Тақырыптық лексика

1. Мүше — часть тела; член организации и т.д.
2. Дене мүшесі — часть тела
3. Адам — человек

денелі	— рослый, крупный
жүдеу	— худощавый
толық	— полный
семіз	— толстый
арық	— худой
дембелше	— коренастый
бүкір	— горбатый
еңкіш	— сутулый
аққұба	— светлокочий
қараторы	— смуглый
мылқау	— немой
саңырау	— глухой

кекеш (тұтықпа)  
мұртты  
сақалды  
көзілдірікті

— заика  
— усатый  
— бородатый  
— в очках

#### 4. Бас(ы) — голова

үлкен  
кішкентай  
сопақ  
дөңгелек  
таз  
қасқа

— большая  
— маленькая  
— продолговатая, овальная  
— круглая  
— плешивый  
— лысая

#### 5. Шаш(ы) — волосы

ұзын  
қысқа  
жирен  
сары  
қара  
ақ  
бұйра  
толқынды  
қалың  
сирек, селдір  
тіктейген  
тік

— длинный  
— короткий  
— рыжий  
— светлый  
— черный  
— седой  
— кудрявый  
— волнистый  
— густой  
— редкий  
— “ежиком”  
— прямой

#### 6. Көз(і) — глаза

көк  
көкшіл  
күлімкөз  
ойнақы  
қылы  
соқыр  
қысық  
ойлы  
мұңлы

— синий  
— голубой  
— смеющиеся  
— игривые, кокетливые  
— косой  
— слепой  
— узкие  
— задумчивые  
— печальные

#### 7. Қас(ы) — брови

қиғаш  
қалың  
жіңішке

— дугообразные  
— густые, толстые  
— тонкие

8. Кірпіктер(i) – ресницы

9. Ерін (ерні) – губы

жұқа – тонкие  
қалың – толстые

10. Мұрын (мұрны) – нос

тәмгіш – вздернутый  
пұшық – курносый  
қыр мұрын – прямой  
құс мұрын – орлиный

11. Тіс(i) – зуб

аппақ – белоснежный  
түзу – ровный  
қисық – кривой  
кетік – щербатый  
ірі – крупный  
майда – мелкий

12. Ауыз (аузы) – рот

оймақтай – с наперсток

13. Құлақ (құлағы) – ухо

қалқан құлақ – лопухий  
жымырайған – прижатые

14. Бет(i) – лицо

жалпақ – широкое  
шұбар – рябое

15. Бетінде – на чьем-то лице

тыртық (бар, жоқ) – шрам (есть, нет)  
секпіл – веснушки  
дақ – пятно  
мең, қал – родинка  
әжім – морщина

16. Маңдай(ы) – лоб

кең – широкий  
тар – узкий  
ашық – открытый

17. Мойын (мойны) – шея

жуан – толстая  
жіңішке – тонкая

18. Қол(ы) – рука

шолақ – безрукий

19. Аяқ(аяғы) – нога

ақсақ – хромо́й

20. Тамақ

– горло

21. Жақ

– щека

22. Шеке, самай

– висок

23. Иек

– подбородок

24. Шынтақ

– локоть

25. Саусақ, бармақ

– палец

26. Кеуде

– грудь

27. Қарын

– живот

28. Іш

– живот (внутренность)

29. Иық

– плечо

30. Жүрек

– сердце

31. Өкпе

– легкие

32. Бауыр

– печень

33. Бүйрек

– почка

34. Асқазан

– желудок

35. Желке, шүйде

– затылок

36. Қолтық

– подмышки

37. Тізе

– колена

38. Алақан

– ладонь

39. Арқа

– спина

40. Бүйір

– бок

41. Бел

– поясница

42. Жауырын

– лопатка

43. Тырнақ

– ноготь

44. Өкше

– пятка

Жаңа сөздер

есту – слышать (Т.с.)

шайнау – жевать (Т.с.)


ауыру – болеть

иіскеу – нюхать (Т.с.)

дем алу, тыныс алу – дышать

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар.

1. Адам құлақпен естиді, тыңдайды. 2. Біз тіспен шайнаймыз. 3. Мұрынмен дем аламыз және иіскейміз. 4. Баланың басы қатты ауырды. 5. Қыздың ерні қып-қызыл екен. 6. Інім суық су ішті және оның тамағы ауырды. 7. Ол жігіттің маңдайында үлкен тыртық бар. 8. Менің жаңа әріптесіміз аққұба, ұзын бойлы, жүдеу адам екен. 10. Мына көзілдірікті, мұртты жігітті мен қайдан көрдім? 11. Оның атасы ақ шашты, ақ сақалды кісі екен. 12. Қарындасынның көзі ойнақы, үлкен болды. 13. Атамның құлағы нашар естиді. 14. Тамақты тіспен көп шайнау керек.



## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

### Лексика: Адамның сыртқы келбеті.

**Грамматика:** Зат есім мен жіктеу есімдіктерінің септелуін қайталау.

### Мақалдарды мәнерлеп оқыңыздар. Септік жалғауларын анықтаңыздар.

1. Адамның сырты — алдамшы.  
Внешность человека обманчива.
2. Бейтаныс кісі — бітеу жаңғақ.  
Незнакомый человек, что орех в скорлупе.

3. Адамның ұяты бетінде.  
Адамгершілігі ниетінде.

Совесь человека на лице,  
А человечность в поступках.

4. Адам бір-біріне қонақ.

В жизни человек человеку — гость.

5. Адамды алдау — арыңның алдында қылмыс,  
Ағаны алдау — анаңның алдында қылмыс.

Человека обмануть — преступление перед совестью,  
Брата обмануть — преступление перед матерью.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударыңыздар.

Высокий человек, рослый парень, бородатый дедушка, девушка в очках, усатый сосед, коренастый знакомый, худая девочка, лысая голова, длинные рыжие волосы, густые волнистые волосы, смеющиеся синие глаза, игривые черные глаза, тонкие черные брови, толстые красные губы, ровные белоснежные зубы, с наперсток рот, прижатые уши, широкий открытый лоб, короткие руки, тонкие пальцы, больной желудок, красивые ногти, теплая ладонь, левая нога, правая рука, доброе сердце, широкое лицо.

### Жұмбақтарды шешіңіздер.

1. Көреді бәрін өзгенің,  
Көрмейді тек өздерін.
2. Бірі үлкен, бірі кіші,  
Туысқан екен бес кісі.
3. Таңертең төрт аяқпен жүреді,  
Түсте екі аяқпен жүреді,  
Кешке үш аяқпен жүреді.
4. Асқар тауда қара орман.
5. “Ти” десем, тимейді,  
“Тиме” десем, тиеді.
6. Күндіз шайқасады,  
Түнде айқасады.

### Жаңа сөздер

өзге — другой, иной  
орман — лес, бор  
тию (ти) — касаться, трогать (Б.с.)  
шайқасу — сражаться (К.с.)  
айқасу — смыкаться

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер ойландырыңдар.

На твоём смуглом лице, твоими короткими руками, её добрым сердцем, его прижатые уши, их ровные зубы, на его широком лбу, печальными глазами подружки, больную печень сестры, на её волнистых волосах, его спортивное телосложение, на её длинной шее, Ваши толстые губы, тонкими пальцами, дочери длинные ресницы.

**Тапсырма.** Дауыстап оқып, орыс тіліне аударыңыздар.

Біз Қалиды жезде деп айтатынбыз. Оған себеп, Қали біздің әкеміз Кенжетайдың ағасы Мұзапардың үлкен қызы Қапанға үйленген. Қапан Қалидан көп жас кіші. Жасында, Қали сөз салғанда, Қапан “бармаймын, оған тұрмысқа шықпаймын” деп қарсы болған. Қапан еркін өскен, сөзге шешен, өткір қыз болған.

Ал Қали жездеміз мол денелі, алып, кең кеуделі, қыр мұрынды, жалтыр бас, кішкене ғана сақалы бар, сирек мұртты, ашық мінезді кісі болды. Қали жездеміз тоқсанға келгенде қайтыс болды. Ол кісінің өмірінде апайымыз Қапанға деген махаббаты таусылмай өтті.

(К. Кенжетеев)

### Жаңа сөздер

сөз салу — делать предложение  
өткір — смелый, бойкий, острый  
таусылу — кончатся, иссякать

### Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Жездеміздің аты кім болды?
2. Қали кімге үйленген?
3. Қапан кім еді?
4. Қапан қандай қыз болды?
5. Қалидың сыртқы келбеті қандай болды?
6. Жездеміз неше жасында қайтыс болды?
7. Бір сөзбен айтқанда, әңгіме кім, не туралы болды?

**Тапсырма.** 1. Мәтіннен ілік, барыс, жатыс септіктеріндегі сөздерді табыңыздар, көшіріп жазыңыздар. 2. Мәтінді өз сөздеріңізбен әңгімелеп беріңіздер.

**Тапсырма.** Мәнерлеп, рөлге бөліп оқыңыздар.

**Алмас:** — Хал қалай, Жандос! Үй-ішің аман ба?

**Жандос:** — Иә, аман ба, Алмас! Жағдай жаман емес, бала-шаға аман.

**А.** — Мен сені көп уақыт болды, көрмедім. Қандай жаңалықтар бар?

**Ж.** — Ең үлкен жаңалық сол — бізге жаңа бастық келді.

**А.** — О, ол кім? Мен оны білемін бе? Қай жерден келіпті?

**Ж.** — Меніңше, ол кісіні сен танымайсың. Ол басқа басқармадан, Атыраудан келіпті. Мүмкін білесің, себебі сен де Атыраудансың ғой.

**А.** — Ал оның сыртқы келбеті қандай? Сен оны суреттеші! Ол кісі жас па? Аты кім, бойы қандай?

**Ж.** — Жаңа бастығымыздың аты — Кәрім, жасы шамамен 40-42-де. Бойы биік емес, орта бойлы. Беті жалпақ, маңдайында кішкене тыртығы бар. Мұрны қыр мұрын емес, құс мұрын. Шашы қара, толқынды.

**А.** — Ал тістері қандай? Менің бір әріптесімнің тісі алтын болған.

**Ж.** — Меніңше, оның алдыңғы үш тісі алтын тіс, жалпы, тістері ірі.

**А.** — Маған енді түсінікті. Сенің жаңа бастығың — менің бұрынғы әріптесім. Мен онымен бірге институттан соң бес жыл жұмыс істедім. Жандос, мен Кәріммен сәлемдесу үшін сенің жұмысыңа келемін. Ертең сен мені күт, келістік пе?

**Ж.** — Келістік, Алмас. Сен маған түсте кел. Телефон соқ, мен сені күтемін. Ал сен туралы мен оған ештеңе айтпаймын. Көріскенше, сау бол! Үй-ішіңе сәлем айт!

**А.** — Рахмет. Сен де отбасыңа менен сәлем айт!

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Рамазан орта бойлы, кең иықты, көзі тостағандай, аққұба, әдемі жігіт болатын. Кісіге жаманшылық ойламайтын, жүрегі таза, досым деген кісіге жанын беретін. Рамазан асықпай, биязы сөйлейтін. Бетіне қарап қаттырақ сөйлеген адамға тура қалай алмай, жас бала сияқты екі беті қып-қызыл болып ұялатын. Қыздардың арасында ол өтімді болды.

Рамазанның жасы бәрімізден үлкен болды. Біз оны қатты сыйладық. Ақкөңіл, абзал азамат әрқашан достарына ақылын айтатын. Ол достары үшін аяулы аға сияқты болған.

(К. Кенжетеев)

### Сұрақтар

1. Рамазанның сыртқы келбеті қандай болды?
2. Ол қалай сөйлейтін?
3. Қыздар нені ұнатты?
4. Рамазан достарынан кіші болды ма?
5. Ол өз достары үшін кім сияқты болды?
6. Сіздіңше, қандай адам ақ көңіл адам?
7. Сіздің досыңыз қандай адам?

### Жаңа сөздер

**биязы** – вежливый, обходительный  
**үялу** – стесняться (Ш.с.)  
**аяулы** – дорогой, ценный  
**ақкөңіл** – добродушный  
**өтімді** – имеющий способность оказывать действие

**Тапсырма.** 1. Сіз жазғы демалыста бір бойжеткенмен (жігітпен) таныстыңыз. Демалыстан соң бөлмелес жігіттерге ол туралы әңгімеледіңіз. Танысыңыздың сыртқы келбеті туралы айттыңыз.

2. Сіздің танысыңыз Алматыға іссапармен келді. Оның қалада таныстары жоқ. Сіз өзіңіздің досыңызға телефон соқтыңыз, танысыңызды күтіп алуды өтіндіңіз. Ол үшін танысыңызды суреттейсіз.

### Төмендегі етістіктерді есте сақтаңыздар.

**қырыну** – бриться  
**тарау** – расчесывать; **шаш тарау** – расчесывать  
**тарану** – причесываться, прихорашиваться  
**баяу** – красить (Т.с., К.с.)  
**баяну** – краситься

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Сіз күнде қырынасыз ба? 2. Ол қырынуды жақсы көреді ме? 3. Менің көршім шашын ұзақ тарайды. 4. Қызым айнаның алдында көп таранады, бұл маған ұнамайды. 5. Сіз тырнағыңызды қандай лакпен боядыңыз? 6. Ол шашын әрқашан бояйды. 7. Менің әйелім ешқашан боянбайды. 8. Балам, шашыңды неге тарамайсың?

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар, сөйлемдер ойлаңыздар.

Говорить по телефону; разговор о работе (о жизни, о семье); сын похож на отца; ты как он; ради тебя (для ребенка); по закону

(по книге, по тексту); ежегодно, ежечасно, каждый месяц; до утра (до вечера, до завтра, до встречи); против сына (против закона); после работы (ужина, встречи, знакомства); кроме тебя (дочери, отца, моей семьи); со мной вместе (вместе с другом); по направлению к дому (магазину).

**Тапсырма.** Жай сөйлемді жайылма сөйлемге айналдырыңыздар.

**Үлгі:** Ол танысты.

Ол қызбен танысты

Ол кеше қызбен танысты.

Ол кеше кешке сағат бесте қызбен танысты.

Ол кеше кешке сағат бесте кітапханада қызбен танысты.

Ол кеше кешке сағат бесте кітапханада әдемі қызбен танысты.

1. Асан шақырды. 2. Ағам қарсы алды. 3. Біз кездестік. 4. Ол сөйледі. 5. Сен бармадың. 6. Сіз сатып алдыңыз. 7. Әжем тоқыды.

### Көршіңізбен әңгімелесіңіз.

Көршіңізден сұраңыз: оның құрдасының аты-жөні кім?

құрбысының жасы нешеде?

қайда тұрады?

қайда жұмыс істейді?

үйленген бе?

ажырасқан ба?

отбасында кімдер бар?

ұлты кім?

сыртқы пішіні қандай?

Бір сөзбен айтқанда, оның құрдасы (құрбысы) қандай адам?



## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

### Лексика: Адамның сыртқы келбеті

Грамматика: Тәуелдік форманың екінші түрі.

Второй способ формы принадлежности образуется путем прибавления суффиксов **-нікі/-дікі/-тікі** к словам, обозначающим название предмета обладания. По значению эти суффиксы соответствуют *лік сентік* и притяжательной форме. **Мысалы:** Мынау менің үйім. — Этой мой дом. Мынау үй менікі. — Этот дом мой. Слова с суффиксами **-нікі/-дікі/-тікі** в предложении бывают сказуемыми и поэтому ставятся в конце предложения.

Жұрнақтар/ суффиксы	Қолданылуы/ употребление	Мысалдар/примеры
-нікі	после конечных гласных	ата+нікі, әже+нікі, Сара+нікі, көше+нікі, бөлме+нікі
-дікі	после конечных звонких; сонорных й, л, м, н, ң, р, у	қыз+дікі, күз+дікі, тәж+дікі, экипаж+дікі, қой+дікі, мал+дікі, аң+дікі, тау+дікі
-тікі	после конечных глухих; звонких б, в, г, д	мектеп+тікі, Бақыт+тікі, клуб+тікі, завод+тікі

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

Мен — менікі	Біз — біздікі
Сен — сенікі	Сендер — сендердікі
Сіз — сіздікі	Сіздер — сіздердікі
Ол — онікі	Олар — олардікі

Слова с суффиксами **-нікі/-дікі/-тікі** отвечают на вопросы **кімдікі? ненікі?**

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына керек жұрнақты жазыңыздар.

Асқар, Қайрат, Сәуле, Жандос, Омаров, сейф, институт, сурет, ай, жолдас, әріптес, көрші, орынбасар, бастық, ауыз, бет, сүт, аяқ, қол, тіс, тіл, шаш, кеуде, бас, тамақ, тырнақ, қой, нан, шам, қор, алаң.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

Комната соседа, удостоверение друга, работа моя, семья Ваша, отцовской, книга библиотеки, время наше, сад колхоза, началь-

ник управления, корпус института, журнал преподавателя, игрушка ребенка, дом наш.

**Тапсырма.** Сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыздар.

1. Мынау үлкен үй біздің басқарманікі. 2. Мынау тәтті алма біздікі емес, олардікі. 3. Мынау әдемі пальто сенікі емес, онікі. 4. Бала сенікі емес, менікі. 5. Кітап кітапхананікі емес, Саматтікі. 6. Жақсы товарлар онікі емес, біздікі. 7. Мынау ет жылқынікі емес, қойдікі.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, аударыңыздар.

### Кімнің баласы?

Қожанасырдың баласы үйінде жүріп бақыр теңге тауып алыпты. Мұны Қожанасыр көреді, баласын көшеге алып шығыпты да:

— Теңге кімдікі екен, халықтан сұра, — деп бұйырыпты.

— Теңге тауып алдым, кімдікі? — деп баласы айқай салыпты.

Сол уақытта Қожа:

— Менікі, — деп қалтасына салып алыпты. — Рахмет, қарағым. Теңгемді барлық жерден іздедім, бірақ таппадым. Кімнің баласысың? Кімнің баласы болсаң да, әкең сияқты адал екенсің.

*(Ел аузынан).*

### Жаңа сөздер

**бұйыру** — приказывать

**айқай салу** — закричать, крикнуть

**іздеу** — искать

**табу(тап)** — находить

**адал** — честный, верный

### Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Бала кімдікі: Қожанасырдікі ме әлде сіздікі ме?
2. Сіз теңге тауып алдыңыз ба?
3. Қожанасыр балаға не деп бұйырды?
4. Теңге кімдікі болды?
5. Кім әкесі сияқты адал адам болды?
6. Сізге әңгіме ұнады ма?

**Тапсырма.** Мына мақалды оқыңыздар, аударыңыздар, еске сақтаңыздар.

“Іздеген (адам) табады, сұраған (адам) алады”.

**Тапсырма.**

Сіз саябақта кішкентай қарындасыңызбен қыдырдыңыз. Ол балмұздақ алу үшін кетті. Сіз оны күттіңіз, бірақ ол келмеді. Қарындасыңызды іздедіңіз, өкінішке орай, оны таппадыңыз. Учаскелік милиционерге қарындасыңыздың сыртқы келбетін суреттеп бердіңіз.

**Тапсырма.** Суреттегі отбасы мүшелерін суреттеңіздер.



**Тапсырма.** Өлеңдегі қызды суреттеңіздер. Сөз тіркестерімен сөйлемдер ойлаңыздар.

Keң маңдай, қалың шаш, ақ тамақ, қызыл жүз, қара көз, имек қас, ақ тіс, қыр мұрын, қыпша бел, қызыл гүл.

**Тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

Keң маңдай, қалың шаш

Я бір кез, я құлаш.

Ақ тамақ, қызыл жүз

Қарағым, бетінді аш!

Қара көз, имек қас,  
Қараса жан тоймас.  
Аузың бал қызыл гүл,  
Ақ тісің кір шалмас.  
Қыр мұрын, қыпша бел,  
Солқылдар, соқса жел.  
Ақ бетің үлбіреп  
Өзгеше біткен гүл.

(Абай)

## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

### Лексика: Адамның сыртқы келбеті. Адамның қасиеттері

**Грамматика:** Сын есім. Сын есімнің шырайлары.

Имя прилагательное (сын есім) — часть речи, которая обозначает признак предмета, т.е. его качество или свойство, и отвечает на вопросы **қандай? қай? қалай?** (какой? какая? какое? какие?) В казахском языке прилагательные обычно стоят перед определяемыми словами, не согласуясь ни в числе, ни в падеже. **Мысалы:** қара көз, қара көздің, қара көздерде.

Имена прилагательные, как и в русском языке, имеют положительную, сравнительную и превосходную степени. Сравнительная степень прилагательных обозначает, что один предмет обладает качеством в большей или меньшей мере по сравнению с теми же качествами в других предметах. Сравнительная степень прилагательных образуется с помощью суффиксов:

1) —рақ/-рек — пишутся после конечных гласных: жақсы+рақ (лучше), әдемі+рек (красивее);

-ырақ/-ірек — пишутся после конечных согласных: ұзын+ырақ (длиннее), кең+ірек (шире).

2) -лау/-леу — пишутся после гласных; сонорных р, у, й: жақсы+лау (лучше), ауыр+лау (тяжелее), қара+лау (чернее), дәмді+леу (вкуснее);

-дау/-деу — пишутся после звонких согласных ж, з; сонорных л, м, н, ң: жаман+дау (хуже), тез+деу (быстрее), кең+деу (шире);

-тау/-теу – пишутся после конечных глухих согласных: биік+теу (выше), алыс+тау (дальше), жұмсақ+тау (мягче).

Суффиксы -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу, помимо значения сравнения качества предметов, обозначают уменьшение интенсивного качества, что соответствует русским прилагательным с суффиксами -оват/-еват: тәтті+леу (сладковатый), ащы+лау (горьковатый), алыс+тау (далековатый). Семантическое различие образований данного типа определяется контекстом.

**Тапсырма.** Берілген сын есімдерді салыстырмалы шырайда қолданыңыздар.

Әдемі, сұлу, биік, аласа, кішкентай, үлкен, жас, кәрі, егде, кок, қара, сары, ақылды, арық, жуан, семіз, толық, сүйкімді, қызба, жалқау, алыс, жақын, тұзу, қисық, жіңішке, жалпақ, сирек, қалың, салқын, суық, жылы.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, аударыңыздар.

1. Менің әріптесім сенен биігірек. 2. Меніңше, мына жігіт жалқаулау сияқты. 3. Сіңлімнің көзі менің көзімнен үлкенірек. 4. Баласының аяғы әкесінің аяғынан үлкенірек екен. 5. Жас жігіттің шашы сиректеу екен. 6. Мен кезекте толықтау апайдан соң тұрдым. 7. Жеңгей, маған ыстығырақ шай керек. 8. Манат Айдостан аласалау екен.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударып, салыстырмалы шырайда қолданыңыздар.

Большой, маленький, прямой, кривой, пожилой, молодой, широкий, далекий, худой, короткий, длинный, высокий, горячий, холодный, плохой, хороший, тяжелый, легкий, вкусный, сладкий, твердый, мягкий.

Превосходная степень (**күшейтпелі шырай**) прилагательных обозначает наличие усиленного качества или свойства в том или другом предмете и употребляется тогда, когда выражает самую большую, превосходную степень качества.

Превосходная степень образуется двумя способами:

1) путем удвоения первого слога прилагательного и добавления соединительного -п: қызыл – қып-қызыл (красный – очень красный).

2) путем сочетания прилагательного с усилительными наречиями: өте (очень), тіпті (слишком), ең (самый), аса (наиболее); өте жақсы жұмыс (очень хорошая работа), ең жаман товар (са-

мый плохой товар), аса құрметті адам (глубокоуважаемый человек), тіпті кішкентай бала (слишком маленький ребенок).

**Тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, аударыңыздар.

1. Абай – менің ең сүйікті ақыным. 2. Асан – сенің ең жақсы досың. 3. Досымның ұлы тіпті кішкентай бала екен. 4. Меніңше, ол үшін бұл жұмыс өте қиын болады. 5. Құрбымның қасында шашы қап-қара, көзі үп-үлкен, ерні қып-қызыл бойжеткен болды. 6. Көктемде жер де, ағаштар да жап-жасыл болады. 7. Бүгін аспан ашық, көкпеңбек, бұлт жоқ. 8. Сенің танысыңның көзі тостағандай, үп-үлкен екен. 9. Оның құрбысы аузы оймақтай, бойы өте биік емес қыз екен.

**Тапсырма.** Төмендегі сын есімдерді салыстырмалы, күшейтпелі шырайларда қолданыңыздар.

Ыстық, суық, таза, кір, жақсы, жаман, тұзу, қисық, ұзын, қысқа, жуан, жіңішке, кең, тар, дәмді, тәтті, ащы, әдемі, сұлу, сүйкімді, сымбатты, келбетті, қызық, жалқау, қызба, тік, жалпақ, аласа, биік, жас, кәрі, егде, алыс, жақын, сирек, қалың, ақ, қызыл, қара, көк.

**Мақалдарды мәнерлеп оқыңыздар, сын есімдердің қай шырайда тұрғанын анықтаңыздар.**

1. Ең ащы да – тіл, ең тәтті де – тіл.

Ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл.

Язык – и горек, и сладок,

Он – и тверд, и мягок.

2. Жақсы келін – қызындай,

Жақсы күйеу – ұлындай.

Хорошая невестка, как дочь родная,

Хороший зять, как сын родной.

3. Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала.

Воспитанность ребенка – его счастье,

Невоспитанность – его же несчастье.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

ақылды – умный

ақылсыз – глупый

ақымақ – глупый

кішіпейіл – вежливый

қарапайым — скромный  
қайырымды — милосердный  
сүйкімді — обаятельный, приятный  
сүйкімсіз — неприятный  
келбетті — статный, представительный  
тартымды — обаятельный, привлекательный  
есепшіл — расчетливый  
байсалды — уравновешенный  
қызба — горячий  
сезімтал — чувствительный  
қызғаншақ — ревнивый  
арамтамақ — тунеядец  
ұрысқақ — скандальный  
ішкіш — пьющий  
нашақор — наркоман  
жомарт — щедрый  
өсекші — сплетник  
әдепті — вежливый, воспитанный  
мақтаншақ — хвастливый  
өтірікші — лгун  
қу — хитрый, пройдоха, коварный  
іскер — деловой, деятельный  
ақкөңіл — добродушный  
көңілді — веселый  
сымбатты — стройный, грациозный  
әсем — прекрасный, изящный  
кекшіл — злопамятный  
жеңілтек — легкомысленный  
сенгіш — доверчивый  
күншіл — завистливый  
жайбарақат, бейқам — беспечный  
ашулы — злой  
берекесіз — непостоянный  
маскүнем — алкоголик  
ерке — избалованный  
беделді — авторитетный  
көпшіл — общительный  
сараң — скупой  
аңқау — наивный  
мылжың — болтун

қалжыңбас — шутник  
бақытты — счастливый  
ауру — больной  
еңбекқор — трудолюбивый  
сөзшең, сөзуар — разговорчивый  
шешен — красноречивый, оратор  
тәкаппар — высокомерный  
бақытсыз — несчастный  
сау — здоровый

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар, сөйлемдер ойлаңыздар.

Ақылды бала, ақымақ адам, кішіпейіл кісі, сүйкімді бойжеткен, есепшіл адам, тартымды жігіт, қызба әріптес, арамтамақ адам, жомарт дос, өсекші әйел, мақтаншақ күйеу, жеңілтек қыз, сенгіш адам, ашулы әке, маскүнем әке, беделді бастық, көпшіл әріптес, сараң жолдас, мылжың бастық, қалжыңбас жолдас, ауру кісі, сау бала, бақытты отбасы, бақытсыз балалар, тәкаппар қыз, еңбекқор әке, көңілді көмекші, іскер басшы, қызғаншақ күйеу, сезімтал шеше, әсем бойжеткен, ерке бала.

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар.

Есімбектің төрт ұлының ортасында бұлаңдап өскен Шұға деген қызы болды. Шұға десе Шұға. Шұға, өй шіркіннің өзі де келбетті еді, аққұба, талдырмаш, көзі қап-қара, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілтектік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі қандай, жүрген жүрісі қандай, шіркін! Бұл күнде ондай қыз қайда? Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайды ма, білмейсін, ешкі сияқты шошаңдап жүргендері. Заман бұзылды ғой... иә...

(Б. Майлин).

## Жаңа сөздер

талдырмаш — стройный  
ажар — облик  
жүріс — походка

**Тапсырма.** 1. Мәтіннен сын есімдерді тауып, олардың қай шырайда тұрғанын анықтаңыздар. 2. Шұғаның сыртқы келбетін өз сөздеріңізбен суреттеңіздер.

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, сұрақтар қойыңыздар.

Сыдық орта бойлы, қара жігіт. Оң жақ бетінде тыртық дағы бар. Көзі қысықтау. Мұрны қолағаштай үлкен де емес, таңқи-

ған қысқа да емес, орташа. Кішкентай ғана мұрты бар, әзілқой, сөзшең жігіт. Домбыра тартады, аздап өлең де айтады. Той-томалақта күреске де шығады, кейде бәйге де алып жүр. Ауылдағы бірқатар жігіттердің ішінде көрнектісі деп айтуға болады. Бірақ Сыдықтың әйелі өзіне тең болып кездеспеген: қара, атжақты, еңгезердей үлкен – еркек пішінді адам. Өзі үйден үйге жүгіріп жүреді, өсекші әйел. Сыдық әйелі үшін ұялады.

(Б. Майлин)

### Жаңа сөздер

қолағаш – дубинка  
көрнекті – видный  
атжақты – скуластый

**Тапсырма.** Досыңызбен оның отбасы мүшелерінің мінезі, сыртқы пішіні, қасиеттері туралы әңгімелесіңіз.

**Ситуативтік тапсырма.** Сіздің бөліміңізге жаңа әріптес келді. Бірінші рет оның сыртқы келбеті сізге өте ұнамады. Оның бойы орта бойлы, шашы тікірейген, маңдайында үлкен тыртық бар екен. Еріндері қалың, көзі қысық, қасы да қалың жігіт. Жасы шамамен 30-35-те. Үйленбеген. Меніңше, оның мінезі жақсы. Сіз қалай ойлайсыз? “Адамның сырты алдамшы” деген мақал бар ғой...

### Төмендегі мақалдар бойынша әңгіме жазыңыздар

1. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.
2. Бейтаныс кісі – бітеу жаңғақ.
3. Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес.
4. Жаман жолдастан жақсы дұшпан артық.

*Есте сақтаңыздар! Запомните!*

ауыру – болеть  
емделу – лечиться  
жазылу – выздороветь  
жөтелу – кашлять  
түшкіру – чихать  
суық тию – простыть  
тоңу – замерзнуть  
өлшеу – измерять  
ауру, науқас – больной

(дененің) қызуы – температура тела  
қан қысымы – кровяное давление  
алқыну – запыхаться, напрягать усилия  
көтерілу – подниматься, повышаться  
түсу – опускаться, падать, понижаться  
жүрек айну – тошнота  
Менің жүрегім айниды. – Меня тошнит.  
бас айналу – головокружение  
Менің басым айналады. – У меня головокружение.

**Тапсырма.** Орыс тіліне аударыңыздар.

1. Баланың басы қатты ауырды.
2. Әжем ұзақ уақыт ауруханада емделді.
3. Денсаулығыңыз қалай, жазылдыңыз ба?
4. Ініме суық тиіпті, ол түшкіріп, көп жөтелді.
5. Апам менің қызуымды өлшеді.
6. Оның әкесінің қан қысымы жиі көтеріледі.
7. Дәрігер саған дәрі берді, он минуттан соң сенің қызуың, қан қысымың төмен түсті.
8. Автобуста жас баланың жүрегі айныды.
9. Көршім таңертең тамақ ішпеді, сабақта оның басы айналды, жүрегі айныды.
10. Біз тез жүрдік, себебі далада суық болды және біз тоңдық.
11. Ауру адам тез шаршады, алқынды.
12. Науқас адамға емделу керек.

**Тапсырма.** Оқып, бір-біріңізге сұрақ қойыңыздар.

Сенбі күні Асхат достарымен тауға барған. Ол бірақ жылы киімдерін алмаған. Ал тауда кешке қарай күн суық болды, қатты жаңбыр жауды. Асхат қатты тоңды, аяғы су болды. Асхаттар жексенбі күні таудан қайтып келді. Кешке Асхаттың қызуы көтерілді, басы айналды, жүрегі айныды. Оның шешесі “жедел жәрдемді” шақырды. Он бес минуттан соң кезекші дәрігер келді. Ол Асхаттың қызуын өлшеді, тамағын қарады. Дәрігер Асхаттың өкпесін, жүрегін тыңдады, қан қысымын өлшеді. Оның қан қысымы да көтеріліпті. Дәрігер Асхатқа екі укол салды, он минуттан соң оның қызуы, қан қысымы төмендеді. Басы да өте қатты ауырмады. Дәрігер Асхатқа: “Таңертең емханаға келіңіз немесе учаскелік дәрігерді шақырыңыз” – деді. Асхат түнде жақсы ұйықтады.

### Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

- А. – Кіруге рұқсат па?  
Д. – Әрине, рұқсат. Кіріңіз.  
А. – Сәлеметсіз бе?

- Д. – Сәлеметсіз бе? Мен сізді тыңдап отырмын. Қай жеріңіз ауырады?
- А. – Менің асқазаным немесе бауырым ауыратын сияқты. Тамаққа тәбетім жоқ, жүрегім айниды.
- Д. – Ой, жігітім, бұл жарамайды. Асқазанмен ойнауға болмайды. Тамақты уақытында ішесіз бе?
- А. – Мен әдетте сабақтан соң тамақтанамын. Асханада тамақ кейде ыстық, кейде суық болады.
- Д. – Бұл, әрине, дұрыс емес. Қане, шешініңіз, бауырыңызды қарайын.
- А. – Қазір, көйлегімді ғана шешемін, бола ма?
- Д. – Иә, болады. Меніңше, сіздің бауырыңыз үлкейген сияқты. Мына жеріңіз ауыра ма?
- А. – Ой, бұл жер қатты ауырады. Әсіресе, тамақтан соң ауырады.
- Д. – Жігітім, сізге жақсылап тексерілу керек. Алдымен анализдер тапсыру керек. Сонан соң мен сізге УЗИ-ге талон беремін. Ол жерде асқазан, бауырыңызды тексереді. Маған анализдер мен УЗИ-дің қорытындысын әкелесіз. Содан кейін сізді емдейміз. Ал қазірше мына дәрілерді іше тұрыңыз.
- А. – Жақсы, онда мен қазір дәріханаға барамын, дәрілерді алайын. Ал ертең таңертең анализдерді тапсырып, УЗИ-ге барамын. Сізге рахмет, сау болыңыз.
- Д. – Сау болыңыз.

### Жаңа сөздер

тексерілу – обследоваться  
тапсыру – сдавать (экзамен, анализ)  
тәбет – аппетит  
тексеру – обследовать, проверить  
қорытынды – результат

### Ситуативтік тапсырма.

Сіз бір аптадан бері түнде нашар ұйықтайсыз. Тамаққа тәбетіңіз де нашар. Басыңыз айналады, денеңіздің қызуы 36-37 градус, ол көтерілмейді. Сіз бүгін дәрігерге келдіңіз. Дәрігерге ауруыңыз туралы айтасыз. Ол кісімен әңгімелесесіз.

**Тапсырма.** Берілген сурет бойынша досыңызбен, көршіңізбен әңгімелесіңіз.

**Тапсырма.** Төмендегі мақалдар бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.

1. Денсаулық – зор байлық.
2. Тәні саудың – жаны сау.
3. Тазалық – саулық негізі, Саулық – байлық негізі.
4. Емнің алды – еңбек.

**Тапсырма.** “Спорттың адам өміріндегі алатын орны туралы не айта аласыз? Өріптестеріңізбен пікір алысыңыз.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыз.



### Спорттағы тұңғыш дәрігер

Ибн Сина, шын аты Әбу Аалы Хусейн Бин Абдуллах Бин Сина, 980 жылы Хорезмде, түркі отбасында дүниеге келген. Ибн Сина Батыста ірі оқымысты ретінде танылып, аты-жөні қысқартылып *Авиценна* деп аталған.

14 жасында білім жағынан ұстаздарынан басып озады. 16 жасында дәрігерлік тәжірибе жасай бастайды. 20 жасында “Әл-Канун Фиет-Тиб” атты тұңғыш кітабын жазған. Бұл еңбегі Батыста жоғары бағаланып, оның даңқын шығарды.

Ғалым бұл шығармасында денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан. Ұлы ойшыл өз кітабында: “Адам өзін-өзі қинап спортта еш нәтиже шығара алмайды, ол үшін бұл іске шынайы берілу керек, тек сонда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады” деген. Ол спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Және оның әр түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты екенін жазған.

Ибн Синаның әлемдегі ең бірінші спорт дәрігері екендігін бүкіл дүние жүзі мойындаған. Анкара қаласында ғалым атында үлкен аурухана бар.

## Спорт туралы

Спорт – адамның денсаулығын нығайту, түрлі жарыстарда жоғары көрсеткіштерге жету үшін арналған жаттығулар. Спорт – ағылшынша “ойын” деген сөз. Спорттың түрлері көп.

Қазақстанда спорттың 50-ден астам түрі дамыған. Республикада көптеген спорт мектептері, қоғамдары бар. Онда балалар, ересектер спортпен шұғылдана алады. Елімізде спорт шеберлері, әлем чемпиондары аз емес. Олар спорттың әр түрімен айналысады.

Республикада шығатын “Спорт” газеті 1959 жылы 1 желтоқсанда жарық көрді. Газет чемпионаттар, біріншіліктер, жарыстардан репортаждар жариялайды.

Спорттық жарыстарды өткізу үшін түрлі спорт алаңдары, сарайлары салынған. 1973 жылы биік таудағы атақты Медеу спорт кешені ашылды.

### Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Сіз спорттың қай түрімен айналысасыз?
2. Сізге спортпен айналысу не үшін керек? Денсаулық үшін бе, әлде рекордтар жасау үшін бе?
3. Сіздің жұмыс (оқу) орныңызда дене тәрбиесі қандай жолға қойылған?
4. Спортпен шұғылдану жасқа байланысты ма? Сіз қалай ойлайсыз?
5. Олимпиадалық ойындар туралы не білесіз?

## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

### Лексика: Адамның қасиеттері

Грамматика: Нақ осы шақ. Сын есімнің жасалуы

Тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Белые ровные зубы.
2. Высокий рост.
3. Спортивное телосложение.
4. Широкий лоб.
5. Густые волосы.
6. Прямой нос.
7. Хороший характер.
8. Тонкие брови.
9. Кудрявые волосы.
10. Задумчивые глаза.
11. Прижатые уши.
12. Открытый высокий лоб.
13. Крепкое телосложение.
14. Усатый человек.
15. Бородатый, в очках человек.
16. Дугообразные брови.
17. Смеющиеся глаза.
18. Суതു-

лый человек. 19. Внешность человека. 20. Длинные тонкие пальцы. 21. Широкое лицо. 22. Его телосложение правильное. 23. Опиши, пожалуйста, его внешность. 24. Рост твоего брата высокий. 25. Мой отец – человек среднего роста. 26. Ее муж низкий. 27. Ноги, руки – части тела. 28. Твой сын рослый парень? 29. Ваш друг – рослый человек. 30. Его супруга полная (толстая, худощавая, худая). 31. Ваша подружка светловолосая.

### Ситуативтік тапсырма.

Сіздің жақсы досыңыз бар. Досыңыздың сыртқы келбетін білу үшін әріптестеріңіз сізге сұрақтар қояды, ал сіз сұрақтарға жауап бересіз. Сонан соң әріптестеріңіз алынған жауаптар арқылы досыңызды суреттейді. Сіз ауызша портреттің дұрыстығын тексересіз.

### Сын есімнің жасалуы

Жұрнақтар/суффиксы	Мағынасы/значение	Мысалдар/примеры
1) -лы/-лі -ды/-ді -ты/-ті	указывают на наличие какого-либо качества, свойства	бала+лы с ребенком қауіп+ті опасный ақыл+ды умный
2) -дай/-дей -тай/-тей	служат для сравнения качества существительных	құс+тай как птица үй+дей как дом
3) -сыз/сіз	указывают на отсутствие объекта, какого-либо качества, свойства	сүт+сіз без молока қауіп+сіз безопасный жұмыс+сыз безработный
4) -лық/-лік -дық/-дік -тық/-тік	указывают на свойства, качества существ. относительно их лексич. значения	ұлт+тық национальный дала+лық степной күз+дік осенний
5) -ғы/-гі -қы/-кі	указывают на отношение во времени, присоедин. к существ., обозначающим временные отрезки	қыс+қы зимний күндіз+гі дневной

Тапсырма. Сөздерге тиісті жұрнақтарды жалғаңыздар, аударыңыздар.

1. -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті: тау, қала, бала, су, сүт, тұз, бақыт, қуаныш, дәм, береке, мереке, тәртіп, өкініш, ұят, мұрт, сақал, көздірік, сымбат, көрік, ажар, келбет, иық, қал, мең.

2. -дай/-дей, -тай/-тей: қыз, келін, ата, аю, түлкі, қасқыр, арыстан, құс, балық, тау, ай, күн, көл, теңіз, тас, кілем, оймақ.

3. -сыз/-сіз: көңіл, бақыт, ми, ой, сана, жұмыс, тәртіп, ұят, бас, су, сүт, бұлт, жаңбыр, сақал, мұрт, бала, әке, қара.

4. -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: күз, жаз, село, ауыл, қала, республика, облыс, дәрігер, педагог, қоғам, ұлт, апта, ай, жыл.

5. -ғы/-гі, -қы/-кі: кеше, бүгін, биыл, былтыр, кеш, түн, түс, жаз, қыс, көктем, күз, ертең, таңертең.

### Мақалдарды мәнерлеп оқыңыздар, аударыңыздар.

1. Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар.
2. Күйеу — жүз жылдық, құда — мың жылдық.
3. Азапсыз махаббат — арзан махаббат.
4. Адам қатесіз болмас, көл бақасыз болмас.
5. Адам тастай берік, гүлдей нәзік.
6. Әдепті бала — арлы бала, әдепсіз бала — сорлы бала.
7. Жақсы келін — қызындай, жақсы күйеу — ұлындай.
8. Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

Әне, қазақ қызы келеді. Екі көзі түрменің терезесінде. Мен отырған терезеге қарайды. Маған қарайды. Екі көзі мөлдіреген қарақаттай. Жасы шамамен он төрт — он бесте, ұзын бойлы, талдырмаш. Үстінде қос етекте, бүрмелі ақ көйлегі, басында қара барқыт тақиясы бар. Жібектей қара шашын әдемілеп, екі бұрым қылып өрген. Шашының ұшына қызыл жібек лента байлаған. Міне, ол терезенің алдына келді. Терезенің алдында жүрген қаруыл солдатқа қарайды. Жүрісі тіпті ақырын болды. Кейін қараған сияқты, бірдемені күткен сияқты. Мұңайып маған қарайды. Сезгіш жүрек, нәзік, сұлу қарындасым, не ойлап сонша қарайсың? Кімсің? Кімнің қызысың?... Бізге кім деп қарайсың? Кімнің қызы болсаң да саған рахмет!

(С. Сейфуллин)

### Жаңа сөздер

қарақат — смородина  
мөлдіреу — быть прозрачным, чистым  
етек — подол  
мұңаю (мұңай) — тосковать, печалиться  
нәзік — нежный, изящный  
бүрме — сборки (на платье)

**сезгіш** — чуткий, чувствительный

**Тапсырма.** 1. Қыздың сыртқы келбетін суреттеңіздер. 2. Сіздіңше, бұл қыздың мінезі қандай?

**Ситуативтік тапсырма.** Сіз аудандың ішкі істер бөлімінде бүгін кезекшісіз. Түсте сізге бір әйел келді. Оның айтуынша, ол мұнда басқа қаладан келген. Кішкентай баласымен саябақта қыдырады. Сол кезде баласы шешесінен адасып қалады. Әйел баланы ұзақ іздейді, бірақ таппайды. Сіз әйелге көмектесесіз.

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіздің басыңыз қазір ауырып тұр ма? 2. Бұл баланың қай жері ауырып жүр? 3. Көршіңіз әлі ауырып жүр ме? 4. Менің тамағым ауырып тұр, не істеуге болады? 5. Сіз неге көп жөтеліп жүрсіз? 6. Ана бөлмеде кім түшкіріп жатыр? 7. Сіз оның қан қысымын өлшеп жатырсыз ба? 8. Қазір жүрегіңіз айнып тұрған жоқ па? 9. Сіз қазір не істеп жатырсыз? 10. Сабақты кім өткізіп жатыр? 11. Далада жаңбыр жауып тұр ма? 12. Сіз семинарға дайындалып жатырсыз ба? 13. Сіз Алматыда не істеп жүрсіз? 14. Сен қайдан келе жатырсың? 15. Досың қайда бара жатыр? 16. Аулада әдемі гүлдер өсіп тұр ма? 17. Емтиханға қалай дайындалып жатырсыздар? 18. Балам, қазір қандай кітап оқып жүрсің? 19. Сен музыка тындап отырсың ба? 20. Теледидарда жаңалықтар жүріп жатыр ма? 21. Бүгін тарихтан лекцияны кім оқып жатыр? 22. Айтыңызшы, сіздің көршіңіз не туралы сөйлеп отыр? 23. Қызың далада кіммен қыдырып жүр?

**Ситуативтік тапсырма.** Сіз учаскелік балалар дәрігерісіз. Қабылдауға балалы жас ана келеді. Екеуіңіз баланың денсаулығы туралы әңгімелесесіз. Сіз жас анаға дәрігерлік кеңес бересіз.

### Төмендегі мақалдар бойынша шағын әңгіме жазыңыздар

1. Денсаулық — зор байлық.
2. Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар.
3. Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің.
4. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.



## Тақырып: АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Грамматика: Қалау рай (Желательное наклонение).  
Модальділік (Форма модальности).  
Шартты рай (Условное наклонение).

В отличие от русского языка глагол в казахском языке имеет особое наклонение, которое называется **Қалау рай** (желательное наклонение). Оно выражает желание, намерение говорящего и образуется путем прибавления к корню или основе глагола суффиксов **-ғы/-гі, -қы/-кі**, затем следуют личные окончания глагола и вспомогательного глагола **кел** в нужном времени.

Жақ/лицо	Негізгі етістік/ смысловый глагол	Көмекші етістік/ вспомогательный глагол
Менің	бар+ғы+м көр+гі+м	келеді (келмейді) келді (келмеді)
Біздің	айт+қы+мыз кет+кі+міз	келіп тұр келіп тұрған жоқ
Сенің	бар+ғы+ң көр+гі+ң	келеді (келмейді) келді (келмеді)
Сендердің	айт+қы+лар+ың кет+кі+лер+ің	келіп тұр келіп тұрған жоқ
Сіздің	бар+ғы+ңыз көр+гі+ңіз	келеді (келмейді) келді (келмеді)
Сіздердің	айт+қы+лар+ыңыз кет+кі+лер+іңіз	келіп тұр келіп тұрған жоқ
Оның	бар+ғы+сы көр+гі+сі	келеді (келмейді) келді (келмеді)
Олардың	айт+қы+лар+ы кет+кі+лер+і	келіп тұр келіп тұрған жоқ

**Тапсырма.** Етістіктерді қалау райда қолданыңыздар.

1. Менің (демалу, оқу, сөйлесу, тыңдау, емделу, танысу) келді.  
2. Сенің (ұйықтау, үйлену, қыдыру, аудару, қырыну, киіну) келмейді.  
3. Сіздің (сатып алу, кездесу, ауыру, шешіну, ойнау) келіп тұр ма?  
4. Оның (жүру, жату, отыру, ашу, жабу, жұмыс істеу) келіп тұр ма?  
5. Біздің (шығу, апару, тазалау, құлу, қайту) келіп тұрған жоқ.  
6. Сендердің (қуану, сұрақ қою, жауап беру,

жауап алу) келмейді.  
7. Сіздердің (амандасу, қоштасу, кешіру, билеу) келеді.  
8. Олардың (көмектесу, бастау, дайындау, іздеу, барлау) келе ме?

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіздің жексенбіде қайта барғыңыз келді?  
2. Оның жазда қайда демалғысы келеді?  
3. Сенің онымен неге сөйлескің келмейді?  
4. Сіздің үйіңізге қашан қайтқыңыз келеді?  
5. Оның саған не туралы айтқысы келді?  
6. Сенің кімді шығарып салғың келеді?  
7. Оның кімге көмектескісі келеді?  
8. Сіздің маған қандай сұрақ қойғыңыз келеді?  
9. Оның түстен кейін не істегісі келеді?  
11. Сіздің ініңіздің кім болғысы келеді?  
12. Оның машина сатып алғысы келе ме?  
13. Сенің досыңа неге көмектескің келмейді?  
14. Сіздің қандай музыка тыңдағыңыз келеді?  
15. Құрбыңның ауылда тұрғысы келе ме?  
16. Сенің онымен неге танысқың келмейді?

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Мы хотим познакомить вас с нашим городом.  
2. Я хочу поехать летом к моей подруге в Уралск.  
3. Когда ты хочешь поехать к родителям?  
4. Он хотел познакомиться с моими друзьями.  
5. Наш сын хочет работать в правоохранительных органах.  
6. Ты не хочешь пригласить меня в театр?  
7. Вы не хотите нам помочь?  
8. Дети хотят пойти сегодня в кино.  
9. Он не хочет слушать нас.  
10. Вы хотите поехать домой на поезде?  
11. Они хотят немного отдохнуть.  
12. Мы не хотим говорить на эту тему.

**Модальность** — это не действие, а отношение говорящего к нему. Модальность обозначает способность, возможность совершения говорящим какого-либо действия. Форма модальности состоит из двух глаголов: основного глагола с суффиксами **-а/-е-й** и вспомогательного глагола **ал** в нужной временной форме.

**Назар аударыңыздар:**

Мен жаз-а, көр-е, тыңда+й аламын (алдым).  
Біз жаз+а, көр+е, тыңда+й аламыз (алдық).  
Сен айт+а, кір+е, сөйле+й аласың (алдың).  
Сендер айт+а, кір+е, сөйле+й аласындар (алдыңдар).  
Сіз қайт+а, кел+е, же+й аласыз (алдыңыз).  
Сіздер қайт+а, кел+е, же+й аласыздар (алдыңыздар).  
Ол аудар+а, түсін+е, байқа+й алады (алды).  
Олар аудар+а, түсін+е, байқа+й алады (алды).

**Тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, аударыңыздар.

1. Сен кеше біздің үйге келе алмадың. 2. Сіз кеште жақсы билей алдыңыз. 3. Өкінішке орай, мен ертең жиналысқа келе алмаймын. 4. Сен маған қашан телефон соға аласың? 5. Сіз баланыңға жақсы ойыншық сатып ала аласыз ба? 6. Мен саған бұл туралы айта аламын. 7. Біз қиын мәтінді аударма алдық. 8. Сендер оны түсіне алмайсындар. 9. Сіздер қазір кете алмайсындар. 10. Біздің кездесуге барғымыз келді, бірақ бара алмадық. 11. Өкінішке орай, біз мына сұрақтарға жауап бере алмаймыз. 12. Залда көп адам болды, сондықтан олар жақсы билей алмады.

**Тапсырма.** Қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Я смогу приготовить вкусный обед. 2. Ты смог перевести трудный текст. 3. Вы смогли выучить стихотворение Абая. 4. Он может проводить Вас до дома. 5. Вы можете пригласить ее на танец. 6. Ты не можешь уйти без нас. 7. Вы можете позвонить нам вечером? 8. Он может купить тебе эту вещь. 9. Сможешь ты сходить в аптеку? 10. Я не могу слушать тебя. 11. Она не может смотреть на меня.

**Шартты рай** (условное наклонение) обозначает действие, которое является условием для совершения другого действия. Условное наклонение образуется путем присоединения суффиксов *-са/-се* к основе глагола и личных окончаний глагола.

Мен бар+са+м, кел+се+м, бар+ма+са+м, кел+ме+се+м.

Біз бар+са+қ, кел+се+к, бар+ма+са+қ, кел+ме+се+к.

Сен бар+са+ң, кел+се+ң, бар+ма+са+ң, кел+ме+се+ң.

Сендер бар+са+ндар, кел+се+ндер, бар+ма+са+ндар, кел+ме+се+ндер.

Сіз бар+са+ңыз, кел+се+ңіз, бар+ма+са+ңыз, кел+ме+се+ңіз.

Сіздер бар+са+ңыздар, кел+се+ңіздер, бар+ма+са+ңыздар, кел+ме+се+ңіздер.

Ол бар+са, кел+се, бар+ма+са, кел+ме+се.

Олар бар+са, кел+се, бар+ма+са, кел+ме+се.

**Тапсырма.** Оқыңыздар, аударыңыздар.

1. Егер менде мүмкіндік болса, кешке келемін. 2. Ол сабақты жақсы түсінбесе, біз көмектесеміз. 3. Біз бүгін билет алсақ, ертең ауылға қайтамыз. 4. Ертең мен ұмытпасам, саған телефон соғамын. 5. Сен кешікпесең, біз бірге барамыз. 6. Мен қателеспесем, бүгін оның туған күні. 7. Жексенбіде ауа райы жақсы болса, олар

тауға барады. 8. Сіз дүкенге барсаңыз, мағат сүт алыңызшы. 9. Егер сен оларды көрсең, бізден сәлем айт. 10. Егер сіздер мәтінді түсінсеңіздер, сұрақтарға жақсы жауап бересіздер.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Если я открою окно, Вы не будете против? 2. Если ты меня не разбудишь, я опоздаю на уроки. 3. Если они встретят меня, я буду очень рад. 4. Если мы его увидим, то поговорим с ним. 5. Если ты не выучишь новые слова, ты не будешь их знать. 6. Если вы устали, отдохните немного. 7. Если мы купим билет, пойдём на концерт. 8. Если Вы не против, я провожу Вас домой. 9. Если ты узнаешь их новый адрес, скажи нам. 10. Если тебе не трудно, помоги мне, пожалуйста. 11. У меня сейчас нет времени, поэтому я не могу пойти с тобой в магазин. 12. Завтра в три часа у меня встреча, поэтому я не могу зайти к Вам. 13. У него болит голова, поэтому он не может помочь тебе сейчас. 14. Если ты будешь слушать хорошо его, сможешь ответить на вопросы. 15. Когда я перевел текст, я смог его понять. 16. Если ты хочешь кушать, можешь покушать в столовой. 17. Если ты пригласишь их в гости, они могут прийти.

**Тапсырма.** Мақалдарды мәнерлеп оқып, аударыңыздар.

1. Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің.

2. Гүл өссе — жердің көркі, қыз өссе — елдің көркі.

3. Сүйгенінді іздесең, жел оңынан тұрады.

4. Баста ми жоқ болса, екі аяққа күш түседі.

5. Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады.

6. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.



К.Ф. Кесслер, Н.А. Северцов өлкенің жануарлар дүниесін зерттеуде көп материал жинады. Осылайша, еліміздің географиялық зерттелуі өте ерте кезде басталғаны туралы айтуға болады.

(ҚСЭ, 1980)

**Тапсырма.** Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыздар: елдер арасындағы қарым-қатынас — взаимоотношения между странами

ерте (ежелгі) заман — давние времена

Қазақстан жері — земля Казахстана

Қазақстан аймағы — край Казахстана

Қазақстан табиғаты — природа Казахстана

табиғи байлықтары — природные богатства

табиғи сулары — естественные воды

табиғи жағдайлары — природные условия

шексіз жазық дала — бескрайние степи

мекендеу — заселиться (жить, проживать)

ғылыми (қысқа) сипаттама — научное (краткое) описание

ғылыми еңбек — научный труд

географиялық мәлімет (қоғам) — географическое сведение (общество)

саяхат жасау, саяхатқа шығу — совершить путешествие, путешествовать

**Тапсырма.** Сөз тіркестерін қолданып, сөйлемдер құраңыздар.

Взаимоотношения между странами, географическое сведение, письменные данные, в конце XIX века, уделить внимание, организовать экспедицию, исследовать животный мир края, природа Казахстана, природа Тянь-Шаня, русское географическое общество, научное описание.

**Тапсырма.** Мәтінге сұрақтар қойыңыздар.

**Тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстан жерін қазір зерттеу қажет пе? Сіз қалай ойлайсыз?

2. Қандай зерттеушілер Қазақстан туралы сипаттама жазды?

3. Сіздің туған жеріңіз қандай? Қысқаша айтып беріңіз.

## Қазақстан республикасының табиғаты

Қазақстанның территориясы батысында Волганың төменгі ағысынан шығысында Алтайға дейін 3000 км созылып жатыр. Ал солтүстікте Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Тянь-Шаньға дейін 2000 км-ге жуық қашықтыққа созылады. Қазақстанның оңтүстік-шығысында биіктігі 7000 м жететін Хан-Тәңірі тау массиві бар. Қазақстан республикасы Евразия материгінің ортасында орналасқан.

Қазақстанның жер беті әр алуан. Онда басын мұз басқан биік таулар да, биіктігі орташа таулы қыраттар да, кең-байтақ жазықтар мен ойпаттар да бар.

Республиканың оңтүстік-батысында Маңқыстау түбегі орналасқан. Маңқыстаудың шығысында Үстірт шөлді қыраты (биіктігі 340 м-ге дейін) бар. Каспий маңы ойпатының солтүстік-шығысында Орал тауының оңтүстік сілемдері мен Мұғалжар (биіктігі 657 м) таулары бар. Ал Мұғалжардың солтүстік-шығысында Торғай қыраты (биіктігі 200-400 м) бар, бұл қырат оңтүстікте Тұран ойпатына ұласады. Тұран ойпатына Қызылқұм (биіктігі 53-332 м) кіреді.

Арал теңізінен солтүстікке қарай Үлкен және Кіші Борсыққұм массивтері және Арал маңы Қарақұмы жатыр.

Қазақстанның орталық бөлігін Сарыарқа алып жатыр. Ол ескі таулардың жұрнағы сияқты. Сарыарқада Қарқаралы (1.366 м), Ұлытау (1.133 м) т.б. тау массивтері бар. Сарыарқаның оңтүстік бөлігі бірте-бірте сусыз шөл Бетпақдалаға ұласады. Оның оңтүстігінде Мойынқұм жатыр. Бетпақдаланың шығысында үлкен аймақ бар. Ол аймақ Балқаш көліне құятын 7 өзенге байланысты Жетісу деп аталады.

Республиканың шығысында, оңтүстік-шығысында Алтай тауларының сілемдері, Тарбағатай мен Жоңғар Алатауының (4.463 м) жоталары орналасқан. Сонымен бірге Тянь-Шаньның жоталары бар. Олар: Кетпен (3.638 м), Шу-Іле таулары (1.520 м), Іле Алатауы (7.973 м), Қырғыз жотасы (3.817 м), Талас Алатауы (4.448 м) және Қаратау (2.176 м).

**Тапсырма.** Мына сөз тіркестеріне назар аударыңыздар:

**төменгі (жоғарғы) ағысы** — нижнее (верхнее) течение

**таулы қырат, шөлді қырат** — гористая, пустынная возвышенность

кең-байтақ ұлан-байтақ,, жазық — обширные, просторные степи

ойпат — низменность

сусыз шөл — безводная пустыня

тау сілемдері — горные отроги

Алтай жоталары — Алтайские хребты

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлемдер құраңыздар.

Ескі таулар, кең-байтақ жазық, жер беті алуан, біркелкі аймақ, сусыз шөл, таулы қырат, жасыл ойпат, көркем өлке, созылып жатыр, оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс. Қарақұм шөлі, Торғай қыраты, Сарыарқа даласы, биік таулы аймақ, төменгі ағысы, әдемі табиғат.



**Тапсырма.** Мына сөйлемдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыздар.

1. На территории Казахстана сменяется несколько ландшафтных зон: лесостепная, степная, полупустынная и пустынная.

2. На западе территория Казахстана граничит с Каспийским морем, на востоке — с таежным Алтаем, а на юге — с высокими вершинами Тянь-Шаня.

3. В Казахстане три крупные реки — Иртыш, Или, Ишим.

4. Западная часть Казахстана почти исключительно равнинная, а восточная — преимущественно гористая.

5. Песчаные пустыни представлены в Казахстане такими массивами, как Кызылқум, Моюнкум, песками Южного Прибалхашья и Приаральскими Каракумами.

6. Плато Устюрт, расположенное между Каспийским и Аральским морями, представляет собой пустынную равнину.

7. Великолепны степи Казахстана и весьма своеобразны пустыни.

### Қазақстан климаты

Қазақстан климаты шұғыл континентті, құрғақ келеді, сондықтан өзен торы, әсіресе орталық бөлігінде аз.

Еліміздің ірі өзендері Ертіс, Жайық, Іле, Сырдария, Тобыл, Есіл бүкіл жыл бойына мол су деңгейлерін сақтайды. Қазақстан көлдерінің гидрологиялық ерекшелігі — деңгейлерінің маусымдық және жылдық ауытқу мөлшерінің өте жоғары болуы. Шағын көлдер қуаң жылдары түгелдей тартылып, құрғап қала-



ды. Басты көл айдындары – Балқаш, Алакөл, Зайсан, Теңіз, Сілеті. Орта ендіктерде орналасуына байланысты Қазақстанда қоңыржай белдеудің табиғат зоналары таралған. Қиыр солтүстігінде орманды – дала зонасы қалыптасқан; бұл оңтүстікке қарай далаға, шөлейтке және шөлге ауысады. Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерін биік таулы аймақтар алып жатыр. Бұл өңірлердегі тау массивтері жер асты суы қорына бастау беретін ылғалдың қуатты конденсаторы болып есептелінеді. Қазақстан жер аумағының 3,3-інде орман. Ормандарда негізінен жапырақты және қылқан жапырақты ағаш алқабы басым өседі.

**Тапсырма.** Жаңа сөздерді және сөз тіркестерін есте сақтаңыздар.

**шұғыл континентті** – резко континентальный

**өзен торы** – речная сеть

**қиыр солтүстік** – крайний север

**қуатты конденсатор** – мощный конденсатор

**қуаң жыл (жер)** – засушливый год (засушливая земля)

**көл айдындары** – водоем озер

**Тапсырма.** Төмендегі сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздер келтіріңіздер.

Шөлді, шұғыл, жылы, орманды, салқын, сусыз шөл, ыстық, сулы, қоңыржай, сақтау, биік таулы аймақ, суық, құрғау, құмды.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақ тілінен орыс тіліне аударыңыздар.

1. Тау өзендері мен бұлақтарының суы өте салқын.
2. Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп келеді.
3. Арал теңізі жылдан жылға тартылып барады.
4. Арал теңізін жоғалту бүкіл аймақтың ауа райын мүлдем нашарлатады.
5. Қазақстанның солтүстік аудандарында қыста қатты суық болады.
6. Таудың ауа райы құбылмалы келеді.
7. Біз сіздің өлкеңізді, оның сұлу табиғатын, халқының қонақжайлығы мен адал ниетін еш уақытта ұмытпаймыз.
8. Біздің республикамызда табиғат қорғау бағытында көптеген шаралар жүргізілуде.

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті көмекші есімдерді қойып тапсырыңыздар.

1. Қазақстанның территориясы ... Волганың төменгі ағысынан шығысында Алтайға дейін 3000 шақырым созылып жатыр.
2. Қазақстан Республикасы Евразия материгінің ... орналасқан.
3. Қазақстанның жер ... әр алуан.
4. Қазақстанның ... бөлігін Сарыарқа алып жатыр.
5. Еліміздің ірі өзендерінің ... Тобыл мен Сырдария да бар.
6. Европа мен Азия елдері ... қарым-қатынас ерте заманнан Қазақстан жері арқылы еткен.
7. XIX ғасырдың ... мен XX ғасырдың ... Қазақстан фаунасын зерттеуге көңіл бөліне бастады.

**Керекті сөздер:** батысында, ортасында, беті, орталық, ішінде, арасында, аяғы, басында.

### Қазақстанның халқы

XIX ғасырдың аяғында Қазақстан территориясында халықтың этностық құрамы біркелкі болды. Олар негізінен қазақтар болатын. 1897 жылғы Бүкілроссиялық бірінші халық санағы бойынша Қазақстан халқының 4/5-і (бестен төрті) қазақтар болды. Бұл – халықтың 80%-ы еді. Осы кезде Россияда капитализмнің дамуына байланысты, қазақ ауылдарында бірте-бірте феодалдық қатынастар ыдырай бастады. Россияның орталығындағы жері аз губерниялардан, Волга бойынан, Украинадан, Орал мен Батыс Сібірден қоныс аударушылар Қазақстанға келе бастады. Қоныс аударушылар орыстар, украиндар, татар, мордва, чуваш, неміс, т.б. халықтар еді. Сөйтіп, Қазақстанда басқа ұлт өкілдері көбейе бастады.

1897 жылы санақ бойынша басқа ұлттар халықтың 12%-ы болды. Осылайша, республика халқы табиғи өсім және басқа жерден көшіп келген адамдар есебінен өсті.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында 1994 жылдың 1-қаңтарында 16 млн. 854 мың адам болды.

Өнеркәсіп күшті дамыған қалалар мен аудандарда халық тығыз орналасқан. Ал Қазақстанның батыс, орталық және оңтүстігіндегі шөл және шөлейт жерлерде, керісінше, халқы сирек қоныстанған. Бұл жерлерде халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы км-ге 2 адамнан келеді. Соңғы жылдары көші-қон осуде. Көші-қон республика ішінде де, алыс және жақын шет елдерде де жүріп жатыр.

(ҚСЭ, 6-том)

**Тапсырма.** Жаңа сөздерге және тіркестеріне көңіл аударыңыздар:

**этностық құрамы** — этнический состав  
**халық санағы бойынша** — по переписи населения  
**бірте-бірте ыдырау** — постепенный распад, распадаться  
**ұлт өкілдері** — представители национальностей  
**табиғи өсім** — естественный прирост  
**халықтың орташа тығыздығы** — средняя плотность населения  
**көші-қонның өсуі** — прирост миграции  
**алғашқы (соңғы) жылдары** — в первые (последние) годы  
**алыс және жақын шет елдер** — ближнее и дальнее зарубежье

**Тапсырма.** Сөйлемдерді қазақшадан орысшаға аударыңыздар.

1. 17 млн. халқы бар Қазақстан Республикасының ұлттық құрамы әр алуан.

2. Негізгі ұлт — қазақтардан басқа, орыстар, украин, белорус, неміс, өзбек, ұйғыр, татар, әзірбайжан, кәріс тағы басқа ұлттың өкілдері тіршілік етеді.

3. Қазақстан халқы арасында қарым-қатынас, достық жақсы дамып жатыр.

4. Республикада мемлекеттік тіл — қазақ тілі.

5. Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен бірдей қолданылады.

6. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін 100-ден астам мемлекет танып жатыр.

7. Алматыда — оңтүстік астанамызда 50 елдің елшілігі мен өкілдігі бар.

**Тапсырма.** Мына сөйлемдерге керекті сөздерді қолданыңыздар.

1. Біздің елімізде көптеген халықтардың ... тату-тәтті өмір сүреді.

2. Қазақстанның негізгі ... қазақтар.

3. Қазақстан жерін мекендейтін орыс, украин, белорус, өзбек, кәріс, ұйғыр т.б. ұлт өкілдері елімізді..., қорғайды, табиғатын ..., гүлдендіру үшін... .

**Керекті сөздер:** жақсы көру, халық, сақтау, өкілдері, еңбек ету, қызмет атқару.

### Қазақстанда облыстардың құрылу тарихынан

Қазақстанда облыстардың құрылуы — республиканың әкімшілік-территориялық құрылысында болған маңызды өзгеріс

болып табылады. Бұл өзгеріс не үшін қажет болды? Бірінші бесжылдық жылдарында Қазақстанның халық шаруашылығы жақсы табыстарға жетті. Осының нәтижесінде жаңа өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы орталықтары пайда болды. Жаңа жағдайда республика органдарының аудандарды басқаруының ескі формалары өмір талабына толық сай келмеді. Республика органдарының басшылығын аудандарға жақындататын құрылым қажет болды. Осыған байланысты, 1932 жылы 20 ақпанда Қазақ АССР-і Орталық Атқару Комитетінің сессиясы өтті. Осы сессияның шешімі бойынша Қазақстанда 6 облыс құрылды. Олар: Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Алматы облыстары.

Жаңадан құрылған бұл облыстар орта есеппен 17-20 әкімшілік ауданнан құралды. Қазақстанда облыстардың құрылуы аудандардың бұрынғыдан алға дамып, республика экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне жақсы мүмкіндіктер туғызды.

(ҚСЭ, 6 том)

### I. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыздар

**құрылу** — образоваться, образование

**құрылым** — структура

**болып табылу** — являться, считаться

**маңызды** — важный, значительный

**халық шаруашылығы** — народное хозяйство

**осының нәтижесінде** — в результате этого

**өмір талабы** — требование жизни

**талапқа сай (сәйкес) келу** — отвечать требованиям

**өркендеу** — процветать

**жағдай** — положение, условие

**мүмкіндік туғызу** — дать возможность

**шешім** — решение

### II. Сөз тіркестерін аударып, сөйлем ойлаңыздар.

Образование областей, административно-территориальное устройство, значительное изменение, старые формы руководства, расцвет культуры, хорошие возможности, требования жизни, отвечать всем требованиям, дать возможность, в новых условиях, в связи с этим, народное хозяйство, хорошие успехи, в годы первой пятилетки, добиться успехов.

### III. Сөз тіркестерімен сөйлемдер ойлаңыздар, аударыңыздар.

Сессия шешімі, қоғамның өркендеуі, өркениетті мемлекет, облыстардың құрылуы, жаңа жағдай, талапқа сай болу, жаңа өнеркәсіп, табыстарға жету, ауылшаруашылық орталықтары, маңызды өзгеріс, әкімшілік-территориялық құрылым, өмір талабы, алға даму, шешімге байланысты, басқару формалары, мүмкіндік туғызу.

#### IV. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстанда облыстардың құрылуы қандай жағдайда өтті?
2. Облыстардың құрылуы қандай шешім негізінде жүзеге асырылды?
3. Алғашқы құрылған облыстар қандай?
4. Қазіргі кездегі Қазақстанның әкімшілік-территориялық құрылымындағы өзгерістер туралы не ойлайсыз?

V. Сіз облыс (қала) әкімісіз. Басқарудың қандай формаларын қолданғыңыз келеді? Алыс аудандармен байланысыңыз қандай болмақ?

#### VI. Мақалдар бойынша өз пікіріңізді айтыңыз.

1. Өзін өзі білген ер бақытты,  
Өзін өзі билеген ел бақытты.
2. Халыққа қарсы жүру – ағысқа қарсы жүру.
3. Әркімнің өз жері – жұмақ.

### Алаштың Ақордалары – астаналары

Дербес қазақ хандығы XV ғасырда әз Жәнібектің ел билеуімен басталды. Ал XVII ғасырда Тәуке хан тұсында мемлекет ретінде толық танылып, астанасы Түркістан қаласы болған. Абылай хан дәуірінде үш жүздің басы түгел қосылып, тұтастық одан әрі нығайған.

Ежелгі аты Ясы болған Түркістан түрік тектес халықтардың қасиетті мекені. Оның екінші Мекке атануы да кездейсоқ емес. Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып Түрік мемлекетінің тануында бұл қаланың үлкен маңызы бар.

XX ғасырда кеңестік билік орнағанда, Түркістан кеңестік республикасы РСФСР-дің құрамына кірді. Қазақ хандығы Түркістан республикасының құрамына кірді. Қазақ хандығы Түркістан республикасының құрамдас бөлігі болды. Республика астанасы Ташкентке орнықты.

Кейіннен еліміз Қазақ АССР-і атанып бөлінді. 1920-1925 жылдары Орынбор қаласы астана болды. 1925 жылы әкімшілік орталық Орынбордан Ақмешітке көшірілді. Ақтың бояуы ұнамаған большевиктер Ақмешітті Қызылорда деп өзгертті. 1929 жылдан 1997 жылға дейін Республика астанасы Алматы болды. Үш ғасыр бойы бодандықта болған жұртымыз Алматыда өз тәуелсіздігін алды. Ата Заңын қабылдап, мемлекеттік рәміздерді белгіледі. 1994 жылы Республика Парламенті Қазақстан астанасын Ақмолаға көшіру туралы ұйғарым жасап, одан кейін Республика Президентінің “Қазақстан Республикасының астанасы туралы” Жарғысы шықты. Осы құжаттарға сәйкес 1997 жылдың 10-ші желтоқсанында Қазақстанның астанасы Ақмолаға көшірілді. Жаңа астананы дүние жүзіне таныстыру рәсімі 1998 жылдың 10-ы маусымында болды.

(“Ақиқат”)

#### I. Сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыздар.

Қазақ хандығы, дербес хандық, ел билеу, танылу, тану, танылған, тұтастық, нығаяу, нығайту, ежелгі ат, түрік тектес халықтар, қасиетті мекен, кездейсоқ, кеңестік билік, құрамдас бөлік, бөліну, бөлу, әкімшілік орталық, көшіру, көшірілу, өзгерту, өзгеру, бодан, бодандық, Ата Заң, мемлекеттік рәміз, ұйғарым жасау, ұйғару, Жарлық, дүние жүзі, таныстыру рәсімі.

#### II. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақ елінің тарихындағы астаналар туралы не білесіз?
2. Астаналарды көшіру себебі неде деп ойлайсыз?
3. Сіздіңше, астана болудың қандай шарттары бар?
4. Сіздің астанада тұрғыңыз келе ме? Неге?
5. Сіз астана әкімі болсаңыз, тұрғындар үшін не істер едіңіз?

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік рәміздері

### Қазақстан Республикасының Конституциясы 9-бап (үзінді)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы” 1996 жылғы қаңтардың 24-індегі Жарлығынан:



**4-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының негізіне шаңырақ алынған. Ол елтаңбаның жүрегі іспеттес.

Шаңырақ әлемнің біртұтастығын, мемлекеттің бастауы — отбасы ошағын бейнелейді. Қанатты пырақ — мәңгілік өмір, шексіз даму және Қазақстан секілді бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан халықтардың рухани байлағының белгісі. Қанатты пырақ — болашаққа үміт артар жас ұрпақтың арманы, самғау биігі.

Елтаңба төбесінде бес бұрышты жұлдыз бар. Әр адамның өмірінде жол көрсетер өз жұлдызы болады. Мемлекеттің де осындай жұлдызы болуы керек.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары — сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.

### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Ту — ортасында шұғылалы алтын күн астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолағы бар көгілдір түсті мата.

Тудың біркелкі көгілдір түсі бірігу идеясын білдірумен қатар, әрқашанда бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі саналатын бұлтсыз ашық аспанды еске салады. Геральдика тілінде көк түс пен оның реңктері адам бойындағы адалдық, тазалық, үміт сияқты қасиеттеріне сәйкес келеді. Шұғылалы алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелесе, дала бүркіті — қазақстандықтар ұғымында — дарқандық пен қырағылық, биіктік белгісі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков.

### Сөздер және сөз тіркестері

елтаңба — герб

іспеттес, сияқты — подобный

қанатты пырақ — скакун (мифич.)

мәңгілік — бессмертие

шексіз даму — бесконечное развитие

рухани байлық — духовное богатство

самғау биігі — здесь: мечта

жол көрсетер жұлдыз — путеводная звезда

шұғылалы алтын күн — золотое солнце, купающееся в своих

лучах

қалықтап ұшқан қыран — парящий орел

бейне — образ

бейнелі — образный

күн бейнелі — как солнце

бейнелеу — изобразить

сабының тұсында — вдоль древка

өрнекті нақыштау — орнаментное украшение

тік жолағы — прямые полосы

бірігу идеясы — идея единения

бейбіт — мирный

бейбітшілік — мир

жарқын болашақ — светлое будущее

еске салу — напоминать

көк түс пен оның реңктері — синий цвет и его оттенки

адалдық және тазалық — честность и верность

дарқандық пен қырағылық — щедрость и зоркость

**Тапсырма.** Мәтіндерге сұрақтар қойып мазмұнын айтыңыздар. Түркі тілдес елдердің елтаңбасы туралы пікір алысыңыздар.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Подобный сердцу герба, крылатый скакун, духовное богатство, вера в будущее, светлая мечта, образ казахского народа, путеводная звезда, золотое солнце, крылатый скакун, знак верности и надежд, щедрость и зоркость, орнаментное украшение, честность и верность.

### Ұлттық теңгеміз туралы

Әрбір елдің тағдырында үлкен тарих, шежіре жатыр. Ал біздің еліміз үшін ХХ ғасырдың маңызы зор. Себебі, еліміз тәуелсіздік алып, сол тәуелсіздіктің белгілеріне ие болдық. Біздің ұлттық бейнемізді, болмысымызды, тарихымызды көрсететін рәміздеріміз бар. Елтаңба, Әнұран және Туымызбен бірге тағы бір белгі — ұлттық теңгеміз бар. Ұлттық теңге 1993 жылы 15 қарашада дүниеге келді.

Теңгенің авторы болу бақыты қылқалам шеберлері Қайролла Ғабжалилов пен Мендібай Әлиннің үлесіне тиді. Олар Ұлыбританияның дымқыл ауасын жұтып, үлкен еңбектерінің нәтижесін елге жеткізді.

Адамдардың ішкі сырын білуге болады, ал теңгедегі 16-ға жуық құпия белгіні үкінің көзімен қарасаңыз да, байқай алмайсыз. Қазақстан теңгесі қазіргі ақша жасау технологиясының соңғы жетістіктеріне сүйеніп жасалған.

Біз мемлекеттік рәміздерді және ұлттық теңгемізді құрметтейміз. Себебі, теңге — тәуелсіздіктің үлкен бір белгісі, әрі халық үшін XX-шы ғасырдағы үлкен жетістік.

(М. Тазабеков. “Егемен Қазақстан”)



Қазақстанның ұлттық валютасы — теңге — 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді.

Инфляцияның алғашқы сынағынан сүрінбей өткен жаңа ақша — теңге — ел ішінде беделге ие болып келеді.

**Тапсырма.** Суретте бейнеленген адамдар туралы не білесіз? Есіңізге түсіріңіз.

**Тапсырма.** Төмендегі сөйлемдердегі жаңа сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударыңыздар.

1. Тіл тағдыры — ел тағдыры. 2. Ел тағдырында үлкен шежіре бар. 3. Қазір XX-шы ғасырдың соңғы онжылдығы. 4. Елтаңба, Әнұран, Ту — тәуелсіздік белгілері. 5. Ұлттық рәміздер халықтың тарихы мен болмысы туралы айтады. 6. Біз құпия құжатпен таныстық. 7. Үкінің көзі өткір. 8. Сіз мына жазуды байқамадыңыз ба? 9. Ғарышты игеру — XX-ші ғасырдың үлкен жетістігі.

**1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Еліміз тәуелсіздікті қашан алды?
2. Тәуелсіздік халыққа не берді? Сіз нені күтесіз?
3. Тәуелсіздіктің қандай белгілерін білесіз?
4. Теңгенің туған күні қашан? Авторлары кімдер?
5. Теңгенің тұрақты болуы неге байланысты деп ойлайсыз?
6. Теңгеде бейнеленген адамдар туралы не білесіз?
2. Төмендегі мақалды қалай түсінесіз? Көршіңізбен пікірлесіңіз. “Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын”.

### Қазақстан Республикасының Конституциясынан: Білім беру жүйесі 30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет — білім берудің жалпыға міндетті қалыптарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі сол қалыптарға сай болуы керек.

### Жаңа сөздер:

тегін — бесплатное

міндетті — обязательное

жекеменшік оқу орындары — частные учебные заведения

ақылы білім — платное образование

кез келген — любой

...жалпыға міндетті қалыптарын белгілейді — устанавливает общеобязательные стандарты образования

**Тапсырма.** Баптың мазмұнын айтыңыз.

**Тапсырма.** Аударыңыз және сөйлемдер құраңыздар:

бесплатное образование, получение платного образования, учиться в частном заведении, поступать в любой вуз, получить среднее образование, поступить в институт на конкурсной основе.

### Қазақстандағы білім беру жүйесі

Республиканың білім беру жүйесі өзара тығыз байланысты бірнеше баспалдақтардан тұрады: балабақша, жалпы білім беретін мектеп, кәсіби-техникалық училище, арнаулы орта және жоғары орындары, мектептен тыс мекемелер, дипломнан кейінгі білім (аспирантура, докторантура), әр түрлі мамандық бойынша жетілдіру курстары.

Жалпы білім беретін мектеп үш сатылы: бастауыш (1-4 сынып), толық емес орта (5-9 сынып) және толық орта (10-11 сынып).

Бірінші және екінші сатылы білім міндетті. Ал үшінші сатыны жалпы білім беретін күндізгі немесе кешкі мектептерде, кәсіби-техникалық, арнаулы орта білім беретін оқу орындарында жалғастыруға болады. Орта білім алудың қазіргі кезде жаңа түрлері: белгілі бір пәнді тереңдетіп оқытатын мектептер, гимназия, лицейлер, жеке меншік мектептер көптеп пайда болуда.

Республикада 249 арнаулы орта білім беретін оқу орындары бар, онда 200 мың оқушы оқиды.

Ал жоғары білім беру жүйесінде 100 шақты мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орны тіркелген. Олардың ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетін, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін, Қазақтың Мемлекеттік Басқару Академиясын, Әлем тілдері университетін ерекше атауға болады.

**Тапсырма.** Қазақстандағы білім беру жүйесі туралы пікір алысыңыздар.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударыңыздар және сөйлемдер құрастырыңыздар:

курсы повышения квалификации, вечерняя школа, частная школа, специальное среднее учебное заведение, школа с углубленным изучением предмета, трехступенчатая общеобразовательная школа, продолжать учебу, Государственный университет им. Абая, Казахская Государственная академия управления.

**Тапсырма.** “Оқуға кештік жоқ”, “Білім – қуат”. Осы мақалдар бойынша сөйлесіңіздер.

### Қазақстандағы жеке білім беру туралы

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру реформасы ескі мектеп жүйесінің бұзылуынан емес, мемлекеттік емес оқу орындарының жаппай өркен жаюынан (дамуынан) басталды. Бұл мәселеге Республикамыздың Конституциясы, жоғары білім беру туралы Заң және мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы Тұжырымдамасы себепкер болды. Бұл құжаттар жеке білім беру жүйесін құру және дамыту үшін заңды негіз болды.

Кейбір жоғары оқу орындарын жекеге ауыстыру және мемлекеттік емес жаңа жоғары оқу орындарын қалыптастыру жоғары мектепті басқарудың құрылымын өзгертіп, білім беру процесін толығымен жаңартуға мүмкіндік берді.

Жеке ЖОО мемлекеттік қолдауға, жоғары білікті мамандарға, педагогикалық элитаға мұқтаж (зәру).

Жоғары білім берудің болашағы – мемлекеттік емес жеке мекемелер. Бұған олардың қызметтерінің аздаған тәжірибесі куә. Біздің республикамызда, 50-ге жуық жеке ЖОО бар. Онда 15 мыңнан астам студенттер оқиды.

Жеке ЖОО артықшылығы – пәндер мен оқу тәртібінің жүйесі еркін таңдалынады. Жеке ЖОО-ның даусыз жетістігі – оқытушылардың оқыту жүйесіндегі еркіндігі, яғни студенттер қажет деп тапқан пәндерді оқыту.

Айтылғандарды қорыта келіп, мынадай түйін жасауға болады: жеке мемлекеттік емес ЖОО – нарықтың талаптарына жауап беретін жаңа құрылым. Сондықтан да ол қазіргі кезде басты мәселе болып есептеледі.

### Жаңа сөздер

жаппай өркен жаюы – развитие широкой сети

жеке білім беру – частное образование

жоғары білім беру реформасы – реформа высшего образования

мемлекеттік емес оқу орындары – негосударственные учебные заведения

тұжырымдама – концепция

заңды негіз – юридическая база

мемлекеттік қолдау – государственная поддержка

жоғары білікті мамандар – кадры высшей квалификации

мұқтаж (зәру) — нехватка  
даусыз жетістігі — бесспорное преимущество  
түйін жасауға болады — сделать вывод  
жаңа құрылым — новая структура

**Тапсырма.** Мәтін бойынша пікір алысыңыздар.

**Тапсырма.** “Білім алуға жұмсалған ақша — сақталған ақша”. Ойларыңызды айтыңыздар.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Жоғары білкті мамандар ...
2. Қазіргі кезде басты мәселе ...
3. Жоғары оқу орындары ...
4. Біздің республикамызда ...
5. Жоғары білім берудің болашағы ...
6. Білім беру процесін ...
7. Республикамыздың Конституциясында ...

### Оқу-ағарту ісі тарихынан

Халыққа білім беру жүйесі қай кезеңде және қай түрде болма-сын қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерімен байланысты дамиды.

Ресейге қосылғанға дейінгі дәуірде Қазақстанда ағарту ісінің белгілі жүйесі болмады. Әлеуметтік-экономикалық құрылыстың артта қалуы, көшпелі өмір, патриархалды тұрмыс білімнің дамуына кедергі жасады. Бұхара, Қазан, Самарқан, Уфа т.б. мұсылман ағарту орталықтарының діни мектептері және медреселерінде бай, феодалдар балалары ғана оқып білім алды.

Қазақстанның Ресейге қосылуы патриархалды-рулық қатынастардың ыдырауына, экономика мен мәдениеттің дамуына игі ықпалын тигізді. XVIII ғасырдың аяғында Омбыда (1786) және Орынборда (1789) тілмаштар даярлайтын мектептер ашылды, бай, феодалдардың балалары Кадет корпустарына қабылдана бастады.

1870 жылы 26 наурызда Оқу министрлігі Ресейдегі орыс емес халықтарды оқыту жөнінде қарар қабылдады. Қазақстан жерінде ашылған мектептер әр түрлі типте болды: мектеп-интернаттар, 1-2 кластық орыс-қазақ училищелері, орыс-қазақ мектептері, старшин және учаске мектептері. Осылармен қатар Қазақстан жерінде медреселер, кейін жаңа әдіспен оқытатын мектептер де жұмыс істеді. Бірақ патша өкіметі Қазақстанда оқу-ағарту ісінің халықтың талабына сай дамуына жол бермеді. Соның нәтижесінде 1911

жылы Қазақстанда 350 ғана орыс-қазақ училищесі жұмыс істеді, онда 6.756 қазақ баласы, оның ішінде 289 қыз бала оқыды.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарамастан халықтың оқуға, білімге деген құштарлығына байланысты Қазақстанда оқу-ағарту ісі баяу болса да дамыды. 1916 жылы училищелердің саны 600-ге жетті, оларда 19 мың бала оқыды. Мектеп жүйесін қалыптастырған қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин, алдыңғы қатарлы мұғалімдер С. Көбеев, ағайынды Ахмет және Әбіғали Балғынбаевтар, С. Мендешев, Е. Бабин, т.б. жастарға білім беруде зор еңбек сіңірді. Орыс-қазақ мектептерінің саны аз болса да, қазақ халқы мәдениетінің және оқу-ағарту ісінің дамуында айтарлықтай рөлі болды. Болашақ дәрігерлер, мұғалімдер, жазушылар, жалпы алғашқы қазақ зиялылары осы мектептерде білім алды.

### Жаңа сөздер

оқу-ағарту ісі, ағартушылық — просвещение  
ағартушы — просветитель  
ағарту орталықтары — центры просвещения  
жаңашыл — новатор  
халыққа білім беру жүйесі — система народного образования  
көшпелі өмір — кочевая жизнь  
патриархалды тұрмыс — патриархальный уклад жизни  
кедергі жасау — препятствовать  
діни мектеп — религиозная школа  
ыдырау — распад  
тілмаш — переводчик  
әдіс — метод  
отаршылық саясат — колониальная политика

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударыңыздар және сөйлемдер құрастырыңыздар:

Система народного образования, колониальная политика, казахская интеллигенция, патриархально-родовые отношения, высоко оценивать, передовые учителя, социально-экономические потребности, кочевая жизнь, препятствовать развитию образования.

**Тапсырма.** Қазіргі діни мектептің ертедегі діни мектептен қандай айырмашылығы бар? Сол туралы сөйлесіңіздер.

**Тапсырма.** Ыбырай Алтынсарин — алғашқы қазақ ағартушысы деп атайды. Бұл немен байланысты деп ойлайсыз?

**Тапсырма.** Қандай ағартушылардың есімін білесіздер? Солар туралы әңгімелесіңіздер.

## МУЗЫКА ӨНЕРІ

### Қазақ музыкасы – өмір айнасы

Музыка – гректің “мусике” – музалар өнері деген сөзі. Музыка адамзат тарихында қоғамдық, мәдени тәрбиелік және ұйымдастырушылық рөл атқарады. Адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейді. Қазақтың ұлттық музыкасы – халық өмірінің айнасы. Ол ғасырлар бойы қалыптасты. Әбу Насыр Әл-Фараби (10-11 ғ.) “Музыканың ұлы кітабы” деген трактат жазды. Одан бұрынғы “Қорқыт” (8 ғ.), одан кейінгі Қазтуған мен Асан Қайғы (15 ғ.) – қазақтың көне музыка өнерінің өкілдері.

Халық ән-күй арқылы эпикалық аңыздар мен тарихи оқиғалар, даналық ойларды бейнеледі. Ауыл ақсақалы елге әнмен бата берді, ақсақалдар кеңесі ән немесе күймен ашылды. Жақсылық хабарларды терме түрінде жырлау, үйлену тойында, қыз ұзату, жастар сауық кештері, салтанаттарында ән айту және күй тарту дәстүрі бар. Бесік жыры, балалар әндері айтылды. Өлген адамға әнмен жоқтау арналады.

Біржан, Ақан, Жаяу, Мұса, Құрманғазы, Абай, Дина сияқты халық композиторлары өздерінің күйлері мен әндерінде халық өмірін суреттеді. Әнші-композитор, күйші-композитор ән мен күй шығарды. Орындаушылар жырау, жыршы, әнші, күйші, сайқымазақ, сері, сал деп аталды.

Қазақтың 50-ден астам музыка аспабы болған. Оның ішінде шертер, сазсырнай, шаңқобыз, даңғыра, асатаяқ бар, ең көп тарағаны домбыра, қылқобыз, сыбызғы, сырнай аспаптары.

Қазақ музыка мәдениетінің өсіп дамуына күш жұмсаған академик Ахмет Жұбанов, композиторлар Мұқан Төлебаев, Ғазиза Жұбанова, Латиф Хамиди. Әншілер: Күләш Байсейтова, Роза Бағланова, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев т.б.

Қазақ опералары, симфониялары, күйлері мен әндері дамыды. Қазақтың опера және балет театры, Қазақ филармониясы, Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі, симфония оркестрі, Қазақтың хор капелласы, Қазақ республикалық ән-би ансамблі, көптеген эстрадалық оркестрлер және ансамбльдер бар.

(“Ана тілі”)

## Жаңа сөздер

ерік күші – сила воли  
сезім – чувство  
бата беру – благословлять  
қалыптасу – становиться, формироваться, закрепиться  
қыз ұзату – проводы невесты  
жастар сауық кеші – молодежный вечер  
бесік жыры – колыбельная  
жоқтау – поминальный плач  
сайқымазақ – шут

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Музыка сөзінің төркіні қайдан шыққан?
2. Музыканың өмірдегі рөлі қандай?
3. Қазақтың ұлттық музыкасының арғы аталары кімдер?
4. Халық музыкасының қандай жанрлары болған?
5. Қандай халық композиторларын білесіз?
6. Қазақтың қандай музыка аспаптары болған? Оларды атаңыз.
7. Қай композиторлар, әншілер қазақ музыка мәдениетінің өсіп дамуына күш жұмсаған?
8. Қазақстанның музыка ұжымдарын атаңыз.

## Жетігеннің 7 әуені

...Ертеде өмір сүрген бір шалдың 7 ұлы болыпты. Бір жылғы жұтта әлгі шалдың қолындағы бар малы қырылады. Суық үйдің берекесі кетеді. Киіз үйдің шаңырағына бақытсыздық орнап, 7 ұлы бірінен соң бірі өледі. Өлгеннің артынан жоқтау айтып, ас беруге еш қаражаты, лажы жоқ шал кепкен ағаштан ойып “Жетіген” жасапты.

Үлкен ұлы өлгенде оған бір ішек тағып, тиек орнатады. “Қарағым” деп атап, жоқтау күйін тартады.

Екінші ұлы өлгенде екінші ішек тағып “Қанат сынар” күйін орындайды.

“Жұт 7 ағайынды” дегендей ұлдары бірінен соң бірі өлген шал бір-бір ішектен таға отырып, “От сөнер”, “Бақыт қошті”, “Күн тұтылды”, “7 баламнан айрылып құса болдым” деген жаңа күйлер шығарыпты. Сөйтіп “Жетігенге” 7 ішек пайда болыпты дейді...

(Б. Сарыбаев)

**Тапсырма.** 1. Сұрақтар қойыңыздар, пікір алысыңыздар. 2. “Жұт 7 ағайынды” дегенді қалай түсінесіздер?

## ТЕАТР ӨНЕРІ

### Қазақ драмасының діңгегі

Қазақ драмасының діңгегі не? Ол — қазақ өнерінің қара шаңырағы Әуезов театры. Қазақ драмасының діңгегі кім? Ол — қазақ әдебиетінің классигі, ұлы жазушы, сонымен қатар ұлы драматург Мұхтар Әуезов. Бір-бірінен ажырамайтын ұлы ұғымдар, бірі — сұлулықтың шырағы, бірі — ұлылықтың пырағы.

Әуезовтің аты театрмен 1926 жылдан байланысты. Осы жылы театрдың шымылдығын М. Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасы ашты. М. Әуезов халықтың жар-жар, беташар, айтыстарының француздың күлкілі ойындарынан да, немістің халық әңгімелерінен де, итальянның маскалы комедияларынан да кем емес екендігі туралы айтты.

“Әр халықтың өз театры болуы керек!” деп нық тұжырымдады және осы өнердің өркен жайып, өріс алып кетуі үшін аянбай маңдай тер төкті. М. Әуезов — қазақ драматургиясының негізін салған және оның теориясын бекіткен ғалым. Қазақ театрының іргетасын қаласқан және оның өсуіне өзінің өнімді де озық драмалық дүниелерімен өлшеусіз үлес қосқан ірі өнер қайраткері!

(“Алматы ақшамы”)

### Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қазақ драмасының діңгегі не?
2. Қазақ драмасының діңгегі кім?
3. Театр шымылдығы қашан ашылды?
4. М. Әуезовті неліктен қазақ драматургиясының негізін салушы деп атайды?
5. М. Әуезовтің қандай драматургиялық шығармаларын білесіз?
6. Сіз М. Әуезов атындағы драма театрында болдыңыз ба?
7. Көрген спектакліңіз туралы әңгімелеңіз.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем ойлаңыздар.

Қазақ өнері, өнердің қара шаңырағы, қазақ әдебиеті, сұлулықтың пырағы, ұлылықтың пырағы, театр шымылдығы, өнердің өркен жаюы, маңдай тер төгу, негізін салушы, іргетасты қалау, өлшеусіз үлес қосу, өнер қайраткері, театр сахнасы, есімі берілді.

**Тапсырма.** Театрда соңғы рет болғаныңыз туралы көршіңізбен пікірлесіңіз.

Сүйікті актеріңіз туралы айтыңыз.

## КИНО ӨНЕРІ

### Кино өнері туралы

**Кино өнері** — өнердің бір түрі, әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнері мен музыканың көркемдік қасиеттерін өзінің ерекшелігіне орай пайдаланатын синтезді өнер. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы творчество қызметкерлері: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор қатысады. Сондай-ақ фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар, лаборанттар мен жұмысшылар үлес қосады, алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады. Кино өнері — өзіне тән мәнерлеу амалдары, көркемдеу тәсілдері, эстетикалық заңдары мен шығармашылық дәстүрлері бар дара өнер. Көріністі әр тұстан қамти бейнелеу, адам өмірі мен табиғат құбылыстарын нанымды көрсете алу, сондай-ақ кадрларды үйлестіре құрау тәсілінің тиімділігі кино өнерінің ақпараттық мүмкіндігін кеңейте түсуде. Фильмді бірден миллиондаған адамдар көреді. Көрермендер білімін толықтырып, эстетикалық ләззат алады, тәлім-тәрбие — жақсыдан өнеге, жаманнан сабақ алады.

Кино өнері негізінен төрт салаға бөлінеді: *көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық кино және ғылыми-көпшілік кинематография*. Көркем фильм жазушының өмір шындығынан алып жазылған сценарийі бойынша актерлердің қатысуымен жасалатын шығарма. *Деректі фильмге* мәні зор оқиғаларды деректі түрде бейнелейтін фильмдер мен киножурналдар жатады. *Мультипликациялық кино* суреттер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып, фильм жасауды көздейді. *Ғылыми-көпшілік кинематография* — жаратылыс пен қоғам құбылыстарын ұғындыратын және ғылыми жаңалықтармен, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы.

Кино өнерінің даму жолы шартты түрде төрт кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңі — тұңғыш киноның шығу жылы (1895 ж. ағайынды Л. және О. Люмьерлер ойлап тапқан) мен 1914-1918 жылдар арасын қамтиды. Осы кезеңнің өзінде-ақ кинематография дүние жүзінің көп елдеріне тарады. Ол “жанды фотография”, техникалық аттракцион түрінде пайда болып, көп ұзамай-ақ *көркем*,

*хроникалық және ғылыми-көпшілік кинематографиясы* болып үшке бөлінді.

Кино өнерінің дамуының екінші кезеңі — 20-шы жылдар. Бұл дыбыссыз “мылқау” киноның өз алдына өнер болып қалыптасқан кезеңі.

Үшінші кезең 30-40 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде кино-пленкаға дыбыс жазу техникасы меңгерілді. Кинодраматургия қауырт өркендеді. Дыбысты киноның пайда болуы актерлердің шығармашылығына кең жол ашты. Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін кино өнерінде жаңа кезең басталды. Бұл жылдары кинотехниканың жетіле түсуімен қатар, кино өнеріндегі көркемдік тәсілдер де молайды. Түрлі-түсті фильм түсіру жүзеге асырылды. АҚШ-та, кейін басқа елдерде кең экранды, панорамалы фильмдер пайда болды. Дыбыс жазу сапасы артып, кең экранды фильмдерде стереодыбыс қолданылды. Стереokino жасау саласында ізденістер жүргізілді.

Қазақ жерінде алғашқы хроникалық фильмдер 1928 жылдан түсіріле бастады. Сол жылы РСФСР Халық Комиссарлары Советі жанынан “Востокфильм” киноқоғамы құрылды. 1929 жылы Алматыда қоғамның өндірістік бөлімі ашылды да, ол Қазақстанның өмір-тұрмысы туралы “Соңғы хабар” аты киножурнал шығарып тұрды. Режиссер В.А. Турин Түркістан-Сібір теміржол магистралі жайлы “Турксиб” атты деректі фильм қойды. 1930-32 жылдары қазақ өмірінен “Дала әндері”, “Жұт”, “Қаратау қазынасы” фильмдері қойылды. 1934 жылы Алматыда “Советтік Қазақстан” киножурналын үзбей шығарып тұратын республикалық кинохроника студиясы құрылды. Осыдан кейін қазақ киносы жаңа өркендеу жолына түсті. “Ленфильм” студиясы қазақтың алғашқы кино қайраткерлерінің қатысуымен тұңғыш көркем “Аманкелді” фильмін (1938 ж.) жасады. Қазақтың көркем фильмінің туу тарихы осы фильмнен басталады. Ұлы Отан соғысы жылдарында “Ленфильм” киностудиясы, “Мосфильм” киностудиясының Алматыда болуы қазақ киносының одан әрі дамуына игі әсерін тигізді. Бұл студиялар Алматыда өзара бірлесіп ЦОКС деген атпен өз қызметін бастады. Мұнда “Антоша Рыбкин”, “Жауынгер ұлы”, “Райком секретары”, “Котовский”, “Отан үшін”, “Актриса”, “Иван Грозный”, “Ол Отанын қорғайды” т.б. фильмдер түсірілді.

1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдастырылды. Ол техникалық-өндірістік базасы жағы-

нан ұлғайып, 1944 жылы Алматының көркем және деректі-хроникалық фильмдер студиясы (1960 жылдан “Қазақфильм”) деп аталды. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап, 1975 жылдарға дейін 100-ден астам көркем фильм және 500-ге жуық деректі фильм шығарды. Бұл фильмдер тақырыбы мен жанры жағынан әр алуан.

### **Сұрақтарға жауап беріңіздер**

1. Кино өнері қандай өнер?
2. Фильмді кімдер жасайды?
3. Кино адамға не береді?
4. Кино өнерінің қандай салалары бар?
5. Кино өнерінің дамуы неше кезеңге бөлінеді?
6. Қазақ жеріндегі алғашқы фильм туралы не айтасыз?

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем ойлаңыздар.

Кино өнері, бейнелеу өнері, өзінің ерекшелігі, фильмді жасау, әр алуан мамандық, үлес қосу, көркемдеу тәсілдері, дара өнер, адам өмірі, табиғат құбылыстары, шығармашылық, мүмкіндік, кеңейте түсу, білімді толықтыру, ләззат алу, жақсыдан өнеге алу, жаманнан сабақ алу, төрт сала, өмір шындығы, деректі фильм, ғылыми-көпшілік фильм, ғылым жаңалықтары, даму жолы, шартты түрде, кезеңге бөліну, алғашқы кезең, тұңғыш кино, дыбыс жазу, кең жол ашу, жүзеге асыру, өз қызметін бастау.

### **Бір-біріңізбен пікір алысыңыздар**

1. Сүйікті фильміңіз туралы әңгімелеңіз.
2. Сүйікті актерлеріңіздің өнері туралы айтыңыз.

### **Асанәлі Әшімов (08.05.1937)**

Актер, режиссер, Қазақстанның халық әртісі, КСРО халық әртісі Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жайылма ауылында дүниеге келді. Ол 1961 жылы Алматы консерваториясын бітірген.

Асанәлі Әшімов студент кезінде әртүрлі фильмдерде ойнаған: олар Кенжетай (“Ботагөз”), Жанай (“Асау Ертіс жағасында”), Бектасов (“Бір ауданда”), Болат (“Ұшы қиырсыз жол”) рольдері.

Ол консерваторияның актерлік факультетін бітірген соң “Қазақфильм” киностудиясында Мұрат (“Менің ұлым”), Ескендір (“Торап”), Тұрар (“Тұлпардың ізі”) сияқты әр алуан бейнелер жасады. Асанәлі Әшімов 1964 жылы Қазақ академиялық драма театрына шақырылып, 1987-1988 жылдары осы театрдың көркемдік жағын

басқарды. Театрда Серке Қожамқұлов, Сәбира Майқанова, Шәкен Айманов, Хадиша Бөкеева, Қ. Қармысов сынды өнер тарландарының шеберлік мектебінен тәлім алды.

Асанәлінің театрдағы тұңғыш рөлі М. Әуезов пен Л. Соболевтің “Абай” спектакліндегі – Айдар рөлі. Содан кейін Кебек (“Еңлік-Кебек”), Шуақ (“Қарақышпақ Қобыланды”), Қозы, Қодар (Ғ. Мүсіреповтің “Қозы-Көрпеш-Баян сұлу”) сияқты әр түрлі қоғамдағы әр қилы мінезді бейнелерді сомдады.

Бұлардың бәрі махаббат пен терең сезімнің ұштасуынан туған тосын образдар ретінде қазақ сахна өнерінің тарихында қалды.

Сонымен қатар Асанәлі Әшімов – қазақ киносын әлемдік деңгейге көтерген актер. Оның кинодағы Бекежан (“Қыз-Жібек”), Шадияров (“Атаманның ақыры”), Қасымханов (“Транссібір экспресі”) рөлдері нағыз актерлік шеберліктің үлгісі іспетті.

Театр және кино актері Асанәлі Әшімов режиссер ретінде кең танылды. Атап айтсақ, ол сахналаған Н. Гогольдің “Ревизоры”, өзі Дуанбасының рөлін ойнады, Мүсіреповтің “Амангелді”, И. Оразбаевтың “Мен ішпеген у бар ма?” спектакльдері мен Цой Гук Инмен түсірген “Жылан жылы” фильмі, “Шоқан Уәлиханов” 4 сериялы телефильмі, “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” фильмі Әшімовтің режиссерлік шығармашылығының кең ауқымын көрсетеді.

1979-1982 жылдары педагогикалық қызметпен шұғылданды. Ол 1990 жылдан “Елім-ай” киностудиясының президенті.

2000 жылдан бастап өткізілетін “Жыл таңдауы” – жылдың үздік адамдарын іріктеу фестивалінің 2001 жылғы “Алтын адам” символдық мүсін белгісінің иегері болды.

(“Ұлттық энциклопедиядан”)

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Асанәлі Әшімов кім?
2. Әшімовтің актерлік жолы қай жылы басталды?
3. Консерваторияны бітірген соң, ол қайда қызмет етті?
4. Театрда ол кім сынды өнер тарландарының шеберлік мектебінен тәлім алды?
5. Асанәлінің театрдағы тұңғыш рөлі қандай болды?
6. Ол театрда қандай бейнелерді сомдады?
7. Асанәлі Әшімов қазақ киносына қандай үлес қосты?
8. Асанәлі Әшімовтің шығармашылығы қалай бағаланды?

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

остаться в истории сценического искусства, школа мастерства, после окончания актерского факультета, приз фестиваля, глубокое чувство, мастерство актера, режиссерское творчество, сыграть роль, первая роль, художественная часть, человек года, отборочный фестиваль, символическая статуетка, обладатель приза.

**Тапсырма.** “Актер, театр” деген сөздермен сөз тіркестерін атаңыздар.

**Тапсырма.** Берілген жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құрастырыңыздар.

1. 1961 жылы Алматыда консерватория бітірді.
2. Театрда Абай рөлін ойнады.
3. Ол педагогикалық қызметпен шұғылданды.
4. Кинофестиваль дипломына ие болды.
5. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алды.
6. Театрдың көркемдік жағын басқарды.
7. Дуанбасының рөлін ойнады.
8. 4 сериялық телефильмде Шыңғыстың рөлін ойнады.

**Тапсырма.** Асанәлі Әшімов ойнаған бір фильм туралы пікір алысыңыз.

**Тапсырма.** Асанәлі Әшімов қойған фильмдер туралы әңгіме құрастырыңыздар.

**Тапсырма.** “Қыз-Жібек” фильміндегі Бекежан бейнесін суреттеңіздер.

### Жаңа қазақ киносы

Қазақтың жаңа толқынының феномені 80-жылдардың соңында дәстүрлі қазақ киносына күтпеген құбылыс болып енді. Рашид Нұғмановтың “Ине” және Серік Апырымовтың “Соңғы аялдама” фильмдері осы толқынның басы болып есептеледі. Алғашқы аталған фильм Қазақстанның қалалық өмірін әңгімелейді. Бірінші фильм жаңарудан кейінгі уақытты көрсетсе, екіншісі – қазіргі ақиқат өмірдің көрінісін баяндайды. Бұл екі режиссер де ВГИК-тің актерлік факультетінің студенттері, жетекшілері – Сергей Соловьев, Ресейдің белгілі кинорежиссері. Олар өздерінің дипломдарын алғанға дейін-ақ, алғашқы толықметражды фильмдерін түсіріп үлгерді. Олардың осы еңбектері халықаралық сенімге ие болды.



Бұдан кейінгі жас кинорежиссерлер қазақ киносында әйгілі болды. Олар да Соловьевтің студенттері болып есептеледі. Олар жаңа қазақ толқынының негізін салды. Жас режиссерлердің алғашқы қадамдары қазақ кинематографиясына абырой алып келді. Әмір Қарақұловтың “Ағайынды екі жігіттің арасындағы әйел” фильмі Венеция фестивалінде ерекше ықылас тудырды, Ардақ Әмірқұловтың “Отырардың күйреуі” – Монреальда, Дәрежан Әмірбаевтың “Қайрат” – Локарнода, Абай Қарпықовтың “Воздушный поцелуй” фильмдері 1991 жылы ТМД фильмдерінің стилі жағынан ең үздік фильм болып есептеледі.

Жаңа қазақ киносының дамуы тек қана Сергей Соловьевтің актерлік студиясы түлектерінің арқасында ғана емес, сонымен бірге жас режиссерлердің кинематограф тілін жаңаша түсінуімен де байланысты болды.

Қазақ зиялыларының өмірдегі ізденістерін бейнелейтін фильмдер де дүниеге келді. Бұл тарихи фильмдер: Ардақ Әмірқұловтың “Отырардың күйреуі”, Дәмір Манабаевтың “Сұржекей – ажал періштесі”, Болат Ысқақов пен Болат Қалымбетовтың “Соңғы суық күндер”, Сламбек Таукеловтың “Батыр Баян”; философиялық фильмдер, мысалы Аманжол Айтуаровтың “Прикосновение”, Ермек Шынарбаевтың “Кек”; Қазақстанның қазіргі өмірі жайлы, мысалы, Серік Апырымовтың “Жас жігіттің күнделігі”, Болат Қалымбетовтың “Айналайын”, Александр Баранов пен Болат Келибаевтың “Трое” және “Женщина дня”, Талғат Теменовтің “Махаббат бекеті”, Тимур Сүлейменовтің “Саяхаттаушы”; саяси фильмдер – Қалықбек Салықовтың “Желтоқсанның ашыналары”, Талғат Теменовтің “Қызғыш құс” фильмі және тағы басқалары.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударып, құрмалас сөйлем құрастырыңыздар.

Традиционное казахское кино, выпускники актерской студии, дебют молодых режиссеров, неожиданное явление, новое восприятие, новая волна, жизнь аула, городская жизнь, особое мнение, повествование жизни, развитие казахского кино.

**Тапсырма.** Мәтінге сұрақтар қойыңыздар.

**Тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелесіңіздер.

**Тапсырма.** Ардақ Әмірқұловтың “Отырардың күйреуі” атты тарихи фильмі туралы пікір алысыңыздар.

**Тапсырма.** Қазақстанның қазіргі өмірі жайлы қойылған фильмдер туралы пікірлесіңіздер.

### Еуропа “Оскардың” жүлдегері

Сатыбалды Нарымбетов – белгілі режиссер, әрі жазушы.

Сатыбалды Нарымбетов 1996 жылы Парижде Француз киноакадемиясының 29-шы халықаралық конкурсына қатысты. Осы конкурста “Ең үздік шетелдік фильм” номинациясы бойынша Жорж Садуль атындағы Бас жүлде – еуропалық “Оскардың” жүлдегері болды. Француз киносыншысы және кинотарихшысы Жорж Садуль атындағы бұл конкурсқа шығармаларды Француз академиясы жыл бойы тандайды. Бұл конкурсқа қатысу үшін 252 фильм көрсетілді. Тек қана 10 фильм конкурсқа жіберілді.

Сатыбалды Нарымбетовтің “Көзімнің қарасы” (Жизнеописание молодого аккордеониста) фильмі Бас жүлдені жеңіл алды. Осы конкурстың Бас жүлдесін бұрын ТМД режиссері Сергей Параджанов, Георгий Данелия, Отар Иоселиани, Александр Герман алған. Фильмді және Нарымбетовті үздік кинорежиссер ретінде Еуропа елдерінде насихаттау үшін 120 мың франк бөлінді. Осыған дейін бұл фильм Анже қаласында “Премьер Планс” халықаралық кинофедерациясының және Еуропа қызметшілерінің халықаралық кинофедерациясының “Авторлық киноға” сыйлығын, 45-ші Берлин Халықаралық кинофестивалінің “Гран-при” Бас жүлдесін жеңіп алды.

“Көзімнің қарасы” – махаббат туралы фильм. Бұл – ата-анаға махаббат, әйелге махаббат, балалық шаққа махаббат. Бір сөзбен айтқанда, балалық шақпен қоштасу туралы фильм.

*“Заман-Қазақстан газетінен”*

**Тапсырма.** Сатыбалды Нарымбетовтің шығармашылығы туралы сөйлесіңіздер.

**Тапсырма.** Сатыбалды Нарымбетовтің “Көзімнің қарасы” атты фильмі бойынша пікір алысыңыздар.

### Дәрежан Әмірбаевтың “Киллер” фильмі

Бұл лента – жаңа замандық тақырып-мазмұндағы фильм. Жүргізуші жас жігіт академик – ғалым адамды мәшинесімен қағып кетеді. Қаншама моральдық, материалдық зиян. Қыруар ақша. Сотталмау, құрымау, жоғалмау үшін бәрін де өтеу керек. Уәде-уәде. Ақыры белшесінен қарызға батады. “Қамқоршы қарақшы-

лардың” талабын орындауға тура келеді. Олардың жауласқан адамын — жазықсыз журналисті атып өлтіру керек...

Бұл фильм Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальда байқаудан тыс көрсетілген қойылымдар арасынан “Ерекше көзқарасы үшін” дараланып, жүлделі дипломмен марапатталды.

**Тапсырма.** Мәтінді аяқтаңыздар.

**Тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын әңгімелеңіздер.

**Тапсырма.** Дәрежан Өмірбаев қойған фильмдер туралы пікір алысыңыздар.

**Тапсырма.** Төмендегі берілген мәліметтер бойынша жаңа қазақ киносы туралы білгеніңізді толықтырып, бір-біріңізбен пікірлесіп, өз ойыңызды өрбітіңіз.

1. Фильм “Прощаться не хочу” режиссера Канымбека Касымбекова снят по мотивам одноименной повести Калдарбека Найманбаева в творческом объединении “Мирас”.

Лирическая история зарождения первой любви мастерски снята в обрамлении прекрасной музыки Марата Омарова.

2. Фильм “Кайрат” режиссера Дарежана Омирбаева снят в творческом объединении “Алем”. Эта картина по сути — хроника жизни провинциала в столице.

Фильм получил “Серебряный Леопард” и приз ФИПРЕССИ на международном кинофестивале в Локарно (Швейцария), приз жюри “За лучшее изобразительное решение фильма” на I Международном кинофестивале “Серебряный полумесяц” в Ашгабате (Туркменистан), “Серебряный приз” на кинофестивале трех континентов в Нанте (Франция), приз Союза кинематографистов Казахстана “За лучшую режиссерскую работу”, Гран-при и приз СМИ на международном кинофестивале в Страсбурге (Франция).

3. Фильм “Конечная остановка” режиссера Серика Апрымова снят в творческом объединении “Мирас”.

Действие картины разворачивается в ауле, куда возвращается из армии главный герой.

Это фильм об одиночестве и о безвременье, вызывающий чувство бездомности — социальной и политической. Человек вне дома, вне общества, вне нации...

Фильм получил Гран-при на кинофестивале в Киеве, первый приз на кинофестивале “Дебют” в Москве, побывал на кинофестивале в Локарно, Ла-Рошели, Мюнхене, Гетеборге, на Сицилии.

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының жүйесі

### Мемлекеттің жалпы сипаттамасы Құрмалас сөйлем

**Тапсарма:** Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін оқып, орысша баламаларын беріңіздер.

Саяси ұйым, бүкіл қоғамды қамту, қоғам үшін қызмет істеу, қоғамның атынан қызмет атқару, тікелей және жанамалай әсер ету, ерекше органдар, ажырататын белгілер, ішкі және сыртқы саясат, қалыптастыру, жүзеге асыру, барлық күш-қуатымен сақтау, қорғауға тынымсыз әрекет жасау, қайшылықтар, келіспеушіліктер, заңи тәртіпті қамтамасыз ету, сыртқы жаулардың жансыздары (лазутчики, шпионы).

**Тапсырма:** Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыздар.

Мемлекет — саяси ұйым. Қоғамда көптеген саяси ұйымдар болуы мүмкін. Бірақ мемлекет — ерекше, бүкіл қоғамды қамтып, негізінен, соның атынан, қоғам үшін қызмет істейтін саяси ұйым. Мемлекет қоғамның атынан қоғамның ішінде де, басқа мемлекеттермен қатынастарда да қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттің қоғам өміріне тікелей және жанамалай әсер ететін ерекше органдары және басқа саяси ұйымдардан оны ажырататын белгілері бар.

Мемлекет басқа мемлекеттерден тәуелсіз болады, оларға бағынышты емес. Мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын өзі қалыптастырып, өз еркімен жүзеге асырады.

Мемлекеттің ерекше билеуші, басқарушы органдары болады. Қоғамда заңи тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекет әскер, полиция құрады. Сыртқы жаулардың жансыздарынан сақтану үшін қарсы барлау ұйымдастырады.

Мемлекет органдарын, оларда істейтін қызметкерлерді қаражаттандыратын оның арнаулы материалдық қоры болады. Ол қорды жасау үшін мемлекет салық белгілейді және оны жинайды.

Мемлекеттің өзінің тұрағы, аумағы болады. Сол аумақта мемлекет құрылады, өз қызметін, билік жүргізеді. Өз аумағының тұтастығын мемлекет барлық күш-қуатымен сақтап, қорғауға тынымсыз әрекет жасайды. Мемлекеттер арасындағы қайшылық-

тар, келіспеушіліктер, соғыстар көбінесе осы жер, аумақ мәселесіне байланысты.

Мемлекеттің аумағы басқаруды тиімді жүзеге асыру үшін әкімшіліктерге бөлінеді. Халық әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлініп тұрғандықтан, олардың құқықтық жағдайы соған байланысты болады.

**Тапсырма:** “аумақ”, “жер”, “тұрақ” сөздерінің орысша баламаларын беріңіз, мәтіндегі қолдануын салыстырыңыздар.

Үлгі: аумақ — орысша баламалары: зона, край, район, регион, территория; мәтінде соңғы мағынасында қолданылған.

**Тапсырма:** Мәтінде “қоғам” сөзі қандай септіктерде қолданылған.

**Тапсырма:** Мәтінге жазбаша сұрақтар дайындаңыздар.

**Тапсырма:** Мәтіннің негізгі мазмұнын әңгімелеңіздер.

### Грамматикалық анықтама

Сөйлемдер құрылысына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып, екі үлкен топқа бөлінеді. Жай сөйлем бастауыш пен баяндауыштан құралып, бір ғана ойды білдіреді.

Құрмалас сөйлем кемінде (не менее, чем) екі жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді.

**Мысалы:** *Үкімет* бұл мәселеге ерекше көңіл бөледі (жай сөйлем). Бұл күнде *ел* де *өзгерді*, *адамдар* да өзгерді.

**Тапсырма:** Мына сөйлемдерді жазып алып, жай және құрмалас сөйлемдерді табыңыз (бастауыш пен баяндауыштың астын сызыңыз).

а) Қазақстан егемендігін алып қана қойған жоқ, оның мемлекет ретіндегі бүкіл болмысы да өзгерді.

ә) Еліміздің жеке мемлекет болғанын әлемге паш еткен Ата Заңымыздың әрбір бабы бүгінде тілімізге де, жерімізге де қорған болып отыр.

б) Табиғаттан тыс қоғам өмір сүрмейді және бір күн де өмір сүре алмас еді.

в) Біздің қоғамымыз жыл сайын демократияланып келеді, мемлекетті басқару ісіне миллиондар ат салысуда (М. Әлімбаев).

г) Үй ішінің, ел-жұрттың, бүкіл қоғамның құралуы ұйымшылдық пен бірлікке байланысты.

д) Жақсы кітап — жақсы қоғам тәрізді; сен қай кітаптарды оқығаныңды айтшы, мен сенің кім екенінді айтып берейін, — деген Н.И. Пирогов.

## Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет (ҚР Конституциясы, 2-бап).

### Құрмалас сөйлем түрлері (жалпы түсінік).

**Тапсырма:** Тақырыптық сөздер мен сөз тіркестерін оқыңыздар, сөздікті пайдаланып, орысша баламаларын беріңіздер:

Басқару нысаны, біртұтас, президенттік басқару жүйесіне негізделген, әкімшілік-аумақтық құрылым, жоғары лауазымды тұлға, халықтың бірлігін қамтамасыз ету, қамқорлық жасау, биліктің түрлі буындары, қақтығыс болмауын қадағалау, соғыс жағдайын енгізу, тікелей қауіп, тойтарыс беру, заң қабылдау құқығы.

**Тапсырма:** Мәтінді оқыңыздар, бір-біріңізбен пікір алысыңыздар:

Қазақстан — Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылғандай, ол біртұтас, президенттік басқару жүйесіне негізделген мемлекет. Қазақстанның біртұтастығы — оның әкімшілік-аумақтық бөлшектерден құралатындығы, автономияға бөлінбеуі. Әкімшілік-аумақтық құрылым туралы ерекше заң бар. Ол Қазақстанның тарихи және қазіргі замандағы ерекшеліктерін бейнелейді.

Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекеттің басшысы, оның жоғары лауазымды тұлғасы. Қазақстанның Президенті Конституция бойынша жоғары лауазымды тұлға болғандықтан, Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етеді, былайша айтқанда, түрлі ұлттар арасында, әлеуметтік топтар арасында алауыздық болмауына қамқорлық жасайды. Мемлекеттік биліктің түрлі буындарының арасында қақтығыс болмауын қадағалайды. Президент Парламент қабылдайтын заңдарға қол қояды, егер заңдар Конституцияға сәйкес келмесе, қайта қарау үшін кері қайтарады (вето құқығы). Егер Парламент заң қабылдау құқығын уақытша Президентке тапсырса, ол заңды өзі қабылдай алады. Сонымен қатар Конституцияда көрсетілген жағдайда Президент заң күші бар Жарлық қабылдай алады.

Мемлекетіміздің аумағы біртұтас және оған қол сұғуға болмайды. Мемлекетіміздің аумағына басқа мемлекеттің қол сұғуы агрессия деп аталады. Агрессияны халықаралық құқық айыптайды. Конституцияда жарияланғандай, Қазақстан басқа мемлекеттермен тату көршілік, олардың ішкі ісіне араласпау, дауларды

келісім арқылы шешу, бірінші болып қарулы күштерді қолданбау саясатын жүргізеді. Республикаға қарсы агрессия бола қалған күнде немесе тікелей қауіп төнсе, Президент республиканың барлық аумағында немесе кейбір жерлерде соғыс жағдайын енгізіп, ішінара немесе жалпы әскерге шақыруды жариялайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы заң бойынша біздің мемлекет өз аумағын құрлықта, теңізде, әуе кеңістігінде өз Қарулы Күштерімен қорғайды. Республика шекарасын Қазақстанның шекара әскері күзетеді, ол республика тұтастығына қандай болсын қарсы әрекетке тойтарыс беруі қажет, адамдарды қылмыстық әрекеттерден қорғауы тиіс.

**Тапсырма:** “алауыздық” сөзінің құрамын анықтаңыз, орыс тіліндегі баламасымен (разногласия) салыстырыңыздар.

**Тапсырма:** Екінші абзацтағы сөйлемдерді құрылысына қарай талдап, қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін анықтаңыздар.

**Тапсырма:** Мәтінге сұрақтар қойыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтіннің негізгі мазмұнын әңгімелеңіздер.

### Грамматикалық анықтама

Құрмалас сөйлемдер байланысу тәсілдері (по средствам связи) мен құрамына қарай үш түрге бөлінеді: салалас құрмалас (сложносочиненные), сабақтас құрмалас (сложноподчиненные); және аралас құрмалас (смешанные) сөйлем.

Салалас құрмалас сөйлем — жай сөйлемдердің бірін-бірі бағындырмай, бірімен-бірі тең тіркесе айтылған түрі. Мысалы: Мәжіліс бітті, сондықтан жұрт тарай бастады. Құқықты қоғам жасайды, заңды мемлекет жасайды.

Мұндағы екі жай сөйлем бір-біріне бағынбайды, және бұлардың әрқайсысын бөлек айтуға болады.

**Сабақтас құрмалас сөйлем** — жай сөйлемдердің біріне-бірі бағына тіркескен түрі. Мысалы: Егер құқықтық нормалардың талаптары орындалмаса, бұзылса, мемлекет кінәлі адамдарға тиісті шаралар қолдана алады.

Мұндағы 2 жай сөйлемнің алдыңғысын соңғысынан бөліп айтуға болмайды, өйткені алдыңғы сөйлем соңғыға бағынып тұр.

**Аралас құрмалас сөйлем** — жай сөйлемдердің бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та тіркескен түрі (сочинительный и подчинительный тип связи).

**Мысалы:** Жалғыз ақыл жақсы, бірақ екеу болса, бекем болар. (М. Әуезов).

Мұнда үш сөйлем бар: алдыңғы сөйлем соңғы сөйлемнің ешбіріне бағынбайды, екінші сөйлем соңғыға бағынады.

**Тапсырма:** Берілген сөйлемдерді құрылысына қарай талдап, түрлерін анықтаңыздар.

Ежелден құқықпен қатар заң деген ұғым да қалыптасқан, екеуі дербес екі әлеуметтік құбылыс болғанымен, олар өте тығыз байланысты. Құқық нормалардан, ережелерден, қағидалардан тұрады, ал құқықтық нормалар ресми түрде қабылданады. Қазақстан Парламенті заңдар қабылдайды, олар конституциялық және жай заңдар. Президент жарлықтар қабылдайды, олар заң күші бар және жай жарлықтар болады. Қазақстан Үкіметі қаулылар, шешімдер, ережелер қабылдайды, ал министрліктер мен мемлекеттік комитеттер бұйрықтар, нұсқаулар, тағы басқа нормативті актілер қабылдайды. Қазақстан Конституциясы бойынша конституциялық заң Конституциядан құқықтық күші жағынан төмен тұрады, сондықтан Конституцияға өзгерістер, қосымшалар енгізе алмайды. Өзара құқықтық күші әр дәрежеде болса да, аталған заңдар ең маңызды нормативті актілер болып саналады.

**Тапсырма:** Ата Заңымыздың 2, 3, 4 баптарын оқып, олардан құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазып алыңыз. Тұрлаулы мүшелердің астын сызыңыздар (подчеркните главные члены предложения).

### Мемлекеттік биліктің жоғары органдары. Салалас құрмалас сөйлем.

**Тапсырма:** Тақырыптық сөздер мен сөз тіркестерінің орысша баламаларын беріңіз: билікті бөлу, бекіту, буынға бөліну, заң шығару қызметімен шұғылдану, атқарушы билік, тұрақты қызмет істеу, тікелей сайлау, басым көпшілік, тағайындау, жергілікті атқарушы органдар, өкілеттік, биліктің буындары, тежемелік әрі тепе – теңдік жүйе, орнынан түсіру, тарқату.

**Тапсырма:** Мәтінді, оқып, сұрақтар дайындаңыздар.

Егемендіктің маңызды белгісі — онда мемлекеттік биліктің жоғары органдарының болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билікті бөлу принципін бекітті. Мемлекеттік билік үш буынға

бөлінеді: заң шығаратын, атқарушы және сот. Заң шығару қызметімен Парламент шұғылданады. Парламент екі палатадан: Мәжілістен және Сенаттан тұрады. Олар тұрақты қызмет істейді. Мәжіліс депутаттарын азаматтар тікелей сайлайды. Ал Сенат депутаттарының басым көпшілігін мәслихаттар сайлайды. Сенаттың жеті депутатын Президент тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі еліміздің көлемінде атқарушы билікті жүзеге асырады. Ол атқарушы органдардың жүйесін басқарады. Атқарушы органдардың жүйесіне жататындар — министрліктер, мемлекеттік комитеттер, комиссиялар, бас басқармалар және жергілікті атқарушы органдар — облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық, селолық әкімшіліктер. Атқарушы органдардың өкілеттіктері заңдарда және арнаулы ережелерде анықталады.

Ал сот билігін Жоғарғы Сот, облыстық, аудандық соттар жүзеге асырады. Аталған органдар біртұтас мемлекеттік биліктің буындары болып саналады. Мемлекеттік биліктің әр буыны өз қызметін дербес жүзеге асырады, атқарады және басқа буындардың қызметіне араласпауы керек. Ондай жағдай бола қалған күнде тежемелік әрі тепе — теңдік жүйесін пайдалану қарастырылған. Парламент Үкіметті орнынан түсіру мәселесін қоя алады, ал Президент Парламентті тарқата алады.

**Тапсырма:** Қызмет сөзінің орыс тілінде мынандай баламалары бар: деятельность, должность, работа, дело, служба, функция. Қызмет сөзінің мәтіндегі мағыналарын талдаңыздар.

**Тапсырма:** Қызмет сөзінің синонимдерін беріңіз, олармен сөйлемдер құраңыздар.

**Тапсырма:** Мына сөз тіркестерінің қазақша баламаларымен сөйлем құраңыздар.

Важный признак суверенитета, принцип разделения государственной власти, законодательная деятельность, система исполнительных органов, каждая ветвь власти, осуществлять свою деятельность, предусмотреть систему сдержек и противовесов, отстранение от должности (отставка).

**Тапсырма:** Мәтіннің мазмұнын әңгімелеңіздер.

### Грамматикалық анықтама

Салалас құрмалас сөйлемдер екі түрлі болады:  
— жалғаулықты (союзные);

— жалғаулықсыз (бессоюзные).

Жалғаулықсыз салалас сөйлемге енген жай сөйлемдер өзара мағына жағынан жақын, олар интонациямен байланысады.

**Мысалы:** Қазақстан Республикасы — зайырлы мемлекет: дін мемлекеттен ажыратылған.

Жалғаулықты салаластағы жай сөйлемдер әрі мағына жағынан, әрі форма жағынан жалғаулықтарға байланысты құрмаласып беске бөлінеді: ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас сөйлемдер.

**1. Ыңғайлас салалас (соединительно-сочинительные) сөйлемдер.**

Жалғаулықтары: да/де, та/те, әрі, және — орысша баламасы и.

Бұл жалғаулықтар арқылы айтылған жай сөйлемдер біріне — бірі мезгілдес (одновременно), бағытас (последовательно) болған уақиғаны, істі білдіреді. Мысалы: Еңбек адамды көрікті етеді және ол тынысты тазартады. Ұрған да кінәлі, ұрғызған да кінәлі (мақал).

**2. Қарсылықты салалас (противительно-сочинительные) сөйлемдер.**

Жалғаулықтары: бірақ (но), сонда да (все же), дегенмен (все-таки), алайда (однако), әйтсе де, сүйтсе де (тем не менее).

Бұл жалғаулықтар арқылы айтылған жай сөйлемдер біріне — бірі қарсы қойылған хабарларды білдіреді мысалы: Сенде қыранның жүрегіндей жүрек бар, бірақ сен әлі жассың.

**Тапсырма:** Берілген салалас құрмалас сөйлемдерді жалғаулықтарына байланысты топтап жазыңыздар.

1) Әр мемлекеттің ұлттық құқық жүйесі қалыптасады, әрі ол қоғам салаларындағы маңызды қатынастарды реттейді.

2) Құқық нормаларын жасауға халық тікелей қатысады, бірақ халық заңды тек ерекше жағдайда ғана қабылдайды.

3) Әр мемлекет басқа мемлекеттермен қарым — қатынаста болады және ол дүниежүзілік қауымдастық шешетін мәселелерге қатысуға атсалысады.

4) Халықаралық қауымдастық қабылдаған құқықтық құжаттар бар, алайда олар негізінен адамдардың құқықтары мен бостандықтарына арналған.

5) Анықтау және тергеу қызметін жүргізу үшін арнайы органдар құрылады да, олар әр түрлі болады — полиция органдары, мемлекеттік қауіпсіздік органдары.

6) Құқықтық тәртіпті қорғауда ішкі істер органдарының қызметі де сан алуан және оларға жүктелген міндеттер ерекше заңда белгіленген.

**Тапсырма:** Мына тұжырымға өз көзқарасыңызды, ойыңызды қосыңыз.

Құқықты қоғам жасайды, заңды мемлекет жасайды.

### Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары Салалас құрмалас сөйлем

“Сайлау” сөзімен тіркесетін сөздерді жазып алыңыз:

- сайлау құқығы – избирательное право;
- бәсең сайлау құқығы – пассивное избирательное право;
- бірдей белсенді сайлау құқығы – активное избирательное право;
- жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы – всеобщее, равное и прямое избирательное право;
- сайлауға қатысуға ерікті – участие в выборах добровольное;
- сайлануға құқықты – право быть избранным;
- жанама сайлау құқығы – косвенное избирательное право.

**Тапсырма:** Төмендегі мәтіннен “сайлау” сөзінің мағыналарын талдаңыздар.

#### Азаматтардың сайлау құқықтарынан

Әрбір адам өз елін басқаруға тікелей немесе еркін сайланған өкілдер арқылы араласуға құқылы.

Республикадағы сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады.

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы – Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

Бәсең сайлау құқығы – Республика азаматтарының Конституцияда белгіленген шектеулермен Президент, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттың депутаты болып сайлану құқығы.

Сайлаушылар Республика Президенті, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттары сайлауына тең негіздерде қатысады, әрі олардың әрқайсысының тиісінше бір дауысы болады.

Сот іс – әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

**Тапсырма:** “Сайлау” сөзімен түбірлес сөздерді тауып, талдаңыздар.

**Тапсырма:** Салалас құрмалас сөйлемді тауып, түрін анықтаңыздар.

#### Грамматикалық анықтама

3. Себеп – салдар салалас (причинно-сочинительные) сөйлемдер.

Жалғаулықтары: сондықтан (поэтому), себебі, өйткені (так как), сол себепті (поэтому).

Бұлар соңғы жай сөйлемнің алдында айтылады да, істің, уақиғаның себебін білдіреді. Мысалы: ҚР Конституциясы ұлтына қарамай барлық азаматтарға тең құқық береді де, олардың тату тұруына заңдық негіз құрады, сондықтан, Қазақстан – бүкіл халықтық мемлекет.

4. Талғаулы салалас (разделительно-сочинительные) сөйлемдер.

Жалғаулықтары: әлде, не, немесе, я, яки, болмаса; орысша баламасы “или”. Бұл жалғаулықтар арқылы жай сөйлемдерде айтылып тұрған істің біреуі болғанда, екіншісі болмайтыны білдіріледі. Мысалы: Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен естіген айтар. (Ә. Әбішев).

Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек (Абай).

5. Кезектес салалас (последовательно-сочинительные) сөйлемдер.

Жалғаулықтары: бірде, біресе (то), кейде (иногда).

Бұл жалғаулықтар екі я бірнеше сөйлемдегі істің кезектесіп келетіндігін білдіреді.

Кейде ол қапы кетеді, кейде мен қапы кетем (Ф. Мүсрепов).

**Тапсырма:** Салалас сөйлемдердің әр түрін өз алдына топтап жазыңыздар, жалғаулық шылаулардың астын сызыңыздар.

1) Құқық салаларының өзіндік ерекшеліктері болады, сондықтан олардың аталуы да, мазмұны да ерекше болады.

2) Экономикалық соттарға біраз процессуалдық құқық беру керек, өйткені қазіргі жағдайда мемлекетіміздің көптеген қаржысы талан — тарағға түскен.

3) Күндіз ылғи ұзақ жырлар жырланады немесе шешендер айтқан тақпақ, тартыс, билік, даулар айтылады (М. Әуезов).

4) Демократиялық даму жолына түскен мемлекет халықаралық құқықтық құжаттарды мойындауға, мемлекет ішінде қолдануға міндетті, сол себепті халықаралық құқықты білу өте қажет.

5) Біресе қар жауады, біресе жаңбыр жауады.

6) Не өзі өртеніп өледі, не біреулер өлтіреді (Ш. Мұртазаев).

7) Бірде қыз ән салады, бірде жігіт күй шертеді (ойнайды).

### Өткенді қайталау

**Тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестеріп оқып, орысша баламасын беріңіздер:

демократиялық мемлекет құру, негізгі шарт, ұлтына қарамай, тең құқықтық негізде біріктіру, идеяға сүйену, ұғымды қолдану, саяси әрекеттерге қатысу, кәмілетке жету, жиынтық, ұсыну, сайлау туралы жарлыққа сәйкес, қолдау немесе қарсы үгіт жүргізу, мүмкіндік беру.

**Тапсырма:** Мәтінді оқыңыздар:

Қазақстан Республикасы алдына демократиялық мемлекет құруды мақсат етіп қойып отыр. Мұндай мемлекет құрудың негізгі шарты — барлық азаматтарды ұлтына қарамай тең құқықтық негізде біріктіру. Осы интернационалдық идеяға сүйене отырып, Конституция “халық” деген — мемлекет көлемінде саяси әрекеттерге қатысуға хақысы бар, барлық кәмілетке жеткен Қазақстан азаматтарының жиынтығы. Мысалы, Конституцияға, Президенттің Қазақстан Республикасында сайлау туралы жарлығына сәйкес азаматтар, саяси партиялар, басқа қоғамдық бірлестіктер Республика Парламентінің Мәжілісіне депутаттыққа кандидаттар ұсынуға ерікті және оларды жан — жақты талқылап, қолдап немесе қарсы үгіт жүргізуге хақылы. Барлық саяси партиялар тең құқықты, олардың біреуіне қандай да болсын жеңілдік немесе артықшылық берілмейді. Азаматтар өз қалауымен саяси партиялардың біреуін қолдай алады немесе олар депутаттыққа ұсынған кандидаттарды қолдауға немесе қолдамауға ерікті. Мұның өзі халықтың ой — пікірін айқындауға мүмкіндік береді.

**Тапсырма:** Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтар құрыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтіннің негізгі мазмұнын әңгімелеңіздер, өз ойыңызбен толықтырыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтіндегі салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, түрлерін анықтаңыздар.

### Сайлау алдындағы тұңғыш телеайтыс тұсауын кесті

“Хабар” телеарнасынан елімізде тұңғыш рет бетпе — бет пікірталас сағаты дүниеге келді. Теледидардағы пікірталастың алғашқы қонақтары — Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Иван Щеголихин, Қазақстан Республикасы Парламентінің Үкіметтегі өкілдігі басшысының орынбасары Сергей Зеленский және “Мақсат” кәсіби бокс клубының президенті Виктор Демьяненко.

Телеайтыстың жүргізушісі ең алдымен, сенаторлықтан үміткерлердің өмірбаянына тоқталып, олармен жүргізген сұхбатты, содан соң авторлық баяндауды үзік — үзік хабарлап отырды. Өмірбаяндық хабарламадан кейін телеайтыстың бірінші кезеңі мәреге шықты. Онда үміткерлер өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларымен аудиторияға жиналған Алматы қалалық мәслихатының депутаттарын, сондай — ақ телекөрсетімдерді тереңірек таныстырды.

Телеайтыстың екінші кезеңінде депутаттықтан үміткерлер хабарды жүргізушінің және аудиториядағы қалалық мәслихат депутаттарының сан алуан сұрақтарына жауап берді. Осы телеайтыстың қос кезеңінде сенаторлықтан үміткерлердің іскерлігі, заң шығару үрдісінен және басқару ісінен қаншалықты хабардар екендігі белгілі болды. Телеайтыстың ерекшелігі, ол кейіпкерлерінің бітім — болмысын толыққанды ашып беруге мүмкіндік жасайды. Сайлаушылар, яғни қалалық мәслихаттың депутаттары да өзінің даусын кімге беруге тиіс екендігін нақтырақ айқындайды.

Телеайтыстың үшінші, қорытынды кезеңінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарынан үміткерлер кездесудің нәтижесіне байланысты өздерінің лебіздерін білдірді. Сәйтіп, Қазақстан телеарналарында тұңғыш рет сайлауға қатысты телеайтыс тұсауын кесті.

Телеайтыстың дүниеге келуіне АҚШ үкіметі өзінің елеулі көмегін көрсетті. (“Егемен Қазақстан”).

**Тапсырма:** Мәтінге кемінде 5 сұрақ қойыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтіннің негізгі мазмұнын орысша жазыңыздар.

### Анахарсис туралы

Біз қазақ мәдениетінің генезисін Анахарсистен бастауымыз керек, себебі сақтар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар бір “атаның” балалары екенін тарихшылар анықтаған.

Анахарсис туралы басылым беттерінде кейінгі кездерде біраз материалдар жарық көрді, бірақ сонда да сақ мемлекетінің ойшылы туралы қысқаша түсініктеме беру керек.

Анахарсистің жасын дәл, нақты айту қиын, әйтсе де ол қырық жасқа жетпегені анық. Анахарсис Қара теңіздің солтүстік жағында өмір сүрген және ол скиф тайпаларының бірінен шыққан. Кезінде Анахарсис туралы Геродот көптеген аңыз әңгімелер естігенге, білгенге ұқсайды, себебі ол оның кім болғанын, Грецияға қалай келгенін, есімін, тегін ашып берген. Анахарсис туралы Платонның да естуі заңды, себебі Платонның шешесі атақты Солонның тұқымы (потомок). Ал Солон мен Анахарсис дос болғанға ұқсайды. Бұл туралы Аристотельде де айтылған. Платонның Анахарсис жайлы пікірі тым жоғары, өйткені ол “Протагор” деген еңбегінде оны “жеті ғұламаның” бірі деп санаған.

Өзінен әдеби мұра қалмағаннан кейін Анахарсистің дүниетанымын анықтау қиын, алайда оны скептиктер қатарынан іздеген жөн болар. Көне грек философы скептик Секст Эмпирик оған біршама философиялық талдау жасаған, оның пікірінше Анахарсис скептик, себебі ол ақиқат өлшемін жоққа шығарады (отрицает меру истины).

*(Есімов Ф. “Хакім Абай”)*

**Тапсырма:** Салалас сөйлемдердің әр түрін өз алдына топтап жазыңыздар, баяндауыштар мен бастауыштардың және жалғаулықтардың астын сызыңыздар.

**Тапсырма:** Мына сөздер мен сөз тіркестерін қолданып төмендегі мәтінді қазақ тіліне аударыңыз: адамзат, ұлы жетістік, бергі уақыттағы, өркениеттік көрсеткіш, басқаруға қатысу, жөніндегі құқық.

Выборы – великое достижение человечества со времен Афинской демократии, это один из показателей демократичности и цивилизованности страны.

Государство является официальным представителем народа, поэтому оно через свои органы и институты выражает и реализует свою волю.

Граждане через выборы и референдумы реализуют свое конституционное право участвовать в управлении делами государства.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ТУРАЛЫ

### Қазақстан Республикасының Конституциясы

*36-бап*

1. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті борышы және парызы.
2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

### Әскер – ел қорғаны

Әскер. Ол – еліміздің қорғаны, мемлекетіміздің тірегі. Сондықтан тәуелсіз еліміздің тыныштығы соларға жүктеледі.

Бұл күнде Қазақстан мемлекетінің Қарулы Күштері, оның сайдың тасындай сарбаздары өз істеріне жауапкершілікпен қарап, әскери-техникалық жаттығуларда алдыңғы шептен көрініп, бүкіл дүние жүзі алдында өзінің күш-қуатын мойындатып келеді. Бұған Елбасымыздың берген бағасы да біз үшін мәртебе.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыздар. Өз түсініктеріңізді айтыңыздар.

### Ел қорғау – абыройлы міндет

Адамдардың бойында азаматтық пен отансүйгіштік қасиеттері, олардың ертеңгі күнге деген сенімі нығаюда. Елде 10 жылдың басты нәтижесі ретінде, дамуымыздың басты қозғаушы күші бейбітшілік пен келісім үстем болуда.

Мемлекет Елбасы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев аймақтық қауіпсіздік жүйесін тиімді қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін жасауда.

Соңғы жылдары алғаш рет Қарулы Күштерді қаржыландыру көлемі ұлғайтылды, ол әскери округтерді, ұтқыр күштерді құру,



әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Қазақстандық аға ұрпақтың даңқты жауынгерлік және еңбек ету дәстүрлерін арттыра отырып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көптеген әскери қызметшілері, жұмысшылары мен қызметкерлері өздерінің азаматтық және жауынгерлік борыштарын адал, жоғары жауапкершілікпен және абыроймен орындауда.

Қарулы Күштердің жеке құрамы өздерінің нақты қажырлы істерімен алдағы уақытта да ел қауіпсіздігін нығайту және “Қазақстан-2030” стратегиясын іске асыру ісіне лайықты үлес қоса береді.

*("Егемен Қазақстан")*

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы кім?

2. Мемлекетіміздің шекарасын қалай қорғау керек?

3. Қазіргі Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери қуаты қандай дәрежеде?

4. Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімі қандай дәрежеде деп ойлайсыз?

5. Қазақстан Қарулы Күштерінің дүние жүзі елдерінің Қарулы Күштерімен қарым-қатынасы қандай?

**Тапсырма.** Жауынгерлердің қандай қасиеттерінің болуы қажет деп санайсыз?

Үлгі: Азаматтық, отансүйгіштік, ...

**Тапсырма.** Еліміздің Қарулы Күштерінің болашағы қалай деп ойлайсыз? Пікір алысыңыздар.

### **Әскер – ел тірегі**

Егемен ел болу ата-бабамыздың аңсаған асыл арманы болатын. Арман орындалып, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді. Сол күннен бастап тәуелсіздігімізді, мемлекетімізді қорғау – басты міндеттердің бірі болды.

1992 жылдың 7 мамырында Президенттің Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлығы шықты. Осы Жарлыққа сай еліміздің аумағындағы барлық әскери құрылымдар Қазақстан Республикасының юрисдикциясына алынды.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамына: Қазақстан Республикасының Армиясы /құрлықтағы әскерлер, әуе қор-

ғанысы әскерлері, әскери-әуе күштері мен әскери-теңіз күштерінің бөлімдері мен құрамалары, тыл басқару және азаматтық қорғаныс бөлімдері/, Қазақстан Республикасының шекара және ішкі әскерлері, Республикалық Ұлан енеді.

Еліміздің Қарулы Күштерінің құрылуының мақсаты: Отан тәуелсіздігін сақтау, егемендігін нығайту, Қазақстан азаматының қауіпсіздігін қорғау.

*("Егемен Қазақстан")*

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыздар. Тақырып бойынша сұрақтар қойыңыздар.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Ата-бабамыздың арманы, еліміздің тәуелсіздігі, Отанымызды қорғау, туған жерімізді сақтау, егемендікті нығайту, жауынгерлік борыш, отансүйгіштік қасиет.

### **Ұлттық ұлан**

Сіз Алматыдағы Президент сарайы алдындағы қарауылдың алмасуын көріп пе едіңіз? Ересек адамдар, балалар, қала қонақтары және алматылықтардың өздері де жас жігіттердің сымбатты тұлғаларына, бойларын тік ұстап, нық басқан қадамдарына сүйсіне қарайды. Аталмыш сарайдан басқа оларға еліміздің Елтаңбасын және Мемлекеттік туды күзету сеніп тапсырылған.

Осыдан 10 жыл бұрын, 1992 жылдың наурызында Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев “Республикалық ұлан құру туралы” Жарлыққа қол қойды. “Ұлан” сөзінің ұғымы біздің тілімізге итальян тілінен еніпті. XII ғасырда мемлекеттік туды күзететін жасақ осылай аталған екен.

Қазақстан ұланы Елбасының ынта-ықылас білдіруі арқасында еліміздің егемендігін, азаматтарымыздың конституциялық құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету үшін құрылды.

Республика ұланы – өз алдына жеке әскери құрылым, Қарулы күштердің резерві. Ұлан Президентке бағынады. Оны тікелей Республикалық ұланның қолбасшысы басқарады. Ұландықтар өздері қорғайтын азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, салтанатты жиындарға қатысады, мемлекеттік маңызы бар ғимараттарды, Елтаңбамызды, Мемлекеттік туды күзетеді, төтенше жағдайларда құтқару жұмыстарына қатысады.

*("Егемен Қазақстан")*

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыздар.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құраңыздар.

- Республикалық ұланның қолбасшысы...,
- қарауылдың алмасуы...,
- жас жігіттердің сымбаты...,
- еліміздің рәміздері...,
- Елбасының ынта-ықылас білдіруі...,
- азаматтардың құқығы...,
- Қарулы күштердің резерві...,
- құтқару жұмыстары...,

**Тапсырма.** Жақшаны ашып, етістіктерді ауыспалы осы шаққа қойыңыздар.

1. Республика ұланының ерікті құрамы Қазақстанның әскери міндетті азаматтарының қатарынан (жасақталу).

2. Көптеген жасөспірімдер Ұланның қатарында болуды (армандау).

3. Әскер қатарына шақыру Қазақстанның барлық облыстарында жылына екі рет (өткізілу).

4. Республика ұланында 20-дан астам ұлттың өкілдері өз борыштарын (өтеу).

5. Ұланда қызмет етушілер қатаң талаптар бойынша (іріктелу).

6. Республика ұланының құрамында Президент оркестрі бар. Ол камералық, үрлемелі, эстрадалық оркестрден, халықтық музыка мен би ансамбльдерінен (тұру).

7. 1995 жылдан бастап ұландықтар “Ұлан” – “Гвардия” деп аталатын газет (шығару).

8. Республика ұланы кез-келген төтенше жағдайда да белсенді (әрекет ету).

9. Жауынгерлер “Қазақстан – менің Отаным, ол мен үшін, мен ол үшін жауапты” деген ұранды өмірлеріне (өзек ету).

**Тапсырма.** Төмендегі етістіктерді қолданып, сөйлем құраңыздар.

танысу	–	таныстыру
атау	–	аталу
құру	–	құрылу
іріктеу	–	іріктелу
өткізу	–	өткізілу
шығару	–	шығарылу

**Тапсырма.** Сөйлемдерді орыс тілінен қазақшаға аударыңыздар.

1. Десять лет назад в марте 1992 года Президент республики Нурсултан Назарбаев подписал указ “О создании Республиканской гвардии”.

2. Слово “гвардия” в переводе с итальянского языка означает отборные, лучшие войска.

3. Комплектование Республиканской гвардии проводится на добровольной основе из числа военнообязанных граждан Казахстана.

4. Призывник должен обладать хорошим здоровьем, ростом не ниже 183-х сантиметров, высокими морально-психологическими качествами и, как минимум, средним образованием.

5. Гордятся улановцы и своими спортивными достижениями. Рукопашный бой, арм-рестлинг, гиревой спорт – это наиболее популярные виды спорта у солдат.

**Тапсырма.** Мәтінді, оқып, пікірлесіңіздер.

### Ортазбат –2001

“Ортазбат-2000” бітімгершілік батальонының өзіндік тарихы 1995 жылдың 15 желтоқсанынан бастау алады. Сол жылы Тараз қаласында өткен Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларының үкіметаралық Кеңесінде үш елдің Президенттері Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында осы үш елдің бітімгершілік батальонын құру туралы шешімге келген болатын. Алайда, Ортазбат 1997 жылғы ақпанда құрылды. Сол жылдың тамыз айында бұл әскери жасақ АҚШ – тағы жаттығуға қатысып қайтты. Бұдан кейін “Ортазбат-98-99” әскери жаттығулары өтті. Сөйтіп, бүгінде қанатын кеңге жайған “Ортазбат-2000” Қазақстан жеріндегі жаттығуға үлкен дайындықпен келді.

Жаттығудың бірінші кезеңінің басты мақсаты – командирлер мен штабтар іс-қимылдарын шұғыл түрде ұйымдастыру болса, екінші және үшінші кезеңдерде бітімгершілік батальонының қақтығыс болып жатқан аймақтардағы атқарар істерін айқындау болып табылады.

Бұл күндерде бақылау бекіністеріндегі қимылдар, босқындарды тексеріп өткізу, олардың арасынан қарулы содырларды табу, босқындарды қорғау, оларға ізгілік көмек жүктерін жеткізу, болу, дәрігерлік көмек көрсету, тағы басқа тапсырмалар жүзеге асырылды.

(“Егемен Қазақстан”)

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. “Ортазбат” бітімгершілік батальонының тарихы қай жылдан басталады?
2. Бітімгершілік батальонын құру туралы шешімді кім қабылдады?
3. “Ортазбат” қашан құрылды?
4. Әскери жаттығуларға қандай әскери жасақтар қатысты?
5. “Ортазбат-2001” жаттығулары қазір өткізіліп жатыр ма?
6. Жаттығудың бірінші кезеңінің басты мақсаты қандай?
7. Екінші және үшінші кезендерде қандай мақсаттар орындалды?
8. Бақылау бекіністерінде бітімгершілік батальоны қандай тапсырмаларды жүзеге асырды?

**Тапсырма.** Сөз тіркестерін қатыстырып, логикалық байланысқан сөйлемдер құрыңыздар.

Бітімгершілік батальоны, өзіндік тарихы, бастау алу, үкіметаралық Кеңес, БҰҰ аясында, шешімге келу, әскери жасақ, әскери жаттығу, қанатын кеңге жаю, бірінші кезең, басты мақсат, қақтығыс болып жатқан аймақ, бақылау бекіністері, тексеріп өткізу, қарулы содырлар, босқындарды қорғау, ізгілік көмек, дәрігерлік көмек көрсету, жүзеге асырылу.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерін қазақ тілінен орыс тіліне аударыңыздар.

Братъ начало, миротворческий батальон, на межправительственном совете, в рамках ООН, было принято решение, вооруженный отряд, участвовать в боевых учениях, прийти с хорошей подготовкой, главная задача первого периода, армейское учение, срочно организовать действие, столкновения на территориях, пункт контроля, провести беженцев через таможенный контроль, найти вооруженных боевиков, охранять беженцев, оказать гуманитарную помощь, распределение грузов, оказать медицинскую помощь, осуществить другие задания.

**Тапсырма.** Мәтін бойынша пікір алысыңыздар.

### Бейбітшілік жолындағы серіктестік

15 қыркүйек күні Қапшағайдың маңайындағы полигонда сегіз күнге созылған халықаралық “Ортазбат-2001” деп аталатын әскери жаттығулар аяқталды. Бұған дүние жүзінің 10 елінен, яғни Қазақ-

стан, Өзбекстан, АҚШ, Ресей әскерлерінен бір-бір ротадан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Ұлыбритания, Грузия, Монғолия, Түркия Қарулы Күштерінен бір-бір взводтан жауынгерлер қатысты. Франция мен Украина өздерінен бақылаушы ретінде өкілдер жіберіпті.

НАТО-ның “Бейбітшілік жолындағы серіктестік” бағдарламасы бойынша бесінші рет өткізіліп отырған бұл оқу-жаттығуының ерекшелігі – мұнда алғаш рет терроризм мен экстремизмге қарсы біріккен күштер өз өнерлерін көрсетті. Себебі, осындай кесапат бүгінде халықаралық сипат алып барады. Сондай-ақ, есірткі бизнесін ауыздықтау әрекеттері де жүзеге асып жатты. Сөз реті келгенде айта кетейік, осы әскери жаттығудың соңғы күндері американдық жауынгерлер шын мәнінде үлкен көлемде есірткі заттарын жымқырып бара жатқан қылмыскерлерді қолға түсірді. Ал өзбекстандық жауынгерлер түсті металдарды үлкен көлемде тасып бара жатқан шын мәніндегі баукеспелердің жолын кесті.

Қапшағай маңындағы полигондарда бұл күндері осы жаттығулармен қатар “Баланс – Қаяқ” атты әскери дәрігерлердің жаттығулары да өтіп жатты. АҚШ пен Қазақстанның әскери дәрігерлері облыс жұртшылығына тегін, әрі шұғыл дәрігерлік көмек көрсетіп, оннан астам ауыр хирургиялық операциялар жасады. Бұл іске Қазақстанның майталман дәрігерлері де қатысты.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қапшағай маңайындағы полигонда қандай халықаралық әскери жаттығулар аяқталды?
2. Бұл жаттығуларға қандай мемлекеттер қатысты?
3. НАТО-ның бағдарламасы бойынша әскери жаттығулар неше рет өткізілді?
4. “Ортазбат-2001” әскери жаттығулары қандай мақсатты орындады?
5. Жаттығу барысында қандай қылмыс түрлеріне қарсы күрес жүргізілді?
6. Осы жаттығулар кезінде қандай дәрігерлік көмек көрсетілді?

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем ойлаңыздар.

Халықаралақ әскери жаттығулар, терроризм мен экстремизмге қарсы біріккен күштер, есірткі бизнесі, қылмыскерлерді қолға түсіру, күшті әсер ететін есірткі заттарды тасу, түсті металдарды ұрлау, баукеспелерлердің жолын кесу, әскери дәрігерлік жаттығулар.

**Тапсырма.** Мына сөйлемдерге керекті сөздерді қолданыңыздар.

1. “Бейбітшілік жолындағы серіктестік” бағдарламасы бойынша оқу-жаттығуының ерекшелігі – терроризм мен экстремизмге қарсы біріккен күштер ... ..
2. Американдық жауынгерлер үлкен көлемде есірткі заттарын жымқырып бара жатқан ... қолға түсірді.
3. Түсті металдарды көп мөлшерде заңсыз әкетіп бара жатқан бауқеспелердің ... ..
4. Әскери жаттығулармен қатар “Баланс-Каяк” атты дәрігерлердің жаттығулары да ...
5. АҚШ мен Қазақстанның әскери дәрігерлері облыс жұртшылығына тегін әрі шұғыл дәрігерлік ... ..
6. Оннан астам ауыр хирургиялық операция ...
7. Бұл іске Қазақстанның білімді, іскер, жауапты, ілтипатты дәрігерлері де ...

Керекті сөздер: өз өнерлерін көрсету, қатысу, өту, жасалу, көмек көрсету, қылмыскерлер, жолын кесу.

## Қазақстанда сот билігінің жүзеге асырылуы

### Қазақстан Республикасының Конституциясы (VII-бөлім, 76-бап)

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және оның мақсат-міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.
2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.
3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

### Қазақстан Республикасының сот жүйесі

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Жоғарғы сот, облыстық және оларға теңестірілген соттар, аудандық (қалалық) және әскери соттар құрайды.

Қазақстан Республикасында заңға сәйкес мамандандырылған соттар құрылады. Олар: шаруашылық, салықтық, әкімшілік, кә- мелетке толмағандар істері жөніндегі, т.б. соттар. Бұл соттардың мәртебесі аудандық (қалалық) соттардың мәртебесіне сәйкес келеді. Қазақстан Республикасында округтік соттар да құрылады.

Соттардың барлығы сот жүйесіндегі түрлі тармақтардың (звено) органдары сияқты өзара байланысты.

Тармақ (звено) – сот құрылысының ұғымы. Сот жүйесінің тармағы деп тең өкілеттіктері бар соттардың жиынтығы аталады. Қазақстан Республикасының сот жүйесі үш тармақтан тұрады.

Инстанция – сот ісін жүргізудің ұғымы. Ол істерді қарау кезеңдерін анықтайды. Қазақстанда төрт инстанциялық сот жүйесі жұмыс істейді. Олар: бірінші инстанциядағы, апелляциялық, кассациялық және қадағалау инстанциясындағы соттар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-і бабында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады деп жазылған. Азаматтық істерді, шаруашылық дауларды, қылмыстық істерді тек Жоғарғы сот, облыстық және оларға теңестірілген соттар ғана қарайды. Бұлардан басқа ешбір орган немесе лауазымды адамның сот қызметін өз мойнына алу құқығы жоқ. Адамды жасаған қылмысы үшін айыптау және жазалау құқығы тек сотта ғана бар.

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қазақстан Республикасының сот жүйесін қандай соттар құрайды?
2. Заңға сәйкес тағы қандай соттар құрылады?
3. Соттардың арасында қандай байланыс бар?
4. Тармақ, сот жүйесінің тармағы деген не?
5. Инстанция ненің ұғымы? Ол нені анықтайды?
6. Қазақстанда неше инстанциялық сот жүйесі жұмыс істейді?
7. Қазақстанда сот төрелігі қалай жүзеге асырылады?
8. Адамды айыптау және жазалау құқығы кімде бар?

**Тапсырма:** Сөз тіркестерін аударыңыздар:

судебная система, военный суд, статус судов, Верховный суд, создание специализированных судов, окружной суд, звенья судебной системы, равные полномочия, налоговый суд, четырехинстанционная судебная система, областные и приравненные к ним суды, уголовное дело, должностное лицо, рассматривать гражданские дела, признать виновным человека, совершенное преступление, совокуп-

ность судов, этапы рассмотрения дел, суд по делам несовершеннолетних, брать на себя функцию суда, осуществление правосудия, хозяйственные споры.

**Тапсырма:** Жақшаны ашып, сөйлемдерді аударыңыздар:

Қазақстан Республикасы Конституциясының сегізінші бөлімі /суды и правосудие/ деп аталады. 2. Осы жылдың 22-і қаңтарында Алматы қалалық сотының /открытый суд/ мәжілісі 20 /уголовное дело/ қарады. 3. Жамбыл облыстық сот алқасының мәжілісінде 12 /гражданское дело/ қаралды. 4. Өткен жылдың бес айында /несовершеннолетние/ 200-ге жуық қылмыс жасаған. 5. Облыстық ішкі істер басқармасы апта сайын /зарегистрированных/, ашылған қылмыстар туралы хабарлар береді. 6. /Должностные лица/ жасаған экономикалық қылмыстар ашылууда. 7. Азаматтардың сұрақтарына Алматы қаласы Бостандық /районный суд/ судьясы жауап берді. 8. Қазақтың /известный ученый/ Шоқан Уәлиханов үлкен саяси маңызы бар “Сот реформасы жайында хат” деген еңбек жазған. 9. Аптаның басында /Верховный суд/ кеңесінің мәжілісі Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтті. 10. Республикалық “Заң” газетінде шет елдердің /судебная система/ туралы мәліметтер жарияланады.

**Тапсырма.** Мәтіндегі бірыңғай сөйлем мүшелерін атаңыздар.

**Тапсырма.** Берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыздар:

1. теңестірілген, 2. мамандандырылған, 3. инстанциясындағы, 4. кәмелетке толмағандар, 5. азаматтық, 6. жиынтығы, 7. жүйесіндегі, 8. мәртебесіне, 9. өкілеттік, 10. салықтық.

**Тапсырма.** Жақшаны ашып, сөйлемдерді аударыңыздар:

1. /Председатель областного суда/, коллегия төрағалары, төралқа мүшелері биыл қара түсті мантия киеді.

2. (Следственный отдел департамента КНБ по Костанайской области) екі милиция қызметкеріне қарсы қылмыстық іс қозғады.

3. Алдын-ала тергеу көрсеткендей, олар (вымогательством, сокрытием преступлений) айналысқан.

4. ҰҚК қызметкерлері (по факту незаконного хранения оружия) қылмыстық істі жапты.

5. (Пленум Верховного Суда) жасырын дауыс беру арқылы тәртіптік коллегия мүшелерін сайлады.

6. “Бурабай” демалыс үйінде биылдан бастап (аппарат Верховного суда, судьи районных, городских судов РК) арнайы жолдамамен демала алады.

**Тапсырма:** Сөйлемдерді аяқтаңыздар:

1. Республика күні болғанда, ... ..
2. Комиссияның жаңа құрамы белгілі болғанда, ... ..
3. Әділет министрі судьяларды ұсынғанша, ... ..
4. Аудандық сот бірнеше азаматтық істі қараған соң, ... ..
5. Аудандық соттың соңғы жылғы жұмысын талдағанда, ... ..
6. Үкімет құрамы бағдарламаны қабылдағанға дейін, ... ..

### Қазақстан Республикасының соттар құрамы

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасының сот жүйесін Жоғарғы сот, облыстық және оларға теңестірілген соттар, аудандық (қалалық), әскери соттар құрайды. Енді осы соттардың құрамына тоқталайық.

### Аудандық (қалалық) соттар

Аудандық (қалалық) соттар әділет министрінің ұсынысы бойынша аудан, қала және қала аудандарында төрағаны және тұрақты судьяларды тағайындау арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің билігімен құрылады.

Аудандық (қалалық) соттың құрамына төраға және тұрақты судьялар кіреді. Судьялардың жалпы санын әділет министрінің ұсынысы бойынша Президент белгілейді. Әр сот үшін оның сандық құрамын әділет министрі анықтайды.

Аудандық (қалалық) сот бірінші инстанциядағы барлық істерді қарайды, сот статистикасын талдайды, заң арқылы берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық (қалалық) соттың төрағасы судья болып табылады және сот жұмысын ұйымдастырады. Ол судьялар арасында істерді бөледі, азаматтарды қабылдайды, сот аппараты қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады.

### Облыстық және оларға теңестірілген соттар

Облыстық және оларға теңестірілген соттар әділет министрінің және Республика Жоғарғы соты кеңесінің ұсынысы бойынша Президент билігімен құрылады.

Облыстық және оларға теңестірілген соттар төралқасына төраға, коллегиялар төрағалары, үш судья кіреді. Төралқа коллегиялар төрағаларының есептерін тыңдайды, сот практикасының материалдарымен танысады және оларды талқылайды. Істерді қарау нәтижесі бойынша қаулы шығарады.

Облыстық және оларға теңестірілген соттар коллегиялары апелляциялық және кассациялық тәртіптегі істерді қарайды. Коллегиялардың құрамын сот төрағасы бекітеді.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағасы судья қызметін қоса атқарады және өз қарамағындағы сот жұмысын жүзеге асырады. Коллегия төрағасы судья қызметін атқарумен қатар, коллегия жұмысын ұйымдастырады.

### Әскери соттар

Қазақстан Республикасында әскерлердің әскери соты, әскери бірлестіктердің /армиялар, әскери құрамалар, гарнизондар/ әскери соттары құрылады. Қазақстан Республикасындағы әскери соттардың жалпы санын Президент анықтайды. Судьялардың санын әр әскери сот үшін әділет министрі анықтайды. Республика әскерлерінің әскери сотының құрамына төраға, коллегиялар төрағалары кіреді. Сот төралқасы, азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі коллегиялар жұмыс істейді.

Өзінің құқықтық мәртебесі бойынша әскери соттар облыстық соттарға теңестіріледі. Әскери бірлестіктің соты аудандық /қалалық/ сот мәртебесіне сәйкес. Ол төраға және судьялардан тұрады. Төраға судья болып табылады және құзірет шеңберіндегі әскери соттың жұмысын ұйымдастырады.

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне қандай соттар кіреді?
2. Аудандық /қалалық/ соттар қалай құрылады?
3. Аудандық /қалалық/ соттың құрамына кім кіреді?
4. Аудандық /қалалық/ сот құрамын кім анықтайды?
5. Аудандық /қалалық/ сот қандай істерді қарайды?
6. Сот төрағасы қандай қызмет атқарады?
7. Облыстық және оларға теңестірілген соттар қалай құрылады?
8. Облыстық және оларға теңестірілген соттар төралқасының құрамы қандай?

9. Бұл соттар қандай істерді қарайды?
10. Қазақстанда қандай әскери соттар бар?
11. Әскери сот құрамына кімдер кіреді?
12. Әскери соттардың мәртебесі қандай?

### Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты – сот жүйесінің ең жоғары тармағы (буыны). Жоғарғы сот төрағадан, коллегиялар төрағаларынан, тұрақты судьялардан тұрады. Олардың жалпы санын Жоғарғы Сот төрағасының ұсынысы бойынша Президент белгілейді.

Жоғарғы Сот органдары болып: пленум, төралқа, азаматтық істер жөніндегі коллегия, қылмыстық істер жөніндегі коллегия, шаруашылық даулар жөніндегі коллегия, әскери коллегия және ғылыми-консультативтік кеңес табылады.

Жоғарғы сот пленумы сот практикасын талдайды, пленум хатшысын, ғылыми-консультативтік кеңес сайлайды. Сонымен қатар заңды және басқа нормативтік актілерді қолдану туралы материалдарды оқып біледі.

Жоғарғы сот төралқасы сот төрағасынан, коллегиялар төрағаларынан тұрады. Төралқа отырыстары айына екі рет өтеді. Жоғарғы сот төралқасы сот төрелігін жүргізгенде, заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды, коллегия төрағаларының хабарларын және есептерін тыңдайды.

Жоғарғы сот төрағасы сот төрағасы болып табылады және сот жұмысын ұйымдастырады. Ол уақытша болмаған жағдайда, өкілеттігін оның бұйрығы бойынша коллегия төрағаларының бірі орындайды.

**Тапсырма** Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қандай мәртебеге ие?
2. Жоғарғы Сот органдары қандай?
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы кім?

**Мәтінді оқыңыздар:**

### Қазақ конституциясының тұңғыш жобасы

Революцияға дейінгі Қазақстанда конституция қабылдау, тәуелсіз мемлекет құру қажеттігі туды. Ең бірінші болып Қазақ

конституциясының Жобасын жазған адам Барлыбек Сыртанов. Ол 1890 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетін үздік бітірген. Өте білімді адам болған. Атқарған қызметі өмірдің көп саласын қамтыған. Құқықтық мемлекет құруға атсалысқан. Еңбектерінің ең құндысы Қазақстанда Республика құрудың /конституциясын/ жасау болып саналады. Қолжазбада конституция деген терминнің орнына устав деген термин қолданылған. Оның себебі Ресейдің ой-пікірінің тікелей ықпалында болды. Ол кезде Ресейде конституция деген ұғым, устав, ереже деген терминмен берілетін. Устав баптарының мазмұны терең. Кейбір баптары осы күнге дейін өз мәнін жоймаған. Устав қазіргі егемен Қазақстан Конституциясымен салыстырылды. Оның маңызды идеялары қазіргі Қазақстан Конституциясында пайдаланылған.

#### Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қандай заңгерлерді білесіз?
2. Алматыдағы заңгерлерді дайындайтын қандай оқу орындарын атай аласыз?

#### Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар:

Кодекс — латынның “кітап” деген сөзінен шыққан. Әр түрлі заңдарды біртұтас жинақ қылып шығарғандықтан кодекс деп аталып кеткен. Қысқартып айтсақ, Қылмыстық кодекспен тыйым салынған әрекеттер — қылмыс болып табылады.

Жаңа Қылмыстық кодекстің демократиялық мемлекетке сәйкес жақтары бар. Бұрынғы заңдарда өлім жазасы көп айтылса, бұл заңда көптеген жағдайда азайтылған. Жаңа Қылмыстық кодексте адамды түрмеге отырғызбай-ақ жазалау түрлері бар. Әрине, әрбір қылмысқа берілер жазасы бар. Түрме көп жағдайда адам баласын түзетеді деген, әрине, қате пікір. Бұрынғы Қылмыстық кодексте жалпы және ауыр қылмыс деп қылмыстың тек екі ғана түрін қарайтын, жаңа Қылмыстық кодексте қылмыс түрлерін бірнеше санаттарға бөлген. Онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар, ерекше ауыр қылмыстар. Қамау жазасы алғашқы екеуіне қолданылуы мүмкін. Әскери қызметтер бойынша шектеу жазасы тәртіптеуші әскери бөлімдерде ұстау арқылы жүзеге асырылады. Әскери адамдар болса, оларды әскери шенінен айырады. Қазіргі жаңа заңдар бойынша өлім жазасын қолдану азайтылған.

(“Заң” газеті)

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, аударыңыздар. Бір-біріңізге сұрақтар қойыңыздар.

#### Қазақстан Республикасының Прокуратурасы

Қазақстан Республикасының Прокуратурасы — Президентке есеп беретін мемлекеттік орган. Ол Республикадағы заңдар, жарлықтар, өзге нормативтік актілердің дәл орындалуын қадағалайды. Жедел-іздістіру қызметі, тергеу және жауап алудың заңға сәйкестігін бақылайды.

Прокурорлық қызметтің мақсаты — заң үстемділігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының егемен құқықтары мен бостандықтарын бекіту. Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

Қазақстан Республикасының Прокуратурасы бірыңғай орталықтандырылған органдар жүйесі болып табылады: прокуратура өз қызметін басқа мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады; прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, азаматтар және лауазымды адамдар үшін міндетті.

Прокурорлық қадағалау деп заңның дәл орындалуын, заңды бұзу фактілерінің дер кезінде айқындалуын және кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуға байланысты арнайы өкілеттіктері бар лауазымды адамдардың /прокурорлардың/ жүзеге асыратын қызметін айтамыз.

Прокуратура органдарының жүйесін Бас прокурор басқарады. Бас прокурорды бес жыл мерзімге Парламент Сенатының келісімімен Президент тағайындайды. Бас прокурор Президентке есеп береді және Президент билігімен қызметінен босатылады. Бас прокурор Бас прокуратураны басқарады, оның бірінші орынбасары және орынбасарлары болады. Бас прокуратураның құрылымын басқармалар және бөлімдер құрайды.

**Тапсырма:** Сөйлемдерді аударыңыздар:

1. В Кокшетау задержана преступная группа, занимающаяся кражей автомобилей.
2. По сведениям прокуратуры раскрываемость преступлений в городе Алматы составляет 0,9 %.
3. В заседании коллегии Генеральной Прокуратуры приняли участие руководители Министерства внутренних дел.
4. В июле было возбуждено уголовное дело против руководителя крупной фирмы.

5. Правосудие в Республике Казахстан осуществляется только судом.

6. Судами РК являются Верховный суд РК и местные суды Республики, учреждаемые законом.

7. Судебная система РК устанавливается Конституцией и конституционным законом.

8. Суды состоят из судей, их независимость защищается Конституцией и законом.

9. Законом могут быть установлены дополнительные требования к судьям Республики.

10. По конкретным делам судьи не подотчетны.

11. На очередном заседании Мажилиса был обсужден проект уголовно-процессуального кодекса.

12. Налоговая полиция должна усилить борьбу с “теневым” бизнесом, контрабандой.

13. Растет количество преступлений, совершаемых с применением огнестрельного оружия.

14. Четыре убийства, похищение человека раскрыли за неделю сотрудники криминальной полиции г. Алматы.

15. Вчера было совершено разбойное нападение на ювелирный магазин.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар:

### **Қазақтың тұңғыш прокуроры Сүлеймен Есқараев**

1897 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында туған. Ірі мемлекет қайраткері. 1933-37 жылдары Қазақ АССР-нің прокуроры болған.

1937 жылы тұтқындалып, “Кеңес үкіметін құлатып, Қазақстанда буржуазиялық мемлекет құруды мақсат еткен, үкіметке қарсы ұлттық ұйымның мүшесі болған” деген айып тағылып, көп көшікпей атылып кеткен Сүлеймен Есқараев болған. Ол кісі Қазақстанның тұңғыш прокуроры болған көрнекті мемлекет қайраткері. Небәрі 41 жыл ғұмыр кешкен азамат еш жазықсыз қамауға алынып, жаламен тұтқындалған соң үкім шығарылғанға дейін әділет атаулыдан үмітін үзбей, заң тарапынан араша іздейді. Бірақ, амал нешік, оның үміті ақталмай атылып кете барған. Сүлеймен Есқараев тек 1957 жылы ғана ақталды. Бүгінде оның алпыстан асқан Марат деген ұлы, басқа да артында қалған туыстары, үрім-бұтақтары бар.

Халқымыздың және Қазақстанның тарихында өшпес із қалдырған, республикамыздың тұңғыш прокуроры Сүлеймен Есқа-

раевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында және туғанына жүз жыл толуына байланысты Алматы қаласы әкімшілігінің шешімімен бұрынғы Западная көшесіне Есқараев есімі берілді.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, сұрақтар қойыңыздар:

### **Қорғаушы қызметі**

Егемен еліміздің мақсаты – құқықтық мемлекет құру. Мемлекеттің тірегі – заң. Заңсыз қоғам болуы мүмкін емес. Сондықтан қоғамымызда қорғаушылардың міндеті ерекше. Әрбір қорғаушы Қазақстан Республикасының “Адвокатура туралы” заңы мен басқа заңдарды басшылыққа ала жұмыс істейді. Қорғаушылардың мекемелерге, өндіріс орындарына, халыққа көрсететін қызметі үлкен, көмегі зор.

Қорғаушы заң кеңесшісі ретінде мекемелердің, өндіріс орындарының, жеке кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың басшыларына қабылданған заңдарды түсіндіріп береді. Оларды қалай дұрыс пайдалану жолын көрсетеді. Сондықтан қорғаушы заңның әр саласын толық және жақсы меңгеруі керек. Азаматтарға қорғаушы кеңес беріп, тиісті құжаттарды толтыруға көмектеседі.

**Тапсырма:** Сөйлемдерді аударыңыздар:

1. Республикамыздың қорғаушылары халқымыздың мүддесін қорғайды. 2. Қорғаушы сот процесінде айыпталушыны қорғайды. 3. Әрбір мекеменің өз саласында қорғаушысы болады. 4. Жоғары оқу орындарында болашақ қорғаушыларды дайындайды. 5. Қорғаушы өз қызметінде тек заңға жүгінеді.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, асты сызылған сөздермен сөйлемдер құраңыздар:

### **Тергеуші қызметі**

Баспасөз беттері тіршілікте күн сайын көбейіп бара жатқан қылмыстар жөніндегі хабарларға толы. Ал осы қылмыскермен күресетін заңгерлер туралы сирек айтылады. Республикадағы **қоғамдық тәртіпті**, азаматтардың және мемлекеттің мүддесін қорғап жүрген **заң қызметкерлерінің** еңбегі өте зор.

Жыл сайын жүз мыңдаған **қылмысты іс** тіркеледі. Бұлардың көбі аса қауіпті қылмыстар. Оларды жан-жақты тергеп, нәтижесіне соңғы нүкте қою аса күрделі, әрі жауапты іс.

Олар **қылмыстық оқиға** болған жерге барады, қылмыстың себеп-салдарын айқындайды, іске қатысы бар және куә адам-



лардан жекелеп те, беттестіріп те, кайталап та жауап алуға мәжбүр болады. Оқиғаға дұрыс баға беріп, мәселені заңға сәйкес әділ шешуге әрекет жасайды. Бұл тұрғыда әрбір қылмыс фактісі бойынша жұмыстар атқарылады. Әр істің өз өзгешелігі, өз сипаты бар. Жәбірленуші мен қылмыс жасаған адамдардың кім екендігі, олардың өткен өмірі, отбасындағы, қоғамдағы, жұмыстағы тәртібі, мінезі ерекшеленеді. Осы істің бәрін ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып тергеуші жүргізеді.

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Біздің институтымыз тергеушілерді дайындайды ма?
2. Тергеушінің негізгі қызметі қандай?
3. Тергеушіге қандай қасиеттер қажет?

**Тапсырма:** Төмендегі қанатты сөздерді қолданып, әңгіме құрастырыңыздар:

- (1) Әділет тілесе, атаңның басып айыбын айт.  
(М. Әуезов)
- (2) Не әділ болса, сол мәңгілік.  
(Д. Террари)
- (3) Мейірімді болу оңай, әділ болу қиын.  
(В. Гюго)

**Тапсырма:** Мәтінде айтылған ойға байланысты өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

### Еліміздегі тәртіпсіздік

Еліміздегі тәртіпсіздік – бүгінгі заманның ащы шындығы. Бұл құбылыс қоғамымызда күннен-күнге өсіп барады. Кешегі алаяқтар, алыпсатарлар, түп көтере сатып алушылар шаруасы қатайған бизнесмендерге айналды. Өндірістің қысқаруы, кәсіпорындардың жабылуы, жаппай заңсыздыққа тоқтау болмауы тәртіпсіздіктің базасын тереңдетті. Бізде тәртіпсіздік туралы әлі құқықтық түсінік жоқ. Сондықтан бұл тәртіпсіздікке қарсы жасалған күрес тәсілдері мен стратегия жоқ. Бүгінде қаржы-несие мекемелері қылмысты жасыратын ортаға айналып отыр.

Қазір қоғамның барлық құрылымында оңай ақша табу орын алған. Мысалы, алыпсатарлар салық төлеуден қашады, дүкендерге тауар мен азық-түлікке бағаны өздері қойып алады. Мұндай тәртіпсіздікке арнайы парламент комиссиясы керек. Бұл комиссия ашқарақтыққа қарсы заңдардың орындалу барысын қадағалау

керек. Біздің парламентке осы жөнінде жұмыс істеуге негіз бар. Біз одан сапалы заң шығаруын күтеміз.

**Тапсырма:** Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлемдер құраңыздар: өндірістің қысқаруы; күрес тәсілі, оңай ақша табу, қылмысты жасыру, салық төлеу.

**Тапсырма** Еліміздегі тәртіпсіздік деңгейі, онымен күрес тәсілдері туралы әңгімелесіңіздер.

**Тапсырма:** Мақал-мәтелдерді аударыңыздар, оларды қолданып әңгіме құраңыздар:

1. Бұра сөйлеме, тура сөйле.
2. Бірліксіз істе береке жоқ.
3. Ұры кісі басқа кісінің малын жейді, өзінің арын жейді.
4. Ұры ұрлығын қойса да, ұры аты қалмайды.
5. Ұрлағанды тыққандар, ұрыдан бетер кінәлі.
6. Ақиқаттың алдында хан да бір, қара да бір.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, сұрақтар қойыңыздар:

### Жазалау шаралары

Жаза – қылмысы үшін мемлекет тарапынан сот арқылы қолданылатын мәжбүр ету шарасы. Жазаның мақсаты тек жазалау емес, заңды құрметтеуге үйретіп, қайта тәрбиелеу. Мемлекеттік соттан басқа ешқандай орган қылмыстық жаза қолдана алмайды. Қылмыстық әрекеттермен күресте сендіру мен мәжбүр ету ұштастыра қолданылады. Жаза белгіленгенде көпшілік алдында айыптау, жер аударғанда жақын адамдарынан, үйреншікті өмір жағдайынан айыру арқылы моральдық ықпал етеді.

Қылмыстық заң ең қатал заңдардың бірі. Қатал заң болмай, құқықтық мемлекет болуы мүмкін емес. Қылмыстық заңның мәні қылмысты ашу ғана емес, қылмыстың азаюына ықпал жасау. Қылмыстығын түзу жолға салу айыпталғандардың арасында саяси тәрбие жұмысын жүргізу, пайдалы еңбекке қатыстыру арқылы жүзеге асырылады. Кейбір тұрақсыз азаматтарға жаза туралы ескерту, қорқыту арқылы да қылмыстың алдын алады.

Адам үшін өмірден қымбат ештеңе жоқ. Қатал жаза туралы үрей потенциалды қылмыскерді тұсайды. Жаза – тежегіш фактор.

**Тапсырма.** Берілген мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді оқып, аударыңыздар:

1. Адамды алдау – арыңның алдында қылмыс, Ағанды алдау – анаңның алдында қылмыс.

2. Досы жоқпен сырлас,  
Досы көппен сыйлас,  
Қайғысыздан сақ бол,  
Қайғылыға жақ бол.

(Абай)

3. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.  
(Абай)

4. Қарақшы қараңғыны тосады.  
5. Арлы арына қараса,  
Арсыз жеңдім дейді.

**Тапсырма:** Мәтінді оқыңыздар.

#### Ұйымдасқан қылмыс

Қазіргі кездегі республикамыздағы күннен-күнге өсіп жатқан қылмыс мәселесі мазасыздандырады. Президенттің жарлығына байланысты Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз жұмысын күшейте түсті. Құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, аз уақытта 145 қылмысқа тосқауыл қойылды. Республикамыздан тысқары жерлерге шикізаттарды, жабдықтарды заңсыз тасымалдаудың 300-ден астам фактісі ашылды. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес шаралары демократиялық принциптерге сәйкес келуі керек.

Қазіргі кезде Ұлттық қауіпсіздік комитеті өзінің қызметін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, еліміздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыруда. Ұйымдасқан қылмыстың көпке бармайтыны сөзсіз. Ұлттық қауіпсіздік комитетінде ұйымдасқан қылмысқа қарсы заң жобасы қабылданды. Жақында 3,5 тонна күмістің сыртқа әкетілуіне тосқауыл жасалды. ҰҚК және оның органдары мен әскерлері халық мүддесін қорғау жолында өзінің күш-жігерін аямайды.

**Тапсырма:**

1. “Ұйымдасқан қылмыстың көпке бармайтыны сөзсіз — “деген пікірмен келісесіз бе? Бір-біріңізбен әңгімелесіңіздер.

2. 1997 жылдың 17 мамырынан бастап, ТМД-ға қатысушы — елдерде ұйымдасқан қылмысқа қарсы бірлескен күрес бағдарламасы жұмыс істеуде.

Бұл туралы не білесіз?

## Қазақстан — дүниежүзілік қауымдастықта

Тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыздар.

### Әлем елдерімен терезесі тең

Тәуелсіздіктің бір белгісі — еліміздің дүние жүзіндегі басқа мемлекеттер тарапынан танылуы болса керек. Осыған орай, еліміздің сыртқы саясатын белгілейтін Қазақстан дипломатиясы ойдағыдай дамып, ол біздің мемлекеттің әлемдік қауымдастықтан өзінің лайықты орын алуына жақсы қызмет етті.

Тәуелсіз жас мемлекетіміз 1992 жылы 2 наурыз күні Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды. Республикамыздың көк байрағы әлем елдері туларының қатарына қадалды. Ел өмірінде жаңа кезең басталды. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін одан бұрынырақ жарияласа да, жеке мемлекеттер таныса да, енді бүкіл әлем оны шын мәнінде тәуелсіз егеменді ел ретінде таныды. Әлемдік мемлекеттер қауымдастығы қатарына қосылу елдік еңсені көтеріп қана қоймай, қарым-қатынастың жаңа арнасын ашты. 1992-1993 жылдары іс жүзінде әлемнің 100 елімен дипломатиялық қатынас орнатылды, ал тәуелсіз даму жылдарындағы қатынас орнатқан елдеріміздің жалпы саны 121 болды. Бүгінде Қазақстанның БҰҰ /Біріккен Ұлттар Ұйымы/, ЮНЕСКО /БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы/, ЕҚЫҰ /Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым/ секілді 64 халықаралық ұйымда өкілдігі бар.

Біздің еліміз басқа елдермен терезесін теңестіріп, тарихи дамудың жаңа бір арнасына түсті. Ол енді әлемдік мәселелерді шешуге араласады. Қазақстан Республикасы өз болашағын әлемдік мемлекеттер қауымдастығына тығыз байланыстан көреді. Сол қауымдастықпен тығыз байланыс тәуелсіздігіміздің де, экономикалық, әлеуметтік дамуымыздың да басты кепілдерінің бірі. Тәуелсіздіктің, дербестіктің еркін самалымен тыныстаған елдің орны қашанда сол өз теңдестерінің қатарында.

(“Егемен Қазақстан”)

**Тапсырма:** Төменде берілген сөз тіркестерін қатыстырып, құрмалас сәйлемдер ойлап жазыңыздар.

Терезесі тең, еңсені көтеру, әлемдік қауымдастық, сыртқы саясат, егеменді ел, тәуелсіздіктің белгісі, лайықты орын алу, мүше

болып қабылдану, көк байрақ, шын мәнінде, қарым-қатынастың жаңа арнасы, өтпелі кезең, іс жүзінде, тәуелсіз даму жылдары, басты кепіл, тығыз байланыс.

**Тапсырма:** Сұрақтар теңірегінде пікір алысыңыздар.

1. “Тәуелсіздіктің белгісі” дегенді қалай түсінесіздер?
2. Тәуелсіз егеменді ел болу үшін қандай шарттар қажет деп санайсыздар?
3. Сізді қазір қандай әлемдік мәселелер толғандырады? Оларды шешудің қандай жолдарын ұсынасыз?

## Қазақстан және Ұлыбритания қарым-қатынастары

**Тапсырма:**

1. Қазақстан мен Ұлыбритания қарым-қатынастары туралы не білесіздер?
2. Екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар қашан орнған?
3. Қазақстан мен Ұлыбритания қатынастары қандай салаларда дамуда?

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

### Үлкен әріптестік жолында

Қазақстан өз дамуында тең түсіністік пен ынтымақтастық қарым-қатынасқа айрықша мән беріп келеді. Бұл замана талабы біздің елдің Ұлыбританиямен қалыптасып келе жатқан оң құбылыстармен де анық байқалады.

Екі ел өркениет жолында өзектесіп, алыс-беріс қарқын ала бастады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлыбританияның іскер топтарымен болған кездесулерде екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайту жолындағы ұмтылыстарды атап айтты.

Айталық, Британия Қазақстанға 1993-1998 жылдары 1061,1 млн. доллар/бұл барлық инвестиция ағынының 13,4 пайызы/инвестиция кұйды. Бұл көрсеткіш бойынша олар АҚШ пен Корея Республикасынан кейін үшінші орында тұр. Ал, 1999 жылы 162,5 млн. доллар инвестиция әкеліп, біздің ел үшін Еуропадағы ең ірі инвестор екені анық көрінді.

Екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастық негізінен энергетика, тау-кен өнеркәсібі, сауда, әлеуметтік құрылымдар, денсаулық сақтау, көлік және байланыс, пайдалы кен қазбаларын барлау және игеру салалары болып саналады.

Біздің елімізде 90 Қазақстан – британ бірлескен кәсіпорны және 40 Британия компаниясының өкілдігі бар. Ұлыбритания үшін Қазақстан мұнай-газ секторы бұрынғысынша басымдыққа ие. Бұл ретте “Бритишгаз” тәрізді әлемге танымал компаниясы, металлургия саласында “Испат-Қармет” компаниясының жұмысы біздің республика жұртшылығына белгілі. Даму жолындағы мұндай ықыласты мәселелер өз аясын кеңейте бермек. Қазіргі уақытта Ұлыбританияның сенімді инвестициялық әріптес болуымен байланысты екі елдің арасында шешілетін көптеген міндеттер алда тұр. Алыс-берісі арнаға түскен Ұлыбритания мен Қазақстанның байланыстары тек қана экономика мен саясатта емес, сонымен қатар, мәдениет, білім беру, өскери салада, атап айтқанда, дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап қалу ісінде, халықаралық терроризмге қарсы күрес мәселесіндегі ынтымақтастыққа да негізделген. Бұл орайда БҰҰ-ның мүшесі ретінде Қазақстанның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және Экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт секілді өзекті құжаттарға қосылу жөніндегі ұмтылысын Британдық әріптестеріміз қуаттайды. Британ үкіметі бұл салаға қажетті техникалық көмек, соның ішінде бағдарлама шеңберінде құқық қорғау органдарының, соттар мен прокуратураның өкілдерін оқыту жөнінде көмек көрсетуге әзірлігін білдіреді.

(Ә. Ахметов).

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Ұлыбритания Қазақстан үшін неліктен көп мөлшерде инвестиция бөлуде деп ойлайсыз?
2. Инвестициялық ынтымақтастық экономиканың қай салаларында дамуда?
3. Бейбітшілікті сақтау үшін екі ел неліктен мұндай деп ойлайсыз?
4. Қылмысқа қарсы бірлесіп күресудің қандай мүмкіндіктері бар деп санайсыз?

**Тапсырма:** Сөз тіркестерін есте сақтаңыздар.

Тең түсіністік пен ынтымақтастық қарым-қатынас; айрықша мән беру; замана талабы; оң құбылыстар; өркениет жолында; іскер топтар; одан әрі нығайту; инвестиция құю; денсаулық сақтау; көлік және байланыс; пайдалы кен қазбалары; бірлескен кәсіпорын; әлемге танымал; жұртшылыққа белгілі; өз аясын кеңейту; ықыласты мәселелер; шешілетін міндеттер; ынтымақтастыққа негізделген; азаматтық және саяси құқық; өзекті құжат; бағдарлама шеңберінде; көмек көрсету.

**Тапсырма:** Сөйлемдерді оқып, айтылған ойды жалғастырыңыздар.

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Ұлыбритания консервативтік партиясының мүшесі Дэвид Аткинсонның басқаруымен келген Еуропа Кеңесі Парламент Ассамблеясының делегациясын қабылдады...

2. Қазақстанның кей облыстарының еуропалық континентке кіріп жатуы оның Еуропа Одағына мүше мәртебесіне ұмтылып отырғандығына дәлел болады...

3. Делегация басшысы Қазақстанға қазіргі кезеңде Кеңестің және ЕКПА-ның шараларына бақылаушы ел санатында қатысуды ұсынды...

4. Еуропа Кеңесі Парламент Ассамблеясының делегациясы Қазақстан Парламентіндегі депутаттардың құрамы жағына ерекше назар аударатындығы байқалды. Олар Парламенттегі тәуелсіз депутаттардың басымдығына қатысты сауалды алға тартты...

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндап беріңіздер.

### Парламентте өткен кездесулер

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Ұлыбритания Парламенті қауымдар палатасының шет ел істері жөніндегі комитетінің төрағасы Дональд Андерсонды қабылдады.

Елдегі реформалар баяу болса да бір қалыпты қарқынмен тұрақты жүргізілуде, деп атап өтті Сенат төрағасы. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға шолу жасай келіп, Қазақстанды халықаралық терроризмге қарсы күрес мәселелері толғандырып отыратындығы туралы да айтты.

Ұлыбританиялық мейман болса, парламенттік жүйе, өзі басшылық жасайтын комитеттің жұмысы жайлы кеңінен әңгімелеп берді.

Сол күні түстен кейін Сенат төрағасы ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының директоры Жерар Студман мырза бастаған делегациямен кездесті. Кездесу барысында алдағы күзде елімізде өтетін ірі халықаралық кездесу төңірегінде жан-жақты әңгіме қозғалды.

**Тапсырма:** Сұрақтар бойынша пікірлесіңіздер.

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі төрағалары кімдер?

2. Сенат төрағасы кімді қабылдады?

3. Кездесуде қандай мәселелер қозғалды?

4. Ұлыбритания Парламенті туралы не білесіздер?

**Тапсырма:** Сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

1. Ұлыбритания Парламентінің мүшелері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының ... болады.

2. Мәжіліс ... шетелдік меймандарға Қазақстанда жүріп жатқан реформалар туралы...

3. Ұлыбритания Қазақстанды өзінің ... ретінде санайды.

4. Қазіргі әлемдік ауқымда көтеріліп отырған экология ... байланысты қоршаған ... ластанудан сақтау ... кеңінен жүргізу керек.

5. Елімізде жүріп жатқан экономикалық реформаларға, сондай-ақ ... жемқорлыққа байланысты министрлерге нақты ... берілді.

**Қажет сөздер:** тапсырмалар, әріптесі, қабылдауында, баяндады, мәселесіне, шараларын, сыбайлас, ортаны.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

### Ұлыбритания Парламентінің өкілдері сапар нәтижесіне ризалықтарын білдірді

Мамырдың 10-ында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Ұлыбритания Парламентінің Палатасы сыртқы істер жөніндегі комитетінің төрағасы Дональд Андерсон бастаған делегацияны қабылдады.

Екі жақты әңгіме барысында қос мемлекет арасында 1992 жылдың 19 қаңтарында орнаған дипломатиялық байланысты одан әрі дамыта отырып, саясат, экономика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға баса назар аударылды. Елбасы Ұлыбританияның дербес жолына енді түскен Қазақстанға инвестиция салудағы қомақты орнын жоғары бағалады. Қазақстанға инвестиция салушы мемлекеттер арасында Ұлыбритания үшінші орында тұр. 1997 жылы Қазақстанға берілген 5252,5 миллион доллар тікелей инвес-

тицияның 719,8 миллионы /13,7 пайызы/ Ұлыбританияның үлесінде. Әйтсе де, деді мемлекетіміздің басшысы, инвестицияны тек мұнай, газ саласына ғана бұрмай, шағын кәсіпкерлікке де назар аударған жөн болар еді.

Жоғары мәртебелі Президенттің қабылдауына, жалпы сапар нәтижесіне айрықша ризамыз, деді мәртебелі мейман Д. Андерсон мырза қабылдаудан кейінгі БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында. Саяси бағыттағы әңгімеде Қазақстанда енді басталып отырған демократиялық үрдістердің болашақта да жалғасын табатындығына сенімділік орнады. Қазақстанның саяси, экономикалық әлеуеті зор. Сондықтан да Қазақстан жағының ұмтылып отырған саяси, экономикалық мақсат, ұсыныстарын Ұлыбританияның өкіметіне жеткіземіз деп сендіремін. Бұл сапарымыздың нәтижесі екі айдан кейін жасалатын есебімізде өз орнын табады. Қысқасын айтқанда, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне тілектеспіз.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстанның Елбасы қай елдің делегациясын қабылдады?
2. Екі жақты әңгіме қандай мәселелер төңірегінде өрбіді?
3. Қазақстан экономикасындағы Ұлыбритания инвестициясының орны қандай?
4. Шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру не үшін қажет деп ойлайсыз?
5. Делегация басшысы сапар нәтижесіне қандай баға берді?
6. Ұлыбритания іскер топтарының Қазақстанға көзқарасы қандай дейсіз?

**Тапсырма:** Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша баяндап беріңіздер.

**Тапсырма:** Берілген сөздер және сөз тіркестерімен сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Әңгіме барысында; қос мемлекет; одан әрі дамыту; ынтымақтастықты нығайту; баса назар аудару; дербес даму жолы; қомақты орын; жөн болар еді; айрықша риза; демократиялық үрдіс; жалғасын табу; өз орнын табу.

**Тапсырма:** Айтылған ойды одан әрі өрбітіңіздер.

1. Қазақстанның саяси, экономикалық әлеуеті зор.
2. Шағын кәсіпкерлікке назар аудару қажет.
3. Қазақстан дербес даму жолына түсті.

**Тапсырма:** Еліміздің экономикасына тартылатын шетел инвестицияларының орны туралы өз ойларыңызды жазбаша түрде жеткізіңіздер.

**Тапсырма:** “Парламент делегациясын қабылдау” тақырыбына баспасөз конференциясын ұйымдастырыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

### **Сыртқы экономикалық байланыстарға жаңа өріс**

Лондонда “Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері” деген тақырыпқа арналған конференция өз жұмысын бастайды. Осы аса маңызды экономикалық форумға қатысу үшін Қазақстанның делегациясы Ұлыбритания астанасына жүріп кетті.

Конференция 18-19 қыркүйек күндері өтеді. Оған тұманды Альбион іскерлерімен бірге Бельгия, АҚШ, Франция, Швеция, Нидерланды, Канада, Австрия, Испания және басқа бірқатар елдердің ірі бизнесмендері мен экономистері де қатысады.

Алқалы жиын үстінде Қазақстандағы экономикалық реформалардың әр түрлі салалары терең талдау және жан-жақты пікір алысу объектісіне айналады. Бұрындары шетелдіктердің көбінесе Қазақстанның мұнай-газ өндірісіне көбірек мүдделілік танытатындығы ерекше назарда ұсталатын болса, бұл жолы экономикамыздың басқа секторларының инвестициялық мүмкіндіктерін бірінші қойып ұсынуға көбірек мән беретіндігі байқалады.

Қазақстанға арналған үлкен саммиттің Лондонда өтуі кездейсоқ емес. Ұлыбритания инвестицияларды сыртқа шығару және өзіне тарту жөнінде дүние жүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орында. Бірақ қазірше екі ел арасындағы осы саладағы байланыстар айтарлықтай жоғары дәрежеде дей қою қиын.

Тағы бір назар аударарлық мәселе, конференцияны ұйымдастыруға жұмсалатын қаржы бюджет есебінен емес, инвесторлар есебінен бөлінген. Халықаралық экономикалық байланыстарды орнықтыру және нығайту тұрғысынан алғанда шетелдік инвесторларға барынша қолайлы жағдай туғызумен қатар, олардың өз мойындарына алған бағдарламалары мен міндеттемелеріне де жауапкершілікпен қараудың қажеттілігіне де назар аударылады. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, инвесторлардың барлығы бірдей өз міндеттемелерін орындамайды. Әрине, қарым-қатынастың нәтижелі болуы үшін жауапкершіліктің екі жақтан бірдей сақталуы шарт екендігі даусыз.

*(Е. Шаймерденұлы)*

**Тапсырма:** Сұрақтар бойынша бір-біріңізбен пікір алысыңыздар.

1. Лондон конференциясы қандай мәселеге арналмақ?
2. Конференцияға қатысушылар неліктен көп болды деп ойлайсыз?
3. Конференцияның Лондонда өткізілу себебі неде деп ойлайсыз?
4. Екі жақты қарым-қатынастардың нәтижесі неге байланысты?

**Тапсырма:** Төмендегі сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып, құрмалас сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Правительственная делегация; глубокий анализ; всесторонний обмен мнениями; выражать заинтересованность; ставить на первый план; вкладывание и привлечение инвестиций; довольно значительный уровень; максимально благоприятные условия; относиться с ответственностью.

**Тапсырма:** Сөйлемдерді жай сөйлемдер түрінде жазыңыздар.

1. Республикада шағын кәсіпкерліктің дамып, қалыптасуы кешендеу басталғанымен, соңғы уақытта ол күрт көтеріліп, жалпы өнім көлемінің ұлғаюына, салық қоржынын толықтыруға үлес қосатындай деңгейге жетті.

2. Саудасы жүріп, ісі оңға басып, алғашқы капитал қорландырып алған кейбір кәсіпкерлер біртіндеп өндіріс, қызмет көрсету саласына ауыса бастады.

3. Бюроның шешімімен Мәжіліс депутаттары бастамашы болып, ұсынған “Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы” заңға өзгерістер енгізу туралы заң жобасы өндіріске қабылданды.

4. Конференцияда демографиялық ахуалға талдау жасалынып, ҚР Демографиялық және көші-қон саясатының 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын өзірлеу жөнінде әңгіме болды.

**Тапсырма:** Берілген сөздердің жасалу тәсілдерін түсіндіріңіздер.

Қажеттілік; мүдделілік; жауапкершілік; мүмкіндік; шетелдік; отандық; инвестициялық; экономикалық; сәттілік; сәтсіздік; іскерлік; шеберлік.

**Тапсырма:** Төменде берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер, олармен сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Алқалы жиын; жоғары мәртебелі; бетке ұстар; тұралап қалу.

**Тапсырма:** Қазақстан Үкімет делегациясының шетелдік ақпарат құралдары өкілдерімен өткізген баспасөз конференциясын ұйымдастырыңыздар.

**Тапсырма:** Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Азаматтық авиация; бағдарлама жобасы; баса назар аудару; өзіндік мәні бар; шешімін күткен проблемалар; жүк және жолаушылар тасымалы; күрделі жөндеуден өткізу; халықаралық талаптар; қалыптасқан проблемаларды шешу; ынта таныту; ұзақ мерзімді байланыстар орнату; екі жаққа да тиімді.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев Бритиш Аэропейс компаниясы басқармасының төрағасы Ричард Эванс мырза бастаған делегацияны қабылдады. Қабылдауда азаматтық авиация саласын дамытуға қатысты бірқатар мәселелер сөз болды.

Әңгіме барысында Елбасы еліміздің азаматтық авиация саласын дамытуға бағытталған бағдарлама жобасына баса назар аударды. Оның өзіндік мәні бар. Қазіргі кезде азаматтық авиацияның орны да, жөні де бөлек. Бірақ, еліміздің азаматтық авиациясында шешімін күткен проблемалар жетерлік. Жүк және жолаушы тасымалында кідіріс бар, авиакәсіпорындар мен авиакомпаниялардағы ұшақтардың біраз бөлігі жаңартуды немесе күрделі жөндеуден өткізуді қажет етеді. Көпшілік әуежайлар халықаралық талаптарға сай келмейді. Қалаптасқан осындай проблемаларды шешуге қорғаныс және әуеарыш кеңістігі саласында өзіндік орны бар, дүниежүзінде төртінші орын алатын Ұлыбританияның Бритиш Аэропейс компаниясы ынта танытып отыр.

Қабылдауда Елбасы шетелдік компанияның қатысуымен қазақстандық авиакәсіпорындарды, авиакомпанияларды жетілдірудің маңызы ерекше екендігіне баса назар аударды. Бритиш Аэропейс компаниясы тарапынан ұсынылған жобаларға қатысты пікірін білдірді. Сондай-ақ оның халықаралық жолаушылар және жүк тасымалында алатын орнына баға берді. Ұзақ мерзімдік байланыстар орнатуға бағытталған мәселелердің нақты қорытындысы компанияға да, қазақстандық азаматтық авиацияға да тиімді болу керектігін меймандарға ескертті.

Қабылдау соңынан компания басқармасының төрағасы Ричард Эванс мырза баспасөз өкілдерінің сауалдарына қысқаша жауап берді. Ол Елбасымен болған әңгімеде азаматтық авиацияны дамытуға қатысты біраз мәселелер талқыланды, ұшқыш-мандарды оқыту, үйрету жөнінде сөз болғанын, әуежайларды, аэронавигация жүйелерін жетілдіру туралы екі жаққа да тиімді жолдар қарастырылғанын ортаға салды.

(«Егемен Қазақстан»)

**Тапсырма:** Сұрақтар бойынша пікір алысыңыздар.

1. Қазақстанның Елбасы қай елдің делегациясын қабылдады?
2. Қабылдауда қандай мәселелер талқыланды?
3. Қазақстан азаматтық авиациясының бүгінгі күнгі жағдайы қандай?
4. Шетелдік компания еліміздегі азаматтық авиация мәселелерін шешуге неліктен ынта танытып отыр деп ойлайсыз?
5. Сіздің ойыңызша, авиацияда орын алып отырған проблемаларды шешудің тағы қандай жолдары бар?

**Тапсырма:** Сіз Қазақстандағы ірі авиация компаниясының жетекшісіз. Осы компанияның қызметі, жоспарлары жөнінде БАҚ өкілдерімен баспасөз конференциясын өткізіңіз.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндап беріңіздер.

### Компания президентін қабылдады

Кеше Қазақстан басшысы Ұлыбританияның Би Джи плк компаниясының президенті Дэвид Варни бастаған делегацияны қабылдады. Бұл Қарашығанақ кен орнын игеруде жетекші орын алатын компания болып саналады.

Алдымен компания президенті Үкімет басшысын компанияның қазіргі жұмыс жағдайынан хабардар етті. Одан соң қолға алынуға тиісті нақты жобаларды ортаға салды. Оның ішінде Қарашығанақ мұнайын игеру және Қазақстанда газ тарату жүйелерін ретке келтіру жобалары бар.

Үкімет басшысы өз кезегінде аталмыш жобаларға қатысты пікір білдірді. Мұнай-газ саласындағы қандай жоба болсын екі жаққа да тиімді болуы керек. Сонда ешкім ұтылмайды. Әсіресе, қоршаған ортаға мұнай-газ саласында жұмыс істеп жатқан шетелдік компаниялар залалын тигізбеулері тиіс. Бұл үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынған.

(«Егемен Қазақстан»)

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстанның мұнайлы аймақтарын атай аласыз ба?
2. Қазақстан мұнайын игерудегі шетелдік компаниялардың орны туралы не айтасыз?
3. Еліміздегі мұнай-газ мәселесін шешудің қандай жолдары бар деп ойлайсыз?
4. Қоршаған ортаның ластануына жол бермеудің қандай жолдарын атай аласыз?
5. Қазақстан мұнайының болашағы туралы сіздің ойыңыз қандай?

**Тапсырма:** Тірек сөздерді қатыстыра отырып, құрмалас сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

1. Қолға алынуға тиісті нақты жобалар.
2. Жетекші орын алатын компания.
3. Қарашығанақ кен орнын игеру.
4. Газ тарату жүйелерін ретке келтіру.
5. Жобаларға қатысты пікір білдіру.
6. Екі жаққа да тиімді жоба.
7. Қатаң бақылауға алу.
8. Құқық қорғау органдары тарапынан.
9. Инвестициялар тарту /қюю/.
10. Жұмыс жағдайынан хабардар ету.

**Тапсырма:** Мәтінде көтерілген мәселеге өз ойларыңызды білдіріңіздер.

### «Испан-Қармет» болашаққа сеніммен қарайды

Өтпелі кезең қиындығы кезінде Қарағанды металлургия комбинатын да айналып өткен жоқ. Еліміздегі бетке ұстар үлкен өндіріс ошағы тұралап қалды. Ол өзінің активін 1995 жылы ЛНМ тобы сатып алып, «Испан-Қармет» ААҚ-ы өмірге келгеннен кейін ғана жандана бастады.

Қазіргі кезде комбинат өнімнің көптеген түрін шығарады. 2000 жылы өнім көлемі болат пен темір прокаты бойынша 16 пайызға өссе, мырышталған прокат ауқымы 31 пайызға артты. Ал, ақ қаңылтыр өндіру 1999 жылмен салыстырғанда 84 пайызға ұлғайды.

Соңғы жылдары «Қазақстанда жасалған» маркасымен өндірілген «Испат-Қармет» металдары әлемнің көптеген елдеріне тарай бастады. Қазір Қарағанды алыбының өнімдерін 65 ел сатып алады. Мәселен, комбинат 2000 жылы өз тұтынушыларына 3,5 миллион тоннадан астам металл прокатын жөнелтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың қабылдауында болған кезінде ЛНМ тобының төрағасы Миттал Лакшми Нивас мырза “Испат-Қармет” ААҚ-ның Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына лайықты табыстармен келгендігін мәлімдеді.

ЛНМ тобының әлемдегі болат өндірушілер рейтингінде төртінші орында тұрғанын, “Испат-Қармет” оның бір бөлімшесі болып табылатынын айта кету керек. 1976 жылы құрылған ЛНМ тобы тек 1992-1999 жылдар аралығында ғана Мексиканың, Канаданың, Германияның, Қазақстанның, Ирландияның, АҚШ-тың және Францияның металлургия өндірісінде жұмыс істейтін кәсіпорындардың активтерін сатып алып, оларға иелік етіп отыр.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма:** Төмендегі мәселелер бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.

1. Тартылып қалған Арал теңізінің болашағы бар ма?
2. Ядролық сынақтардан зардап шеккен Семей аймағының бүгінгі мен ертені.
3. Көшпенділер мәдениеті туралы не айта аласыз?

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыздар.

### **Қазақстан британдықтардың көзімен...**

Қарапайым британдықтардың көбісі, өкінішке орай, Қазақстанды білмейтін көрінеді. Кеңес Одағының сыртқы дүниеге жабық қоғам болғандығы кері әсерін тигізбей қоймады. Алайда іскер топтар, саясаттанушылар, бақылаушы-сарапшылар елімізде болып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерге зор қызығушылық танытып отыр. Орта Азияның өзге елдерімен салыстыра отырып, Қазақстандағы қоғамның қай бағытта келе жатқандығын жіті қадағалаумен келеді. Республикада болып жатқан соңғы саяси оқиғалар, конституциялық өзгерістер британдық саясатшылардың назарынан тыс қалып жатқан жоқ.

Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған “Протон” зымырандарының құлауы себепті ресми Астананың ондай ұшыруларға, уақытша болса да тыйым салғаны батыс елдеріне Қазақстанның тәуелсіз ел екендігін байқатты. Лондонда Қазақстан экономикасына инвестиция тартуды мақсат тұтқан бірқатар конференциялар өтті. Кейін Ұлыбританияның ақпарат құралдарында қызмет ететін кейбір журналистер сонда оқылған баяндамалар, ағылшын

аудармалары алдын ала дайындалып қойғанына қарамастан, не себепті қазақ тілінде жасалмағанын түсінбейтіндерін жасырған жоқ. Кезінде дүниенің төрттен бірін билеген Ұлыбритания осы секілді жәйттердің бәрін көріп, біліп отырады. Қазақстан жайлы пікір осындайдан қалыптасады емес пе?

Ұлыбританияның зиялы қауымы біздің мемлекетке экономикалық әлеуеті мол, табиғи қорларға бай ел деп қарайды. Тартылып қалған Арал теңізі, ядролық сынақтардан зардап шеккен Семей аймағы жайынан да хабардар. Британдық тележурналистердің қазақстандықтар өмірінен көрініс беретін деректі фильмдері де көрсетіліп тұрады. Көшпенділер мәдениетінің лебі сезілетін музыка өнерінің туындыларын, айтысқа түскен суырып-салма ақын-жырауларымыздың өнерін, ұлттық дәстүрдегі спорт ойындарын, қолөнерімізді көрген батыс елдерінің өнертанушы мамандарының кейін сол жөнінде тамсана әңгімелеп отыратындары бар. Халықаралық жарыстардан олжалы қайтып жүрген спортшылар да Қазақстанның өзіндік спорт дәстүрлері бар екендігін танытып келеді. Қарап отырсақ, біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміз туралы қалыптасып келе жатқан пікірлер де әр алуан екен.

*(Дәулет Жұмаділ)*

**Тапсырма:** Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Іскер топтар; бақылаушы-сарапшылар; саяси-экономикалық өзгерістер; қызығушылық таныту; жіті қадағалау; назардан тыс қалу (қалмау); ғарыш айлағы; зымырандардың құлауы; тыйым салу; экономикаға инвестициялар тарту; пікірдің қалыптасуы; пікір білдіру; зиялы қауым; экономикалық әлеуеті мол; табиғи қорларға бай; тартылып қалған теңіз; ядролық сынақ; зардап шегу; музыка өнерінің туындылары; суырып салма ақын-жыраулар; өнертанушы мамандар; өзіндік дәстүр; тамсана әңгімелеу.

**Тапсырма:** Бір-біріңізге сұрақ қойып, пікірлесіңіздер.

1. Қарапайым британдықтар Қазақстан туралы неге өте аз біледі деп ойлайсыз? Оның себебі неде?
2. Кез келген ел туралы пікір қалай қалыптасады деп ойлайсыз?
3. Қазір біздің елімізге кімдер қызығушылық танытып отыр? Не үшін?
4. Ұлыбритания зиялы қауымының Қазақстан туралы пікірі қандай?



5. Сіз Қазақстанды басқа мемлекеттерге қалай таныстырар едіңіз?

**Тапсырма:** 1. “Қазақстанды шетелдіктерге таныстыру” тақырыбы бойынша өз ойыңызды жазыңыз.

2. “Алматының (Астананың) визит (танысу) карточкасы” тақырыбы бойынша сұхбат ұйымдастырыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіз. Айтылған ойға өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

### Қазақстан Британия баспасөзінің беттерінде

Соңғы уақытта Британия ақпарат құралдарының Қазақстанға қоңы бөлуі күшейе түсті. Ұлыбританияның “Таймс”, “Файнэншл таймс” сияқты жетекші газеттері мен “Экономист” журналының көлемді арнайы шолулар мен қосымшалар беруі және олардың беттерінде Қазақстан Республикасы туралы жарияланымдар көлемінің мейлінше өсуі осыған айғақ болып отыр.

Британия шолушылары Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын көрсете отырып, оны Н. Назарбаевтың жеке басының тұлғалық бейнесі арқылы пайым елегінен өткізеді. Бұл орайда олар Қазақстандағы тұрақтылықтың нақты кепілі оның Президенті екенін атап көрсетеді. Қазақстандағы қатаң Президент билігі Батыс саясатшылары тарапынан сынға ұшырағанымен, мұның ел басшысына республикадағы реформалар үрдісіне барынша бақылау жасап отыруға мүмкіндік беретіні, ал мұндай жағдай шетелдік инвесторлардың көңілінде сенімділік орнататынын айтады.

Біздің еліміздегі экономикалық өзгерістердің барысын Британия бұқаралық ақпарат құралдары ұдайы назарда ұстап келеді. Шолушылар Қазақстанның еркін экономика жасаудағы батыл қадамдарын, оның ішінде “тарихтағы ең жедел жекешелендіру бағдарламаларының бірін жасағанын” атап өтті. Бұл бағдарлама “бірқатар кәсіпорындардың төмен бағамен әрі сатып алушылар арасында тиісті бәсекелестіксіз сатылғаны үшін Батыста кеңінен сыналған болатын” деп жазады “Файнэншл таймс” газеті.

Қазақстандағы мемлекеттік басқару құрылымдарын реформалау проблемаларына қатысты ағылшындар елдің ойдағыдай экономикалық дамуы жолындағы негізгі кедергілердің қатарында бюрократияның сол қалпында сақталып отырғаны, сыбайлас жемқорлық деңгейінің жоғарылығын, Қазақстан жағының шетелдік инвесторларды тарту үшін өз заңдарын жиі-жиі орындамайтынын айтады. Осыған байланысты инвестициялар жөніндегі

мемлекеттік комитет құру және министрліктер мен ведомстволарды түбегейлі қысқарту шарасы дұрыс бағаланып отыр.

Тұтастай алғанда, Британия талдаушыларының пікірі Қазақстан проблемалар сақталып отырғанына қарамастан, экономиканың құлдырауы тоқтап, бірте-бірте “алға жылжи бастады” дегенге саяды. Бұл орайда республика реформалардың кейбір өлшемдері бойынша ТМД-ның басқа елдерінен озық тұр, дейді олар.

Ағылшын ақпарат құралдары Қазақстан астанасының Ақмолаға көшірілуін ден қойып талқылады. Шолушылардың пікірінше, астананы көшірудің басты себебі ресми жария етілген факторлар /Алматының экологиялық, демографиялық, сейсмологиялық жағдайларының қолайсыздығы, т.б./ емес, Қазақстан республикасының мемлекеттілігі мен тәуелсіздігін нығайтуға деген ұмтылысы болып табылады. Бұл Ресей жағдайының тұрақсыздығы мен болжап білуге болмайтындығынан туған жәйт.

Қазақстанның сыртқы саясатын талдай келе, шолушылар Қазақстан өзінің қауіпсіздігі мен экономикалық өсуін қамтамасыз ету мақсатымен үш ұлы державаның - Ресейдің, АҚШ пен Қытайдың арасында икемді тепе-теңдік ұстанатын саясат жүргізуде деген тұжырымға келеді. Қазақстан бұлардың ешқайсысына да басымдық бермей, инвестицияны арттыра отырып, салауатты бәсекелестік туғызып келеді.

*(Қазақстан ақпарат агенттігі)*

**Тапсырма:** Сұрақтар бойынша бір-біріңізбен пікірлесіңіздер.

1. Британия ақпарат құралдарын Қазақстан неліктен қызықтыратын болды деп ойлайсыздар?

2. Британия шолушылары еліміздің сыртқы саясаты туралы не жазады?

3. Сіздіңше, Қазақстандағы тұрақтылық неге байланысты сақталып отыр?

4. Шетелдік инвесторлардың көңілінде сенім орнауы неге байланысты деп ойлайсыз?

5. Британдықтар Қазақстанда болып өткен жекешелендіру процесіне қандай баға беруде? Сіз олардың пікірімен келісесіз бе?

6. Шетелдіктердің пікірінше, Қазақстанда экономиканың дамуына қандай факторлар кедергі жасайды? Сіздің ойыңыз қандай?

7. Қазақстан астанасының көшірілуіне байланысты шетелдік шолушылардың пікірі қандай?

8. Британия ақпарат құралдары Қазақстанның сыртқы саясатына қандай талдау жасайды? Сіз олардың көзқарасын құптайсыз ба?

9. Тұтастай алғанда Қазақстан Британия баспасөзінің беттерінде қандай орын алады деп санайсыз?

**Тапсырма:** Сөз тіркестерін аударыңыздар, сабақтас құрмалас сөйлемдер құрап жазыңыздар.

Бұқаралық ақпарат құралдары; жетекші газет; көлемді арнайы шолу; жарияланымдардың көлемі; мейлінше өсу; сыртқы саясат; жеке бастың тұлғалық бейнесі; тұрақтылықтың кепілі; атап көрсету; өзгерістердің барысы; ұдайы назарда ұстау; батыл қадам; негізгі кедергі; сол қалпында сақталу; сыбайлас жемқорлық; инвесторлар тарту; заңды орындау; түбегейлі қысқарту; тұтастай алғанда; экономиканың құлдырауы; ресми жария етілген; жағдайлардың қолайсыздығы; тәуелсіздікті нығайту; болжап білуге болмайтындық; икемді тепе-теңдік; салауатты бәсекелестік.

**Тапсырма:** Мәтіннің мазмұнын баяндау үшін жоспар құрыңыздар.

**Тапсырма:** Төмендегі сөз тіркестерін тірек ретінде алып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

1. Бұқаралық ақпарат құралдары; көлемді шолу; талдау; жарияланымдардың көлемі; атап көрсету; талдау жасау; ой елегінен өткізу; баға беру.

2. Саяси тұрақтылық; ішкі және сыртқы саясат; бақылау жасау; назарда ұстау; реформа үрдісі; тұрақтылықтың кепілі; кедергілердің болуы.

3. Нарықтық экономика; батыл қадам; бәсекелестік туғызу; өндіріс орындары; ауыл шаруашылығы; инвесторларды тарту; алға жылжу.

4. Мемлекеттілік пен тәуелсіздікті нығайту; қамтамасыз ету; ресми жариялау; жағдайдың тұрақтылығы; саясат жүргізу; қылмысқа қарсы күрес.

**Тапсырма:** “Қазақстан британдықтар көзімен” тақырыбына шығарма жазыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, аударыңыздар.

### Өзін басқара алмағанды өзге басқарады

Британия Парламентінің Қауымдар палатасы Ольстерде Лондоннан тікелей басқару режимін енгізу туралы заң жобасын

басым көпшілік дауыспен қабылдады. Мұндай қадамға баруға Солтүстік Ирландиядағы күшті дағдарыс себеп болып отыр. Британия үкіметінің Ольстердегі астыртын қарулы құрамаларды мәмілеге шақырған барлық әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Қарулы құрамаларды қаруларын тастауға шақырудан ештеңе шықпады. Тіпті осындай құрамалардың кейбірі террорлық әрекеттерін қайта өрістеткен. Бұдан соң ресми Лондонның Ольстердің өзін-өзі басқару органдарының өкілеттігін тоқтатудан басқа шарасы қалмағаны түсінікті.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма:** Мәтіннен төмендегі сөздерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыздар. Олармен сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Жеңіліс табу; жасырын; нәтижесіз болу; қарусыздану; амалы таусылу; келісімге шақыру.

**Тапсырма:** Ұлыбританияның Солтүстік Ирландияда жүргізіп отырған саясаты туралы пікір алысыңыздар.

**Тапсырма:** Мәтінмен танысып шығып, өз ойыңызды білдіріңіз.

Ұлыбританияға келген иммигранттар бұдан былай ағылшын тілінен жазбаша және ауызша тестілеуден өтіп, сонымен қатар, британ салт-дәстүрлері бойынша емтихан тапсыратын болады. Оның сыртында, төлқұжат алушы осы елдің жаңа азаматтары королеваға адал болуға және британ заңдарын құрметтеуге ант беруі тиіс. Жаңа ереже босқындар мен иммигранттардың бәріне де қатысты болмақ.

**Тапсырма:** Төменде берілген сұхбатты жалғастырыңыздар.

Біздің сұхбаттасуымыз – Би-Би-Си Дүниежүзілік қызметінің продюсері Дәулет Жұмаділ.

- Білуімізше, сіз “Азаттықта”, сосын “Би-Би-Сиде” қызмет істеудесіз. Екеуінің айырмашылығы бар ма? Қазақстан жөнінде қандай пікір қалыптасуда деп ойлайсыз?

- “Азаттық” радиосы - әлемдік ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар іргелі ұйым. Ол 22 тілде хабар таратады. Өзге ақпарат құралдары айтуға баспайтын шындықты “Азаттық” айтқан жағдайлар көп. Зиялы қауымның осы бір радио арнасын сүйіп тыңдайтыны сондықтан. Меніңше, “Азаттық” радиосы Қазақстанның өз ішінде болып жатқан оқиғаларды, фактілерді көбірек қамтуға күш салады. Би-Би-Си- осы тұста аймақтық жаңалықтарға зор мән бере отырып, Қазақстандағы оқиғаларды халықаралық

жаңалықтар контекстінде қарастырады. Содан барып, Би-Би-Сидің әлемнің түрлі елдеріндегі миллиондаған тыңдаушысы Қазақстанды халықаралық қауымдастықтың бір бөлігі деп біледі.

- Би-Би-Си туралы толығырақ ақпарат берсеңіз. Сіздерге біздің ақпарат кеңістігімен салыстырғанда қандай ерекшелік тән?

- Би-Би-Сидің қызметі 1930 жылдардың соңында басталған. Ол араб тіліндегі хабарлар еді. Кейін ақпарат өзге тілдерде де таратыла бастады. Би-Би-Сидің басты үш принципі бар. Солардың бірі — бейтарап болу. Тыңдаушыға екі жақтың да пікірін жеткізу. Белгілі бір ақпаратты объективті түрде қамту біз үшін өте маңызды. Келесі бір қағида — шындықты айту. Расталмаған немесе қауесетке негізделген хабарды бермейді. Үшінші бір принцип ақпаратты дер кезінде беру болып табылады. Би-Би-Сидің дүние жүзінде 150 миллионға жуық тыңдаушысы бар. Қазақ және қырғыз редакциялары соңғы болып ашылған қызметтер. Ақпарат тексеріліп болғаннан кейін оны орталық компьютер жүйесіне қосамыз. Содан барып, мәселен, Қазақстаннан алынған хабар бүкіл дүние жүзіне тарайды. Тұңғыш хабарымыз 1996 жылы 3 маусым күні шықты. Ол күні бізді Президент Н. Назарбаев және зиялы қауымның бір топ өкілдері құттықтап, оң батасын берген болатын. Биылға шейін хабарларымыз FM жиіліктерінде шығып тұрды. Өкінішке орай, қазір тек қысқа толқындарда шығып жүрміз. Қазақстандағы газеттердің біразы шықпай, шалғайдағы ауылдар ақпарат құралдарына қол жеткізе алмай отырған осы уақытта қазақстандық көпшіліктің әлем елдеріндегі оқиғалардан көрініс беретін репортаждарды, тынымсыз дүниенің шартарабынан алынған небір қызықты аналитикалық хабарларды, жалпы халықаралық жаңалықтарды ести алмауы өкінші-ақ.

(*"Жас алаш"*)

**Тапсырма:** 1. Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде өткен баспасөз конференциясын ұйымдастырыңыздар.

**Тапсырма:** Тірек сөздерді қолданып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

1. Әлемдік ақпарат кеңістігі; тәуелсіз басылым; ақпараттар ағыны; шындықты айту; дер кезінде хабарлау; қорытындылау; баға беру.

2. Оқиға болған жерден репортаж жүргізу; тікелей эфир; тілшінің хабарлауы; талдау жасау; хабарлар тарату; ақпараттық шолу жасау.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар.

### Құқықтық салыстырма

#### Қазақ хандығы мен англо-саксон корольдігінің заң жүйесіндегі үндестік

Орта ғасырдағы Қазақ хандығы мен англо-саксон корольдігінен мәдени-тарихи ұқсастық іздеу тосын көрінуі де мүмкін. Бірақ, соған қарамай олардың арасындағы үйлесетін жай, ол екі мемлекетте де прецеденттік құқықтың болуы. Соңғысында аталған құқық жүйесі Рим құқығының дәстүрімен түзетілсе, екіншісіне Ислам заңнамасы — Шариғат қаншама қысым жасағанымен де, ол ерекшелік жойыла қойған жоқ.

С. Зиманов: “Билер сотының шешімі тек әділеттілікке негізделген және құқық жасау сипатына ие болған”, - деп жазады. Ал, С. Созақбаев: “... нақтылы істі шешкен қағида, нақыл сөздер норма, сот прецеденті ретінде ел арасында тарап, болашақта осындай ұқсас іс, дау-жанжал болғанда қолданылып жүрген”, - деп көрсетеді. Сонымен қатар, тарихи деректерге көз жүгіртсек, “Билер кеңесі” мемлекеттік органдар жүйесі ретінде, сол кездегі саяси-қоғамдық өмірде елеулі орын алғандығы да белгілі. Прецеденттік құқықтың пайда болу орталығы Англия және англо-саксондық корольдіктерінің заманы болып табылады. Ал, ХІІ ғасырдағы “Жалпы құқық” сол кезде қалыптасқан. Еуропада англо-саксондық юриспруденцияның қалыптасуымен қатар Орталық Азияда түрік-қазақ құқығы пайда болды. Осы тұста олардың қатар позицияларының бір-бірімен ұқсас болуы юриспруденция тарихына тән деп болжауға мүмкіндік береді. Ол туралы алғаш пікір айтқан Ш. Уәлиханов өзінің “Сот реформасы туралы хат” еңбегінде “Жалпы құқық” пен “Жеті Жарғыны” салыстырады да, ол: “Билер сотында ағылшындарда факт туралы сұрақ мәселесін шешуге “алқа заседательдердің” қатысуына жол берілетін жағдайлар болады”, - дейді.

Егер де Англияда сот прецеденттері арнайы жинақтарда ежегодник/ жиналып отыратын болса, қазақ даласында олар атадан балаға ауысып келе жатқан жол-жобалар. ХІХ ғасырда қазақтың сот жүйесін зерттеген орыс ғалымы Леонтьев былай дейді: “Қырғыздардағы әдет құқығы — зерттеушіні өзінің молдығымен таң-

дандыратын көптеген заң мақал-мәтелдер нысанында болып халықтың есінде сақталады”.

Англо-саксон заңнамасы сияқты “Жеті Жарғы” бірінші орынға міндеттерді емес, құқықтарды қойған. Құқық бұзушылық тек жеке адамның ісі, яғни жәбірленушінің тілек-талаптарына сай болуына байланысты барлық мәселелерді өздері ынталы адамдар шешеді. Қылмыстан жапа шеккен адам, жәбірленуші қанға қан, жанға жан орнына мүлік талап етуге құқылы.

Англо-саксон корольдіктері Рим құқығының әсер етуін, ал қазақ хандығы болса мұсылман әлемінің солтүстік-шығысында орналасып, Ислам құқығы – Шариғатының ықпалын бастан кешірген. Бұл геосаяси факторлар прецеденттік құқықты жоя алмады. Ол соған қарамай, англо-саксон және қазақ заңнамасына өзіндік ерекше нысан мен мазмұнын берді.

Бұдан төмендегідей қорытынды туындайды. Англо-саксон құқығы мен қазақ құқығында заңдардың мазмұны емес, олардың қалыптасу және қызмет ету принциптері үйлеседі. Осы салыстыруларға қарап, біз бір-бірінен алыс жатқан екі мемлекеттің өркениетті даму процесіндегі үндестікті байқаймыз.

(Е. Құсайын. “Заң” газетінен)

**Тапсырма:** Мәтіннен заңи терминдерді көшіріп алып, олармен сөйлемдер құраңыздар.

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақ хандығы мен англо-саксон корольдігінің құқықтық жүйесінде қандай ұқсастық болған деп ойлайсыз?
2. Қазақ жеріндегі билер соты қандай болған?
3. Орта ғасырда “Билер кеңесі” қандай рөл атқарған?
4. Англиядағы “Жалпы құқық” қай уақытта қалыптасқан?
5. Ш. Уәлиханов екі елдің заң жүйесі туралы қандай пікір айтқан?
6. Сот прецеденттері қалай сақталынып қалған деп ойлайсыз?
7. “Жалпы құқық” пен “Жеті Жарғыны” салыстырып көріңіздер?
8. Екі мемлекеттің құқық жүйесіндегі үндестік неде деп ойлайсыз?

**Тапсырма:** Сөз тіркестерін есте сақтаңыздар.

Мәдени-тарихи ұқсастық; тосын көріну; құқық жүйесі; қысым жасау; сот шешімі; нақыл сөздер; тарихи деректер; көз жүгірту;

мемлекеттік органдар жүйесі; саяси-қоғамдық өмір; елеулі орын алу; пікір айту; қазақ даласы; атадан балаға ауысатын /берілетін/; құқық бұзушылық; жәбірленушінің тілек-талаптары; өркениетті даму процесі.

**Тапсырма:** Төмендегі сөздерді мағыналары бойынша топтастырыңыздар.

Ұқсастық; жоғалу; келешек; дау-жанжал; жорамалдау; ықпал ету; құрып кету; сәйкес болу; ұмытпау; ұрыс-керіс; қылмыс жасау; жойылу; болашақ; үндестік; әсер ету; құқық бұзушылық; есте сақтау; қалыптасу; пайда болу; жәбірлену; жапа шегу.

**Тапсырма:** Бір-біріңізбен пікір алысыңыздар.

1. Прецеденттік құқық туралы не білесіз? Мысал келтіріңіз.
2. Билер сотының қазақ өміріндегі маңызы туралы өз ойыңызды білдіріңіз.
3. Қазақ жерінде кімдерді билер қатарына жатқызған? Мысал келтіріңіз.

### Шекспир қазақша сөйлейді...

Асқан сахна шебері Шәкен Айманов жасаған бейнелердің ішінде “Асауға-тұсаудағы” Петруччио ерекше орын алады. Шәкен Петруччио ролінде аса бір зор құштарлықпен, ілтипатпен ойнаушы еді. Ол “Асауға-тұсау” болатын күні қатты дайындалып, өте бір жауапкершілікпен жеке майданға шығатын адамдай кірісетін. “Петруччио” десе Шәкен аты бірге жүретінін ол жақсы білді. Шәкеннің Петруччиодан басқа арман еткен бейнесі – Отелло еді. Театрда істеген соңғы жылдары бұл арманына да жетті. Отелло образы да Шәкеннің үлкен табыстарының бірі екенінде сөз жоқ.

Шәкен Шекспирдің туғанына 400 жыл толу мерекесіне арнайы шақырылып, оның туған елі Англияға барып, Шекспир театрында Отеллоны ойнады. Тамаша ағылшын актері әрі режиссері Лоуренс Оливьенің өнерімен танысып, қайран қалады. Ол ойнаған Отелло Шәкенге мәңгілік есте қалардай әсер етеді. Оливьенің сұрауы бойынша Шәкен Отеллоның монологін қазақ тілінде оқып береді. Бұған риза болған ағылшын актері Шәкеннің қолып алып, ескерткішке қол қойып, өз суретін сыйлайды. Лоуренс Оливье ұлы Шекспирдің Отеллосын өзіне таныс емес қазақ тілінде көріп, оның ағылшын тілінен кем шықпай тұрғанын аңғарып, әдемі, жатық екеніне таң қалып: “Сіздің тілде поэзиялық зор қасиет бар екен” деген.

Шәкен Оливьемен жалпы өнер, театр жөнінде көп әңгімелесіп, оған қазақ халқының ауыз әдебиеті мен театр өнері туралы айттып береді.

(К. Келжетаев)

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, бір-біріңізге сұрақтар қойыңыздар.

**Тапсырма:** Төмендегі сөз тіркестерін қатыстыра отырып, сөйлемдер жазыңыздар.

Сахна шебері, ерекше орын алу, арман ету, арманға жету, үлкен табыс, туған ел, қайран қалу, мәңгілік есте қалардай, ауыз әдебиеті, театр өнері.

**Тапсырма:** Өзіңізге ерекше әсер еткен спектакль туралы әңгімелеңіз.

**Тапсырма:** Бір-біріңізбен пікір алысыңыздар.

1. Ұлыбританияның театр өнері туралы.
2. Қазақстанның театр өнері туралы.
3. Қазақстан мен Ұлыбританияның мәдени қарым-қатынастары жөнінде.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, қазақ тіліне аударыңыздар. Мәтін бойынша бір-біріңізге сұрақ қойыңыздар.

### **Хеллоу, Британия!**

На улицах Алматы уже чудила труппа уличных актеров Лондона, талантливые музыканты собирали аншлаги на лучших сценических площадях города, а в этом сезоне Британский совет проводит фестиваль многонациональной культуры Великобритании. В рамках этого проекта уже состоялись вечера народных сказаний. Открыта выставка книг и периодических изданий об искусстве и культуре Великобритании. Впереди Неделя фильмов, уникальная группа барабанщиков и ультра-современная музыка, основанная на традиционных азиатских мелодиях. Но на фоне фестиваля тихо и незаметно прошло одно событие, о котором стоит сказать особо. В середине октября в Алматы состоялся отборочный тур молодых артменеджеров для стажировки в Великобритании. Этот проект проводится в рамках программы “Обмен через искусство” при поддержке Британского совета. Прошедшие жесткий отбор смогут на месте познакомиться с работой коллег и, может быть, узнают, как сочетать коммерческий интерес и духовные ценности. По результатам конкурса стажировку пройдут 16 человек

из Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана и Монголии. Организаторы проекта берут на себя все расходы по проезду и пребыванию.

(“Вечерний Алматы”)

**Тапсырма:** Төмендегі сөйлемдерді құрмалас сөйлемдер түрінде аударып, жазыңыздар.

1. Британский совет активно продолжает фестивальную традицию, удачно начатую в прошлом году.
2. В Национальной библиотеке открылась большая книжная выставка и прошел вечер английской народной музыки.
3. В ближайшие дни в рамках фестиваля британской культуры в Алматы состоится концерт группы “ИННЭ СЭНС”, в состав которой входят знаменитые исполнители.
4. Родные восточные мотивы, основанные на традиционной азиатской музыке, прозвучат в техноварианте.
5. Завершится акция Неделей британских фильмов, которая пройдет в Доме кино в конце ноября.

**Тапсырма** Қазақстан мен Ұлыбританияның мәдени байланыстары жөнінде пікір алысыңыздар.

**Тапсырма:** “Өнерде шеке ра жоқ” дегенді сіз қалай түсінесіз? Пікіріңізді білдіріңіз.

**“Қазақстанның халықаралық байланыстары: Ұлыбритания” тақырыбы бойынша ауызша /жазба/ сөйлеу дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар:**

**I. Мәтінде айтылған ойды әрі қарай жалғастырыңыздар. Өз пікіріңізді білдіріңіз.**

1. В прошлое воскресенье британские морские пехотинцы, находящиеся на учениях в западной части Средиземного моря близ берегов Испании, из-за плохой погоды ошиблись в определении координат места учебной высадки и десантировались на территории Испании. 20 десантников провели на испанской земле лишь несколько минут и ретировались на корабли...

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі өзінің № 1373 шешімімен Кеңестің терроризммен күрес жөніндегі комитетін құрды. Бұл күреске БҰҰ-ға кіретін 189 мемлекеттің бәрі де қатысады деп саналып отыр. Жаңа жыл қарсаңында барлық елдер терроризммен күрес жөнінде есеп беруі керек еді. Жаңа құрылған Комитеттің төрағасы Ұлыбританияның БҰҰ-дағы өкілі елші Дже-

реми Гринстоктың жақында жасаған мәлімдеуіне қарағанда, 117 елден осындай есеп келіп түсіпті...

3. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауы бойынша, Ұлыбритания үкіметі Қазақстанды өз қарыздарын өтеуден босататындығы туралы мәлімдеген. Ол үшін Қазақстан Ұлыбританияның әскери әуе күштеріне өзінің әуе кеңістігін беруі қажет деп түсіндіреді...

**II. Төменде берілген тақырыптардың біріне шығарма жазыңыздар.**

1. Қазақстан мен Ұлыбритания үлкен әріптестік жолында.
2. Батыс және біз.
3. Қазақстан британдықтардың көзімен.
4. Қазақстанның аймақтық және ғаламдық саясаттағы рөлі.
5. Ұлыбританиядан нені үйренуге болады?

## Қазақстан мен Франция арасындағы қарым-қатынас

**Франция - Қазақстан: ынтымақтастық екі елдің де мүддесіне сай келеді**

Республикамыздың Франциядағы төтенше және өкілетті елшісі осы елдің Президенті Жак Ширакқа Сенім грамотасын тапсырды.

Содан кейін әңгіме барысында Қазақстан дипломаты Францияның басшысына Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ең ізгі тілектерін жеткізіп, Француз Республикасымен достық және серіктестік қатынастарды қарышты дамытуға деген мүдделілікті білдірді. Қазақстан Францияны Еуропадағы және тұтас алғанда әлем қоғамдастығындағы мәртебелі де басым серіктес ретінде қарайды. Өз тарапынан Ж. Ширак екі жақты ынтымақтастықтың жайына қанағат білдіріп, Францияның Қазақстанмен қатынастарды бұдан былай да жан-жақты дамытып, саяси, экономикалық, мәдени және басқа салалардағы өзара іс-қимылды өрістету ниетін қуаттады.

Франция Президенті, сондай-ақ үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының кезекті мәжілісін өткізудің қажеттігіне келісті.

Ж. Ширак Н. Назарбаевтың реформалар саясатын жүзеге асыру жөніндегі қызметін, оның халықаралық аренадағы

белсенділігін жоғары бағалады. Мұның өзі Қазақстанның аймақтағы тұрақтылықтың кепілі ретінде маңызды рөл атқаруына мүмкіндік береді.

Жак Ширак өзінің біздің елге ресми сапармен келіп қайтпақ ниетін қуаттап, Қазақстан басшысын Францияда екі жақ үшін де оңтайлы кезеңде қабылдайтынын айтты.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, сұрақтар қойыңыздар.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударыңыздар және сөйлемдер құрастырыңыздар.

Өз тарапынан, ниетін қуаттау, саяси аренадағы белсенділігі, экономикалық ынтымақтастық, серіктестік қатынастар, қанағат білдіру, Сенім грамотасын тапсыру, мүдделілікті білдіру.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Ж. Ширак Н. Назарбаевтың реформалар саясатын...
2. Төтенше және өкілетті елші...
3. Қазақстан дипломаты...
4. Франция Президенті...
5. Қазақстан басшысы ...
6. Қазақстан ...
7. Франция Қазақстанмен...

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Чрезвычайный и Полномочный посол вручил Президенту верительную грамоту.

2. Президент высоко оценил активность на международной арене.

3. Межправительственная рабочая группа начала свою работу.

4. В ходе доверительной беседы они обсудили важные международные проблемы.

5. Казахстан видит в Франции торгового партнера.

6. В обеспечении региональной стабильности эта страна сыграла значительную роль.

**Тапсырма.** Берілген етістіктермен сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырыңыздар.

тапсыру, келісу, қабылдайтынын айту, білдіру, тілектерді жеткізу, мүмкіндіктер беру, бағалау, қарау.

## Франция елшісі - Қызылжарда

Қазақстанның қай өлкесі болмасын, шетелдік саясатшылар мен қонақтарды ерекше қызықтырары хақ. Төрт күн бойында Солтүстік Қазақстан облысын аралаған Францияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі мен елшіліктің бірінші хатшысы Жан Пьер Марго мырзалар шын мәнінде де осы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен ықылас қоя танысты.

Сапар кезінде олар Петропавл қаласының бұрынғы әскери кешендерінде, жергілікті Университетте, Қызылжар ауданындағы “Молсервиз” консорциумының “Женшенко және К” компаниясында, Көкшетау мен Бурабайда болып, жұмысшылармен, студенттермен кездесті. Француз дипломаттары Қазақстан-Франция мемлекетаралық байланыстарын тереңдету болашағының маңыздылығын атап көрсетті.

Сондай-ақ олар облыстың оқу орындарында француз тілінің оқыту жайына назар аударып, алдағы уақытта бұл бағытта бірлесе жұмыс істеуге қолдау көрсетуге ниеттерін білдірді.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, пікір алысыңыздар.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Аким города ознакомился с социально-экономическим состоянием региона.

2. Студенты местного Университета оказали помощь городу.

3. Казахстанский край привлекает иностранных политиков.

4. В течение нескольких дней Чрезвычайный и Полномочный посол Франции в Казахстане побывал в Северо-Казахстанской области.

5. Казахские и французские дипломаты подписали важные документы.

**Тапсырма:** Берілген сөздерді аударыңыздар және сөйлемдер құрастырыңыздар.

Шетелдік саясат, ниет білдіру, тереңдету болашағы, жергілікті университет, әскери кешен, елшіліктің бірінші хатшысы, әлеуметтік-экономикалық жағдай, француз тілін оқыту.

**Тапсырма.** Құрмалас сабақтас сөйлемдер құрастырыңыздар.

1. Француз дипломаттары Қазақстанға келді.

2. Төтенше және өкілетті елші сенім грамотасын тапсырды.

3. Ол француз тілін оқыды.

4. Олар Көкшетауда және Бурабайда болды.

5. Жергілікті Университеттің студенттері қарсы алды.

6. Ален Ришар Солтүстік Қазақстанға барды.

7. Бірінші хатшы сөз сөйледі.

**Тапсырма.** Тілші және Француз елшісі арасындағы сұхбатты құрастырыңыздар.

**Тапсырма.** Берілген сөздерді қолданып, мәтінді аударыңыздар.

перспектива — болашақ

взаимовыгодный - өзара тиімді

изготовление операционных столов — операция үстелдерін жасау

диагностический ультразвуковой аппарат — диагностикалық ультрадыбыс аппараты

кабельная и проводниковая продукция — кабель және өткізгіш енімі

предварительное соглашение — алғашқы келісім

ускорение конверсии оборонного комплекса - әскери өндірісті азаматтық өндіріске көшіруді жеделдету

## Франция готова наращивать сотрудничество

Делегация представителей деловых кругов Франции, возглавляемая министром внешней торговли Брюно Дюрью, провела переговоры в Министерстве внешнеэкономических связей Республики Казахстан. Были обсуждены перспективы развития двустороннего взаимовыгодного торгового-экономического сотрудничества.

В частности в Казахстане будут созданы совместные с французскими фирмами предприятия по изготовлению операционных столов и диагностических ультразвуковых аппаратов. Намечается также строительство заводов по производству алюминия, налаживания выпуска кабельной и проводниковой продукции.

Стороны пришли к предварительному соглашению в отношении обследования некоторых казахстанских предприятий экспертами из Франции с целью ускорения конверсии оборонного комплекса.

Французские партнеры намерены осуществлять деловые контакты непосредственно с регионами республики.



Делегация из Франции провела также переговоры в министерствах транспорта, промышленности, экономики, Национальном государственном банке.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Французская Республика признала независимость Республики Казахстан 7 января 1992 г.
2. Посол Франции в Казахстане отбыл на родину.
3. Президент Франции посетил РК с официальным визитом.
4. С французскими фирмами и компаниями создано более 20 совместных предприятий.
5. Во время официального визита Н. Назарбаева во Францию был подписан Договор о дружбе, взаимопонимании и сотрудничестве.
6. Посол Франции вручил верительные грамоты.
7. Сотрудничество между Казахстаном и Францией развивается в различных направлениях.
8. В Алматы недавно находилась делегация Национального совета французских предпринимателей.
9. Дипломатические отношения были установлены 25 января 1992 года во время визита министра иностранных дел Франции.
10. Последние годы Казахстан посещают французские бизнесмены.
11. В 1994 году организована франко-казахская торговая палата.
12. В личной встрече с Президентом Франции обсуждены и определены приоритетные направления экономического сотрудничества 2-х государств.
13. В ходе визита подписаны межправительственные документы.
14. Официальное открытие Посольства РК в Париже состоялось 9 ноября 1994 года.
15. В ходе встречи с казахстанским руководством обсуждались вопросы двусторонних отношений.
16. Казахстан заинтересован в сотрудничестве с Францией.
17. Во время последней поездки главы правительства во Францию был подписан документ о сотрудничестве в области культуры и искусства.

**Тапсырма.** Мәтінге сұрақтар қойып, мазмұнын айтып беріңіздер.

### **ЮНЕСКО-дағы Түркістан күндері**

Парижде ЮНЕСКО-дағы Түркістан күндері өткізілді. Оған Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі бастаған Қазақстан делегациясы қатысты.

Күндер шеңберінде француз және басқа шетелдік ғалымдар мен қоғамдық қайраткерлер қатысқан “Түркістан – 1500” жыл дөңгелек үстелі мәжілісі өткізіліп, онда қоғамдық келісім министрі, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің президенті сөз сөйледі.

Қазақстан суретшілерінің “Түркістан әуендері” сурет көрмесі, біздің еліміз өнер шеберлерінің концерттері үлкен табыспен өтті. Қоғамдық келісім министрінің ЮНЕСКО-ның бас директоры К. Мацурамен кездесуі болды. Кездесу барысында Қазақстанның ЮНЕСКО жоспарлап отырған шараларға қатысу мәселелері, біздің еліміздің осынау халықаралық ұйыммен қатынастарын белсенді ету жолдары талқыланды. Біздің тараптан ЮНЕСКО-ны реформалау жөніндегі күш-жігер мен бастамашылыққа қолдау білдірілді. Тараптар сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесін ЮНЕСКО-ның әлемдік мәдени және тарихи мұра ескерткіштерінің тізбесіне жеделдетіп енгізу қажеттігіне байланысты бірыңғай пікірге келді.

Францияның сыртқы істер министрлігінде қоғамдық келісім министрінің халықаралық ынтымақтастық пен даму бас дирекциясының мәдени саладағы ынтымақтастық мәселелері бойынша директоры Ж. Гарбпен кездесу болды. Екі елдің мәдени байланыстарына, соның ішінде қазақстандық әртістердің Шығыс халықтарының дәстүрлі музыкасы мен опера өнерінің жыл сайын Францияда өткізілетін халықаралық фестивальдеріне қатысуына байланысты мәселелер талқыланды.

Парижде Түркістан күндерінің табысты өтуі Қазақстан Республикасының Франциядағы елшісі, ЮНЕСКО жанындағы еліміздің тұрақты өкілінің және елшілік қызметкерлерінің күш-жігері, олар жүргізген үлкен ұйымдық-өзірлік жұмыстарының арқасында мүмкін болды, деп атап көрсетті министр.

*(“Егемен Қазақстан”)*



### Өзара мүдделестік ортақ іске күш береді

Кеше Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев “Медеф Интернационал” қауымдастығының /түрлі сала бойынша 1,5 миллион компанияның басын біріктіреді/ туы астында жұмыс істейтін Францияның іскер топ өкілдерін қабылдады. Қабылдау барысында Қазақстан жағы мен француз бизнесмендерінің бір-бірінде үлкен мүддесі бары анық байқалды.

Ендігі мақсат — екі елдің экономикалық қарым-қатынасын жоғары деңгейге көтеру болып табылады. Мәселен, соңғы кездің өзінде Қазақстан мен Францияның тауар айналымы 75 миллион АҚШ долларына өсіп, тұтас бір жылды қоса алғанда 300 миллион долларды құрады. Бірақ мұның өзі қолда бар мүмкіндікті көрсетпейді.

Н. Назарбаев француз іскерлерінің назарын осы мәселелерге аудару келе, меймандарды еліміздегі экономикалық жағдаймен таныстырды.

Қазақстанда соңғы кездері экономикалық көрсеткіштердің өскендігі байқалды, - деді Президент. — Екіншіден, инвесторлардың мүддесін қорғайтын мықты заңдарымыз бар. Үшіншіден, Қазақстанда қаржы салатын салалар өте көп. Жылына 22 миллион тонна қара металл, 20 тонна түсті металл өндіріледі. Мұнай мен газ қоры жөнінен әлемдегі бес мемлекеттің санатындамыз. Ауыл шаруашылығының әлеуеті да аса жоғары. Сондықтан бұл салада да бірлесіп жұмыс істеуге болар еді.

Осылай дей келе, Н. Назарбаев Франция іскерлерінің еліміз экономикасындағы үлес салмағы мүмкіндіктен көп төмен жатқанын атап көрсетті. Шынында да Еуропа елдері арасында Франция Қазақстанға инвестиция салу жөнінен алғашқы бестікке де енбейді.

Француз іскерлері делегациясының басшысы, “Медеф Интернационалдың” вице-президенті Кристиан Монас мырза Қазақстандағы саяси-экономикалық тұрақтылық пен байлық көздері өздерін қызықтыратынын жасырмады. Осы себепті Қазақстанда жұмыс істеп жатқан француз компанияларына қолдау көрсете беретіндіктерін, алдағы екі күнде еліміздегі түрлі сала басшыларымен жаңа жобалар жасау мүмкіндіктері қарастырылатынын мәлімдеді.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын әңгімелеңіздер.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Представители деловых кругов, поднять на высший уровень, обращать внимание на проблемы, экономический показатель, интересы инвесторов, запасы газа и нефти, совместно работать, войти в первую пятерку, политико-экономическая стабильность, оказывать поддержку компаниям, проявить заинтересованность.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. Президент ознакомил французских предпринимателей с экономическим положением в государстве.

2. Намного высок сельскохозяйственный потенциал.

3. Товарооборот между Казахстаном и Францией возрос на 75 млн. долларов.

4. Глава делегации не скрывал, что их привлекают природные богатства Казахстана.

5. Президент обратил внимание предпринимателей на многие проблемы.

6. В Казахстане в последнее время наблюдается рост экономических показателей.

7. Глава делегации сообщил о рассмотрении возможностей в составлении новых проектов.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді жалғастырыңыздар.

1. Қазақстан Республикасының Президенті...

2. Елбасы меймандарды ...

3. Француз іскерлері ...

4. “Медеф Интернационалдың” президенті ...

5. Ауыл шаруашылығының әлеуеті...

6. Француз компаниялары...

7. Шетелдік инвесторлар...

**Тапсырма.** Берілген мәтінді аударып, сұхбат құрастырыңыздар.

### Француз русского происхождения

Досье. Серж Смесов, посол Франции в Казахстане, председатель Совета европейских стран, находящихся в Казахстане. Много лет работал в рамках структуры ОБСЕ.

- *Господин посол, расскажите нам о политике Франции на мировой арене.*

- Наша страна всегда вела политику независимого государства. В ее внешней политике можно проследить три традиционных направления. Во-первых, Франция отказалась от участия в каких-либо блоках. Во-вторых, это позиция нашей страны в Европе. Хочу напомнить, что наша страна стояла у истоков зарождения Европейского Союза и подписала Маастрихский и Амстердамские договоры. В-третьих, самостоятельная позиция по отношению к странам третьего мира. Сейчас Франция направляет особые усилия на оказание помощи самым бедным странам.

*- Не могли бы Вы посвятить наших читателей во внутреннюю кухню посольства?*

- Наша цель и роль работы нашего посольства в Казахстане — укрепление и развитие отношений между нашими странами во всех областях. Это касается экономики, культуры, политики.

*- Господин Смесов, ваше посольство сотрудничает с посольствами других стран?*

- Конечно, между посольствами существует тесная связь, обмен информацией.

*- Вы представитель Франции в Казахстане. Какую работу Вы выполняете для поддержания отношений между Францией и Казахстаном?*

- Моей главной задачей является укрепление взаимоотношений между странами на всех уровнях. Между Казахстаном и Францией ведется в наших общих интересах постоянный политический диалог. Франция хотела бы развивать торговые отношения. В ближайшее время французская компания “Кожема” предусматривает подписание контракта, разрешающего разработку урановых месторождений в Казахстане...

*- Кто Вы по образованию?*

- Я литературовед и закончил филологический факультет университета Экс-ан-Прованс на юге Франции.

*- Какой вид спорта Вы предпочитаете?*

- Я играю в теннис, катаюсь на лыжах на Чимбулаке. Люблю пешие прогулки по горам...

*(“Новое поколение”)*

### **Қазақстанға француз капиталы келеді**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сапары үш күнге созылды.

Қазақстан Президентінің сәрсенбілік жұмыс кестесі Францияның “Вивенди”, “Тотал Финанс Эльф”, “БРЖМ”, “Томсон” сияқ-

ты ірі компания басшыларын қабылдаумен басталды. Француз кәсіпкерлері өз ұйымдарының жұмысы туралы айтса, Н. Назарбаев Қазақстандағы инвестициялық ахуалды түсіндіріп, бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Президенттің дәлелді сөздері француздардың экономиканы да жақсы түсінетінін көрсетіп, қызығушылығын туғызды. Бір қатары сол кездесу үстінде ұсыныстарын айтып жатты.

Сапардың басты кездесуі Франция Президенті Жак Ширакпен өтті.

Франция басшысы өз тарапынан қолдаудың болатынын білдірген соң, біздің делегация құрамындағы министрліктер мен ведомстволардың басшылары белсенді іске кірісті. Соның нәтижесінде Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі француздық әріптесімен Павлодар аймағындағы зардаптарды жоюға деп 9,5 млн доллар көлеміндегі шартқа отырды. “Қазақойл” ұлттық мұнай-газ компаниясының президенті, “Қазақстан темір жолы” РМК-ның басшысы, Көлік және коммуникациялар министрі біраз мәмілелер жасасты. Маңғыстау және Атырау облыстарында мұнай өндіру мен тасымалдау жабдықтарын шығару мақсатында 240 млн доллар қаржы жөніндегі құжатқа қол қойылды. Француздар сондай-ақ қала құрылысы мен түрлі ғылыми-техникалық жобалар үшін де несие бөлуге әзірлігін білдірді.

Сол күні Н. Назарбаев Премьер-министр Лионел Жоспенмен де кездесті. Екі ел арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарды нығайтуға бағытталған бірқатар шаралар алынды. Франция ұлттық жиналысының төрағасы Р. Форнимен кездесу де ойдағыдай болды.

Франция алдағы уақытта Қазақстан экономикасын көтеруге көп үлес қосатынын атап көрсетті. Елбасы Қазақстандағы ахуал туралы айта келіп, француз қайраткерлері мен іскерлерін елге келуге, барлық жағдайды өз көздерімен көруге шақырды.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстан Президентінің жұмыс кестесі неден басталды?
2. Француз кәсіпкерлері не туралы айтты?
3. Сапардың басты кездесуі кіммен болды?
4. Француз басшысы өз тарапынан нені білдірді?
5. Кездесу кезінде қандай құжаттарға қол қойылды?

6. Келесі кездесулер неге байланысты болды?

7. Келешекте Франция Қазақстан экономикасына қандай үлес қоспақ?

**Тапсырма.** Екі ел басшыларының кездесуін әңгімелеңіздер.

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыздар.

Пікір алысу, жұмыс туралы айту, қолдауын білдіру, іске кірісу, қоршаған ортаны қорғау, табысты деп бағалау, сенім білдіру, жұмыс істеуге шақыру.

**Тапсырма.** Ресми сапардан кейін Қазақстан Президентінің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен баспасөз мәслихатын құрастырыңыздар.

**Тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін бойынша лексика-грамматикалық тесті орындаңыздар.

**1. Шындыққа сай дұрыс және дұрыс емес сөйлемдерді көрсетіңіздер.**

а. Парижде Н. Назарбаев “Шеврон” компаниясы өкілдерімен кездесті.

ә. Лиль қаласында Н. Назарбаев әкімдермен кездесті.

б. Парижде Н. Назарбаев “Томсон” компаниясы басшысымен кездесті.

**2. Көп нүктенің орнына дұрыс сөз тіркесін қойыңыздар.**

Франция алдағы уақытта Қазақстан экономикасын көтеруге... атап айтты.

а. қаржы бөлмейтінін;

ә. жағдай жасамайтынын;

б. үлес қосатынын.

**3. Синонимдік қатарды атаңыздар.**

а. ахуал, жағдай күй;            а. дембелше, өзінше, бойынша;

ә. ақсақал, ақтау, ақыл;        ә. дәлел, дерек, айғақ;

б. ақылды, алға, алайда.       б. дәл, дәм, дәрі.

а. сараң, саңырау, саналы;

ә. сан, салт, салмақ;

б. сапар, жол, іссапар.

**4. Шындыққа сай дұрыс және дұрыс емес сөйлемдерді атаңыздар.**

1. Н. Назарбаев Премьер-министр Лионелл Жоспенмен кездесті.

2. Франция Президенті Вивенди, Тоталь Фина Эльф компания басшыларымен кездесе алмады.

3. Француз кәсіпкерлері өз ұйымдарының жұмысын толық білмегендіктен, жиналыста бола алмады.

4. Сол кездесу үстінде бірқатар ұсыныстар айтылды.

5. Сапардың басты кездесуі кәсіподақ төрағаларымен болды.

6. Көлік және коммуникация министрі Францияға бара алмады.

7. Француздар қала құрылысы мен түрлі ғылыми-техникалық жобалар үшін несие бөлуге әзірлігін білдірді.

8. Елбасы Қазақстандағы ахуал туралы мәлімет бермеді.

9. Француз қайраткерлері мен іскерлері Қазақстан делегациясын елге келуге, барлық жағдайды өз көздерімен көруге шақырды.

## ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАСТАРЫ

Мәтінді оқыңыздар:

**Қазақстан – Германия: ынтымақтастық көкжиектері**

Егемен Қазақстан мен ГФР-дің сауда-экономикалық қарым-қатынасы Президент Н. Назарбаевтың 1992 жылғы қыркүйекте осы елге ресми сапарынан кейін алғашқы серпін алған. 1997 жылы екі мемлекет арасындағы тауар айналымы елеулі түрде артты. Егер 1996 жылы ол 381 млн. доллар құраса, былтырғы жылдың бірінші жарты жылдығында 337 млн. долларға жетті. Экономикалық ынтымақтастықты дамытудың ықтимал мүмкіндігі бұдан едәуір жоғары.

1996 жылдың бірінші жартысында ГФР-дің экономикалық дамуында жаппай құлдырау байқалды. Ел экономикасы тап болған конъюнктуралық қиындықтар кәсіпорындардың банкротқа ұшырау мен бірігуін көбейтті. Дегенмен, сол жылдың екінші жартысында-ақ жағдай біршама жақсарды. Германия фирмаларының шетелдік инвестициялары айтарлықтай ауқымды болды. Олар әлемдік экономикадағы барлық тікелей инвестициялардың шамамен үштен бірін құрайды. Үкімет рынок конъюнктурасын дамытуға жаңа серпін беруге бағытталған шаралар қолдануда.

Қазақстан Президентінің Германияға екінші сапары барысында алты бірлескен құжатқа қол қойылды. Бұлар негізінен экономикалық сипаттағы келісімдер.

Бундестаг президенті Қазақстандағы немістердің жағдайы туралы республикамыздың басшылығымен әңгімесі барысында Германияның қажетті көмек көрсетуге дайын екендігі атап көрсетілді.

Қазақстанның сыртқы саясаты екі жақты ғана емес, сонымен қатар көп жақты байланыстарды дамытуға да бағытталған. Қазақстанның Германиядағы төтенше және өкілетті елшісі болып Вячеслав Гизатов тағайындалды.

#### **Тапсырма:**

1. Германияның сыртқы саясаты, Қазақстанмен қарым-қатынастары туралы әңгімелесіңіздер.

2. Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құраңыздар: сауда айналымы, өтпелі кезең, инвестиция тарту, жаңа серпін, банкротқа ұшырау, әлемдік деңгей, нақты шаралар, шетелдік кәсіпорын, бірлескен кәсіпорын, мүше болу, елшілік қызметі, тиімді әріптестік.

3. Елші болу үшін терең біліммен қатар, қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?

**Тапсырма.** Ситуативтік тапсырма:

Сіз елшісіз. Қызметіңізді неден бастайсыз?

### **ГФР Қазақстанда шағын бизнес саласын дамытуға көмектеспек**

Германия мен Қазақстанның арасындағы техникалық және қаржы жөніндегі әріптестік бойынша консультация өткізу мақсатында республика астанасына ГФР Федералдық экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігінің делегациясы келді.

Делегация басшысы Мартин Лемман “біз сіздің елдің өзін әлем алдында ашуына және ішкі реформалар жүргізуіне көмектескіміз келеді” деп мәлімдеді. Олардың бұл ниетін Германияның қаржылай көмек ретінде 115 миллион марка бөлуге және экономиканы қалпына келтіру мен “Шағын және орта кәсіпорындарға арналған несие желісі” жобасын іске асыру үшін қосымша 60 миллион марка беруге дайындық білдіріп отырғаны қуаттай түседі.

Бұл қаржыны Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік Германия жағымен келісе отырып Павлодар, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарына бөліп бермек.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма:** Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Германия мен Қазақстан арасындағы экономикалық саладағы ынтымақтастық деңгейі қандай?

2. Германия мен Қазақстанның шағын бизнес мүмкіндіктерін қалай бағалайсыз?

3. Германия үкіметі біздің еліміздің экономикасының дамуына мүдделі ме?

**Мәтінді оқып, аударыңыздар:**

### **Казахстан принял участие в традиционной Франкфуртской книжной ярмарке**

С 13 по 18 октября в Германии прошла 51-я Франкфуртская книжная ярмарка. В ней принимали участие и казахстанские издатели, полиграфисты, работники книжной торговли. На национальном коллективном стенде они представили печатную продукцию республиканских издательств, вышедшую за последние два года.

Стенд привлекал внимание участников и гостей ярмарки словарями, справочниками, художественной литературой, книгами по истории Казахстана, фотоальбомами, географическими картами.

Казахстанской фирмой “Тавана” был заключен договор с германской фирмой “Фогель” на приобретение оборудования для изготовления тары, упаковки для книг. Казахстанские участники ярмарки получили также предложение от Института открытого общества Будапешта о стажировке издательских работников Казахстана.

По окончании книжной ярмарки по уже сложившейся традиции вся Казахстанская экспозиция была передана в дар библиотеке генерального консульства Казахстана во Франкфурте-на Майне.

*“Казахстанская правда”*

**Тапсырма:**

1. Франкфурте өткен кітап жәрмеңкесі туралы әңгімелесіңіздер.

2. Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құраңыздар: традиция ярмарки, казахстанские участники ярмарки, казахстанские издатели, проводить переговоры, организовать мероприятие, долгосрочное сотрудничество, установить деловые контакты, встретиться с коллегами, посетить ярмарку, выставить отечественную продукцию, дорогие экспонаты.

**Мәтінді оқып, әңгімелесіңіздер:**

### **Сенат төрағасы Германия делегациясын қабылдады**

Дүйсенбі күні Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Оралбай Әбдікәрімов Германия Федеративтік Республикасы федералды Үкімстінің көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілі, Бундестаг депутаты Иохан Вельт бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесуде Қазақстан – Германия қатынастарының экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларын дамытудың тиімді жақтары атап өтіліп, қазақстандық немістердің тарихи отанына оралуына аландаушылық білдірілді. Герман жағының Қазақстанда тұратын неміс диаспорасын экономикалық қолдауға және олардың мекен-жайын ауыстырмауға мүдделі екендігі, сондай-ақ Германиядан Қазақстанға қайтушыларға біржолғы қаржылай төлем ұсыну мәселесін талқылауға әзірлігі жайында айтылды.

Біздің еліміздегі неміс халқының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға және олардың рухани, мәдени және ұлттық-әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру барысы, сонымен қатар екі мемлекеттің арасындағы парламентаралық байланыстарын нығайту жайында да әңгіме қозғалды.

*(“Егемен – Ақпарат”)*

#### **Тапсырма:**

1. Германия Парламенті, оның құрылымы туралы әңгімелесіңіздер.

2. Қазақстан мен Германия арасындағы парламентаралық қарым-қатынастар деңгейі қандай?

**Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер:**

### **Ганновер – Алматы іскерлік байланыста**

Оңтүстік астанамыз Алматыда, Қазақстан Республикасына арнайы іссапармен келген, Төменгі Саксония/ГФР, астанасы Ганновер/ жерінің премьер-министрі Герхард Глоговский бастаған Германияның 30-дан астам фирмаларының өкілдері-кәсіпкерлер делегациясы Қазақстан Үкімет басшылары және кәсіпкерлермен кездесулер өткізіп, екі жаққа да тиімді келіссөздер жүргізді.

Саксониялық кәсіпкерлер Алматы қаласы Әкімі аппаратында Алматы қаласының Әкімі В.В. Храпуновтың қабылдауында болды.

Кездесу барысында германдық кәсіпкерлердің Қазақстандағы, оның ішінде Алматыдағы экономика үрдісіне үлес қосатын тиімді ұсыныс, жобалары талқыланды. Сөз арасында Төменгі Саксония жерінің премьер-министрі Г. Глоговский ірі, шағын компания, фирмалармен жақын арада тығыз байланыс орнатып, бірлескен кәсіпорындар ашпақ ниеттері бар екенін байқатты. Саксониялық кәсіпкерлер оңтүстік астанада жоғары сапалы, сейсмикалық жағынан мықты тұрғын үй ғимараттарын салу, аспалы жол торабын жасау ойлары бар екенін де білдірді. Қала әкімі жалпы неміс халқының принципшілдігін, қандай іске болмасын жауапкершілікпен қарайтындығын, нақтылықтарын бағалай отырып, келешекте Алматыда өз жұмыстарын бастайтын саксониялық инвесторларға зор сенім білдіруге болатындығын айтты.

*“Алматы ақшамы”*

#### **Тапсырма:**

1. Алматыға келген ресми делегацияны кім басқарды?
2. Оның құрамында кімдер бар?
3. Келіссөздер барысында қандай мәселелер талқыланды?
4. Саксониялық кәсіпкерлер бізге не ұсынбақ?
5. Қала әкімі неміс халқының қандай қасиеттерін атап өтті?
6. Сіздің ойыңызша, осындай байланыстар екі ел үшін де тиімді ме?

#### **Мәтінді оқыңыздар:**

### **Германиядан келген несие бір кәсіпкердің ісін өрге бастырды**

Айыртау ауданының Сырымбет ауылында Андрей Отто деген азамат тұрады. Жасы 67-де, ұлты – неміс. Білімі – 4-ақ сынып. Өзге қандастары түгелге жуық, олардың ішінде Оттоның бір баласы да бар, атамекендеріне көшіп кетті. Ал оның өзінің 1941 жылы бала кезінде әке-шешесімен бірге айдалып келген Қазақстаннан жылжыр ойы жоқ. Бүгіндері ол аудандағы ең ауқатты адамдардың бірі.

Неміс біткеннің бойында жақсы қасиеттер жетерлік: еңбексүйгіштік, тиянақтылық, қолындағы барды шашпау, тиынға тиын қоса білу. Ал, олар маскүнемдік, жалқаулық, керенаулық тәрізді кесірлі әдеттерден бойларын аулақ ұстайды. Бірақ мына

қиын заманда адал еңбекпен байып кету үшін осының бәрі аздық етер еді.

Кеңшар тарағанда А. Оттоның да үлесіне азды-көп жер, техника тиді. Өзгелер тәрізді ол да қалай күн көрерін білмей дал болды. Өйткені жер шұрайлы болғанмен, техника аз, әрі тозған, ескі-құсқы. Онымен жер өңдеп, фермерлік шаруашылық құрып жарытпайсың.

А. Оттоға бұл орайда алыстағы атамекені көмекке келді. Германия үкіметі оған жеңілдетілген шартпен несие берді. Несие оған ақшалай емес, үн үгетін тұтас диірмен кешені қалпында берілді. Несиені өтеу мерзімі он жыл. Жылдық өсім пайызы азғантай ғана өтеу үш жылдан соң ғана басталады. Қазақстанда осындай шартпен несие алу көп шаруалар үшін арман болып калуда.

Сонымен, Андрей Отто пайғамбар жасына жеткен шағында кәсіпкер атанды. Германиядан әкелінген диірмен бірінші жылы-ақ қалыпты жұмыс істей бастады. Ол үш сортты үн шығарады. Сапасы да тәуір. Үн үктіргені үшін төленетін ақы да қымбат емес. Қазір төңіректегі ауылдар астығын осы диірменге әкеледі.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма:** Мәтін бойынша әңгімелесіңіздер.

**Мәтінді оқыңыздар:**

### **Германия-Еуропадағы әлеуетті әріптес**

Қазақстанға Германияның вице-канцлері, федералдық сыртқы істер министрі Йозеф Фишер бастаған неміс делегациясы келген болатын. Құрамында парламентшілер, экономикалық ведомство басшылары, іскер топ өкілдері бар германиялықтар ынтымақтас-тықтың түрлі салалары бойынша кездесулер өткізіп, келіссөздер жүргізген еді. Кеше Қазақстан Президенті Н. Назарбаев делегация басшысы Й. Фишерді қабылдап, әңгімелесті.

Екеуара сұхбаттан кейін Қазақстан сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов пен Й. Фишер қазақстандық және шетелдік БАҚ өкілдеріне сапар қорытындысына байланысты түсінік берді.

Біз ГФР делегациясын асыға күткен едік, деді Е. Ыдырысов. Қазақстан Германиямен қарым-қатынасқа ерекше маңыз береді. Әлгінде ғана Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев пен вице-канцлер, федералдық сыртқы істер министрі Йозеф Фишер арасында екі ел байланысының алуан түрін қамтыған

жемісті әңгіме болады. Тұтастай алғанда Қазақстан мен Германия арасында талас туғызатын саяси мәселелер жоқ. Негізгі халықаралық проблемалар бойынша екі елдің ұстанымы жақын немесе сәйкес келеді.

Германия Федеративтік Республикасы Қазақстан Республикасының негізгі сауда әріптестерінің бірі болып табылады. Тауар айналымы жөнінен ГФР Ресей Федерациясынан кейінгі екінші, Еуропа елдері арасында бірінші орын алады. Соңғы бес жылда екі елдің тауар айналымы үш есеге жуық өсіп, 2000 жылы 2,7 миллиард неміс маркасын құрады. Бір атап көрсетерлігі – 1999 жылдан бастап Қазақстанның экспорты Германияның импортынан басым түсіп отыр. Бұл жерде экспорттың 95 пайызы шикі мұнай мен металдың үлесіне тиеді.

Қазіргі кезде Қазақстанда немістің 120 банк пен фирма өкілдіктері бар, 160 біріккен кәсіпорын жұмыс істейді. Дей тұрғанмен, Германияның Қазақстанға тікелей инвестиция салудағы үлесі бар-жоғы 2 пайызды ғана құрайды. Осы мәселеге орай Й. Фишер өз елінің Қазақстанға белгілі бір қаржылық шеңберде көмек көрсетуге әзір екенін білдірді.

ГФР вице-канцлері, федералдық сыртқы істер министрі Й. Фишердің елімізге ресми сапары Германияның Қазақстанға деген қызығушылығының арта түскенін айғақтайды. Бұл сөзімізге үстіміздегі жылдың күзінде Берлиннің Қазақстан Президенті Н. Назарбаевты ресми күтіп алуға әзір отырғаны дәлел бола алады.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма:** Қазақстан мен Германия арасындағы ынтымақтас-тықтың қай салалары жақсы дамыған?

**Мәтінді оқыңыздар:**

### **Қазақ құсбегісі туралы хабар Кельн телестудиясынан көрсетіледі**

Немістер ұнатып тамашалайтын “АВС” телеарнасының өзімізге белгілі “Саяхатшылар” іспеттес хабарын ұйымдастырып, оны жүргізетін Кельн қаласының бір топ журналисі жақында Қарағандыда болып қайтты. Олар алдағы көктемде бүкіл Германияға көрсетілетін 45 минуттік деректі телевизиялық фильм түсіру үшін облысты аралап шықты.

Неміс журналистері алыс-жақынға әйгілі құсбегі Тілеуқабыл Есенбекұлымен кездесті. Ол баулыған қыран құстардың андарға

шүйлігін қызыға тамашалап, хабарларын ұлттық саятшылық өнердің қайталанбас көріністерімен толықтырды.

“Мен қазақ халқымен, қазақ жерімен алғаш рет таныстым. Көзбен көрген бөлек көрінеді. Үлкен әсерге бөледі. Алдағы жазда тағы келіп, бастаған жұмысымызды жалғастыра түсуге құштар болып барамыз” — деді Лахауэр ханым.

Неміс журналистерінің деректі фильмдер түсірудегі шеберліктері белгілі. Жоғарыдағы сюжеттері сондай туындының бірі болып шығуына біз де тілектеспіз.

*(“Алматы ақиамы”)*

**Тапсырма:** Германияның өнер, спорт, ғылым қайраткерлері туралы әңгімелесіңіздер.

**Мәтінді оқыңыздар:**

### **Берлинде Абай көшесі бар**

Германиядағы Қазақстан Республикасының елшісінің өтініші бойынша Берлин қаласының Панков ауданындағы депутаттар жиналысы Қазақстан Республикасының елшілігі орналасқан көшелердің бірін Қазақстанның ұлы ақыны және ойшылы — Абайдың атымен атауға бірауыздан шешім қабылдады — деп хабарлайды Германиядағы Қазақстан Республикасы елшілігінің баспасөз қызметі.

Ертеректе бұл ұсынысты Берлин қаласының бургомистрі Э. Дипкен, Панков ауданының бургомистрі Г. Грунвальд және Панков ауданының мәдениет жөніндегі депутаттар жиналысының комиссиясы қолдаған еді.

*(“Егемен - ақпарат”)*

**Тапсырма:**

1. Қазақстанның Германиядағы елшілігі қызметі, онда тұратын қазақтар туралы бір-біріңізбен әңгімелесіңіздер.

2. Алматы қаласындағы И.В. Гете атындағы институт туралы не білесіз?

**Мәтінді оқыңыздар:**

### **Неміс офицері қазақ тілін меңгермек**

Қазақстандағы Германия елшілігінің әскери атташе қызметіне күні кеше тағайындалған Германия Бас штабының аға лейтенан-

ты Йорг Ладеви́г қазақ тілін үйренуге ниет білдіріп, Алматыға келісімен Қазақстан әскери күштерінің лингвистикалық орталығының үш айлық курсына жазылып та үлгерді.

Елшілік қызметкерлерінің айтуынша, жаңадан тағайындалған әскери атташе Қазақстанның мемлекеттік тілін жетік меңгермейінше өз қызметіне кіріспеймін деп отырса керек.

Аға лейтенант Ладеви́г мырза кезінде Фрунзе атындағы Мәскеу әскери академиясын тәмамдаған, орыс тілінде таза сөйлейді. 1990 жылдан Бундесвер құрамында.

Ана тілін үйренуге ниет етпеген қандастарымыздың қасында Йорг Ладеви́г мырзаның бұл әрекетін ұлтқа көрсетілген құрмет, әрі зиялылықтың көрінісі деп қабылдауымызға болар. Ол қазақша ауыз ашпай-ақ өз қызметтерін ұзақ жылдар бойы атқарып жатқан қазақстандық шенеуніктерге тамаша үлгі көрсетті.

**Тапсырма:** Неміс тілі, оның халықаралық қарым-қатынастарда алатын орны, неміс тілінде сөйлейтін мемлекеттер туралы әңгімелесіңіздер.

**Сұрақтарға жауап беріңіздер:**

1. Қазақ тілінің шын мәнінде мемлекеттік тіл деңгейінде болуына қазіргі кезде қандай кедергілер бар деп ойлайсыз?

2. Неміс офицерінің қазақ тіліне деген көзқарасы нені білдіреді?

**Мәтінді оқыңыздар:**

### **“Қазақтар ғажайып халық”**

Германияда қазақ қызы мен немістің кейуанасы бір-біріне хат жазып тұрады. Телефон шалады. Бір қызығы, Ғалия женгеміз / ҚР ГФР-дағы Елшілігі, Берлин бөлімшесінің жетекшісі Жолдасбек Таусаров мырзаның жұбайы/неміс тіліне қаражаяу болмаса да қазақ тілінде хабарласып тұрады.

Екінші қызығы, Қазақстанды өңі түгіл түсіне де елестете алмайтын неміс кемпірі де тек қазақ тілінде сөйлескенді жақсы көреді. Ең қызығы хаттарынан бір-біріне деген іңкәр сезім, сыпайылық лебі есіп тұратын қазақ келіншегі мен неміс кемпірі әлі кездескен жоқ. Жүздесудің сәті түспеген.

... Бәрі де Галина Нұртазинадан басталған. Галина қазақ қызы. Жолдасы — неміс. Атақты “Сименс” фирмасында қызмет істейді. Галина — журналист. Неміс газеттері мен Би-Би-Сиге Орталық Азиядан мақалалар жазып тұрады. Германиядан ойып тұрып өз орнын тапқысы келген жанның күнделікті ұйқы-

дан бөлек жамбастап жатуға уақыты жоқ. Неміс дағдысы қазақ Галинаға да жұққан. Сондай көпшілік ұйымдарының бірінде сұңқылдап қазақ халқы жайлы ақпар беріп тұрған Галинаға неміс кемпірі келіп, өтініш айтады.

Германияның тағы бір ерекшелігі, мұндағы қарттар біздің әжелеріміз бен аталарымыз — сияқты, бар бақытты немересінің қылығында деп айналып толғанып отырмайды. Бала таптырған баласы ма, әйелі екеуі бақсын. Әдемі киімін киініп алып, бет-аузын бояп, қоғамдардың “қайырымды әжейлеріне” айналады.

Фрау Ранге Германияның социалистік лагерьге қараған жағында тұрған. Қайырымды әже бірде Берлинде кеңес солдаттарының жағдайымен танысуға барғанда, көздері мейірімге толып тұрған азияттарды көреді. Таныса келсе, қазақ деген халықтың өкілі екен. Жандары жаз, үлкеннің алдында жығылып тұратын кішіпейіл қазақ солдаттары фрауға қатты ұнайды. Немістер ішкі сезімін жасырмайтын, ойға алғанын орындамай тынбайтын халық.

Балаларындай болып кеткен қазақ жауынгерлері еліне қайтқанда, жетімсіреп қалған фрау қазақ тілін үйреніп көруге бел байлайды. Табанды адамның алмайтын қамалы жоқ. Оның үстіне фрау дүние жүзі іскерлігін мойындаған ұлттың өкілі. Қазақша-немісше сөздіктерді жаздырып алып, өзінше үйрене бастайды. Кітаптан үйренгенмен ауызба-ауыз сөйлескеннің жөні бөлек қой, шіркін.

Фрау Ранге Галинадан аттай қалап өтінгені, Германиядан қазақ тілінде сөйлесетін бір адам тауып беру.

Галина қазақы көңілшектікпен “тауып берем” деп айтып қалады. Неміс қазақ емес, уәде бердің бе, орында. Фраумен әлденеше қоғамдық ұйымдарда кездесіп жүзі күйген Галина Қазақстан Елшілігінің Берлиндегі бөлімшесінің жетекшісіне өтініш айтады.

“Осындай да осындай. Неміс кемпірі қазақша үйренем, сөйлесетін адам тауып бер деп мазамды алды. Елшілікке көп қазақ жігіт, қыздары келеді ғой, қолы бос бірін тауып берсеңші”.

“Жарайды, - дейді елшілік өкілі. Сол да проблема болып па, қазір-ақ тауып берейін. Телефонын жазып ал”.

Қуанып кеткен Галина жүгіріп қағаз қаламын әкеледі.

- 3029375. Жаздың ба?

- Жазуын жаздым ғой. Бірақ, мынау сенің үйіңнің телефоны ғой.

- Болса ше. Немене, Ғалия тақияңа тар келе ме?... Ғалия жеңеміз бен фрау Рангенің достығы осылай басталған.

Орысша мектеп бітірген Ғалия қазақша үйренгісі келген неміс кемпірінің талабына қуанып, телефон шалады.

- Фрау Ранге, сәлеметсіз бе. Қалыңыз қалай. Менің атым - Ғалия. Сіздің телефоныңызды маған Галина берді...

- Сәламатсыз ба, Ғалия, Сіз асықпай сөйленіңші. Кешірерсіз, мен қазақ тілін сөздікпен үйреніп жатқан адаммын ғой. Жәй айтпаса, ұқпай қаламын...

- Содан бері араларында хат, хабар үзілген емес. Жақында Ғалия фрау Рангеден хат алды.

*“Егемен — ақпарат”*

**Тапсырма:** Неміс халқының мінез-құлқы, салт-дәстүрлері туралы бір-біріңізге сұрақтар қойып, әңгімелесіңіздер.

**Мәтінді оқыңыздар:**

**“Қазақстанның қадірін Германияда сезіндік” дейді Германиядан оралған Ида Михель**

Теміртаудан Астанаға қарай жол бойында байқаған адамның назарын аударатын жасыл желекке көмкерілген әдемі бір село бар. Ол “Красный кут” деп аталады. Бұл немістердің соғыстың алдында, соғыстан кейін қоныс тепкен елді мекені. Ертеде қазақтар бұл өңірді Қызылжар деп атайтын.

Кеңестік кезеңде егін егіп, көкөніс өсіруден, сүт сауып, асыл тұқымды мал өрбітуден бүкіл облысқа шамшырақ ретінде танылған шаруашылық болды. Қазір де байлығы мен сәні ортаймаған, әр үй ауласы бау-бақшаға малынған, қорасы түлік түрінен арылмаған жер.

“Красный кут” кілең немістер тұратын село деуге болады. Сондықтан үлкен-кішісі ана тіліне жүйрік, ұлттық салт-дәстүрге берік, дінге нық. Дегенмен ата-баба топырағына деген ықылас бөлек қой. Байырғы Отандарына қоныс аудару етек алған тұста осындағы 400-дей отбасының біразы орындарынан қозғалды. Бірақатары Германиямен біржолата қауышты, бірқатары қайтып оралды. Әсіресе, кейіннен барғандардың жолы оңғарылмай, кері қайтуы жиі ұшырасып отыр.

Солардың бірі былтыр оралған Ида Михель атты әйел, ұлдары мен қыздары. Бұлар барлығы бес-алты адам ондағы туған-туысқандарынан шақыру қағаз келген соң жолға шыққан еді. Майндағы Франкфурт маңындағы бейімделу орталығына ор-



наласқанымен, қиындыққа бірден кезігеді. Әсіресе, тілден тест тапсыру қиынға соқты. Ал неміс тілінен сәл сезік байқалса, жұмысқа орналасу қиын. Тегің неміс болса да, тілдегі кемшілік салдарынан жергілікті тұрғындармен жақындасып, сіңісіп кету қиын екендігін Михельдер алғашқы сәттен-ақ сезінеді.

- Оны да қойшы, екі-үш айдан соң Қазақстанды сағына бастадық. Даланың самал желін, таза ауасын, қазағы болсын, орысы болсын, немісі болсын бір-бірімен еркін араласатын кеңпейіл ортаны сағындық. Балаларым “үйге қайтайықшы” деп те қыңқылдай берді. Ата-бабамыздың Отаны болғанымен, жерсінбейтімізді біліп, қайта оралдық. Тегінде адамға бауыр басқан жері Отан ғой. Отанымыз – тек Қазақстан екендігі Германияда айрықша сезілді. Кеңпейіл қазақ елінің қадірін сонда білдік – дейді Ида Михель.

Бұл күндері Михельдер “Красный куттан” енді ешқайда кеткісі келмейді. Көп көмегімен қайтадан үлкен үй тұрғызып алды, әлауқаттарына өкпесі жоқ.

Кезінде Германияға қоныс аударушылар арасынан былтыр облысқа 50-60 отбасы қайта көшіп келді. Оралушылар қатары жылма-жыл өсе түсуде. Жергілікті халық мұны қош көреді. Еңбегі адал, сыйластығы түзу “өз” немістері ғой олар.

*“Алматы ақшамы”*

**Тапсырма:** Қазақстан, басқа да ТМД елдерінен Германияға қоныс аударушылар қандай мәселелерге тап болады? Осы туралы әңгімелесіңіздер.

**Мәтінді оқыңыздар:**

### **Шетелдік заңгерлермен тәжірибе алмасты**

Жамбыл облыстық сотында “Соттардың шаруашылық істерді қарау әдістемесі” жөнінде аймақтық төрт күндік семинар болып өтті. Елде мұндай іс-шаралардың көптеп өтетіндігінен оның ерекше назар аударарлық артықшылығы да жоқ секілді. Әйтсе де, мұндай семинар республикада тұңғыш рет өтіп отыр. Оны Қазақстан Жоғарғы соты ұйымдастырып, тәжірибе алмасу үшін Алмания / Германия / заңгерлері неміс техникалық ынтымақтастығы жөніндегі қоғам өкілдерін шақырды. Таразға Бременнен учаскелік судья Генрих Шниткер және заң ғылымының докторы Йенц Демпе келіп, Қазақстан және Алмания сот төрелігі жүйелерінің тәжірибе алмасу бағдарламаларын ұсынды. Неміс заңгерлерімен Таразда

аймақтық семинарды өткізу үшін Астанада шаруашылық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Александр Кравченко және судьялар одағының хатшысы Александр Рекин келді. Аймақтық семинардың жұмысына Жамбыл облыстық, сондай-ақ аудандық, қалалық соттардың судьялары қатысты.

Алғашқы күні түске дейін облыстық соттың мәжіліс залында баспасөз конференциясы өтіп, судьяларға көптеген сұрақтар қойылды. Ал бұдан соң Қазақстанның сот жүйесінің өкілдері Германияда судьяларды әзірлеу, оларда басқа да мәселелер жөнінде көптеген ерекшеліктер бар екендігін білді. Судьяларды іріктеу, олардың кандидатурасында кездейсоқтық болмауы үшін күллі заң органдарынан өткізу мұқият жүргізілетін көрінеді. Судьяларды әділет министрі өмір бойына тағайындайды. Судьялар өз келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстырылмайды. Жоғары жалақы мен мәртебе, азаматтар мен мемлекеттік органдардың сенімі паракорлыққа жол бермейді. Ал жоғары кәсіби біліктілік пен сараптау судьялар қателігінің жолын кеседі.

Генрих Шниткер және Йенц Демпе судьялардың толық тәуелсіздігін, олардың статус заңмен, арнайы нормативтік актілермен қорғалатындығын айтты.

Бізде қылмыстық, азаматтық және шаруашылық істер деп үш дәрежеге бөлу практикасы бар болса, Германияда мүлдем өзгеше, яғни, жеке сот билігі жүйесі қалыптасқан. Мәселен, тек еңбек дауы жөніндегі судьялар нарықтық механизмнің жолға қойылуы, айталық, мүліктік дауларды, банкроттық туралы істерді, тағы басқаларын қарауды жеңілдетеді. Қандай бір істің жоғары жақтан кері қайтарылуы төтенше оқиға болып саналады. Өйткені, ол судья беделіне нұқсан келтіреді. Ол мүлдем қате шешім қабылдаса және онысы талап берушінің материалдық жағдайында көрініс берсе, шығынды судья толтыруға міндетті. Мұндай жағдайдан неміс судьялары сақтандырылған шығынды өздері көтереді. Бұл – біз үшін таңсық жай.

Жүз миллион тұрғыны бар Германияда 21 мың судья жұмыс істейді, әрбір бесіншісі - әйел. Көріп отырғанымыздай, олардың жұмыс ауқымы кең. Қонақтар айтқандай, құқықтық нормалардың әбден қалыптасқан түрі билігін дәл, жедел және білікті жүргізуге мүмкіндік береді. Аймақтық семинардың соңында облыстық соттың төрағасы Мұсабек Әлімбековтің басшылығымен баспасөз конференциясы өтті.

*“Заң”.*

### Тапсырма:

1. Қазақстан мен Германияның сот жүйесі, судьялар қызметі туралы әңгімелесіңіздер.
2. Осындай ынтымақтастық қажет пе? Сіз қалай ойлайсыз?

### Бақылау жұмысы

#### 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазыңыздар:

1. Екі неміс мемлекетінің бірігу күні - ұлттық мейрам ретінде ... тойланады.
  - а) мамырдың он сегізінде;
  - ә) желтоқсанның төртінде;
  - б) қазанның үшінде.
2. Германияның мемлекеттік туының түсі ... .
  - а) қара-қызыл-сары;
  - ә) ақ-көк-қызыл;
  - б) сары-қара-ақ.
3. Германия Федеративтік Республикасының территориясы ... бөлінеді.
  - а) 18 штатқа;
  - ә) 16 федералдық жерге;
  - б) 21 федералдық округке.
4. ... - мемлекет басшысы болып табылады.
  - а) федералдық канцлер;
  - ә) федералдық министр;
  - б) федералдық президент.
5. Біріккенге дейін Германия Федеративтік республикасында ... федералдық жер болды.
  - а) 11;
  - ә) 15;
  - б) 13.
6. Бундестагты - ... тарата алады.
  - а) федералдық министр;
  - ә) федералдық канцлер;
  - б) федералдық президент.
7. Германияның Конституциясы ... деп аталады.
  - а) негізгі заң;
  - ә) ата заң;

б) заңдар жинағы.

8. Германияның заң шығарушы билігін ... жүзеге асырады.

а) Бундесрат

ә) Бундестаг

б) үкімет

9. Халықаралық қатынастарда Германия атынан келіссөздер жүргізу, елшілерді қабылдау құқығы тек... .

а) федералдық министрлерде;

ә) федералдық президентте;

б) федералдық канцлерде.

10. Германияның жер көлемі жағынан ең үлкен федералдық жері...

а) Тюрингия;

ә) Бавария;

б) Баден-Вюртенберг.

#### Мәтінді оқып, аударыңыздар:

1991 жылы 20 маусымда Германия Бундестағы 337 дауыспен (320-сы қарсы болған) парламент пен Үкіметті Берлинге көшіру жөнінде шешім қабылдады, ал 1994 жылы шартты түрде “Бонн – Берлин” деп аталатын заң дүниеге келді. Дегенмен сегіз министрлік пен 18 федералдық мекеме түбегейлі Боннда қалып, жаңа астанада олардың филиалы ашылатын болды. Берлинде 12 мың пәтер салынып, Шпрее өзені бойындағы үкіметтік квартал бой көтеретін, ал 2000 жылға қарай Рейхстаг қайта жөнделіп, Бундестагқа айналатын болып шешілді. Осы ғасырдың ұлы көшінде немістер триллионға жуық марка жұмсамақ.

Бұл күндері Германия жалпы ішкі көлемі мен жан басына шаққандағы табыс ауқымы жөнінен АҚШ пен Жапониядан кейінгі үшінші орында тұр. Ал ішкі жалпы өнімнің 67 пайызын қызмет көрсету саласының кәсіпорындары, 33 пайызын өнеркәсіп орындары құрайды. 1994 жылы орташа отбасының таза табысы айына 904 марка болса, қазір ол 6 мың маркаға жуық ал, екі марка құны – бір АҚШ доллары. Елдегі тұрғын үйлердің 20 пайызға жуығы әлеуметтік нысандар деп танылған, яғни оларды мемлекет қаржыландырған. Еуропа бойынша ауқымы ғана емес, халық саны жөнінен де алдыңғы орында тұрған, 82 миллион тұрғыны бар Германиядағы зейнеткерлер орта табысты қызметкер, жұмысшы жалақысының 70 пайызына жуық зейнетақы алады екен. Содан да болар Берлиндегі мұражайларда, түрлі мәдени мейрамханалар-

да топ-тобымен, жұп-жұбымен қыдырып, көңілді демалып жүрген карттардан көз сүрінеді.

Қарттар дегеннен шығады, мұнда жер ортасы жастан асса да жұбын таппаған, тапса да бала сүймегендер көп. Алдымен төрт құбыласын, үй-жайын түгендеуге кірісетін немістер кеш қалғанын бір-ақ сезеді екен.

*“Алматы ақиамы”*

**Тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар, мына мәселелер бойынша пікір алмасыңыздар:

1. Қалай ойлайсыз, Германияда экологиялық мәселелер бар ма? Оларды шешу үшін неміс үкіметі қандай шараларды қолға алуда?

2. Мемлекет астанасын көшіруге байланысты шешім жүзеге қалай асырылмақ?

3. Тарихи ескерткіштерге деген немістердің көзқарастары қандай?

4. Неміс экономикасының жағдайы қандай деңгейде?

5. Зейнеткерлер өмірі туралы не айтуға болады?

6. Отбасын құру мәселесі неге байланысты туындайды екен?

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар:

1. Поддержание общественной безопасности и порядка — центральная задача государства.

2. В Германии ее выполнение возложено на органы земель и федерации.

3. К полиции относятся: общеполитическая служба, уголовная полиция, водная полиция и военизированная полицейская служба.

4. Федеральная пограничная охрана — это служба федерации, которая подчиняется федеральному министерству внутренних дел.

5. ФРГ вступила в НАТО в 1955 году.

6. ФРГ поддерживает дипломатические отношения почти со всеми странами мира.

7. Высшей целью ФРГ в области политики безопасности является обеспечение мира, свободы и независимости страны.

8. 3 октября 1990 года были расформированы вооруженные силы бывшей ГДР.

9. Бундесвер подчиняется политическому руководству.

10. В условиях мира верховным главнокомандующим является министр обороны, а во время войны — федеральный канцлер.

11. Особое место среди высших государственных и судебных учреждений ФРГ занимает учрежденный ФРГ в 1951 году Федеральный Конституционный Суд.

12. Верховный Федеральный суд находится в г. Карлсруэ.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, сұрақтар қойыңыздар.

## **Қазақстан мен Америка арасындағы қарым-қатынастар**

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынасының маңызы өте зор. Бұл қарым-қатынас Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасын мемлекет ретінде таныған 1991 жылы 25 желтоқсаннан басталды. Келесі күні, яғни 26 желтоқсанда мемлекеттер арасында елші дәрежесіндегі толыққанды дипломатиялық қатынастар орнады. Осылайша, ұлы мемлекеттердің ішінде Қазақстанды алғашқылардың бірі болып таныған АҚШ ҚР-ның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына өзінің мүдделі екенін көрсетті.

Екі мемлекет арасында қарым-қатынастық байланыстар орнатылған алғашқы күндерден бастап, ол жоғары деңгейлерде үнемі қолдау тауып келеді.

1991 жылдың желтоқсанында Мемлекеттік хатшы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Н.Ә. Назарбаев және басқа да ресми адамдармен келіссөздер жүргізді. 1992 жылдың көкек айында Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және қарым-қатынастар жөніндегі АҚШ конгресі комиссиясының делегациясы келді. Сол жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына алғашқы жұмыс сапарымен барды. Осы сапардың барасында “Сауда қатынастары жөніндегі келісім”, “Қаржы салымдарын өзара қорғау жөніндегі шарт”, “Қазақстан Республикасы және АҚШ өкіметтері арасындағы өзара түсіністік жөніндегі меморандумға” қол қойылды. Сөйтіп, екі жақты қарым-қатынастардың шарттық-құқылық негіздері қаланды.

Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары екі жақты қатынастардың және АҚШ пен Қазақстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту келешегінің мәселелерін талқылады. Олардың арасында мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық та бар. Өзара мүдделі болып отырған аймақтық және халықаралық сипаттағы мәселелер бойынша пікір алысты.

**Тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде ... ..
2. Ресми сапардың барысында ... ..
3. Қазақстанның сыртқы саясаты ... ..
4. Екі ел экономикалық ынтымақтастықты ... ..
5. Қарым-қатынастық байланыстар орнатылған ... ..
6. Халықаралық сипаттағы ... ..

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажет сөздерді қойыңыздар.

1. Қазақстан Республикасының Президенті және басқа да ресми адамдар... жүргізді.
  - а) мәслихат
  - ә) келіссөздер
  - б) әңгіме
2. Қазақстанға ... жылдың көкек айында АҚШ конгресі комиссиясының делегациясы келді.
  - а) 1991
  - ә) 2000
  - б) 1992.
3. Сол жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Елбасы Америка Құрама Штаттарына алғашқы ... .. барды.
  - а) ресми сапарымен
  - ә) жұмыс сапарымен
  - б) іс сапарымен
4. Қазақстан Республикасы және АҚШ өкіметтері арасындағы ... меморандумға қол қойылды.
  - а) өзара байланыс жөніндегі
  - ә) өзара қарым-қатынас жөніндегі
  - б) өзара түсіністік жөніндегі
5. Екі жақты қарым-қатынастардың ... .. негіздері қаланды.
  - а) нормативтік құқық
  - ә) құқық қорғау
  - б) шарттық-құқылық

### Қазақстан мен Құрама Штаттар белсенді әріптестер

Қазақстан мен Құрама Штаттар арасындағы экономика мен сыртқы саясат саласындағы ынтымақтастықты терендете түсуге бағытталған, бірқатар екі жақты құжаттарға қол қойылды. Оларға энергетика, сауда және инвестициялар, ғылым мен жаңа технология мәселелері, жаппай қырып — жоятын қаруды таратпау және айналадағы ортаны қорғау проблемалары да кіреді.

Қазақстан өзінің экономикалық мәселелерін шешуде, әсіресе, Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі.

Бұл бағыттағы алғашқы байсалды қадам американдық “Шеврон” компаниясы мен Теңіз мұнай көздерін бірлесіп игеру жөніндегі ірі шартқа қол қойылуы еді. Бұл келісім — американдық капиталының Қазақстан экономикасына ірі көлемде тартылуының бастамасы болды. “Теңізшевройл” жобасы бойынша 2010 жылы тәулігіне 700 мың баррельден (мың тоннадай) асатын мұнай өндіруге қол жеткізу көзделген. Бірлескен кәсіпорын жұмысына қатыса отырып, “Шеврон” сонымен бірге Қазақстанның аймақтық инфрақұрылымын жетілдіруге, мәселен, аурухана, мектеп, жол құрылыстарын салуға көмектесіп, әлеуметтік — экономикалық бағдарламаларға да қатысты. Осы бағытта соңғы жылдары республикада бірнеше американдық компаниялары мен банктерінің өкілдері және 117 бірлескен кәсіпорындар құрылып, жұмыс істейді.

1997 жылы қыркүйектің 12-де Президент Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-тың халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесінің төрағасы Питер Питерсон және осы ұйымның құрметті төрағасы, белгілі қаржыгер Дэвид Рокфеллер бастаған осы кеңесінің делегациясын қабылдады. Бұл делегацияның құрамында дүниежүзіне танымал ірі компания “Леви Страустын” төрағасы Роберт Хаас, атақты “Джонсон және Джонсон” фирмасы “Джонсон” инвестициялық компаниясының жетекшісі Роберт Джонсон, сонымен қатар мүлік операцияларымен айналысатын “Роуз Ассошиэйтс” басқармасының төрағасы Фредерик Роуз секілді АҚШ-тағы іскерлер ортасының ықпалды өкілдері болды.

Жалпы американдық делегацияның бұл жолғы негізгі мақсаты Қазақстан жайлы көбірек білу көрінеді. Келіссөздер барысында олар біздің мемлекетіміздің даму бағытын көздейді. Экономикалық даму тұжырымдамасы қандай және өзінің тәуелсіздігін нендей сыртқы саяси құралдар арқылы қалай нығайтпақ екендігін толық білгісі келетіндіктерін байқатты.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, сұрақтар қойыңыздар. Мәтін бойынша пікір алмасыңыздар.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерін пайдаланып, құрмалас сөйлемдер құраңыздар.

Ынтымақтастықты терендете түсу, екі жақты құжат, жаппай қырып — жоятын қару, айналадағы ортаны қорғау, ерекше көңіл бөлу, бірлесіп игеру, шартқа қол қою, ірі көлемде тартылу, қол

жеткізу, бірлескен кәсіпорын, әлеуметтік — экономикалық бағдарлама, соңғы жылдар, халықаралық қатынастар, құрметті төраға, дүниежүзіне танымал, ықпалды өкілдер, негізгі мақсат, келіссөздер барысы, даму бағыты, экономикалық даму тұжырымдамасы.

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстанның АҚШ-пен сыртқы саясаты қалай дамуда?
2. Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастар қай жылдан басталды?
3. Қазақстан Республикасының Президенті қай жылы алғашқы рет ресми сапармен АҚШ-қа барды?
4. Сапар барысында қандай келісім-шарттарға қол қойылды?
5. Американдық қандай компания мұнай өндіруге қол жеткізді?
6. Қазақстан жерінде Американың қандай компаниялары жұмыс істейді?
7. Аталмыш компаниялар біздің елімізге қандай көмек көрсетеді?
8. Қазақстан жері американдықтарды неге қызықтырады?

**Тапсырма.** Орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыздар.

1. Государственный суверенитет республики Казахстан был признан Соединенными Штатами Америки 25 декабря 1991 года.
2. В 1992 году официальный визит Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в США заложил основу для развития двустороннего сотрудничества.
3. В 1992 году Казахстан посетил ряд делегаций, в частности, делегация Комиссии Конгресса США по безопасности и сотрудничеству в Европе сенаторы Крэнстон, Сэм Канн и Ричард Лугар.
4. В ходе состоявшихся переговоров стороны обсудили широкий спектр двусторонних отношений и международных проблем.
5. 19-21 марта 1994 года Министр обороны США Уильям Перри находился с рабочим визитом в Алматы. В ходе визита состоялось первое заседание казахстанско-американского комитета по оборонной конверсии.
6. Особое значение приобретает подписанный с американской фирмой «Шеврон» широкомасштабный контракт на освоение нефтяных месторождений Западного Казахстана.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Қазақстанның сыртқы саясаты, мемлекеттер арасында, өзара түсіністік, екі жақты қарым-қатынас, экономикалық ынтымақтас-

тықты дамыту, мәселелер бойынша пікір алысу, жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау, айналадағы органы қорғау, бірлесіп игеру, әлеуметтік — экономикалық бағдарлама, қауіпсіздікті нығайту.

**Тапсырма.** Сөз тіркестерін орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыздар.

Установлены деловые связи, международное развитие, техническая помощь, казахстанско-американское отношение, официальный визит, актуальность региональных и международных проблем, оборонная промышленность, ликвидация стратегических наступательных вооружений.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңыздар. Мазмұнын әңгімелеңіздар.

### **АҚШ Қазақстанды Орталық Азиядағы басты еріптесі санайды**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев желтоқсанның 15-і күні түс ауа Қазақстанға жұмыс сапарымен келген АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэлмен кездесті.

Әңгіме барысында тараптар бірлескен Қазақстан-Америка комиссиясының мәжілістері шеңберінде қол жеткізілген уағдаластықтарды негізге алып қауіпсіздік, қаруды таратпау, демократия мен адам құқығы, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастық мәселелері туралы пікір алысты.

Н. Назарбаев пен К. Пауэлл сонымен қатар терроризм, жаппай қырып-жоятын қарудың таралуы және есірткілердің заңсыз айнылымы салдарынан Орталық Азиядағы тұрақтылыққа төнетін қауіп-қатер мен трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдаланудың жай-күйін талқылады.

Елбасы Қазақстанның шекара қауіпсіздігі саласындағы, сондай-ақ кеден және құқық қорғау органдарының терроризм мен есірткі контрабандасына қарсы күрестегі мүмкіндіктерін күшейту мақсатында Құрама Штаттардың техникалық көмек көрсету ниетін қанағаттанғандық сезіммен қабылдады. Үстіміздегі жылдың маусымында Вашингтонда өткізілуге жоспарланып отырған терроризмге қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия мемлекеттерінің мәслихатына Қазақстан да өзінің делегациясын жібереді.

Екі жақты тығыз қарым-қатынастар демократияға, адам құқығына және нарықтық реформаларға адалдыққа негізделуі тиіс. Президент бұған қосымша Қазақстанның сайлау заңдарын жетілдіруге ЕҚЫҰ-мен бірлесіп жұмыс істеуге әрқашан әзір екенін жеткізді. Н. Назар-

баев пен К. Пауэлл кездесу кезінде Каспий энергетикалық ресурстарының экспортына арналған Баку-Тбилиси-Жейхан құбыр желілерінің көп нұсқалы бағытына баса назар аударды.

Келіссөздер аяқталған соң К. Пауэлл мен ҚР Сыртқы істер министрі Қ. Тоқаев екі ел арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруін болдырмау жөніндегі бірлескен мәлімдемеге, көліктегі қауіпсіздік туралы келісімге қол қойды. Қол қою рәсімінен кейін Президент және Мемлекеттік хатшы шетел және қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді.

Содан кейін екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық мәселелеріне шолу жасады.

АҚШ Мемлекеттік хатшысы өз кезегінде Қазақстанға алғаш рет жолы түскенін, еліміздің қонақжайлылығы ұнағанын, өзінің Қазақстанға бұрыннан әріптестік қарым-қатынасты тереңдету үшін келіп отырғанын атап өтті. АҚШ Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш таныған мемлекеттер қатарында саналады.

Елбасы мен Мемлекеттік хатшы өз ойларын қысқаша түйіндегеннен кейін, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

АҚШ Мемлекеттік хатшысы сапарының соңында Қазақстандағы саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтар өкілдерімен кездесті. Сондай-ақ елімізде жұмыс істейтін америкалық бизнес өкілдерімен де жүздесті.

К. Пауэлл мырзаның сапары АҚШ-тың Қазақстанды Орталық Азиядағы басты әріптесі санайтынын көрсетіп берді. Құрама Штаттар дүние жүзінде 5 мемлекетпен ғана Экономикалық әріптестік туралы біріккен комиссия құрған. Соның бірі - Қазақстан. Қазақстан — АҚШ комиссиясы шеңберінде 3 топ жұмыс істейді. Олар: қауіпсіздік, экономикалық қарым-қатынас және демократиялық әріптестік бағыттарын қамтиды. Бұған қоса елімізде Құрама Штаттардың жүзден астам фирмалары тіркелген.

*(Самат Мұса)*

**Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әңгіме барысында Қазақстан мен Америка өкілдері қандай мәселелер бойынша пікір алмасты?

2. Қауіпсіздік, қаруды таратпау, демократия мен адам құқығы бойынша қандай талдау жасалынды?

3. Экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне назар аударылды ма?

4. Терроризм, жай қару-жарақ пен есірткілердің заңсыз айналымына тосқауыл жолдары қарастырылды ма?

5. Орталық Азиядағы трансшекаралық су ресурстары мәселесі қандай деңгейде шешіліп жатыр?

6. Орталық Азиядағы тұрақтылыққа төнетін қауіп-қатер мәселесі бойынша пікір алысты ма?

7. Шекара қауіпсіздігі саласындағы есірткі контрабандасына қарсы күрестегі мәселелерге АҚШ көмек көрсете ала ма?

8. Екі жақты тығыз қарым-қатынастар демократия бағытына және адам құқығына қалай көңіл бөлді?

9. Баку-Тбилиси-Жейхан құбыр желісіне қандай баға беріліп отыр?

10. ҚР-сында неше американдық фирма тіркеліп жұмыс істейді?

**Тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға дұрыс жауап беріңіздер.

1. Әңгіме барысында қандай мәселелер талданды?

а) демократиялық саясат бағыты

ә) экономикалық ынтымақтастық мәселелері

б) әлемнің болашағы

2. 2001 жылы терроризмге қарсы күрес жөніндегі мәслихат қайда өтеді?

а) Таяу Шығыс

ә) Орталық Азия

б) Вашингтон

3. Орталық Азиядағы тұрақтылыққа төнетін қауіп - қатердің бірі қандай?

а) сапасыз бұйымдар

ә) есірткі мен қару-жарақ

б) көшіп - қонушылар

4. Терроризм, жаппай қырып — жоятын қарудың таралуы, жай қару — жарақ мәселелерін Елбасы кіммен талқылады?

а) Джордж Бушпен

ә) Колин Пауэллмен

б) Мадлен Олбрайтпен

5. Күресті қандай салада күшейту қажет?

а) шекара қауіпсіздігі

ә) білім, оқу-ағарту

б) денсаулық

6. 1992 жылдан бастап біздің еліміз қандай саясатты жалғастырып келеді?

а) терроризмге қарсы күрес

- ә) жаппай қырып-жоятын қаруды ауыздықтау  
 б) демократиялық сайлау
7. Елбасымыз АҚШ Мемлекеттік хатшысымен кездесу барысында басты назар аударған мәселелер.
- а) мұнай құбыры желісі жобалары  
 ә) демократия, адам құқығы  
 б) табиғи төтенше жағдайлар
8. Екі ел арасында қандай құжатқа қол қойылды?
- а) бірлескен жоба  
 ә) бірлескен кәсіпорын  
 б) бірлескен мәлімдеме
9. Қол қою рәсімінен кейін өткізілген кездесу.
- а) мәжіліс төрағасымен  
 ә) БАҚ өкілдерімен  
 б) Төтенше және Өкілетті Елшімен
10. Екі мемлекет арасындағы шолу жасалған мәселелер.
- а) ынтымақтастық мәселесі  
 ә) шекара мәселесі  
 б) кеден мәселесі
11. АҚШ Мемлекеттік хатшысы сапарының мақсаты.
- а) инвестиция салу және тарту  
 ә) қарым - қатынасты тереңдету  
 б) демеуші болу
12. Сапар соңында Мемлекеттік хатшы кіммен кездесті?
- а) ұйымдасқан қылмыстық топпен  
 ә) қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтар өкілдерімен  
 б) үкімет басшысымен
13. Қазақстан АҚШ үшін қандай әріптес?
- а) маңызды бәсекелес  
 ә) жоғары дамыған ел  
 б) басты әріптес
14. Қазақстан – АҚШ комиссиясының қызмет бағыттары қандай?
- а) саяси партиялар, ұйымдар  
 ә) көлік коммуникация, байланыс  
 б) қауіпсіздік, экономикалық, демократиялық әріптестік

**Тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

1. В сфере экономических отношений между Республикой Казахстан и США приоритеты отдаются инвестиционному и фи-

нансовому сотрудничеству в области энергетики, транспорта и строительства.

2. В рамках экономической помощи Комитет делового развития собирается продолжить начатые обсуждения проекта соглашения по нефти и газу.

3. Намечен некоторый рост в экспортно-импортных взаимосвязях между нашими странами.

4. По контракту, подписанному с компанией “Филип Моррис”, предполагается инвестирование в развитие табачной промышленности республики порядка 300 млн. долларов.

5. Республика Казахстан и США обязались развивать полномасштабное сотрудничество в области охраны окружающей среды в районе Аральского моря и Семипалатинского региона.

6. Первые две группы добровольцев Корпуса Мира в составе 100 человек направлены в различные регионы Казахстана для осуществления программ в трех областях: преподавание английского языка, оказание содействия развитию бизнеса и работы в области экологии.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, диалог құраңыздар.

### **Елбасы АҚШ Президентімен телефон арқылы сөйлесті**

26 қыркүйекте американ жағының бастамасы бойынша Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Америка Құрама Штаттарының Президенті Джордж Бушпен телефон арқылы сөйлесті деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі.

Н. Назарбаев террорлық акцияның салдарынан жазықсыз жандардың опат болуына байланысты көңіл айтты. Дж. Буш американ халқының атынан көңіл айтқан және қолдау көрсеткен жылы лебіздері үшін Қазақстан Президентіне алғыс сезімін білдірді.

Америка Президенті екі ел басшыларының арасындағы қатынастардың достық сипаты АҚШ пен Қазақстан арасындағы тығыз ынтымақтастықтың негізі болып табылатынын айтып өтті.

Әңгімелесушілер Каспий аймағында минералдық ресурстар өндіру мен тасымалдаудағы ынтымақтастықты дамыту туралы пікір алмасты.

(“Егемен Қазақстан”)

**Тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Америка жағынан, бастамасы бойынша, телефон арқылы, опат болу, жылы лебіздері үшін, дамыту туралы, екі ел басшыларының арасында, баспасөз қызметі, террорлық акция, көңіл айту, тығыз ынтымақтастық, достық сипат, қолдау көрсету, пікір алмасу.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, пікірлесіңіздер.

### **Қазақстан АҚШ-қа кез келген көмек көрсетуге даяр**

Қазақстан Америка Құрама Штаттарына терроризммен күресте жан-жақты қолдау көрсетуге даяр және осы мақсатқа қажетті, оның ішінде ұсыныс түскен жағдайда әскери көмек көрсетуге әзір. Бұл жөнінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев қыркүйектің 15-інде Алматыда АҚШ елшілігінде болған кезінде мәлімдеді. Елшіліктегі Аза кітабында Вашингтон мен Нью-Йорктегі қайғылы жағдайларға байланысты Америка халқына көңіл білдірді.

Біздің Мемлекетіміздің басшысы ресми мәлімдеме жасап, онда терроризмнің кез келген түріне қарсы екендігін білдірді. Н. Назарбаев әлемнің барлық халықтарын адамзатқа қарсы бағытталған осындай зұлымдықпен күресте күш біріктіруге үндеді. Осыған байланысты ол АҚШ Президенті Джордж Бушқа арнайы хат жолдап, қарсы қимылдар жасау кезінде Америка үкіметі даналық танытатындығына сенім білдірген.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Берілген сөз тіркестерімен құрмалас сөйлем құрастырыңыздар.

Терроризммен күресу; жан-жақты қолдау; әскери көмек көрсету; көңіл білдіру; күш біріктіру; қарсы қимылдар жасау; сенім білдіру; хат жолдау; ресми мәлімдеме жасау; зұлымдықпен күрес.

**Тапсырма.** Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас туралы өз пікіріңізді жазыңыздар.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, әңгімелесіңіздер.

### **АҚШ Үкіметі мен Эксон корпорациясының ізгілікті көмектері**

Жүз жылдан астам уақыт бойы жолбарыс бейнесі американдық Эксон мұнай компаниясының және оның қуаты мен халы-

қаралық тәжірибесінің, технологиялардағы озаттығының және өндірістің жоғары деңгейіне жетуге деген құштарлығының белгісі болып келеді.

АҚШ Үкіметі мен американдық “Эксон Венчерз(ТМД)ИНК.” мұнай компаниясы Қазақстан Республикасы тұрғындарының әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарын қолдау жөніндегі бастама шеңберінде Алматы қаласы мен Алматы облысындағы балалар мекемелері мен жүйке-неврологиялық интернат үйлеріне ізгілікті көмек жеткізіп бере бастады. Бұл жоба АҚШ Мемлекеттік департаменті атынан ҚР Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен ынтымақтаса отырып “Каунтерат” ізгілікті көмек бағдарламасы және “Эксон” Винчерз (ТМД) Инк.” компаниясының қаржылай қолдауы арқылы жүзеге асырылуда. Әлемдегі ең ірі әрі байырғы мұнай компанияларының бірі ретінде, “Эксон” корпорациясы мен оның филиалдары жүзден астам елде жұмыс істейді. Көптеген жылдардан бері “Эксон” корпорациясының еншілес компаниялары мен оның қызметкерлері компания жұмыс істейтін елдердің халықтары, оның ішінде Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне белсенді қатысуда.

Жалпы құны 227,000 АҚШ доллары болатын жаңа киімдерден, маталардан және жылытқыштардан тұратын жүктің алғашқы бөлігі Есіктегі қарттарға арналған жүйке-неврологиялық интернат үйіне, сондай-ақ Алматы қаласындағы №1 сәбилер үйіне жеткізілді. Бұл мекемелерде ізгілікті көмекті тапсыру рәсімі өтіп, жергілікті әкімшіліктердің, “Эксон-Винчерз (ТМД) ИНК.” компаниясының және “Каунтерат” ізгілікті көмек бағдарламасының өкілдері қатысты.

Таяудағы бірнеше ай ішінде бағдарлама шеңберінде киім-кешек және аяқ киім тиелген тағы да екі ізгілікті жүк келеді деп күтілуде, олар Алматы және Ақмола облыстары тұрғындарының мұқтаж топтарына тапсырылатын болады.

*(“Егемен Қазақстан”)*

**Тапсырма.** Шын немесе жалған сөйлемдерді таңдап айтыңыздар.

1

а) Америкалық компания экономикалық-әлеуметтік жағдайды көтерді.



ә) Қазақстан Республикасының тұрғындарына медициналық көмек көрсетті.

б) Балалар мекемелеріне ізгілікті көмек жеткізді.

2

а) Бұл жоба “Эксон Винчерз /ТМД/Инк.” мұнай компаниясы қаржылай қолдауы арқылы жүзеге асырылуда.

ә) Аталған компания инвестиция салуда.

б) Ірі компания облыс тұрғындарын қамқорлыққа алуда.

3

а) “Эксон” корпорациясы жүзден астам елде жұмыс істейді.

ә) Осы компания барлық әлемде жұмыс істеп жатыр.

б) Үлкен компания тек қана Қазақстанда жұмыс істейді.

4

а) Ізгілікті көмек бағдарламасының өкілдері ел өміріне белсене қатысты.

ә) Ресми делегацияның өкілдері мәжіліске қатысты.

б) АҚШ Үкіметінің өкілдері қатысты.

5.

а) Бағдарлама шеңберінде киім-кешек және аяқ киім тапсырылды.

ә) Интернат үйіне сыйлық берді.

б) Сәбилерге азық-түлік ұсынды.

**Тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құраңыздар.

Қорғалмаған топтар, жеткізілген ізгілікті көмек, ынтымақтас-тық қоғам, жұмыс істеген мұнай компаниясы, белсенді қатысқан өкілдер, тапсырған сыйлық, жүзеге асырылған шара.

**Тапсырма.** Мәтінді аударып, мазмұнын қазақ тілінде айтыңыздар.

### **Помогли, помогают, будут помогать**

Инвалидные коляски, другую специальную технику и оборудование безвозмездно передал в область коллектив компании “Шеврон Тексако”.

Эта благотворительная акция — не первая. Она часть обширной и многогранной помощи социально незащищенным слоям населения, поддержки образования, здравоохранения и культуры. Так, 450 участников Великой Отечественной войны, ветеранов трудового фронта и пенсионеров получили продуктовые на-

боры. Среди ближайших планов “Шеврон Тексако” — помощь областному дому-интернату для престарелых и инвалидов, недавно справившему новоселье.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, пікірлесіңіздер.

### **Астаналықтар Америкада тәжірибеден өтті**

Құрама Штаттардағы менің әріптестерім үнемі маған “Қазақстанға Америка туралы қандай жақсы әсерлермен ораласыз” деген сауалды қоюмен болды. Оның жауабы маған кейін ғана айқындала бастады. АҚШ-қа келген беттегі ең алғашқы әсер жан-жағында орнаған мұнтаздай тазалық болатын. Екінші ерекшелік мұнда барлық істердің адамдар үшін, олардың игілігі үшін жасалатындығы.

Америкада болып тәжірибе алмасу екі жағынан құнды. Біріншіден, біздің топ орта және жоғары оқу орындарының оқытушыларынан, Білім министрлігі қызметкерлерінен, жеке меншік жоғары оқу орындары өкілдерінен тұрды. Соған орай мамандар да әр алуан болды. Екіншіден, “Қоғамдық байланыстар” бағдарламасы тұңғыш рет қазақстандықтар үшін ЮСИА білім беру жүйесі бойынша дайындалып, өте бай ақпараттық және мәдени бағдарламаларды қамтыған. Сондықтан да аз уақыттың ішінде көп нәрсесі көріп, көп нәрседен мағлұмат алудың сәті түсті. Таңертеңгі сағат 8.30-дан 17.00-ге дейін лекциялар, дөңгелек үстелдер, практикалық сабақтар өткізілсе, кеште түрлі іс-шараларға ұласып жатты. Ал демалыс күндер Орегон штатының көрікті орындарын аралауға арналды.

Американдық тәлімгерлеріміздің өз елдерін қазақстандықтардың алдында ерекше бір сипатта көрсетуге тырыспауы мен үшін аса маңызды жағдай ретінде көрінді. Біз білім беру жүйесіне қатысты көптеген күрделі мәселелерді талқыладық, олар болса американдықтар өмірінің қарама-қайшылықтарын жасыруды мақсат еткен жоқ. Оның өзі біздің олардың өмірін шынайы танып-білуімізге, өз жұмысымызда екі жүйені салыстыра қарауымызға жақсы жағдай жасады.

Соңғы он күнде біздің топтың әр мүшесі американдық отбасында тұрып, олардың мәдениеті мен меймандостығын танып — білуге мүмкіндік алды. Бәрінен де бізді көшелерде мастардың жоқтығы таң қалдырды. Көптеген қоғамдық орындарда ішімдікке тиым салынған. Теледидар бағдарламарында да не алкогольді не темекіні насихаттайтын жарнамалар жоқ.

Льюстин, Кларктин, Ридтын жеке меншік колледждері, университет қалашықтары Портленд қаласының көркем табиғатты жерлерінде орналасқан. Олар өте бай кітапханалармен, тамаша студент асханаларымен және жатақханалармен жабдықталған. Аудиториялар қазіргі заманға сай, тіпті атомды миниреактор қойылған аудиториялар да бар. Орегон штатының жеке меншік және мемлекеттік колледждері штаттың 30 пайыз студенттеріне жоғары білім береді. Оқу мерзімі – 4 жыл.

Штатқа қаржы көмегін көрсету жөніндегі агенттік студенттерге де қолдау жасап отырады. Орегон қаласында тұратын студенттерге қаржылай жәрдем беру жөнінен түрлі бағдарламаларды жүзеге асырады. Университеттерде студент сәбилеріне арналған бала бақшалар өте жақсы ұйымдастырылған. Оқуға және тұрмысқа қажетті ақшаны өздері табуға тиіс болғандықтан студенттердің сабақтан тыс уақыттардағы жұмысқа орналасу мәселесі алдын-ала ойластырылған.

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына дұрыс сөздерді қойыңыздар.

1. Америкада тәжірибе алмасу екі жағынан...
  - а) құнды
  - ә) құнсыз
  - б) құндық
2. Оқытушылардан, білім министрлігі қызметкерлерінен, жеке меншік жоғары оқу орындары өкілдерінен...
  - а) тұратын
  - ә) тұрған
  - б) тұрды
3. Біз білім беру жүйесіне қатысты көптеген күрделі мәселелерді...
  - а) талқыладық
  - ә) талқыладым
  - б) талқыладың
4. Біздің топтың әр мүшесі американдық... тұрды
  - а) отбасымен
  - ә) отбасында
  - б) отбасынан
5. “Қоғамдық байланыстар” бағдарламасы тұңғыш рет қазақстандықтар үшін ЮСИА ... .. бойынша дайындалды.
  - а) сот жүйесінен
  - ә) байланыс жүйесімен
  - б) білім беру жүйесі
6. АҚШ мәдениеті мен меймандостығын танып - ... ..

- а) оқуға мүмкіндік алды
  - ә) білуге мүмкіндік алды
  - б) үйренуге мүмкіндік алды
7. Көптеген қоғамдық орындарда... тиым салынған
- а) ішімдікте
  - ә) ішімдікпен
  - б) ішімдікке
8. Теледидар бағдарламаларында да не алкогольді не темекіні ... жарнамалар жоқ.
- а) насихаттаса
  - ә) насихаттайтын
  - б) насихаттайық
9. Студенттерге қаржылай жәрдем беру жөнінен түрлі бағдарламалар... ..
- а) жүзеге асырылады
  - ә) жүзеге асырды
  - б) жүзеге асырып жүр
10. Университеттерде студент сәбилеріне арналған бала бақшалар өте жақсы... ..
- а) ұйымдасқан
  - ә) ұйымдасты
  - б) ұйымдастырылған
11. Жұмысқа орналасу мәселесі ... ойластырылған.
- а) алдымен
  - ә) алдын-ала
  - б) алдыңғы
12. Жеке меншік колледждері, университет қалашықтары... .. жерлерінде орналасқан.
- а) тамаша табиғаттың
  - ә) көркем табиғатты
  - б) сұлу табиғаты
13. Оқуға және тұрмысқа қажетті ақшаны ... табуға тиіс.
- а) өздері
  - ә) өзім
  - б) өзі
14. Американдық тәлімгерлеріміз өз елдерін ... .. ерекше бір сипатта көрсетуге тырыспады.
- а) қазақстандықтардың алдында
  - ә) қазақстандықтардың алдына
  - б) қазақстандықтардың алдынан

**Тапсырма.** Мәтінді аударыңыздар.

### **Суд до Америки довел**

Победитель республиканских студенческих игровых судебных процессов четверокурсник восточно-казахстанского института ВШП “Әділет” Олег Козырев вылетел в Америку по приглашению госдепартамента США по образованию и культуре.

Олег будет участвовать в трехнедельном семинаре, который обобщит опыт создания и практики работы студенческих юридических организаций.

Все расходы, связанные с этой поездкой, взяли на себя американцы.

**Тапсырма.** Мәтінді оқып, сұрақ қойыңыздар.

### **Барыс-келіс достықты нығайтады**

Қазіргі кезде еліміздің алыс-жақын шет елдермен байланыстары жылдын-жылға нығайып, достық қарым-қатынастар өмірімізге берік ене бастады. Сөйтіп, халықтар арасындағы алыс-берістер барыс – келістерге ұласып, ортада нық татулық, бейбіт ниеттер орнығуда. Типті, мұндай ізгі қатынастар бүгінде үлкендерді қойып, жастарға да ауысты. Алматы қаласындағы № 60 орта мекептің 11-сынып оқушысы Арнұр Жүнісов мұхиттың арғы жағындағы Америка Құрама Штаттарына барып, сол елден Деления Ковалетто есімді дос тауып, оның үйінде қонақ болып қайтқан еді. Содан бергі уақытта олар бір-бірлерімен үнемі хабарласып, арадағы достықтарын үзбей келіпті.

Аризона университетінің 1 курс студенті атанған Деления құрбыларымен бірге алыс Алматыдағы Арнұды іздеп, арнайы келді. Аға мен қарындастай болған екі дос бір-бірімен сағыныса қауышып, американ қызы қазақ үйінде қонақ болды. Халқымыздың “Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт сәлем берер” деген тамаша дәстүрін берік ұстаған Бостандық ауданының әкімі Алмат Мүрзин американдық жас қонақтарды арнайы қабылдап, қазақ елі, оның салт-дәстүрлері туралы, еліміздің ең әсем қаласы — Алматы жөнінде әңгімелеп берді.

Одан кейін американдық жас қонақтар Алматының әсем жерлерін аралап, халқымыздың салт-дәстүрінің бұлақтарымен танысты. Енді олар өз еліне барғанда алыстағы Қазақстан туралы,

оның ғажайып қаласы жөнінде тамсана айтатыны сөзсіз. Сөйтіп, біздің халқымыздың шын достары көбейе түсуде.

**Тапсырма.**

1. Шет елде іссапармен болған әріптесіңізбен сұхбат құрыңыз.
2. “Қазақстанды (Алматыны) шетелдіктерге таныстыру” тақырыбында шығарма жазыңыздар.

## СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие .....	4
Введение .....	5
<b>ВВОДНО-КОРРЕКТИРОВОЧНЫЙ КУРС .....</b>	<b>10</b>
Знакомство .....	10
Притяжательная форма существительных .....	24
Неопределенная форма глагола .....	27
Отрицательная форма глагола .....	27
Имя числительное .....	30
Местный падеж .....	36
Личные окончания именных частей речи .....	38
Очевидное прошедшее время глагола .....	42
Форма принадлежности .....	47
Повелительное наклонение .....	54
Винительный падеж .....	55
Давнопрошедшее время глагола .....	58
Дательный падеж .....	55
Настоящее переходное время глагола .....	69
Исходный падеж .....	75
Время, часы .....	79
Предположительное будущее время глагола .....	87
Инструментальный падеж .....	88
Служебные имена .....	92
Собственно-настоящее время глагола .....	95
Второй способ формы принадлежности .....	112
Имя прилагательное .....	115
Желательное наклонение .....	128
Форма модальности .....	129
Условное наклонение .....	130
<b>ҚАЗАҚСТАНҒАНУ .....</b>	<b>132</b>
Республика Казахстан .....	132
Из истории географического исследования территории Казахстана .....	133
Природа Республики Казахстан .....	135
Климат Республики Казахстан .....	137
Население Республики Казахстан .....	139
Из истории образования областей Казахстана .....	140

Столицы Казахстана .....	135
Государственные символы Республики Казахстан .....	143
Национальная валюта Республики Казахстан .....	138
Система образования .....	147
Музыкальное искусство .....	152
Театральное искусство .....	154
Киноискусство .....	155

## СИСТЕМА ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ

<b>РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН .....</b>	<b>163</b>
Высшие органы государственной власти .....	167
Вооруженные Силы Республики Казахстан .....	175
Органы суда и прокуратуры Республики Казахстан .....	182

## КАЗАХСТАН И МИРОВОЕ СООБЩЕСТВО .....

Казахстан и Великобритания .....	196
Казахстан и Франция .....	218
Казахстан и ФРГ .....	229
Казахстан и США .....	245

Учебное издание

Мурзалина Ботакоз, Нуркеева Сатыбалды,  
Нургазина Гульнар, Сагындыкова Мереке,  
Байтасова Сагира

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**  
для интенсивного обучения казахскому языку

Редакторлары *Г. Турлина, А. Құманғожина*  
Суретшісі *Н. Нұрмұхамбетов*  
Көркемдеуші *Б. Оспан*  
Техникалық редакторы *Г. Сәбитова*

Теруге жіберілді 17.06.2002. Басуға 10.07.2002 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз. Әріп түрі “Таймс”. Шартты баспа  
табағы 16,5. Таралымы 1000. Тапсырыс 56.

Отпечатано в ТОО «LEM»,  
480008, г. Алматы, ул. Карасай батыра, 191а, тел./факс 42-82-33.